Abstract: The study of algorithms in the development of future specialists' methodological and mathematical literacy is one of the most important problems. Future primary school teachers or future professionals in their professional activities should know the types of algorithms and the methodology of working with exercises to study these algorithms, which are considered in the "Mathematics" curriculum and in textbooks. Therefore, the article considers the problem of using algorithms in the study of any materials in the content of education in primary school.

Қазақстандағы бастауыш білім берудің оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуға, математиканың бастауыш курсының ұғымдар желісінің күшейтілуіне бағытталуы, жаңартылған білім мазмұнына сай оқушылардың математикалық материалды игеруі үшін модельдеуді, проблемалық-ізденушілік және зерттеушілік әдістерді қолдануы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің математикалық дайындығына жаңа талаптар қоятыны сөзсіз. «Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасында» бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытудың міндеттерінің бірі ретінде «оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту» көзделген [Оқу бағдарламасы, 2018, 1 б.]. Ал бұл міндетті шешу үшін болашақ маман – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзі оқушыларды оқыту барысында туындайтын мәселелерді кәсіби тұрғыда шеше алу, бастауыш сынып оқу бағдарламасы мен оқулықтарда берілген алгоритм түрлерін білуі, оларды орындату әдістемесін меңгерулері, сондай-ақ оқулық және оқыту құралдарында келтірілген жаттығу түрлерін орындатуда алгоритмді өздері жоғары деңгейде игерулері тиіс.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің алгоритмдік сауаттылығы және оларды дайындаудағы алгоритмнің рөлі жайлы мәселе ресейлік ғалымдар В.Ф.Ефимов [2], Н.Ибодов [3], Г.В.Хамердің [7] диссертациялық жұмыстарында зерттелген. Ал қазақстандық әдіскер-ғалымдар, атап айтсақ, Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, С.Қ.Құрманалина [6], А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедевалар [4] арнайы осы мәселені зерттемесе де, әдістемелік оқулықтары мен оқыту құралдарында кейбір материалдардың алгоритмін оқыту әдістемесін қарастырады.

Дегенмен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудағы алгоритмнің рөлі арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған, негізінен, орта деңгей математикасы, яғни пән мұғалімдерін дайындау мәселесіне арналған зерттеулер бар. Сондықтан біз мақаламыздың мақсатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік-математикалық сауаттылығын алгоритмдерді оқыту арқылы дамыту деп алдық.

Жалпы алғанда, «алгоритм – есептерді, мәселелерді шешу (есеп-қисаптарды орындау) тәсілдерінің дәл сипаттамасы» [Аяған Б., 2005, 37 б.]. Бастауыш сыныптағы оқыту барысында

«амал алгоритмі – қандай да бір амалды орындау процесіндегі саналы іс-әрекеттің әр қадамын бағыттап отыратын орныққан тәртіп, ережелердің жүйесі» ретінде қабылданған [Оспанов Т.Қ., 2007, 143]. Бірақ жаңартылған білім мазмұнына сай бастауыш сыныптарда тек амалдардың алгоритмі ғана емес, математиканың оқу бағдарламасының барлық бөлімдері материалдарының алгоритмдері де қарастырылады. Болашақ маман бастауыш сыныптың оқу бағдарламасындағы материалдарды, атап айтсақ, алгоритм және оның қасиеттерін; бастауыш сыныптарда қандай материалдардың алгоритмдері қарастырылатынын; бастауыш сынып оқушыларына алгоритмдерді үйрету әдістемесін; түрлі модельдер, символдар, кестелер арқылы алгоритмді сипаттау мен орындау жолдарын өздері білулері тиіс. Сонымен бірге, белгілі бір құралдар және бейнелеу әдістерінің көмегімен алгоритмді сипаттау; алгоритмді сипаттауға мүмкіндік беретін негізгі құрылымдарды (циклдік, тармақталған) білу; математикалық әдістердің алгоритмдік сипатын түсіну; математика курсының алгоритмін игеру, т.б. білімдермен және біліктермен қаруланулары тиіс.

Мақаланы жазу барысында біз бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, олардың алгоритмдерді оқыту әдістемесін бақылап, мұғалімдерден және 4-курс студенттерінен сауалнамалар алдық. Сауалнама еңбек өтілі 1 жылдан 27 жылға дейінгі бастауыш сынып мұғалімдерінен алынды. Осы зерттеулердің нәтижесінде мұғалімдердің басым көпшілігінің алгоритмнің не екенін білгендерімен, бастауыш сынып математикасындағы қандай материалдардың алгоритмдері қарастырылатыны жайлы түсініктерінің жоқтығын байқадық. Жаттығудың түрлеріне (есеп, мысал, теңдеу) орай орындалатын алгоритм мазмұнын мүлдем жаза алмаған. Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасындағы бөлім материалдарының ғана емес, әр түрлі жаттығуларды орындатудың да өзіндік алгоритмі болатындығынан хабарлары болмаған. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мамандарының алгоритмдерді оқыту әдістемесін игерулеріне күш салу қажеттігі анықталды.

Қазіргі күні 5В010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша дайындалатын 3-курс студенттеріне «Математиканы оқыту әдістемесі» курсынан дәріс және практикалық сабақтар жүргізудеміз. Сол сабақтар барысында бастауыш математика курсының жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыруға бағытталған «Математика» оқу бағдарламасы және соның негізінде дайындалған оқулықтар мен оқыту құралдарының мазмұнындағы алгоритмдік материалдарды оқыту мәселесі жүзеге асырылуда. Мақаламыздың осы негізгі бөлімінде біз болашақ маманның алгоритмді оқыту барысында әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамыту әдістемесіне тоқталмақпыз.

«Математика» оқу бағдарламасындағы арнайы қарастырылатын «34+ 23, 57-23, 45±19, 47+33, 80-47, 100-35 жағдайларында: екітаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану» (2-сынып); «үштаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану», «үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану» (3-сынып); «көптаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану», «екітаңбалы/ үштаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану» (4-сынып) [Оқу бағдарламасы, 2018, 11] материалдардан басқа анық аталмаса да, бастауыш сыныптарда төмендегідей алгоритмдер оқытылады:

- Сандарды (екі, үш, көп таңбалы сандарды) талдау үлгісі;
- Қарапайым теңдеуді шешу алгоритмі;
- Өрнектердегі амалдарды орындау ретінің алгоритмі;
- Күрделі теңдеулерді шешу алгоритмі;
- Геометриялық фигураларды (тік төртбұрыш, шаршы, кесінді, бұрыш) салу алгоритмі;
- Жай есептерді шығару алгоритмі;
- Құрама есептерді шығару алгоритмі;
- Калькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу алгоритмі.

Осы аталған материалдардың кейбіреуіне тоқталсақ. 2-сыныпта оқушылар екітаңбалы сандардың нумерациясымен, олардың модельдерімен танысады. Әр санның оқылуын, жазылуын, натурал сандар қатарындағы орнын, разрядтар мен разрядтық қосылғыштарға жіктелуін оқушыларға үйрету үшін болашақ маман оқушыларға екі кеспе цифр таратып береді де, оларға сол цифрлардың көмегімен кез келген екітаңбалы сан құрастыртып, төмендегідей алгоритмді қолданады:




Осы алгоритмді болашақ маманның өзі тәжірибесінде қолданып, өздігінен кез келген санға осындай талдау жасай алуы тиіс. Сонда оқу бағдарламасының «Сандар және шамалар» бөлімінің «Натурал сандар және 0 саны» бөлімшесін оқытудың алгоритмін игереді. Ол өзінің математикалық сауаттылығын көтере отырып, әдістемелік сауаттылығын қалыптастыру мен дамыту бағытындағы жұмыстармен айналысады. Жоғарыдағы алгоритмді қолдана отырып, болашақ маман 4 және 5 цифрларын алды делік. Одан 45 немесе 54 деген екі екітаңбалы сан құрастыруға болады. Ары қарай санды талдау үлгісі былайша жүргізіледі:

1. 45 – екітаңбалы сан.
2. Ол 4 және 5 цифрларының көмегімен жазылған.
3. Бұл сан 44-тен кейін 46-ның алдында орналасқан.
4. 4 ондық 5 бірліктен құралған.
5. 45=40+5 (45 саны 40 пен 5 сандарының қосындысынан тұрады). Осылайша, талдаулардың нәтижесінде студенттердің өздері екітаңбалы сандардың нумерациясын игереді де, осы білімді үштаңбалы, көптаңбалы сандардың нумерациясын оқытып үйретуде қолданады.

Бастауыш сыныптардағы аса маңызды әрі күрделі материалдардың бірі – оқушыларға есеп шығаруға үйрету мәселесі. 1-сыныптан бастап, «есептің» басқа математикалық жаттығулардан ерекшелігімен таныстыра отырып, оны шығаруға үйрету қажет. Болашақ маманның өзі осы жаттығудың ерекшелігін білуі, оның басқа жаттығудан ерекшелеп тұратын мәнді белгілерін біліп, оны талдай отырып, шығарту әдістемесін игеріп шығуы тиіс. Бұл әдістеменің болашақ маманның кәсіби әрекетінде аса маңызды орын алатынын ескерсек, есептерді талдау және есеп шығаруда қолданылатын амалдарды саналы таңдай отырып, есеп шығаруда болашақ маманның математикалық әрі әдістемелік сауаттылығы дамиды.

Бастауыш сыныптарда қозғалысқа берілген есептер өте көп. Солардың біріне және оны шығаруға үйретуде алгоритмді пайдалана отырып талдау үлгісіне тоқталайық. Есеп: Арасы 40 км болатын екі ауылдан бір уақытта екі шаңғышы бірінен-бірі қарама-қарсы бағытқа шықты. Біреуінің жылдамдығы – 10 км/сағ, екіншісінікі – 12 км/сағ. Олардың арасы 2 сағаттан кейін қандай болады? [Ақпаева Ә.Б., 2018, 134]. Есепті былайша блок-схема түрінде көрсетуге болады:



Сурет 1 – Есепті шығарудың блок-схемасы

Осы алгоритмге сүйене отырып, болашақ маман есепті талдау жұмысын жүргізеді.

- Есепті түсініп, шапшаң оқы.
- Есеп не жайында? (бірінен-бірі қарама-қарсы қозғалыс жайлы)
- Есепте не белгісіз? (2 сағаттан кейін олардың арасы қандай болатыны)
- Сұраққа бірден жауап бере аламыз ба? (жоқ)

- Онда алдымен нені тауып алуға болады? (егер оқушылар жауап бермейтін болса, онда жетекші сұрақтар қойылады)
- Бірінші шаңғышының жылдамдығы белгілі ме? (иә, 10 км/сағ)
- Екіншісінің жылдамдығы ше? (иә, 12 км/сағ)
- Осы жерден нені тауып алуға болады? (екі шаңғышының бірігіп жүрген жылдамдығы)
- Ол қалай деп аталады? (алыстау жылдамдығы)
- Оны қалай табамыз? (жылдамдықтарды қосамыз)
- Енді сұраққа жауап бердік пе? (жоқ)
- Онда енді нені тауып алуға болады? (2 сағатта олар қандай жол жүргенін)
- Оны қалай табуға болады? Қандай амалмен табамыз? (алыстау жылдамдығын уақытқа көбейтеміз)
- Енді сұраққа жауап бердік пе? (жоқ)
- Онда нені тауып алуға болады? (олардың арасы 2 сағаттан соң қандай болғанын)
- Қалай және қандай амалмен табамыз? (шыққан жолға, екі ауылдың қарақашықтығын қосу амалымен табамыз)
- Енді сұраққа жауап бердік пе? (иә)
- Есеп неше амалмен шығарылды? (үш амалмен)
- Есептің жауабын айт.

Осындай алгоритм арқылы есепті болашақ маманның өзі тәжірибесінде қолданып, талдау үлгісін жатқа біле отырып, аталмыш алгоритмді оқушыларға да үйретеді.

Сонымен бірге, бастауыш сыныптарда есептерді арифметикалық және алгебралық тәсілмен де шығаруға үйрету мәселесі қарастырылады. Есепті алгебралық тәсілмен шығару дегеніміз есепті теңдеу құру арқылы шығару деген сөз. Жоғарыда белірген есепті алгебралық тәсілмен шығарудың алгоритмі мынандай:

Есепті алгебралық тәсілмен шығару үшін:

* Белгісіз шаманы анықтап, оны айнымалымен (әріппен) белгілеу;
* Ол арқылы өзара тәуелділікті білдіретін өзге шамаларды өрнектеу;
* Нені теңестіру керектігін анықтау;
* Теңдеу құру және шешу;
* Есептің сұрағына жауапты табу, шешуін тексеру және жауабын жазу қажет.

Нақты өмірлік жағдайда, педагогикалық практика кезінде, үй жағдайында болашақ мамандар есептерді талдайды, оқушыларға не іні-сіңлілеріне үйрете отырып, олардың математикалық та, әдістемелік те сауаттылықтары дамиды.

Бастауыш сыныптың оқу бағдарламасында айқын және айқын емес түрде әр алуан формула түрлері кездеседі: жүрілген жолды табу формуласы ($S=v\cdot t$); тік төртбұрыштың периметрін табу ($P=(a+в)\cdot 2$); шаршының периметрін табу ($P=4a$); тік төртбұрыштың ауданын табу ($S=a\cdot b$); шаршының ауданын табу ($P=a^2$); заттың құнын табу (Қ=Б·С, Қ-құны, Б-бағасы, С-саны); өнімділікті табу ($v=A:t$), тік бұрышты параллепипедтің көлемін табу ($V=a\cdot b\cdot c$) [Оқу бағдарламасы, 2018], т.б.

Формула дегеніміз айқын емес түрде берілген ізделінді шаманы есептеу бойынша жасалған әрекеттер жайлы нұсқаулық және оның сипаттамасы болып табылмайды, алайда формула негізінде құралған әрекет амалының алгоритмі айқын түрде көрініп тұрады.

Әр қадамын нақтылай отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерімен біріге отырып, формуладан есептеу тәсілдеріне көшудің жекелеген қадамдарын қалайша бөліп көрсетуге болатынын қарастыруға болады. Ол қадамдар, яғни алгоритм төмендегідей:

- Әріптермен қандай шамалар белгіленгенін анықтау;
- Ізделінді шаманы қалған шамалардың көмегімен өрнектеу;
- Шамалардың сандық мәндерімен қандай амалдар орындалу қажеттігін анықтау;
- Осы сандардың мәндерін табу (егер олар белгілі болса);
- Табылған сандар бойынша орындалатын амалдардың ретін анықтау;
- Есептеулер жүргізу.

Жоғарыда келтірілген математиканың бастауыш курсы қарастыратын алгоритмдік материалдардың барлығын дерлік болашақ маманның әдістемелік-математикалық сауаттылықтарын дамыту мақсатында қарастыруға болады, алайда біз мақаланың көлеміне қарай кейбір мәселелерді қарастыруға ғана тоқталдық.

Қазіргі таңда бастауыш сыныптарға арналған жаңартылған білім мазмұнына сай оқу бағдарламасы талаптарын жүзеге асыру үшін алгоритмді оқыту мәселесі қазақстандық

әдіскерлердің еңбектеріндегі негізгі мәселелердің біріне айналып отыр. Өйткені бастауыш сынып білім мазмұнын құрайтын аса маңызды ұғымдарды бағдарламалық талаптарға сай оқушыларға игертуде алгоритмнің алатын орны ерекше. Алгоритм дегеніміз бастапқы мәліметтерді пайдаланып, іздеген нәтижеге жеткізетін әрекеттер тізбегі немесе алгоритм дегеніміз әр қадамы саналы түрде таңдалып алынған, қатаң түрде белгілі бір ретпен орындалатын әрекеттер болатын болса, оқушылардың материалдарды игеріп, сәйкес білік пен дағды қалыптасуы үшін алгоритмді дұрыс қолданып, математикалық жаттығудың алуан түрлерін орындай алу мүмкіндіктеріне жағдай жасайтындай болашақ маманның әдістемелік-математикалық сауаттылығын да жоғары деңгейде дамытуды қажет етеді.

Сонымен, қорыта келе, болашақ маманның әдістемелік-математикалық сауаттылығын дамытудағы алгоритмнің рөлін былайша сипаттауға болады:

- Педагогикалық жағдаяттарды талдау сауаттылығы (қандай жаттығуларды орындауда алгоритм қолданылады, алгоритмнің түрі, оны сипаттау барысы, алгоритмді қолдану кезіндегі оқушылардың әрекеттері, ондағы қиындықтар, т.б.);
- Педагогикалық әрекеттердің ретін анықтау сауаттылығы (оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар мазмұны, олардың орындалу барысы, оқушылардан талап етілетін білік, дағдылар жүйесі, оқушылардың сауаттылығын қалыптастырудағы өз әрекетінің реті, т.б.);
- Өз әрекетінің алгоритмін дайындау сауаттылығы (қысқа мерзімді жоспардағы өз әрекеті, оқушылардан талап етілетін тапсырмаларды орындатудың алгоритмі; жаттығуларды талдау мен орындату алгоритмі, т.б.);
- Алгоритмді қолдану сауаттылығы (жоспарды жүзеге асыру, оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру және басқару, жоспарланған немесе түзілген алгоритмнің маңызы мен рөлін аша алу, т.б.);
- Алгоритмдік әрекеттің нәтижесін бағалай алу сауаттылығы (қандай тапсырмалар бойынша оқушылардың алгоритмді қолдануы, алгоритмнің оқушыларға берілетін білімдерін көтеруге тигізген оң әсері, алгоритмді түзу және оны қолдану бойынша өз әрекетіне және оқушылардың әрекетіне баға беру, болашақта атқарылатын жұмыстар немесе материалдарды оқыту кезінде қолдануға болатын алгоритм мен оның түрлерін қолдануды жобалау, т.б.).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы: [Электрондық ресурс] ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен бекітілген.
2. Ефимов В.М. Алгоритмы в методико-математической подготовке учителя начальных классов в педагогическом институте: автореф. дис...канд.пед.наук: 13.00.02./ Ефимов, Владимир Федорович. – М., 1982. – 16 с.
3. Ибодов Н. Усиление алгоритмической направленности подготовки учителей начальных классов: автореф. дис… канд.пед.наук: 13.00.02./ Ибодов Назрулло. – М., 1983. – 16 с.
4. Математика. 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған оқулық./ Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова, Т.И.Лихобабенко. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 144 б.
5. Қазақстан. Ықшам энциклопедиялық сөздік. / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖАҚ-ы, 2005. – 560 б.
6. Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Х., Құрманалина С.Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 468 б.
7. Хамер Г.В. Алгоритмическая подготовка студентов факультета начальных классов в вузовском курсе математики: дис. … канд.пед.наук: 13.00.02./ Хамер, Галина Викторовна. – М., 1999. – 163 с.

ӘОЖ 371.1: 151

Әліпбек А.З.
педагогика ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қ-сы
alipbek_ardak@mail.ru

Абдраманова Н.Ш.
магистр, аға оқытушысы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қ-сы
nursulu_-_85@mail.ru

Оразимбетова К.Ш.
философия ғ.к.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қ-сы

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Резюме. Бұл мақалада жоғары оқу орындарында кәсіптік білім беру сапасын бағалаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері және білім беру жүйесіндегі трансформация, әлеуметтік-экономикалық шындық пен жеке қажеттіліктер арасындағы толық сәйкестікке қол жеткізу үшін білім беру қызметінің қажеттіліктерін қамтамасыз етудің негізгі көзі қарастырылады және талданады.

Сондай-ақ, кәсіптік білім беру сапасын бағалау жүйесін дайындауда ғылыми-теориялық бағыттың, ұлттық жоғары оқу орындарында білім беру сапасын бағалаудың тұжырымдамалық негіздерін, модельдерін және технологияларын анықтаудың ұсынымдары беріледі.

Түйінді сөздер: психологиялық-педагогикалық аспектілер, кәсіби білім беру, жоғары оқу орны, білім беру жүйесіндегі трансформация.

Резюме. В этой статье рассматриваются и анализируются психолого-педагогические аспекты оценки качества профессионального образования в высших учебных заведениях и трансформации в системе образования, основной источник обеспечения потребностей образовательной деятельности для достижения полного соответствия между социально-экономической реальностью и личностных потребностей.

А также даются рекомендации научно-теоретического направления в подготовке системы оценки качества профессонального образования, определения концептуальных основ, моделей и технологий оценки качества образования в национальных вузах.

Ключевые слова: психолого-педагогические аспекты, профессиональное образование, высшее учебное заведение, трансформация в системе образования.

Summary. This article examines the psychological and pedagogical aspects of assessing the quality of vocational education in higher educational institutions and transformation in the educational system, the main source of ensuring the loss of educational activities in order to achieve full conformity between socio-economic reality and personal needs.

There are also recommendations of scientific and theoretical direction in the preparation of the system of assessment of the quality of vocational education, definition of conceptual bases, models and technologies of assessment of the quality of education in national universities.

Keywords: psychological and pedagogical aspects, professional education, higher education institution, transformation in the education system.

Соңғы онжылдықта сапа мәселелері жоғары білімге қатысты пікірталастарда дискуссиялық тақырыптардың біріне айналып отыр. Білім берудегі жаңа реформалардың қажеттілігі – жеке адамға жаңа талаптар қоятын, бірақ білім беру жүйесінде толыққанды көрініс таппайтын қоғамдық өмірдің түбегейлі өзгерістерінен туындап отыр. Білім беру жүйесіндегі трансформация, әлеуметтік-экономикалық шындық пен жеке тұлғаның қажеттіліктері арасында неғұрлым толық сәйкестікке қол жеткізу ниеті - сапалы білім беру қызметтерінің қажеттілігін қамтамасыз етудің басты көзі болып табылады. Бұл тұжырымды Қазақстан Республикасының Білім және Ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының ережелері растай алады.

Қазақстандық кәсіптік білім беру жүйесін жаңарту процесін детерминациялайтын маңызды фактор ретінде – білім сапасының түсінігі мен параметрлерін анықтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты айтуға болады. Осы орайда сапалы білім берудің қазіргі заманғы үлгілерін әзірлеудің негізгі идеясы Қазақстанның бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігіне кіруіне бағдарланумен байланысты екенін айта кету қажет. ЮНЕСКО шешімімен 1998 жылы қабылданған «XXI ғасырдың жоғары білімі» Дүниежүзілік декларациясының анықтауы бойынша: «жоғары білім беру саласындағы сапа - барлық функциялар мен қызмет түрлерін қамтитын көп өлшемді тұжырымдама» болып табылады. Болон декларациясының негізінде жарияланған жоғары білім берудің еуропалық жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған құжаттар: реформалаудың басты мақсаттарының бірі ретінде осы проблеманың жаһандық сипаты мен оны жаңғырту үдерістерінің қайтымсыз екендігін дәлелдейді.

Болондық бағдарламаға сәйкес жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жауапкершілігі, ең алдымен, жоғары оқу орындарының өзреніне жүктелетін болады. Осылайша, келешекте ЖОО-ның кәсіптік білім беру сапасына қатысты нақты жауапкершілікті қамтамасыз ететін база құрылатын болады. Бұл әрбір жоғары оқу орнының жауапты түрде сапаны жоспарлауды, сапаны басқаруды, сапаны қамтамасыз етуді және жақсартуды, оны тиянақты бағалауды қамтитын білім берудің жоғары сапасына кепілдік беретін механизмдерді іске асыру қажеттілігін талап ететін болады. Осылайша барлық ЖОО-ры сапаны жоғары дәрежеде ұстап отыратын деңгейге жетеді. Өйткені, сапаны бағалау процесі - ЖОО-дағы маңызды компоненттердің бірі болып табылады.

Субъектінің білім беру сапасын бағалауды жүзеге асыруға қатысуы екі негізгі фактормен жүзеге асырылады: біріншісі бағалау объектісіне зерттеу қызығушылығының болуымен анықталса, екіншісі оны жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер мен шектеулердің болуымен түсіндіріледі. Сапаны бағалауға қатысу туралы ерікті шешім қабылдау кезеңінде бағалаудың уәждемелік компоненті барынша жоғары деңгейде көрінетінін атап өткен жөн. Бұл компонент бағалау процесі мен бағалау қызметін ұйымдастыруды жүзеге асыруда маңызды мәнге ие.

Психологияда қажеттіліктің мәнін келесідей қарастырылады: «өзінің өмір сүруін қажет ететін тірі ағзаның жағдайы, сонымен қатар өз шегінен тыс дүниеге деген қажеттілік» [1, 82 б.]. Мұндай жағдай кез келген жеке тұлғаның белсенділігінің қайнар көзі болып табылғанмен, ең маңызды рөлді бәрібір де белсенділік сипаты анықтайды. Сол себепті де, қажеттіліктің айқын емес түрі тек іздеу белсенділігін тудыруы мүмкін. Осылайша кез келген қызметтің стимуляторы болатын қажеттілік адамның белсенділігіне байланысты болады. Психологияда «анықталған» қажеттілік - көбінесе мотив ретінде түсіндіріледі. Өйткені, мотив сыртқы материалдық объект болып табылмайды, ол керісінше ойдың конструктурасы ретінде қарастырылады.

Мотивация сипаты - бағалау қызметінің ерекше дәрежесімен айқындалады десек те болады. Мотивацияның негізін белгілі бір әдістер мен процедураларды меңгеруді талап ететін зерттеу қызметтері құрайды. ЖОО ішіндегі сапаны бағалау кезінде - «бағалау қызметі» қатысушылардың көпшілігінің негізгі қызметтері үстінен қосымша табысталады. Бұл бағалауға тиімділікті қалыптастыру үшін және қатысушылардың уәждемесін арттыру мақсатында жасалынатын процесс болып табылады. Қатысушылардың уәждемесін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарында бағалау қызметіне дайындық үшін жағдай жасау және бағалау процесінде консультациялық сүйемелдеу қажет екенін атап өту керек.

Қажеттіліктер мен мотивациялық үрдістердің әртүрлі жіктелуі арасында ең танымалы ретінде келесілерді атауға болады:

- инстинкт тәрізді мотивациялық диспозициялардың және бейімділіктің жіктелуі (Мак-Дугал бойынша);
- психогендік қажеттіліктер (Мюррей);
- уәждер мен қажеттіліктер топтарының иерархиясы (Маслоу бойынша).

Мак-Дугал он сегіз мотивациялық диспозицияларды атап көрсетті: тағам-өндіру, ашулану, қорқыныш, білім алу, қамқорлық, қарым-қатынас, өзін-өзі бекіту, бағыну, ашу, көмек туралы шақыру, құру (сапқа тұру), сатып алу, күлкі, жайлылық, демалыс және ұйқы, ашулану, дене мұқтаждары (жөтел, түшкіру, тыныс алу және т.б.).

Мюррей: агрессия, аффилиация (ортақтыққа кіру), үстемдік, жетістік, қорғау, ойын, зиян мен сәтсіздіктен аулақ болу, тәуелсіздік, қабылдамау, ұғыну, өзіне назар аудару, көмек іздеу, түсінушілік іздеу, қамқорлық, қарсы әрекет, тәртіпке ұмтылу, жыныстық қатынас, кемсіту, иемдену, тану, жасампаздық, оқыту және т. б. қажеттіліктерді атап өткен болатын.

Қазіргі гуманистік педагогикада ең танымал жүйе ретінде А.Маслоу бойынша қажеттіліктер жүйесін айтуға болады. Оның пікірінше, біріншіден, өзін-өзі белсендендіру толық,

жанды және риясыз бастан кешуді білдіреді. Өзін-өзі белсендіру кезінде индивид «толыққанды» адам болып табылады. Екіншіден, өзін-өзі белсендендіру – бұл алға жылжу мен шегінуге, үрейге немесе қорғауға қарсы жеке өсудің процесін айтады. Үшіншіден, адамның дауыс беруге деген жеке қабілеттілігі.

Бүгінгі таңда қоғамдық өмірдің барлық жақтарын, соның ішінде білім беруді барынша дамыту әлемдік басым үрдістердің бірі болып табылады. Білім беру үдерісін ізгілендіру туралы түсініктердің негізінде гуманистік психологияның принциптері жатыр. Олар А.Маслоу, К.Роджерстің еңбектерінде кездеседі. Ал отандық психологияда бұл принциптер Л.С.Выготский, В.П.Зинченко, С.Д.Смирнов және т. б. еңбектерінде айқын көрсетілген. Зерттеушілердің көбісі адамның жеке басының «мен» деген эгосын зерттп, өзін-өзі тану жолымен өзін-өзі қозғалуы туралы идеяның, қызмет пен қарым-қатынастағы өз әлеуетін іске асырудың ерекше құндылығын мойындаған болатын. Бұл принциптердің барлығы да жеке қажеттіліктер жүйесін қалыптастырумен байланысты болып табылады.

Отандық психологиялық зерттеулерде қажеттілік проблемасын түсіну үшін адамның мәдени-тарихи тәжірибесінің алуан түрлілігі қарастырылады, сонымен қатар жеке тұлғаға әлеуметтендіретін әсері, іс-әрекеттегі психиканың дамуы мен тәжірибе алудың іс-әрекеттік сипаты туралы ережелерді де психология саласы зерттейді. Білім беру процесінде тұлғаның ішкі әлемін, өз өмірінде басшылыққа алатын себептер мен қажеттіліктерін зерделеу және есепке алу қажеттілігі психология саласында өте маңызды болып табылады. Осылайша, гуманистік психологияның басты идеясы - адамға белгілі бір еркіндікті берудің маңыздылығы туралы идеяны қамтиды. Тұлғаның өзін-өзі белсендіруі үшін қажетті шарттарды да психология қарастырады.

Отандық психологтар атап өткендей (К. А. Абульханова-Славская, Е. И. Исаев, В. И. Слободчиков, В. А. Петровский және т.б.) субъект бола отырып, адам өзіне-өзі қарау, қызмет тәсілдерін бағалау, оның тәсілдерін өзгерту, оның барысы мен нәтижелерін бақылау қабілетіне ие рефлексивтік қызметке қабілетті. Сондықтан субъектінің негізгі сипаттамалары белсенділік, өзін-өзі реттеу қабілеті, дербестік және шығармашылық деп танылады.

Психологияда қалыптасатын «психикалық индивид», «қызмет субъектісі», және «жеке тұлға» ұғымдарының ішкі бірлігі мен ұқсастығы туралы теориялық түсінік индивидтің әлеуметтік, жүйелік сапасы ретінде белгілі бір қоғамдық қатынастар жағдайында адам индивидінің дамуы барысында пайда болған тұтастық ретінде тұлғаны қарастыруда көрінеді. Оның қалыптасуы адамның кемелденуіне әкеледі.

Адам өз қажеттіліктерінен жоғары болып, ерік субъектісі ретінде әрекет ететін болса, «жауапкершілік» тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі болып есептелінетін болады. Мотивацияның мәні - өмір процесінде жеке тұлғаның негізгі қызметтерінен тұрады.

Қызмет мақсатын жүзеге асыруға дайындық кезеңі екі сатыға бөлінеді:

- Интеллект деп танылатын және субъектінің жеке құндылықтары негізінде жүзеге асырылатын таңдау;
- Еркін процесс деп танылған мотивация.

Еріктік мінез-құлық - тұлғаның өз белсенділігінің жеке құндылықтарынан бөлек, сонымен қатар объективті қажеттіліктерге бағындыру қабілеті болып табылады.

Бағалауды табысты жүзеге асырудың ішкі шарттарының қатарында бағалау қызметіне қатысуға әзірлікті бөлу көрсету қажет. Бұл категорияны ғылыми жарияланымдар негізінде қарастыру оның құрылымы мен мәнін анықтауды қамтамасыз етті. Мысалы, Б. Г. Ананьев [8] белгілі бір еңбек пен қоғамдық өмір саласындағы жоғары өнімді қызметке қабілеттіліктің көрінісі ретінде дайындықты анықтайды.

К. К. Платонов [9], жеке тұлғаның кіші құрылымы туралы өзі ұсынған тұжырымдамаға сәйкес, дайындық құрылымында үш өзара байланысты тарапты бөліп көрсетеді: моральдық дайындық, психологиялық және кәсіби дайындық. Моральдық дайындықты анықтайтын қасиеттерді ғалым тұлғаның әлеуметтік негізделген жағына, психологиялық - психикалық процестердің жеке ерекшеліктерін біріктіретін жаққа, кәсіби - жеке тұлғаның тәжірибесіне жатқызады.

Психикалық жағдай ретінде дайындықтан басқа, бұл ұғым тұлғаның тұрақты сипаттамасы (оның сапасы) ретінде ажыратылады. М. И. Дьяченко және Л. А. Кандыбович [10] бұл ұғымды «ұзақ дайындық» кезінде пайда болады деп анықтайды. Аталмыш ұғымға келесілері жатады:

а) қызметтің, кәсіптің белгілі бір түріне оң көзқарас;

б) еңбек қызметінің, кәсіптің талаптарына сай мінез-құлқы, мотивтер;

в) қажетті білім, дағды, іскерліктер, тұрақты, кәсіби маңызды қабылдау процестері, көңіл-күй, ойлау қабілеті, эмоциялық және ерік көріністері.

Бағалауға итермелеудің маңызды факторы өзіндік тұлғаға, оның жеке ерекшеліктеріне, мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі барлық көріністерге байланысты эмоционалдық уайымның ерекше түрі ретінде көрінетін өзін-өзі танудың аффектілік компоненті болып табылады. Бағалау үдерісіне қосылып, адам өзін-өзі тану мүмкіндіктерінің кеңеюіне байланысты өздігінен қарым-қатынасты түзетуге мүмкіндік алады [11].

Эксперименттің барлық негізгі бағыттары бойынша толық бағалау мен алынған нақты нәтижелерді қарастырайық.

Оқытудың уәждемесін анықтау үшін «аяқталмаған ұсыныс» әдісі қолданылды. Өзін-өзі бағалауды орнату - бақылау және селективті сұрау арқылы анықталды. Осы кезеңде алынған нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. ЖОО-да оқу мотивациясын зерттеу және студенттерді өзін-өзі бағалау нәтижелері (оқытудың әрбір курсынынан 500 адам қатысты).

Бағалау обьектісі	1 курс				4 курс			
	Көрсеткіштер				Көрсеткіштер			
	Жақсы жұмысқа орнасу үшін.	Жұмыста мансаптық өсу үшін	Бір жерде оқу керек	Басқа	Жақсы жұмысқа орнасу үшін.	Жұмыста мансаптық өсу үшін	Бір жерде оқу керек	Басқа
ЖОО-да оқу мотивациясы	30%	10%	25%	35%	24%	20%	13%	43%
Өзін-өзі бағалауға орнату		Көрсеткіштер				Көрсеткіштер		
	Өзін-өзі бағалау пайдалы, қажет	Қажет, бірақ сирек	Керек емес		Өзін-өзі бағалау пайдалы, қажет	Қажет, бірақ сирек	Керек емес	
	7%	30%	63%		64%	26%	10%	

Алынған сандық көрсеткіштер бүтін сандарға келтірілген.

«ЖОО-дағы оқытудың уәждемесі» зерттеу объектісі бойынша «Басқа» рубрикасында мынадай көрсеткіштерге негіз беретін жауаптар алынды: "жоғары білім туралы диплом алуды қалаймын" (20% 1 курста, 8% 5 курста); "шетелде жұмыс істегім келеді" (15% 1 курста, 35% 5 курста).

Құзыреттілік тәсілге сәйкес кәсіби білім беру сапасының ең маңызды көрсеткіші студенттердің дайындық деңгейі - негізгі және кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы болып табылады. Жоғары оқу орнында маманды даярлау нәтижесі ретінде негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуын бағалау жергілікті критерийлерді жинақтаудың аддитивті әдісі, түлектердің кәсіби құзыреттілік көрсеткіштерін эмпирикалық талдау және кәсіби маңызы бар пәндердің теориялық және практикалық циклы бойынша үлгерімнің орташа балын анықтау негізінде негізгі құзыреттіліктердің мәнін есептеумен жүзеге асырылды [12].

Зерттеу барысында студенттің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы мен көрсеткіштері бағалануға жатқызылды: сапа, қасиеттер және қабілеттер, құрылымдағы негізгі ғана емес, сонымен қатар кәсіби құзыреттіліктегі орталық компонент қарастырылды. Индивидтің білімі мен қабілеті білік пен дағдыны қалыптастыру құралы ретінде әрекет етеді; дағдыға икемділік өршу процесінде құзыреттілік ретінде жеке тұлғаның қабілеттілігінің қалыптасуын және жүйелі өзара байланысын анықтайтын қызмет субъектісінің қабілеттері дамыды; кәсіби қызметте білімді, іскерлікті және дағдыларды қолдану тәжірибесі кәсіби құзыреттілікті меңгеруді сипаттады [14,15].

Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы келесі көрсеткіштер бойынша анықталды: а) осы құзыреттіліктің қалыптасуын негіздейтін қажетті білімнің, іскерліктің, дағдылардың болуы; Б)

кәсіби қызмет жағдайында оларды қолдану қабілетінің болуы; в) кәсіби қызметтің қойылған міндеттеріне қол жеткізу қабілеті (нәтижелілік). Аталған көрсеткіштер оқытудың әртүрлі жағдайларында анықталды: а - жоғары оқу орны жағдайында; Б-жоғары оқу орны жағдайында, ұйымдастырылған кәсіптік іс-әрекет, оқу-өндірістік тәжірибе процесінде; в-оқу-өндірістік практика жағдайында.

Эксперимент барысында алынған нәтижелер үш негізгі деңгей бойынша бөлінген: жоғары, орташа және төмен деңгейлер.

Жоғары деңгей – студенттің көрсетілген көрсеткіштердің барлық топтарының болуымен сипатталады. Орташа деңгей – толық емес көрсеткіштермен ерекшеленеді. Төмен деңгей – көрсеткіштердің толық еместігімен және анықталған көрсеткіштердің жеткіліксіз сапасымен сипатталады (тұрақсыздық, эпизодтық, сәйкессіздік және т.б.).

2-кесте. Бітірушілердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру динамикасы (100 % = 500 адам)

Деңгейлер	2015	2016	2017	2018
Жоғары	35	40	55	60
Орта	40	45	40	35
Төмен	25	15	5	5

Келтірілген мәліметтер ұлттық ЖОО-да түрлі біліктілік бағыттағы мамандардың кәсіби білімінің сапасы туралы қажетті және жеткілікті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, аталған зерттеу жұмысында ЖОО-да кәсіптік білім беру сапасы саласындағы бағалау қызметінің технологиясы жасалғанын атап өту керек. Десе де, аталған технология белгілі бір критерийлерге сәйкес ЖОО-да кәсіптік білім беру сапасының жағдайы туралы нақты және логикалық ақпаратты анықтау процесін кезең-кезеңімен ұйымдастыруды, осы ақпаратты талдау мен интерпретациялауды қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бакшанаева Н., Вербицкий А. Оқушылардың ынталандыру психологиясы. - Литер, 2017.
2. Глущенко В.В., Глущенко И.И. Жоғары оқу орнының студенттерінің уәждемесі. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары (2016 жылғы 20 қаңтар, Курган). - 2016 ж. - №. 4h 2 сағ - 76-79 бет.
3. Шадриков В. Д. Кәсіби дағдылар [Электронды ресурс] // М .: Университет кітабы. - 2017.
4. Маслов А., Г. Мотивация және тұлға: [транс. ағылшын тілінен]. - «Петр» баспасы, 2009 ж.
5. Анцюферова Л.И. Сабақтың құбылыстарының психологиялық мазмұны және пәндік-белсенділік көзқарастарының шекаралары // Психология ғылымы пәнінің мәселелері / Ed. А.В. Брушлинский, М Воловикова, В.Н. Дружинина. М. - 2000.
6. Газман О. С. Теориясы: педагогикалық қолдау дегеніміз не? // Сынып жетекшісі. - 2000. - жоқ. 3. - 6-34 бет.
7. Петров В.А. Жеке психологиядағы еркін себептері туралы идея // Орыс психологтарының еңбектеріндегі жеке тұлғаның психологиясы / Куликов Л.В. құрастырған - СПб: Петр. - 2000. - 436-448 бет.
8. Ананиев Б.Г. Тұлға құрылымы // Ресей психологтарының еңбектеріндегі жеке психология. Оқырман. Құрамында Куликов А.В. - СПб .: Петр. - 2000 ж.
9. Платонов К.К., Адацкина Б.И. Студенттердің жеке басын өзгерту және қалыптастыру туралы. - 1996 жыл.
10. Дьяченко М.И., Кандибович Л.А. қысқаша психологиялық сөздік: адам, білім, өзін-өзі тәрбиелеу, мамандығы // М: Halton. - 1998 ж. - 131-132 бет.
11. Хопкинс Д. Барлығына арналған білім сапасын жақсарту: қызметкерлерді дамыту жөніндегі анықтамалық. - Routledge, 2015.
12. Langstrand J., Cronemyr P., Poksinska B. Практикадан үзінді: // Total Quality Management & Business Excellence. - 2015. - V. 26. - №. 11-12. - 1202-1212 бет.
13. Лейбер, Т., Стенсакер, Б., Харви, Л. С. Жоғарғы оқу орындарының жақындасу теориясы: SWOT талдау // Еуропалық жоғары оқу журналы. - 2018 ж. - 1-15 бет.
14. Мурси А., Соехарто Расч моделін қолдана отырып, жоғары оқу орындарының сапа кепілдігін енгізу // JETL (Білім, оқу және оқу журналы). - 2017. - V. 1 - №. 1. - 1-6 бет.
15. Lim D. сапа кепілдігі. - Routledge, 2018.

Baishymyrova A.U.
PhD candidate,
Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan

Sadykova A.K.
candidate of pedagogical sciences, associate professor,
Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan

APPLICATION OF INFOCOMMUNICATION RESOURCES FOR THE OPTIMIZATION OF FUTURE TRANSLATORS' FOREIGN LANGUAGE PREPARATION

Түйін. Мақалада заманауи кәсіптік білім беру мәселелері талданады. Мұндай білімнің мысалы ретінде болашақ аудармашыларды даярлау жүйесі қарастырылады. Қазіргі заманғы маманды дайындауда маңызды құзыреттілік көзқарас тұрғысынан ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдану негізінде аудармашыларды даярлаудың шет тілді білім беру процесін оңтайлы ұйымдастыру жолдары ұсынылды. Аудармашылардың кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне және инфокоммуникациялық ресурстар негізінде олардың кәсіби-бағытталған құзыретін қалыптастыру тәсілдеріне ерекше назар аударылады. Инфокоммуникациялық ресурстардың әдіснамалық әлеуетін талдауға, болашақ аудармашыларды дайындау негізінде жатқан олардың дидактикалық ерекшеліктерін анықтауға әрекет жасалды.

Түйінді сөздер: кәсіби қызмет, аударма, құзыреттілік, кәсіби-бағытталған құзыреттілік, ақпараттық-коммуникациялық ресурстар.

Резюме: В статье анализируются проблемы современного профессионального образования. В качестве примера такого образования рассматривается система подготовки будущих переводчиков. Предложены пути оптимальной организации иноязычного образовательного процесса подготовки переводчиков на основе применения информационно-коммуникационных ресурсов с позиций компетентностного подхода, значимого в подготовке современного специалиста. Особое внимание уделяется особенностям профессиональной деятельности переводчиков и способам формирования их профессионально-ориентированной компетенции на основе инфокоммуникационных ресурсов. Предпринята попытка проанализировать методологический потенциал инфокоммуникационных ресурсов, выявить их дидактические особенности, лежащие в основе подготовки будущих переводчиков.

Ключевые слова: профессиональная деятельность, перевод, компетентность, профессионально-ориентированная компетентность, информационно-коммуникационные ресурсы.

Abstract. The article analyzes the problems of modern professional education. The system of future translators' preparation is examined as an example of such an education. The ways of the optimal organization of a foreign language educational process for the preparation of translators based on the application of information and communication resources are suggested from the propositions of a competence approach, significant in the preparation of a modern specialist. Attention is also focused on the peculiarities of translators' professional activities and the ways of forming their professionally-based competence based on infocommunication resources. An attempt was made to analyze the methodological potential of infocommunication resources, to identify their didactic features that underlie in the basis of preparation of future translators.

Keywords: professional activity, translation, competence, professionally-based competence, infocommunication technology resources.

The formation of a new education system oriented towards the entry of Kazakhstan into the world educational space is accompanied by significant changes in the methodological theory and practice of the educational process. Modernization of the foreign language education system implies qualitative changes in the process of preparing graduates of higher educational institutions. Currently, a transition from the subject-oriented model to the competence-based model of training bachelors is taking place; it requires the formulation of conceptual and methodological foundations of educational competences, as well as the definition of their educational-methodological and technological-organizational support. One of the vectors of modernization of Kazakhstan's education is informatization, which contributes to the creation of a new informational and educational environment: the use of information and communication technologies and electronic educational resources, design and research activities. Obviously, the high level of innovation, the swiftness of the changes taking place in society have determined the need for professional specialists: educated, mobile, able to use modern ICT tools, focused on continuous education and self-education, on the rapid development of the information society, distribution of network and

multimedia technologies, electronic educational resources. One of the steps of informatization of society is the informatization of education, which implies the active implementation and use of ICT tools, a high level of information service, informational openness and access to reliable information sources. Informatization of education leads to changes in education in a functional, sociocultural and substantive way.

The problems of translation and the implementation of translation activities are currently being studied in linguistics, psycholinguistics, sociology, cultural studies, communication theory and other sciences. Translation is considered as a unidirectional and two-phase process of interlingual and intercultural communication, in which a secondary text (metatext) is created on the basis of the primary text subjected to purposeful ("translational") analysis, replacing the primary text in a different linguistic and cultural environment"; a process characterized by differences between two languages, two cultures, and two communicative situations [20, p. 85]. Changes in the theory of translation in connection with the recognition of its interdisciplinarity contribute to the improvement of teaching methods and the use of the possibilities of translation in the formation of a multicultural language personality.

M.V. Vorobeva, summarizing the data of various classifications (V.S. Vinogradov, E.V. Sidorov, G.Gotov), came to the conclusion that the translation process consists of the following phases: approximate (cognitive) phase; phase of decoding and interpretation of information; direct implementation of the translation activity; and verification. At the first stage, the translator is guided by information related to a particular situation, reveals the aims, motives and needs of communicants; aware of the author's intention, the degree of informative and aesthetic value of information. The motive of translation can be mediated by social reasons, namely the need of society in the exchange of information that exists in different languages; the need to understand information in the process of speech communication of multilingual communicants [24].The next phase of decoding and interpretation of information, including a system of specific translation actions: search and selection of methods of activity; analysis of the problem situation; solving translation problems related to the specifics of the information being translated. Direct implementation of the translation activity, aimed at the result - the creation of oral or written communication. The final phase: the verification (reflexive self-report), is a comparison of the result with the intended aim.

As we know, the professional activity of a translator takes place in a specific professional environment and includes the conditions and tasks facing the translator, as well as the means used to achieve the objectives. The use of infocommunication resources in the translator's activity necessitated the need to allocate an information translation medium, which is "a set of computer-mediated communication and information resources in the form of software and hardware for information storage, processing and transmission, which the translator uses when solving his or her tasks" [1, p.45].

Modern informational and educational environment is an effective and time-demanded tool for the development of the education system, a condition for the full life of a person in the information society. Among the priorities of higher education are: the creation of electronic libraries, the modernization and development of the existing network infrastructure, the increase in the capacity of the channels used and the development of e-learning. Shevchuk V.N. in his monograph writes that at the junction of the XX and XXI centuries in the translation industry there was actually a revolution. New types of translation have appeared, for example, localization, translation using the "translation memory" system. The arsenal of the translator was supplemented with electronic tools that facilitated the search for the necessary information and, accordingly, the translation process itself, as well as significantly improved the quality of the translation. Under the informational translation medium, he considers an automated workplace that includes a set of programs and dictionaries focused on the specifics of the translator's work, allowing him/her to speed up and improve the translation performance [19, p. 45].

Analysis of research and training programs for translators allowed us to identify three groups of information resources, information from which the translator downloads, reads and views in the course if his/her activity: programs used in the translation process (translation software programs, electronic dictionaries, encyclopedias and reference books, terminology databases etc.); network information technologies, which are Internet resources used by the translator (search engines, electronic libraries, electronic journals, translation sites and portals, e-mail, newsletters, forums, chat rooms, etc.); helper programs that help the translator design the text to be created (text and graphic editors, text converters, etc.).

Thus, in the process of translation, the translator actively uses translation memory programs that are based on the Translation Memory technology. This technology is a specialized database containing in its memory individual words, terms, sentences, paragraphs and variants of correspondences that the

translator found when translating previous texts and which were entered into the Translation Memory translation program. If the source text contains words, terms, sentences or paragraphs that partially or completely coincide with the information in the database, the translator is invited to select the appropriate translation or make the necessary changes to it.

The Translation Memory program can be located on a network drive, several users can work with it simultaneously, and the results of the work can be available to all translators. The use of drives allows them not to translate text fragments that are already contained in the database, to avoid repetitive monotonous operations, reduce the time spent on translation and increase the productivity of translator's work. At the moment there are a number of programs using Translation Memory technology (Deja Vu, Trados, Transit, Catalist, Translation Manager), which have a number of common functionality provided by translation studies scholars: a built-in text editor that allows editing database options and creating text in the target language; electronic translation dictionaries and terminology dictionaries; concordance represents a useful function of all Translation Memory programs, which is able to automatically select a word or term and build a list of possible contexts, regardless of their grammatical form and relative position, the number of intermediate words separating them in a sentence.

Localization of the translation text is a special technological operation consisting in adapting the text in accordance with the peculiarities of the language into which the translation is made: for example, changing the units of measurement in the translation process, the date and time format, etc. This tool in the program allows reducing this information so that the translator does not miss it, pays attention and completes the translation without errors. If there is localization in Translation Memory programs, there is no need to search for these textual inclusions, and all the necessary information that the translator must take into account in the translation process is located in one place. The program also offers translation options for fragments to be localized, which the translator either accepts or searches for the necessary realities and imprints a suitable version that is stored in the database.

The following unique source of lexical units of the language, as well as translation correspondences for the desired word during translation: electronic dictionaries. Electronic dictionaries that the translator uses in his/her activities can be of various kinds. Thus, V.N. Shevchuk identifies online and offline versions of dictionaries. Online dictionaries are available when logging on to the Internet, while offline dictionaries exist on CD-ROM or are downloaded to the hard disk of a computer and can later be used by the translator without access to the Internet [19]. The most popular multilingual electronic dictionaries are Multilex, Abby Lingvo, Multitran, Polyglossum, Context and other dictionaries. As a rule, they contain general, thematic, explanatory, grammatical and other types of dictionaries. Recently, there have emerged such types of dictionaries as contextual dictionaries that allow translating a word by hovering the cursor or pressing a certain key combination [19].

Осы оқыту мен үйренудің әдіс-тәсілдері «Көркем еңбек» оқу сабақтарында оқушылардың біршама танымдық және тұлғалық құнды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады. Мысалы, белсенді оқуда оқушылардың өз тәжірибесі негізінде эксперимент жасап, оқу материалының мәнін ұғынып түсінуіне, меңгерген білімді жаңа біліммен байланыстыруға, қателіктерді түсініп білімін жетілдіруге, терең білім алуы мен көзқарастарын өзгертеді. Топтық жұмыста тұлғаралық қарым-қатынастарды нығайтады, ақпарт алу мен жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастырады, оқушылардың арасындағы тосқауылдарды бұзады. Саралап оқыту барысында оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес олардың түсінігі мен дағдылары дамиды, оқуға деген уәжі мен сенімі артады, күтілетін нәтижені арттыра алады. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, яғни, мұғалімнің оқушыларға қолдау жасай отырып, олардың уәжі мен өзін-өзі бағалау деңгейін арттырады, қай бағытта оқыту керектігін анықтауға көмектеседі, өзінің жұмысын жақсартуға ықпал етеді, оқушылардың оқу жолдарын түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың

қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты пән мұғалімі оқыту барысында кері байланыс пен рефлексияның әр түрлі әдіс-тәсілдерін жиі қолдануды тәжірибелейтін болады. Осы сияқты басқа оқыту мен үйренудің әдіс-тәсілдері де оқушылардың құнды тұлғалық және танымдық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, мұғалім сабақты жоспарлау, яғни, қысқа мерзімді жоспарлау барысында дәстүрлі дидактикалық қағидаларға және оқытудың жаңа стратегияларына сүйенеді. Сол стратегиялардың бірі: оқушылардың бір-біріне көмектесу үшін жұптарға бөлу; оқушылардың нәтижеге жету үшін көбірек уақыт бөлу; оқытуды шағын қадамдарға бөлу, талқылау, моделдеу және қосымша ресурстарды қолдана оқушыларға қолдау жасау, әр түрлі материалдар мен құралдардың көмегімен тапсырмаларға бейімдеу (1 сынып оқушыларына); жақсы әрекет ететін оқушыларды анықтау; оқытудың белгілі бір салалары бойынша өзін сенімді сезінетін оқушылар мен оқуда қиындықтары бар оқушыларды анықтау; оқушылардың жауаптарының алуан түрлілігі мен жекелеген оқушылардың күшті жақтарын ескере отырып, сыныптағы пән сабақтарында оң өзгерістер тұрғысынан ілгерлеуді және «мен істей аламын» ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік жасау (2 сынып оқушыларына); оқушылардың түрлі элементтер мен олардың құрамдастырылуына, қолдана алу себептерін түсіндіруге бағыттау; кез-келген оқушының сабақ бойынша әрекеттерін дәлдік пен нақтылықта қалыптастыруға бағыттау; оқу мақсатына қол жеткізу үшін оқушы бейне кескіндерді дәл және мәнмәтінді қолдануға үйрету (3 сынып оқушыларына); көркемдік сапаға қалай қолжеткізе алуына және үйлесімді болуына бағыттау; мақсатқа бағытталған және ақпараттандырылған тәсілдермен жобалау және шешімдер қабылдау үшін қолдану; жасалған таңдаудың себебін анықтау; өз бетінше жұмыс жасау тәуелсіздігін арттыру (4 сынып оқушыларына).

Оқушылардың «Көркем еңбек» оқу пәнінің сабақтарында оқушылардың енді, білімі ғана емес, оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін қолданамыз. Ол критериалды бағалау жүйесімен жүзеге асырылады. Критериалды бағалау дегеніміз оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті, нақты анықталған критерияларға негізделген үдеріс болып табылады. Бұл бағалау критерийлері бойынша оқушылардың ойлау дағдыларының деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Ойлау дағдылары Б.Блумның таксономиясы бойынша анықталған. Мысалы, білу мен түсіну, білімді қолдану, талдау, жинақтау және бағалау.

Жоғарыда айтылғандай, жаңартылған білім беру үдерісінде жаңа атаумен қалыптасқан «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасы кіріктірілген тұрғыда білім берудің теориялық негізіне сәйкес анықталғаны белгілі. Бұл оқу пәнінің білім беру мазмұнына талдаулар жасау барысында, оның тұжырымдық бөлімінде, яғни мақсаты – оқушылардың көркемдік-технологиялық білімі мен іскерліктерін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттері мен ойлауын дамытуға бағытталып, еңбекке баулу оқу материалдарына басымдығы көрсетілсе, оның нәтижеге бағытталған оқыту мақсаттарының жүйесі бейнелеу өнерінің оқу материалдары кеңінен қарастырылып қамтылғаны байқалады. Екі оқу пәнерінің кіріктіріле құрылған мақсаты мен білім беру мазмұны арасында үйлесімділіктің толық анықталмағандығы және қисынсыздық белгілері айқындалып отыр.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру аясында жасалған «Көркем еңбек» оқу пәнінің білім беру бағдарламасының мәні оқушылардың «Көркем еңбек» пәні елестету мен бақылау қабілетін, кеңістікте тану және көзбен көріп қабылдау қабілетін қамтамасыз ететін, әр түрлі шығармашылық әрекет барысында, көркемдік-технологиялық білімдерді, қабілеттері және дағдыларды қалыптастырылады.

Білім беру ұғымы әрі қарапайым, әрі күрделі, өйткені ол жеке адамға арналып айтылғанмен, бүкіл қоғамды қамтиды. Білім беру жеке мағынада айтылғанмен ол екі жақты процес, бір жағынан мұғалім, екінші жағынан оқушы әрекеті.

Білім мазмұны – білімнің ғылымилығы, іскерліктің және дағдының жүйесі. Сондықтан білімнің мазмұны – оқыту процесі компонентінің бірі болады. Сол жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамып, дүниеге көзқарасы, мінезі қалыптасады.

Осы аталған әдістемелік кезеңдер оқушылардың тек қана арнайы емес, сондай-ақ жалпы еңбектік және жалпы өндірістік епті ліктерін қалыптастырады. Сонымен қатар өнімді еңбектің меншікті салмағына қол жеткізуде өзінің маңыздылығын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы //Егемен Қазақстан, 1999. – 7 маусым

2. Bloom, B.S., (Ed.). 1956 Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman.
3. Bruner J.S. The culture of education. Cambridge, MA: Harvard Univ. Press, 1996.
4. Саипов А.Б. Болашақ мұғалімдердің көркемдік-еңбек даярлығының теориясы және практикасы. Педагогика ғылымдарының докторы ... автореферати. Шымкент, 2010.- 36 б.
5. Жолдасбекова С.А. Жоғары оқу орнында болашақ еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы [Текст] : автореферат / С. А. Жолдасбекова. - Алматы : Қазақ университеті, 2006. - 45 б.

Жайлауова М.К.
пед. ғыл. канд.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті,
Қызылорда қ.,
e-mail: mzhailauova@mail.ru

Абуова А.
2 курс магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда қ.,
e-mail:aina_saken75@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Түйіндеме. Қазіргі мектептің маңызды және күрделі проблемаларының бірі – бастауыш сынып оқушыларын көркем әдебиетке тарту. Бұл теле-видеоақпараттың шамадан тыс көбеюімен, балалардың компьютерлік ойындарға қызығушылығымен байланысты. Мектеп мұғалімдерінің тәжірибесін оқып үйрену нәтижесінде оқырмандық қызығушылықты қалыптастырудың негізгі бағыттары анықталған. Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру деңгейлері қарастырылған.

Кілт сөздер: оқырман, қызығушылық, жоба, ата-ана, кітапханашы.

Резюме.Одна из важнейших и сложных проблем современной школы состоит в приобщении младших школьников к художественной литературе. Это связано с тем, что наблюдается перенасыщенность теле-видеоинформацией, дети увлечены компьютерными играми.

Основные направления в формировании читательского интереса определены в результате изучения опыта учителей.Рассмотрены уровни формирования читательского интереса младших школьников.

Ключевые слова: читатель, интерес, прооект, родители, библиотекарь.

Summary. One of the most important and complex problems of modern schools is to introduce younger students to fiction. This is due to the fact that there is a glut of TV and video information, children are passionate about computer games.

The main directions in the formation of reader interest are determined as a result of studying the experience of teachers. The levels of formation of reading interest of younger schoolchildren are considered.

Keywords: reader, interest, project, parents, librarian.

Оқуды қажетсіну – оқырмандық қызығушылық пайда болатын негіз. .Оқырмандық қызығушылық танымдық белсенділікті дамыту факторларының бірі болып табылады, сондықтан сауатты адамды қалыптастыруда маңызды орын алады.

Оқырмандық қызығушылық – бұл оқырманның кітапты, баспалық шығарманы оқуға таңдамалы-ұнамды қатынасы[1].

Басқаша айтқанда, оқырмандық қызығушылық – бұл әдебиеттің үлкен әлемінен белгілі бір кітапты бөліп алу, бірақ кез келген кітапты емес, оның қажеттіліктеріне сәйкес келуіне байланысты нақты оқырман үшін маңызды, оны оқу оқырмандарға эмоционалдық рахат, қуаныш сыйлайтын, өзіне ұнамды қатынасты тудыратын кітапты бөліп алу. Оқырмандық қызығушылық тұлғаның бүкіл оқырмандық әрекетін бейнелейді. Қызығушылық жағдайында ырықсыз зейіннің шоғырлануы жүзеге асады, ойлау, қиял, есте сақтау үдерістері оңтайландырылады[2].

Зерттеушілер оқырмандық қызығушылықтың жағдаяттық және тұлғалық негізін бөліп көрсетеді. Жағдаяттық қызығушылық сыртқы стимулдардың әсерімен пайда болады — кітаптың ашық сырты, көрген фильм-экранизация, газеттегі рецензия және т.б. Ол өте құбылмалы, егер тұлғаның тұрақты сапаларымен байланысты болмаса, жағдаяттың өзгеруімен байланысты жеңіл жойылып кетеді.

Тұлғалық қызығушылық біршама тұрақты. Ол тұлғаның тұрақты рухани қызығушылықтарына сүйенеді. Тәжірибеде жағдаяттық қызығушылық тұлғалық қызығушылықты қалыптастырудың алғашқы қадамы болуы мүмкін.

Жобалар әдісі оқырмандық қызығушылықты дамытумен және қалыптастырумен байланысты.Ол оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық бастамасына мүмкіндік береді, баланың оқуға ұнамды мотивациясын жасайтын оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығын білдіреді. Жобаларды орындау барысында оқушылар өз бетінше білім алуды үйренеді, танымдық және оқу әрекетінің тәжірибесін алады. Олар оқушының тұлғасын зерделеуге ғана емес, сонымен

қатар оның айқын немесе потенциалдық нышандарын, қызығушылықтарын анықтауға және оятуға бағытталған.

«Талантты оқырмандар» жобасы ата-аналармен тығыз байланыста жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

1) ата-аналарды тестілеу, ол ата-аналарға баланың оқу шеңберіне назар аударуға көмектеседі және оқушының оқырмандық әрекетіне оңтайлы әсер ету жолдарын көрсетеді;

2) өзін оқырман және тұлға ретінде ашуға көмектесуді мақсат еткен түрлі жас топтарындағы балаларды тестілеу;

3) бастауыш сынып оқушыларының қабылдауының сапалық жақтарын дамытуға бағытталған ойындар, конкурстар, тапсырмалар;

4) «Менің отбасымның оқырмандық қызығушылықтары» тақырыбында балалармен және ата-аналармен сауалнама жүргізу;

5) оқырмандар күнделігін зерделеу;

6) балалар оқуының картотекасын жасау;

7) оқырмандық тәжірибенің рефлексиясына бағытталған оқушылардың шығармаларын талдау («Менің үйдегі кітапханам», «Мен – оқырманмын», «Оқырман толғанысы»);

8) топсаяхаттардың үлкен көлемі;

9) балалардың кітаппен өз бетінше жұмыс жүргізу білігіне кешенді бақылау жүргізуге көмектесетін ата-аналарға арналған жадынама[2].

Оқушылардың оқырмандық тәжірибесін кеңейту және олардың қызығушылықтарын есепке алу мақсатында оқудың «үш шеңберін» ұйымдастыруға болады (оқуға және зерделеуге арналған бағдарламалық шығармалар, сыныпта өз бетінше оқуға және талқылауға арналған шығармалар, сыныптан тыс оқуға арналған шығармалар).

«Отбасылық оқулар» жобасы мұғалімнің ұсынысы бойынша алдын ала ата-аналар да, балалар да оқыған кітаптарды тақырыптық ата-аналар жиналысында ұжымдық талдауды көздейді.

Сыныптан тыс іс-шаралардың сан алуан формаларын ұйымдастыру да бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сыныптан тыс оқу – бастауыш мектептегі әдебиеттік оқу пәнінің тірегі, оқушылардың өз бетінше оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруға ықпал ететін бастауыш сынып мұғалімінің жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі.

Оқушылардың оқырмандық қызығушылығын дамыту бойынша жұмыста әдеби ойындар мен әдеби мерекелерді ұйымдастыру маңызды орын алады. Әдеби ойындар мен әдеби мерекелерді ұйымдастыру барысында ойнаушы тұлғаның интеллектуалдық, моральдық, еріктік сапалары дамиды, ой-өрісі кеңейеді және жетілдіріледі, балалардың нышандары мен қабілеттері белсендіріледі[1].

Сыныптағы әрбір оқушының сыныптан сыныпқа көшкен сайын онымен бірге өсетін «жетістіктер ағашы» бар. Әр оқу жылының соңында интеллектуалдық лидерлер мен жылдың белсенді оқырмандары анықталады.

Оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарын қалыптастыруда мұғалім мен кітапханашының өзара әрекеті маңызды.

«Кітаптар ауруханасы», «Мейірімділікті шеңбер бойынша жібер», «Оқуды жақсы көретіндердің клубы», «Оқырман күнделігі» жобалары мұғалім мен кітапханашының бірлескен әрекеті негізінде оқуға сүйіспеншілікті, кітапқа мейірімді қатынасты қалыптастыруға көмектеседі. Кітапханашымен бірге оқушылар кітаппен жұмыс істеудің жүйесін үйренеді, оқу әдістерін игерудің кезеңдерімен танысады (түсініп, мәнерлеп, ойланып), оқығанын мазмұндау білігін жетілдіреді (толық, ішінара, қысқа) [1].

Деңгейі бойынша оларға сәйкес келетін кітаптарды іріктеуге көмектесу дұрыс бастаманы іздеудегі байланыстырушы бөлік бола алады. Оқушылардың оқырмандық күнделігінің мазмұны мұғалім мен кітапханашыға оқушылардың оқырмандық дағдылары мен не нәрсеге басымдық беретінін бағалауға көмектеседі.

Қазіргі бастауыш сынып оқушылары мен жасөспірімдер үшін Интернет — ойын-сауықпен қатар қажетті ақпаратқа қол жеткізу жолдарының бірі. Баланың Интернетке қызығушылығын және ақпараттық технологиялардың басқа элементтерімен байланысын балаларда танымдық қызығушылықтың саласын кеңейту және ояту үшін пайдалануға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарымен дер кезінде және тығыз байланыс орнату балалардың оқуға қызығушылығын тереңдететін қажетті және сенімді көмекшілерді табуға мүмкіндік береді.

Оқу – бұл күш-жігерді, жұмысты, ақыл мен жүректі талап ететін адам мен кітап арасындағы ерекше диалог. Кітаптар адамдарды жақсы етеді, ал бұл – өнердің басты мақсатының бірі.

Баланың келешекте қандай адам болатыны оның қандай кітап оқитынына байланысты. Кітап тұлғаның адамгершілік қасиеттерін, оқушының рухани әлемін тәрбиелейді және қалыптастырады.Өйткені кітап арқылы адамгершілік құндылықтар мен нормалардың ұрпақтан ұрпаққа берілуі жүзеге асады.

Балаға оқудың қажеттігін түсінуге көмектесу, жақсы кітаптарды оқуға қызығушылықты ояту және оларды оқып шығу - ересектердің міндеті (ол ата-ана, жазушы, баспагер, мұғалім, кітапханашы, тәрбиеші болуы мүмкін).

Әдебиеттік оқу пәнін зерделеудің табыстылығы бастауыш мектептегі басқа пәндер бойынша нәтижелілікті қамтамасыз етеді.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты - бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру[3].

Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығының қалыптасқандық деңгейі төмендегі критерийлер бойынша анықталады:

1) оқу үдерісіне эмоционалдық қатынастың болуы;
2) көркем шығарманы оқуға қажеттіліктер мен мотивтердің тұрақтылығы;
3) белгілі бір тақырып, жанрдағы әдеби шығармаларды оқуға қажеттілік;
4) кітаптар тобына бағдарлану білігі, олардың арасынан берілген параметрлер бойынша (жанр, тақырып) кітапты таңдау, өзінің кітапқа қатынасын түсіндіру, оқылған кітап туралы пікір айту.
5) түрлі жанрдағы оқылған мәтіннен қажетті ақпаратты ала алу және пайдалана алу білігі.

Бастауыш сынып ооқушысының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру үдерісін табысты жүзеге асыру үшін қазір білім алушы тұрған олардың қалыптасқандық деңгейі деңгей туралы білімдер қажет. Осы мақсатта сауалнама көмегімен жүзеге асырылатын диагностика қолданылады. Сауалнама сұраудың негізгі құралы және олардың әрқайсысы жүргізіліп отырған зерттеудің міндеттерімен байланысты сұрақтардың құрылымдық-ұйымдастырушылық жиынтығын қамтитын әлеуметтік құжат болып табылады. Бұл байланыс оқырмандық қызығушылықтың сипаттамасын бейнелейтін ақпаратты алу қажеттігінен көрінеді. Оқырмандық қызығушылықты қалыптастыру динамикасын айқындау мақсатында бұл сауалнаманы зерттеудің түрлі кезеңдерінде өткізуге болады.

Сауалнама нәтижесі бойынша Н.Н. Светловская ұсынған кестені пайдалана отырып, әрбір оқушының оқырмандық қызығушылығының қалыптасқандық деңгейі туралы қорытынды жасауға болады [2]:

Кесте 1. Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру деңгейлері

Төмен	**Орташа**	**Жоғары**	**Өте жоғары**
Балалар кітапханасына бармайды.	Балалар және мектеп кітапханасына сирек барады.	Кітапханаларға барады. Қызығушылығы қалыптасқан.	Кітапханаларға барады. Қызығушылығы қалыптасқан.
Аз оқиды және оқуға қызықпайды.	Оқуға аз қызығады. Кейде ғана оқиды.	Бағдарлама бойынша оқиды. Қажет боған жағдайда керекті ақпаратты таба алады.	Көп қосымша әдебиеттер оқиды, саралап оқиды.Бағдарламадан тыс оқиды.

Нәтижелерді диагностикалаудың келесі тиімді тәсілдерінің бірі – оқушылардың жеке құжаттарын талдау (кітапхана формулярлары, сауалнама, шығармашылық жұмыстар) және бақылау.

Бақылау – зерттеліп отырған объектінің мінез-құлқын мақсатты, ұйымдасқан қабылдау және тіркеу. Кітап балаға қалай әсер ететінін:ол қандай оқиғалар мен қандай кейіпкерлерді бөліп

көрсететінін, ол қандай сезімдер мен көңіл-күйді тудыратынын білу мақсатында оқушыларды бақылау сабақта (әдеби шығармаларды оқу және талдаумен байланысты тапсырмаларды орындау барысында) жүргізіледі.

Сыныптан тыс жұмыста (түрлі іс-шараларды өткізуде) бақылау әдісі балалардың осы іс-шараға қатысуын (белсенді немесе или пассивті), олардың сөйлеу мәдениетін, көп, жүйелі оқитындығын, оқырмандық қызығушылығының кеңдігі мен тұрақтылығын қадағалауға көмектеседі.

Оқушылардың жеке құжаттарын талдау балалардың сан алуан түр мен жанрдағы әдебиетке қызығушылығын қалыптастыру мен тереңдетуді қадағалауға, оқырмандық қабылдаудағы өзгерістерді, неғұрлым оқылатын әдебиетті, оқу мотивтерін, оқылған нәрсеге қатынасты анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижені диагностикалаудың тағы бір тәсілі – әңгіме. Ол стандартты және еркін болуы мүмкін. Бірінші жағдайда күні бұрын дайындалған сұрақтар белгілі бір жүйелілікте қойылады, оларды өңдеу оңайырақ.Еркін әңгіме сұрақтарды неғұрлым толық мәлімет алу үшін қолдануға мүмкіндік береді [4].

Бастауыш сынып оқушыларымен әңгіменің үлгі сұрақтарын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

1. Автордың аты мен тегін атаңыз. Оның өмірбаянынан фактілер келтіріңіз. Тағы қандай шығармалар жазған?
2. Оқыған кезде пайда болған өз сезімдеріңізді атаңыз және түсіндіріңіз. Шығарма тақырыбы? Басты ой?
3. Шығармада адамның қандай қасиеттері ашып көрсетілген? Неге таң қалдыңыз?
4. Оқу кезінде пайда болған сезімдерді түсіндіріңіз. Иллюстрация салыңыз. Аяғын ойлап табыңыз.
5. Өз бетіңізше оқыған шығармаларды атаңыз.
6. Қандай кітаптар сізге ұнады және есіңізде қалды? Неліктен?
7. Нені қалайсыз: кітапты ма әлде экранизацияны ма? Неліктен?
8. Сізге кітапты кім таңдап береді?
9. Ата-анаңыз сіздің оқуыңызға қызығушылық таныта ма?
10. Ата-анаңыз қайда және кім болып істейді?

Білім алушылармен еркін әңгіме үшін төмендегі сұрақтарды ұсынамыз.

1. Үйде кітапханаң бар ма?
2. Оны жиі пайдаланасың ба?
3. Мектеп кітапханасына жиі барасың ба? Қандай мақсатпен?
4. Кабинетте тұрған кітаптарды пайдаланасың ба?
5. Кітапхананың оқырманысың ба (тек жазылып қана қоймай, барасың ба, оқуға кітап аласың ба)?
6. Мектеп кітапханасында қандай кітаптар болуы керек деп есептейсіз (қазір жоқ не олар аз)?
7. Кабинеттік кітапхана қажет деп есептейсіз бе?Ол қандай болуы керек? Онда қандай кітаптар болуы керек?

Диагностикалаудың жоғарыда көрсетілген тәсілдерінің арқасында бала тұлғасы, оның оқырман ретіндегі сипаттамасы, қызығушылықтары мен ермектері, жолдастарымен, отбасымен және мектеппен өзара байланысы ашылады. Оқырмандық қызығушылықты қалыптастыруға және бағыттауға көмектесетін оқудағы, кітапқа қатынастағы жеке дара айырмашылықтар түсінікті бола бастайды[5].

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастырғаннан кейін ғана оқырмандық қызығушылық оның маңызды компоненті болып табылатын оқырмандық құзыреттілікті де қалыптастыруға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Решетникова С.В. Формирование навыка чтения на основе развития познавательных процессов//Начальная школа. – 2006.- №2. – С.61-64

2.Светловская Н.Н. Законы формирования читателя // Начальная школа.- 2003.- №1. - С.11-18.

3.2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 384 б.

4.Есин А.Б. Принципы и приемы анализа литературного произведения. - М.: Флинта, 2010.- 115 с.

5.Кушнир А.М. Как приобщить детей к чтению //Начальная школа. – 2010. - №5. – С.71-73.

МРНТИ: 14.35.07

Желдыбаева Б.С.
п.ғ.к., доцент м.а.
Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ
E-mail: balgun@mail.ru
Семей қ., Қазақстан

Маусымбаев С.С.
п.ғ.д., профессор
Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ
E-mail: fizika304@mail.ru
Семей қ., Қазақстан

Мұздыбаева Г.А.
аға оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ
E-mail: gulnar61.18@mail.ru
Семей қ., Қазақстан

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: Мақалада жалпы орта мектепте физиканы оқытуда білім алушылардың сабақтан тыс уақытында өзіндік жұмысын ұйымдастыру, сонымен қатар әр түрлі зерттеу жұмыстарына белсенді қатысулары баяндалады. Мектеп оқушыларының өзіндік жұмысын ұйымдастыру негізінде іскерліктерін қалыптастыру жүйесіне бағытталған.

Түйін сөздер: Физика пәні мұғалімі, өзіндік жұмысын ұйымдастыру, практикалық даярлау, эксперименттік зерттеу.

Аннотация: В данной статье описывается организация самостоятельной работы студентов во внеурочной деятельности по преподаванию физики в вузе, а также их активное участие в различных исследовательских мероприятиях. Ориентирована на систему формирования умений студентов на основе организации самостоятельной работы.

Ключевые слова: учитель физики, организация самостоятельной работы, практические занятия, экспериментальные исследования.

Annotation: This article describes the organization of independent work of students in extracurricular activities in the teaching of physics in high school, as well as their active participation in various research activities. It is focused on the system of forming the skills of students based on the organization of independent work.

Keywords: Physics teacher, organization of independent work, practical training, experimental research.

Студенттің оқу уақыты аудиторияларда және өзіндік жұмыстардан тұратыны белгілі. Қазіргі уақытта сыныптағы жұмыс көлемі пәнді оқуға бөлінген жалпы уақыттың үштен бірін құрайды, аудиториялық жұмыс оқушының өзіндік жұмысы пайдасына азаяды. Бұл білім беру процесінде ақпараттық технологияларды, оқытудың инновациялық әдістері мен бақылау әдістерін, жаңартылған білім беру мазмұны негізінде рухани жаңғырудың өзектілігін белсенді енгізу қажеттілігін туындатады [1,65-70]. Бірнеше жылдар бойы біз оқу үдерісіне компьютерлік оқыту бағдарламаларын, тестілерді енгізу бойынша белсенді жұмыс атқарамыз. Көптеген білім беру компьютерлік бағдарламасы теориялық материалды өз бетінше оқып үйренуге немесе қайталауға, физикалық модельдерді қарауға, жалпы физика курсының барлық дерлік бөлімдеріндегі мәселелерді шешуге және интернеттен қосымша білім туралы ұсыныстар алуға мүмкіндік береді. Бірақ бұл үшін барлық студенттер үшін бір күн ішінде компьютер кабинетінде өзіндік жұмыстармен айналысу мүмкіндігі жасалуы тиіс. Студенттер семестрдің басында өздік жұмыстарға тапсырмалар алады және оларды орындау үшін ұсыныстар алады. Сонымен қатар, неғұрлым дайындалған студенттерге соғұрлым күрделі тапсырмалардың жеке нұсқалары берілуі мүмкін. Мысалы, Интернет желісіне қол жеткізе алатын студенттерге физика курсының өзіндік тақырыбы үшін желіде орналастырылған электронды оқулықтарды (және оқытылатын пән бойынша басқа оқу материалдарын) табуға тапсырма берілуі мүмкін. Тапсырманы толықтырып, табылған оқулықтарды талдап, оларға студенттердің өз көзқарастарынан баға беру керек: бұл

оқулық ыңғайлы ма, басқа оқулықтармен және т.б. Салыстырғанда оның артықшылықтары мен кемшіліктері неде? Дайындалған студентке тапсырылатын тапсырма шығармашылық сипатта болуы мүмкін. Мысалы, студенттерге белгілі бір физикалық модель негізінде өзінің виртуалды зертханалық жұмыстарын жасау, олардың негізінде бірқатар міндеттерді ойлап табу және шешу ұсынылады. Мұндай тапсырма студенттерге бағдарламалаудың белгілі бір дағдыларының болуын талап етеді, ал оны орындау осы дағдылардың дамуына ықпал етеді [2] осындай өзін-өзі дамыту жұмыс түрлері студенттерді оқылатын пәнмен қызықтыруға мүмкіндік береді, өйткені компьютерді пайдалану арқылы оқыту анағұрлым көрнекі, "тірі" болып табылады. Бұл студенттердің оқу материалдарын меңгеруін жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, студенттердің компьютермен жұмыс істеу дағдылары артады, бұл әсіресе болашақ физика пәні мұғалімі үшін өте маңызды. Сонымен бірге, өз бетінше ойлау, қойылған міндеттерді орындауға шығармашылықпен қарау қабілеттері дамиды. Осындай шығармашылық жұмыстарды орындау кейіннен оқылатын пәннің жеке тақырыптары бойынша электронды әдістемелік материалдарды дайындау түрінде өз жалғасын таба алады. Бағдарламалық материалды белсенді зерттеуге физика курсы бойынша бақылау-оқыту, тестілеу бағдарламаларын құрастыру бойынша тапсырмаларды орындау ықпал етеді. Мұндай бағдарламалар кез келген уақытта пайдаланушыға пәннің кез келген оқылатын бөлімдері бойынша қалған білімдерді өздігінен тексеруге мүмкіндік береді. Тестілеу кезінде бағдарлама негізгі формулалар мен анықтамалар бойынша анықтамалық ақпаратты қарауға мүмкіндік береді. Бақылау және оқыту бағдарламаларын қолдану тәжірибесі олардың тиімділігін көрсетеді.

Физикадан өзіндік жұмыс жасау үшін жеке тапсырма ретінде үй жағдайында тәжірибе жүргізу, физикалық заңдардың көрінісі болуы мүмкін. Қолданыстағы модельдер мен демонстрациялық қондырғыларды студенттер кафедраның «Студенттік эксперименталдық алаң» және «Физиканы оқыту әдістемесі» базасында орындайды. Алған тәжірибелері педагогикалық тәжірибе кезеңінде, сондай-ақ мектеп жобаларымен бірлесіп жұмыс істеу барысында оқушылармен жұмыс жасауда пайдаланылады. Бұдан әрі жұмыс нәтижелері мектептегі физиканы оқыту әдістемесінің жекелеген мәселелерін талқылау кезінде проблемалық топтың отырысында баяндалады. Материалдардың бір бөлігі баяндамалар түрінде ЖОО-ның студенттік-ғылыми практикалық конференцияларында ұсынылады.

Өзіндік жұмыстың тағы бір түрі - физикалық есептерді шешу және MSExcel сияқты қолданбалы компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып нәтижелерді ұсыну. Тапсырмаларды орындау кезінде білім алушылар графикалық материалдармен жұмыс істей білуін бекітеді, алынған және графикалық ұсынылған нәтижелер бойынша есептерді шешуді талдау дағдыларын игереді. Осындай тапсырмалар физика мен информатиканың пәнаралық байланысын көрсетеді.

Физиканы оқыту кезінде демонстрациялық эксперимент жүргізу дағдыларын меңгеру және бекіту студенттер үйірмесінің сабақтарын өз бетінше дайындау және өткізу ықпал етеді, онда теориялық материалды баяндау әдістемесі, демонстрациялық тәжірибелерді өткізу мәселелері талқыланады. Студенттер талқыланған мәселелер бойынша өз пікірлерін айтып, жекелеген мәселелерді шешу жолдарын ұсынады. Бұл ретте оқытушы тыңдаушы ретінде ғана талқылауға қатыса алады.

Студенттер өзіндік жұмыстың кез келген түрін орындау барысында нақты тақырып бойынша қажетті материалдарды іздеу тәжірибесін жинақтайды, оқуды өзіндік басқару көздері негізінде әртүрлі оқу танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру дағдыларын игереді, физикалық құбылыстар мен процестерді бағдарламалау және модельдеу, физикалық экспериментті дайындау және жүргізу дағдыларын дамытады.

XXI ғасыр – ақпарат заманы болғандықтан, үнемі артып отыратын ақпарат көлемі білім беру мазмұнын жаңарту мен құрылымдауда қиындықтар тудырады. Ақпарат оқытушы мен оқушы арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Сондықтан мұғалім оқушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары мен оқу материалын қабылдау мен өңдеудің тиімді тәсілдерін игертуі тиіс. Осындай дағдылардың бірі – ақпаратты визуалдау машығы. Бұл тәсіл графикалық (визуалды) органайзерлер арқылы жүзеге асады және оқушының ойлау және танымдық қызметін белсендіруге мүмкіндік береді.

Орта білім беру жүйесінде жаңартылған білім мазмұнын оқыту әдістемесі негізінде болашақ педагогтердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру, сонымен бірге, қазіргі мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу болып табылады.

Әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудегі инновациялық үдерістерге қолдау көрсету арқылы болашақ мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға; әртүрлі тұлғалармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын болатындай, сандық технологияларда құзырлылық белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру негізінде қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етуге жағдай жасау маңызды.

Орта білім беру жүйесінде жаңартылған білім мазмұнын оқыту әдістемесінің жеке мәселелерін қарастырған кезде бағдарламаның жеті модулі мән мәтінінде мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар мәселелерге (оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сын тұрғысынан ойлауға үйрету, оқу үшін бағалау және оқуды бағалау, оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық) көңіл аударуды қажет етеді.

Инновациялық оқыту нәтижелері білім алушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Білім алушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділіктерін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технолгияларды енгізу шешуші рөл атқарып қана қоймай, оң нәтиже беруге септеседі.

Физика мұғалімі сабақтарда оқушылармен әңгімелескенде, оларға баянды түсіндіріп айтқанда, тіпті кейде дәріс оқығанда физиканы оқу материалдарын жүйелі түрде орындайды, мазмұндайды. Мазмұндап айту тәжірибелі демонстрациямен, таблицалардың, диопозитивтердің, кинофильмдердің, модельдердің, физикалық қысқаша видеолардың жәрдемі арқылы иллюстрациялаумен, формулаларды қорытып шығарумен, қорытындыларды қысқаша жазумен, схема түрінде сурет салумен, есеп шығарумен қатар жүргізіледі. Физиканы оқыту үдерісінде мұғалімнің басшылығы білім алушылар тек тыңдап қарап отырмай өздері де әрекет жасап отыруын қамтамасыз ететін болу керек. Үздіксіз білім алушылардың белсеңділігін, олардың физиканы қызығып оқуын ояту керек.

Физика пәнін оқытуда қолданылатын мұндай стратегиялардың мысалына төмендегілерді келтіруге болады:

– зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру және қорытындылары мен нәтижелерін тәжірибе жүзінде растап отыруды алға тартатын логикалық ойлауды дамыту;

– өз бетінше жұмыс істеу біліктілігіне және жағдаяттар ағымына қарай бейімделуге, атап айтқанда, аса қиын проблемаларды шешуге, проблемаларды шешу үдерісінде пайда болған жаңа ақпараттарға жауап беруге және бейімделуге үйрету;

– теориялық модельдердің жұмысын түсінуді жақсарту үшін ойындар мен модельдерді қолдану;

– оқушылардың өз тәжірибелерін жобалауы мен жоспарлауы арқылы физикадағы мәселелерді зерттеу;

– физиканың қазіргі заманғы проблемалары туралы (әртүрлі дереккөздерден алынған) ақпаратты сұрыптау және білім алушылардың алынған ақпаратты синтездеу, бағалауы мен қорытындылауы;

– физикалық қондырғылар, құралдар мен радиотехника, электроника, приборлар мен аспап жасау сияқты бірқатар техникалық ғылым мен пән мәліметтерін пайдалану;

– физикалық құбылыстарын сипаттау, физикалық мағынасын меңгеру және алдын-ала болжау.

Білім алушылардың ғылыми логикалық ойлау және танымдық қабілеттерін дамыту – физика пәні мұғалімдерінің маңызды мақсаттарының бірі. Оқу үдерісі білім алушының ойлау дағдыларының дамуына ықпал етуі үшін талдау, салыстыру, сәйкестендіру, дербес, ортақ және ерекше белгілерін анықтай білу, абстракцияландыру, жалпылау, қорытынды жасау сияқты ойлау амалдарын қолдануды үйрету керек. Оқу үдерісінде білім алушылардың теориялық және практикалық ойлау дағдыларын қатар қалыптастырудың маңызы зор. Ғылыми ойлаудың негізгі сипаттары – зерттеу мақсатын анық белгілеу, ғылыми болжамдар жасау, зерттеу әдістемесін белгілеу, зерттеудің негізгі кезеңдерін анықтау, зерттеу жұмыстарын жасау, алынған нәтижелерді талдау және қорытындыларды тұжырымдау болып табылады. Бақылау, тәжірибе жасау, алған танымдық білімдерін жүйелеу және жалпылау, физикалық теория негізінде құбылыстарды

түсіндіру, шығармашылық таныту, теориялық ойлау сияқты қабілеттерін қалыптастыру білім алушылардың ғылыми ойлау дағдыларының дамуына ықпалын тигізеді.

Ығыстырушы күш және денелердің суда қалқу шарттарына тоқталсақ, әр түрлі денелерді суға батырып демонстрациялық тәжірибелер жасағанда, денелердің суда жүзуі және судың бетіне қалқып шығуы жөніндегі түсініктерге әдетте ерекше назар аударылмайды. Оқушылар өздерінің өмір тәжірибесінде кездесетініне қарамастан «жүзу» және «қалқып шығу» деген құбылыстарды ажырата білмейді. Әсіресе дененің кез келген тереңдікте жүзуі мүмкіндігіне ешқандай көңіл бөлмейді.

Оқушылар ұғымындағы қате немесе теріс түсініктерді төменгі сыныптардан бастап-ақ түзетуге, олардың ғылыми мәнін түсіндіруге әрекет жасау қажет. Сондықтан «жүзу», «бату», «қалқып шығу» түсініктерін әрбір тәжірибеде мұқият саралап отырған жөн.

Дене қандай жағдайда жүзеді, қандай жағдайда қалқиды? Бұл сұрақтарға тәжірибе арқылы жауап беруге болады. Өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы мынадай тәжірибелер көрсетуге болады: Үлкен шыны аквариум банкасына түбіне бір шикі картоп және алма қоямыз. Бұдан соң банканың қабырғасы бойымен ақырын сорғалатып су құямыз. Оқушылардың бар назарын бұл кезде картоп пен алмаға аударамыз. Банкада біраз су жинақтала бастаған кезде қозғалысқа келеді, тербеліп баяу жоғары көтеріліп, қалқуға айналады. Картоп бұрыңғы қалпында қозғалмай жата береді. Суды банканың орта беліне дейін құйып, алманың әртүрлі деңгейде жүзіп, ақыры су бетіне қалқып шығатынын, ал картоптың қалқып шықпағанын, онын жүзе алмайтынын көрсетеміз. Бұл тәжірибені керісінше бастап көрсетуге болады: Судан картопты және алманы алып, екеуін де судың бетіне ептеп бірден түсіреміз. Алманың су бетіне қалқып, қалқи беретіндігіне, ал картоптың су түбіне батып кететіндігне оқушылардың назар тағы да аударамыз. Алманы суға әдейі батырсаң да батпайтынын қайта қалқып су бетіне шығатыны атап өтеміз. Бұл тәжірибе «ығысушы күшті» меңгеруге оқушыларды дайындауға көмектеседі.

Денелердің сұйықтарда жүзу шарттарына келсек, ішіне батырылған денеге судың ығысу күшінің әсерін бақылау үшін сыныпта білім алушылар добын (пластмассадан жасалған болса, тіпті жақсы) пайдалану жақсы нәтиже береді.

Өзіндік жұмысын ұйымдастыруда мынадай тәжірибе жасауға мүмкіндік беруге болады: Допты таразыға тартып, салмағын анықтаймыз. Оның салмағын тақтаға жазып қоямыз. Аквариум ваннасына су құямыз да, допты сол суға қоя береміз. Доп су бетінде жүзіп жүреді. Мұндай допты суға батырып жіберуге болмайды. Оның қаншама су түбіне батырып, қоя берсек болғаны, доп сол сәтте су бетіне қалқып шығады. Су ішінде доп көлемінің болымсыз бөлігі ғана батады. Оны елемеуге немесе шүмекті стақанмен өлшеуге болады. Допты салғанда шүмектен төгілетін судың көлемі, допты суға батқан бөлігінің көлеміне тең болады. Екінші сөзбен айтқанда, ығыстырылған судың салмағы доптың ауадағы салмағына тең. Міне, доптын суда қалқуының себебі де осыдан. Судың допқа әсер ететін ығыстырушы күшінің шамасын анықтайық. Диаметрі бойынша доптың көлемін есептейміз (біздің добымыз 523 куб см), оны тақтаға жазып қоямыз.

Бұл тексерме тәжірибені оқушыларға үйде орындап келуге тапсыруға болады. Тәжірибе жасау үшін қажетті жабдықтар: 1) бөтелкенің аузын жабатын жұқа металл (фольга қақпақ) 2) $\frac{3}{4}$ бөлігіне су құйылған стақан 3) еленген ұсақ құм салынған сіріңке қорабы 4) құм салатын қалақша жасау үшін бір парақ қатты қағаз.

Өзіндік жұмысын ұйымдастыруда тәжірибені орындаудың тәртібі:

1. Жұқа металл қақпақты түзетіп, жиектерін кері қайырмай, суға қою керек. Соның суретін салып, металл қақпақтың суға батпайтын себебін түсіндіріңіздер.
2. Қақпаққа қағаз қалақшамен ептеп, құм салыңыздар. Соның суретін салып, қақпаққа жүк салынса да, оның суға батпайтын себебін түсіндіріңіздер.
3. Қақпақтың суға батқан бөлігі өзгерді ме.

Қақпақты судан алыңыздар. Ішіндегі құмды төгіп тастаңыздар. Қақпақты жұмарлап сығыңыздар да, стақандағы суға тастаңыздар. Соның суретін салып, жұмарланған қақпақтың суға батып кеткен себебін түсіндіңіздер. Дененің су бетіне қалқып жүруіне және оның суға батып кетуіне бұл тәжірибеде себеп болған нелер?

Осыдан, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері бойынша әр мұғалім мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді пайдалана отырып, алатын нәтижелерге қол жеткізеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Андреев В.И. Педагогика: Шығармашылық өзін-өзі дамыту үшін оқу курсы. 2-ші басылым. Казань: Инновациялық технологиялар центрі, 2000. -451бет

2. Perry, N.E., Vande Kamp, K.J., Mercer, L.K. & Nordby, C.J., (2002). Investigating Teacher-Student Interactions that Foster Self-Regulated Learning. [Өздігінен басқарылатын оқытудың дамуына ықпал ететін мұғалім-оқушы өзара іс-қимылдарын зерттеу]. Educational Psychologist, 37, 1, 5–15.

УДК 378.147:001.65

[1]Завалко Н.А.,
[1]д.п.н., профессор,
кафедра педагогического образования и менеджмента,
Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
Email автора: zavalko_na@mail.ru

[2]Ровнякова И.В.,
[2]к.п.н., доцент кафедры педагогического образования и менеджмента,
Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан
Email автора: ivr1906@mail.ru

[3]Сахариева С.Г.,
[3]к.п.н., доцент кафедры педагогического образования и менеджмента,
Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан
Email автора: sakhariyeva@mail.ru

[4]Радченко Н.Н.
[4]к.п.н., доцент кафедры педагогического образования и менеджмента,
Восточно-Казахстанский государственный университет имени С.Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск
Email автора: radchenkon76@inbox.ru

ВОЗМОЖНОСТИ САМОРАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ ПОДРОСТКА С ДЕВИАНТНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ В УСЛОВИЯХ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫХ ЦЕНТРОВ

Аннотация: в статье описывается разработанная авторами программа коррекционно-развивающих занятий для девиантных подростков в условиях специализированных центров; проанализированы полученные на основе проведенного исследования результаты.

Ключевые слова: подросток, саморазвитие личности, девиантное поведение, специализированный центр, программа саморазвития личности подростка с девиантным поведением.

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ОРТАЛЫҚТАР ЖАҒДАЙЫНДА ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа: мақалада мамандандырылған орталықтардағы девиантты жасөспірімдерге арналған түзету және дамыту сыныптарының авторлары жасаған бағдарлама сипатталған; зерттеу негізінде алынған нәтижелер талданады.

Түйінді сөздер: жасөспірім, тұлғаның өзін-өзі дамытуы, девиантты мінез-құлық, мамандандырылған орталық, девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімнің жеке басының өзін-өзі дамыту бағдарламасы.

POSSIBILITIES OF SELF-DEVELOPMENT OF THE PERSONALITY OF A TEENAGER WITH DEVIANT BEHAVIOR IN THE CONDITIONS OF SPECIALIZED CENTERS

Abstract: the article describes the program of correctional and developmental classes for deviant adolescents in specialized centers developed by the authors of the article; and also the results obtained on the basis of the study have been analyzed.

Keywords: teenager, self-development of personality, deviant behavior, specialized center, program of self-development of personality of a teenager with deviant behavior.

Введение.

Необходимость исследования проблем саморазвития личности, диктуется потребностями современного казахстанского общества и системы образования, в центре модернизаций которой стоит личность ребенка, его ценностно-мотивационные особенности и ориентации, определяющие

идеалы, цели, интересы и убеждения человека. Усиление внимания к проблеме девиантного поведения подростков, как психолого-педагогическому явлению, делает проблему саморазвития у трудных подростков особенно актуальной.

Анализ научной психолого-педагогической литературы (Б.А. Абдыкаримов [1], Ж.Б.Байсеитова [1], С. Бекмамбетова, В.В. Зарубаева, А. Садыкова, З.М. Садвакасова, Л.С. Сулейменова, В. Глассер, Ю.А. Клейберг, В.Т. Кондрашенко, А.С. Оспанов, О.В. Лишин, А.Н. Тесленко [2], Паркер, А.Г. Петрынин, А.М. Печенюк, М. Кузубова, Н. Стивен, В.Г. Степанов, Д.И. Фельдштейн и др.) позволяет отметить, что особенности девиантного поведения тесно связаны с формированием искаженной системы саморазвития. Внутренние регуляторы личности подростка, такие как ценности, смысловая сфера жизнедеятельности, потребности имеют тенденцию порочного гедонизма, индивидуализма, наживы и негативных пристрастий, а способность к саморазвитию развита слабо.

Профилактикой девиаций подростков в Казахстане занимаются различные образовательные учреждения, в том числе специальные школы и центры для детей и подростков с девиантным поведением. Предполагается, что по окончании такой школы подросток должен быть готов к самостоятельной жизни в соответствии с социальными и правовыми нормами. Поэтому одной из главных задач специального учреждения является оказание помощи подростку в самоопределении, саморазвитии и самоактуализации, в результате которого он сможет адаптироваться к жизни в современном обществе в соответствии с социальными нормами.

Проблемы воспитания подростков в специальных образовательных центрах и учреждениях для детей и подростков с девиантным поведением изучали Н.П. Анисимова, Н.П. Артемьева С.А. Ветошкин, С.Н. Дубинин, М.А. Ковальчук, И.В. Кузнецова, Н.В. Маметьева, М.И. Рожков, Н.Г. Рукавишникова, Н.П. Фетискин, А.П. Чернявская и другие исследователи. Однако вопросам саморазвития личности подростка с девиантным поведением в специальных учреждениях уделено недостаточное внимание, что обусловило актуальность нашего исследования.

Основная часть статьи.

Под девиантным поведением (лат. deviatio - отклонение) понимают систему поступков или отдельные поступки, противоречащие принятым в обществе нормам и проявляющиеся в виде несбалансированных психических процессов, в нарушении процессов самоактуализации и в уклонении от морального и этического контроля личности над собственным поведением [3].

На основе анализа психолого-педагогической литературы по проблемам саморазвития личности [4;5], девиантных подростков нами была определена сущностная характеристика понятия «саморазвитие личности девиантных подростков», как личностное образование, реализующееся в процессе ее собственной активности в процессе самосознания, саморефлексии и деятельности, в ходе которых достигается качественно новое состояние личности девиантного подростка как субъекта собственной деятельности, индивидуализации и социализации.

Специализированный центр по работе с девиантными подростками, определяется нами как учреждение, ориентированное на оказание социально-педагогической, социально-психологической и социально-реабилитационной помощи несовершеннолетним на основе использования социальных, психологически и педагогических технологий, методов и форм работы. В процессе накопления педагогических знаний по проблемам деятельности специализированных центров мы выделили особенности работы таких учреждений: включение витагенного опыта подростка в коррекционную программу; индивидуализация и дифференциация проводимой с подростком коррекционной работы; проведение комплексной медико-психолого-педагогической диагностики; взаимодействие Центра со школой и семьей; использование разнообразных технологий в коррекционной работе с подростком; организация специальной среды.

В связи с тем, что объектом нашего исследования является коррекционно-развивающий процесс в специализированных учреждениях и центрах для девиатных подростков, а предметом выступают педагогические особенности саморазвития личности подростка, в качестве испытуемых были взяты подростки с девиатным поведением, находящиеся в центре адаптации для несовершеннолетних и Центре поддержки семьи и детства Акимата г. Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанской области, всего в процессе экспериментальной работы приняли участие 106 человек.

Так как информационно - диагностический этап предусматривал выявление социально-психологических факторов, обусловливающих возникновение девиантных форм поведения у подростков. Для проведения индивидуально-психологической диагностики подростков,

показателей саморазвития личности нами были подобраны определенные методики диагностирования: по критериям самоопределение, самоактуализация, самоутверждение - методика «Реализации потребностей в саморазвитии», «Самоактуализации личности» А.В. Лазукина; самообразование, самовоспитание, самосовершенствование - Диагностика потребности в самосовершенствовании, авторская анкета; самопрогнозирование, саморегуляция, самопринятие - «Оценка стремления к саморазвитию», Диагностика эмпатических способностей В.В. Бойко.

Полученные нами данные свидетельствуют о тенденции девиантных подростков откладывать свою жизнь на «потом», о преобладании ретроспективной ориентации подростков, повышенном уровне мнительности и неуверенности. Также можно говорить о предпочтении гедонистических ценностей и желании манипулировать людьми в своих интересах, плохо осознаваемой позитивной «Я» - концепции, сниженным уровнем предрасположенности к взаимно полезным и приятным контактам с другими людьми, а также показателей стремления к творчеству и креативности.

На личностно-развивающем этапе нами была разработана программа коррекционно-развивающих занятий для девиатных подростков, целью которой является психолого-педагогическое сопровождение саморазвития личности девиатного подростка. Из поставленной цели вытекают основные задачи: развитие у девиатных подростков позитивных установок; осознание собственных потенциальных возможностей личности; развитие умений отстаивать свое мнение, определять цели в жизни, понимать конкретные задачи, сознательно управлять процессом собственного саморазвития; владение способами внутреннего самоконтроля и самооценки; владение навыками самообучения и самовоспитания; развитие подростка в эмоциональном, мотивационном, поведенческом плане на основе создания оптимальных психологических условий для развития творческого потенциала личности подростка; формирование и развитие навыков самоанализа, самоконтроля, самовыражения, саморегуляции; обретение подростком положительных ценностных ориентиров и личностных смыслов жизни.

Программа состоит из 18 занятий, продолжительность каждого занятия -1 час. Программа включает несколько основных блоков: «Я и мое жизненное кредо»; «Я и другие»; «Самосовершенствование и саморазвитие»; «Я и мой жизненный выбор».

Первый блок «Я и мое жизненное кредо» направлен на развитие позитивной «Я» концепции и развитие представлений о подростке во времени Я – прошлое, Я – настоящее, Я - будущее. Темы данного блока направлены на создание внутренних критериев самооценки, базирующихся на реальных и потенциальных возможностях подростка. Содержание тем отражает особенности данного возраста и направлено на формирование чувства взрослости, самостоятельности и собственного достоинства. Особое внимание акцентируется на проблемах подростка и возможных способах их разрешения.

Второй блок «Я и другие» направлен на развитие навыков группового общения, представлений о товарищеской взаимовыручке и солидарности. Особое внимание в этом блоке уделено техникам продуктивного общения, а также предоставлении возможности подростку понять, что значит быть взрослым.

Третий блок «Самосовершенствование и саморазвитие» ориентирован на развитие эмоционально-волевой сферы, на формирование позитивных установок, смыслов, перспектив. Основное внимание уделяется техникам снятия напряжения, релаксации, регуляции и др.

Четвертый блок «Я и мой жизненный выбор» направлен на формирование профессионального самоопределения подростка. Все темы данного блока ориентированы на создание системы жизненных и профессиональных ориентиров девиатного подростка.

В процессе организации коррекционно-развивающих занятий групповая коррекционная работа дополняется индивидуальными консультациями по запросу подростка. Такие встречи помогают преодолеть девиантному подростку внутриличностные конфликты. Психолого-педагогическое сопровождение девиантного подростка в процессе его саморазвития способствует формированию умений и навыков саморазвития, самосовершенствования и самоактуализации.

Каждое занятие состоит из четырех частей: начало, разогрев, основной этап, рефлексивный круг. На начальном этапе создается атмосфера занятия. Каждый участник имеет возможность поделиться теми чувствами и настроениями, с которыми он пришел на занятие, воспоминаниями и размышлениями, оставшимися от прошлых занятий. Это помогает принять свои чувства и включиться в новую работу. На этом же этапе ведущий может использовать различные ритуалы начала занятия.

Стадия разогрева включает в себя упражнения-энергизаторы, которые поднимают настроение и энергетику в группе, способствуют сплочению, объединению подростков, включению их в совместную деятельность. На этой стадии ведущий также предлагает упражнения, мотивирующие проживание, изучение темы занятия.

- Бейвербалды қарым-қатынасты адамдар бетпе-бет сөйлесуге мүмкіндік болмағанда қолданады. Бұл кезде жест, мимика, көз арқылы байланысқа түседі.
- Бұқаралық немесе электронды қарым-қатынас. Бұл қарым-қатынас кезінде біз өзге адамдармен интернет, электронды пошта, бейнебайланыс, ұялы телефон арқылы байланысамыз. Кез-келген ұйымда біз электронды поштаны өз клиенттерімізге қызмет көрсету мақсатында пайдаланамыз. Электронды қарым-қатынастың ерекшелігі: өзге адамдармен байланысқа түскен кезде біздің жіберген хабарламаларымыз сақталып қалады. Сонымен қатар өте алыс қашықтықтағы адаммен хабар алмаса аламыз.

Қарым-қатынас кезінде белгілі бір деңгейде кедергілер де жиі ұшырасып отырады. Олар:

- Мәдени кедергі. Бұл екі адам екі түрлі дін өкілі, екі түрлі мәдениет өкілі болып, олардың діни мәдениеті өзара сәйкеспеген жағдайда пайда болады;
- Тілдік кедергі. Бұл – қарым-қатынас кезіндегі басты кедергі. Өйткені біз тіл арқылы өз ойымызды білдіріп, өзге халықтармен қарым-қатынасқа түсеміз. Әлемде мыңдаған тіл бар. Тілдердің көп болуы да қарым-қатынасты күрделендіре түседі. Тілдік кедергіні жою үшін біз әлемдегі көпшілік қолданатын, ортақ тілдерді қолдануымыз қажет.
- Перцептивті кедергі. Тұлғааралық қарым-қатынастағы негізгі рөл перцепцияға беріледі.

Психологияда тұлғалардың өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы перцепция деп аталады. Әр адам өзін тұлғааралық перцепция механизмдері арқылы басқа адамдардың көмегімен ғана біле алады. [3, 164]

Перцепция арқылы қарым-қатынасқа түсуші тараптар өзін тұлғалық жағынан, өзге адам арқылы біле алады. Бұл кедергі екі адамның бір мәселе төңірегіндегі ойының әртүрлілігіне байланысты туындайды. Әр адамның қабылдауы әртүрлі, сондықтан бір-бірін түсінуде белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін.

- Физикалық кедергі. Қызметкерлердің белгілі бір жұмысты орындау кезіндегі жұмыс күшінің тең болмауы. Бұл орайда жұмыс беруші өз қызметкерлерін бірыңғай физикалық дайындықтан өткізуі керек.

Қарым-қатынастың жетіспеушілігінің салдары:

1. Жақсы қарым-қатынас болмаса, сіз өз ұйымыңыздағы, ұжымыңыздағы қызметкерге мотивация бере алмайсыз;
2. Жақсы қарым-қатынас орната алмаған жағдайда кез-келген мәселе төңірегінде дау-дамайлар пайда болуы мүмкін;
3. Өз-өзіне деген сенімділік төмендеп, бұл қарым-қатынастың нашарлауына әкелуі мүмкін.

Қарым-қатынас пен психолингвистика

Демек, қарым-қатынасқа түсу ол – қажеттіліктен туындайтын әрекет. Адамдардың өзара қарым-қатынасы қоғамдық еңбек нәтижесінде, ойлау әрекетімен қатар пайда болған сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты. Қарым-қатынасқа түсу үшін сөйлеу керек, сонымен бірге ойлау процесі сөйлеумен қатар жүреді және оларды бір-бірінен бөліп-жара алмаймыз.

Негізінен сөйлеу және ойлау әрекеттері лингвистиканың да, психологияның да зерттеу объектілері болып табылады. Өйткені тіл арқылы сөйлесу бұл күрделі психологиялық үрдіс болып табылады.

Психология ғылымы тіл білімімен ерекшеленіп, оның түрлі жағдайда қолданылуы мен атқаратын қызметін, адамның мінез-құлық бағытын белгілейді. Соңғы 30-35 жыл ішінде тіл білімі мен психологияның түйісуінен психолингвистика (тіл психологиясы) деп аталатын ғылым саласы пайда болды. [4, 179]

Сөйлеу әрекеті психология ғылымының күрделі мәселелерінің бірі болып есептеледі. Өйткені ол өз кезегінде нейропсихологиямен де, психолингвистикамен де зерттеледі. Яғни бұл мәселеге бір бағытта ғана қарай алмаймыз. Қарым-қатынастың негізі болып табылатын сөйлеу әрекетін сананың және тілдің көмегімен жүзеге асатын күрделі үрдіс ретінде және оның атқаратын қызметіне қарай түрлі бағытта қарастырамыз. Сөйлеудің негізгі үш түрлі қызметі бар: коммуникативтік, экспрессивтік және сигнификативтік.

Коммуникативтік қызмет адамдардың сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсу сипатын білдіреді.

Сигнификативтік қызметте адамдардың таңба, белгілер арқылы ақпарат алуын қарастырамыз.

Экспрессивтік қызмет деп сөздің адам психикасына, сана-сезімі мен эмоциясына әсер етуін айтамыз. Сөйлеген сөз, айтылған ой – адам психикасына күшті әсер ететін тітіркендіргіш. [4, 180]

Қарым-қатынаста маңызды рөлді коммуникативтік бейімделу атқарады. Бұл – сөйлеу әрекетіне қатысушылардың тілдік қарым-қатынас барысында икемді болу және коммуникация барысында үйреншікті түсініктерді қайта қарауға дайын болу қабілеті. Басқаша айтқанда, коммуникативтік бейімделу барысында сөйлеу әрекетіне қатысушылардың қарым-қатынас барысында туындап, өзгеріп отыратын жағдаяттарға икемді әрекет етуі және сол арқылы өзінің сөйлеу мінез-құлқын түзетуге қабілетті болуы.

Қарым-қатынастың бір бөлігі болып табылатын және сөйлеу әрекеті кезінде тасымалданатын негізгі ұғым ақпарат болып табылады. Ақпараттың маңызды шарты оның мазмұндылығы болып табылады. [5, 34]. Мазмұндылықтың негізгі параметрі ауызша коммуникацияға қатысушылар үшін ақпараттың құндылығы немесе маңыздылығы болып табылады. Тағы да маңызды параметр – бұл ақпараттың шынайылығы. Мазмұндылықтың келесі маңызды параметрлері ретінде оның логика талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ ойды жеткізудің анықтығы мен тілдік рәсімделуінің дәлдігін айту қажет.

Екі тарап та мүдделі қарым-қатынас барысында адресат пен адресанттың рөлі белсенді түрде ауысады. Адресанттан алған ақпаратын адресат толықтай ойланып, өзінде бұрыннан бар ақпаратпен салыстыра отырып, оған өз жауабын ойластырылған түрде береді.

Осы тұста адресат пен адресант арасындағы сұрақ-жауаптың қалай қабылданатыны, бір сөзбен айтқанда рефлексиясы өте маңызды екенін айта кеткеніміз жөн.

Бірақ қарым-қатынастың кейде жанжалды формаға ауысатынын ескергеніміз жөн. Бұл жағдайда сөйлеу актісінің шиеленіс жағдайының схемалық Имитациялық сатысы келесідей болуы мүмкін:

- жауапты болжау;
- ақпаратты талап ету;
- ақпарат алу [6]

Ал ақпараттың дәлдігі мен тиімділігі және оның қарым-қатынасқа әсері филолог мамандардың бірден-бір зерттеу объектісі болып есептеледі. Осылайша, сөйлеу әрекетінің лингвокогнитивті механизмдерін қарастыра отырып, біз қарым-қатынасты тиімді құру жолдары мәселесін одан әрі зерттеудің маңыздылығы туралы қорытындыға келеміз. Өйткені ыңғайлы психологиялық қарым-қатынас жасай білу сөйлеу әрекетінің маңызды шарты болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Богомолова М.Н. Роль коммуникации в современном гражданском обществе // Гуманитарные научные исследования. 2012. № 9 [Электронды дереккөз]. URL: http://human.snauka.ru/2012/09/1654
2. Сейталиев Қ.Жалпы психология: Оқу құралы.-Алматы: «Білім», 2007.-360 бет.
3. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012 – 492 бет.
4. Намазбаева Ж.И.ПСИХОЛОГИЯ: Оқулық.-Алматы: Print-S, 2005.- 296 б.
5. Попова Т.Г. Language Conceptualization // The Seventh Annual Conference of the Global Communication Association (GCA). - Ottawa, Canada, 2013. - Pp. 34-43.
6. Князева Е.Г. Синтез смыслов // Структурная метафизика языка и феноменология речевого дискурса: критерий системных интерпретаций: Материалы IX Международной научной конференции по актуальным проблемам теории языка и коммуникации (26 июня 2016 года). - М.: ИД «Международные отношения», 2015. - С. 59-65.

NYSHANOVA S.T.
Candidate of pedagogical sciences, associate professor
Khoja Akhmet Yasawi International Kazakh-Turkish University

AKHMEDOVA D.B.
Master student
Khoja Akhmet Yasawi International Kazakh-Turkish University

WAYS OF USING INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING FOREIGN LANGUAGE FOR DEVELOPING LINGUO-CULTURAL COMPETENCE

Түйін. Қазақстан Республикасындағы қазіргі кездегі білім беруді жағдайында жоғары білікті мамандарды даярлау, олардың коммуникативтік, лингво - мәдениеттік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың өзектілігі жоғары және ауқымды жедел зерттеуді қажет ететін бағыты болып табылады. Зерттеудің өзектілігі болашақ маманның кәсіби-сауатты тұлғасын қалыптастыру қажеттілігімен; болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың тұтас жүйесін құрудың; болашақ маманның коммуникативтік, лингво - мәдениеттік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың; оқыту формалары мен әдістерін жетілдірудің қажеттілігімен анықталады.

Кілт сөздері: модернизациялау; лингво - мәдениеттік және кәсіби құзыреттілік; білікті маман; оқыту формалары мен әдістері.

Резюме. В современных условиях модернизации профессионального образования формирование и развитие коммуникативной, лингвокультурной и профессиональной компетенции приобретает особую актуальность и является предметом интенсивных научных исследований. Актуальность исследования определяется потребностью на подготовку профессионального специалиста; необходимостью создания системы профессиональной подготовки будущих специалистов; потребностью формирования лингвокультурной компетенции будущего специалиста, совершенствования форм, методов и средств обучения с применением информационных технологий в процессе обучения английскому языку.

Ключевые слова: модернизация; лингвокультурная и профессиональная компетенция; профессиональный специалист; формы, методы и средства обучения.

Summary. In the modern conditions of modernization of educational system the training of highly skilled specialists and formation of their communicative, lingua-cultural and professional competence gets a special urgency and is a subject of intensive scientific researches. The successful decision of this problem is impossible without cardinal revision of traditionally developed system of professional training, deep reorganization of teaching and educational process, without the analysis of all factors providing its quality.

Keywords: modernization; lingua-cultural and professional competence; highly skilled specialist, forms and methods of teaching.

As we see, many researchers represent the structure and the content of linguo-cultural competence differently, isolating language, speech, linguistic, cultural, pragmatic, sociolinguistic, discursive, cultural studies, etc.

Therefore, linguo-cultural competence can be understood as an integrated personal characteristic of specialist including knowledge, abilities and personal qualities ensuring successful performance of his professional activity.

We consider linguo-cultural competence as a system of inner resources (social installations; knowledge in the area of culture, group, abilities and skills of interpersonal communication, a communication position), necessary for construction and regulation of effective action and providing adaptation in a certain circle of interpersonal interaction culture in particular situations.

The value of linguo-cultural aspect in the TFL is indisputable since communicative and speech errors, as well as errors of socio-cultural nature are all the result of ignorance of national and cultural peculiarities of foreign language.

The relevance of this approach lies in the fact that creation of a linguo-cultural competence means not only a general knowledge of foreign language and culture or just teacher's intention to lead students to master an exemplary learning speech, but also to develop foreign language skills in order to communicate on the cross-cultural level and ability of adequate interaction with representatives of other culture.

Cultural competence includes the following: a) understanding individual’s own cultural worldview b) relations between cultural differences c) individual’s cultural notion [1].

The spectrum of opinions on the issue has revealed that linguo-cultural competence is a set of special skills necessary to operate in practice a system of knowledge about culture, embodied in a given national language. In other words, a student has to develop an ability to recognize and to adequately perceive and correlate a semantic content of a language sign with associative and imaginative motivation of choice of a word through the prism of values and attitudes of his proper national culture.

Recently, modern methodology science, when refines linguistic foundations of the TFL, first of all considers cognitive and pragmatic and linguo-conceptual approaches. Linguo-cultural competence is examined not only from the perspective of linguistic cultural studies, but also in the focus of linguo-cognitive coordinate system. In the process of training of students, teaching techniques of linguo-cultural competence creation are based on a cognitive activity aimed at developing by student of a system of concepts; and on such a pragmatic component as a professional status of a student. Thus, language becomes a sort of cognitive process, and competence is a capacity to generate acts of consciousness. At the same time linguo-cultural competence is directly related to the study of professional language as an integral part of a professional competence. Linguo-cultural competence development of students should be realized in organic connection of professional education with foreign language knowledge development within the core course studying [2].

As any professional group has its own conceptual picture of the world, so the learning process effectiveness to a greater degree will depend on a systematic development of a sphere of concepts, which is relevant for this group and determined by their future profession. Sphere of concepts is a structured knowledge, an information base of mental images, consisting of universal object code units. The semantic language space as a part of the sphere of concepts is verbalized in the system of linguistic signs: words, phrase combinations, syntactic structures. It is formed by the linguistic units' meanings. A concept conceived as a unit of the sphere of concepts reflects peculiarities of thinking, worldview and culture of people. Any person can be "a concepts bearer", as he or she has its own cultural experience and cultural identity. Thus, individual verbal activity is determined by the language sphere of concepts and national sphere of concepts.

Linguo-conceptual approach in TFL offers a vision that focuses on the concept and the sphere of concepts taken as linguo-didactic units. The process of learning foreign language involves not only traditional study of phonetics, grammar, vocabulary, but also a foreing culture language mastering through its national concepts. Linguistic consciousness of foreign students is as it were immersed in the sphere of concepts of foreign language. This allows them to acquire an integral ethno-cultural knowledge of foreign culture and language. So, already existing, but segmentary linguo-culturological views transform into a cognitive integrity. There is an interaction of different cultures through the spheres of concepts of foreign culture and the culture of student, due to which he understands that the language and culture he learns do not exist in isolation from his native language and culture, but, conversely, are projected on them [3].

Representatives of different professions categorize and verbalize same object in their own way. Therefore, it is necessary to build a linguo-cultural competence of foreign audience with concepts that meet its pragmatic needs. Those concepts should compose a cognitive base of this given profession. Thus, the learning process needs to be professionally oriented and should promote professionally meaningful types of thinking of students.

Development of linguo-cultural competence is based on the texts of different types and genres that present and record a linguo-cultural information. Texts should include the notions correlating with the basic concepts, which are relevant for international students. They should be filled with specific content, so that to model a situation, to correct the shades of a meaning of a word and to realize axiological cultural information. Since structure of the cultural concept includes notional and figurative elements, the text serves not only for a key notions semantization, but also for creation of a particular image in the mind of a student [4].

Professionally-oriented sphere of concepts is built gradually, within three main stages of teaching foreign language for foreign students. The initial stage of training involves understanding of basic terms and notions of English language and culture, which are neutral towards a professional language. At this stage, there is a simultaneous development of the terminology knowledge; lexical and grammatical competencies and speech skills. Students observe a parallel between these terms and everyday realities and realize a reflection of the naive world view in the mentality of native speakers [5].

During the main stage of training teacher extends the sphere of concepts by introducing a special terminology, which corresponds to a professionally-oriented conceptual view of the world. Linguo-

cultural competence is based on texts of different types and genres, in which there a complete image of a specialist or a profession is created.

At the final stage, a teacher introduces the cultural realities and shows how semantic boundaries of words are expanded with a help of a new cultural knowledge with national connotations.

Linguo-cultural competence development through the concepts of foreign culture involves an appeal to synonyms, antonyms, paronyms, phraseological units. This contributes to the more efficient evolution of vocabulary and stylistic skills and deeper understanding of the text by students. The system of images fixed in the lexical fund of English language recreates in its semantics a long process of people's culture development; it captures the cultural attitudes and stereotypes, models and archetypes, and accumulates the national world view, cultural and national experience and traditions [6].

Reading, one of the types of receptive speech activities, has a particular importance for the formation of linguo-cultural competence during the main and final stages of training. The text as a source of a linguo-cultural knowledge, and the reading, in the process of which the language proficiency is progressing, - are two core scientific and practical elements in the modern methodology of FL teaching.

The work with texts is aimed at linguo-cultural competence development and building English sphere of concepts knowledge of foreign trainees. This sphere of concepts is fixed in the culturally significative texts.Thus, choosing texts for the reading, a teacher is focused on their linguo-culturological value, relevance, learning difficulty degree and presentation graduality.

Linguo - cultural competence is a kind of competence, including knowledge of different cultures and norms of interaction with its representatives, effective verbal communication skills, and intercultural communicative skills necessary for the implementation of speech activity.

Cultural awareness is a condition of successful language learning and the means of cognition of their "own" culture which reduce the distance in intercultural communication. Linguo - cultural competence as the integrative quality of the person, including the knowledge and skills related to the selection, assimilation, processing, transformation and practical use of information the experience of cross-cultural communication and personal qualities is necessary for its successful implementation in other culture. In this regard, one of the most important trends in educational development is the use of a competent approach as an application of related skills in practice of communication, cultural and social competencies [7].

The appearance of Internet gave powerful impetus for study and use in educational process of didactic potential of new information-communication technologies. Information-communication technologies are the technologies organized on the basis of as computer equipment, so modern means of communication (e-mail, forums, chats, TV and video conferences, etc.). University's internet resources include: multiplexed information about institute of higher education, organization department, contacts of heads of organization departments; part of international cooperation, internal and external academic mobility, educational programs, scientific and international activities; statistical and analytical data; statutory acts from education; links to educational portals, e-library, distance learning portal (for organizations possessing distance learning license), official websites, websites of partner organizations; contacts; blog of head of high schol; news line; graphics of scientific cnferences, seminars, official visits and other gatherings; part of the quality management system in education. The integration of Internet resources to language education plays significant methodological, education and valuable potential providing not only intensification of education process, growth of cognitive motivation, formation of communicative competence of learners, but also development of value relationship of personality of future specialist. Primary digital resources employed in teaching foreign languages are presentations, text-based editors, tests, tutorials on CD-ROM, e-textbooks, educational Internet resources. The network resources are valueless base for creation of information-subject environment, education ans self-education of people, satisfaction of their personal and professional needs. Educational Internet resources should fabour the formation and development: - foreign communicative competence including all its components i.e. linguistic, sociocultural, educational etc.; - communicative and cognitive skills to carry out seach and selection, conduct the generalization, classification, analysis and synthesis of information obtained; - communicative skills to represent and discuss the results of work of Internet resources; - ability to use Internet resources for getting acquainted with historic heritage of various countires and nations; - ability to use resources to get satisfaction of information and educational interests and needs. Studying didactic potential of Internet communications, some scholars put into operation the concept of "pedagogic computer-mediated communication" which implies "developing applied pedagogic scientific direction where the use of education process of soft copy for formation of knowledge and mutual understanding in education information-communicative environment in an appropriate context, information and

communicative culture by the participants are researched". The competence which is a primary competence in all professional spheres of salf-determination and self-perfection of future specialits including future ecologists in the framework of expansion and complication of communicationinformation environment, all-out computerization, widely use of Internet and virtualization of communication is admitted communication competence. Competent use of telecommunication resources allows to carry out essentially new approach to formation of communicative competence which gives opportunity to future ecologists in further professional activity to make an emphasis on various aspects of activity of the person and on state and preservation of the environment, to exchange opinions, ideas and information with the participants of joint projects freely etc. As it is known, the main services of the Internet have a number of didactic properties and functions which allow to solve numerous didactic tasks. Researchers attribute dataware of education process, interactiveness of education process, multimedia support, control and assessment of informative activity of learners to the main didactic functions of Internet. Didactic functions of Internet in the general look can be defined as following: use of information materials of a network for creation of a problem situation at a lesson, search of necessary information for performance of project and research works, the organization and conducting the international telecommunication projects, Olympiads and quizes, carrying out various discussions; independent informative activity of learners; organization of distance learning; carrying out various testing; organization of methodical gatherings of teachers etc.

REFERENCES:

1. Canale M. "On some theoretical frameworks for language proficiency". In H. Byrnes & M. Canale, *Defining and developing proficiency: Guidelines, implementation, and concepts.* Lincolnwood, IL: National Textbook Company, 1986. - p.28-40.
2. Widdowson H.G. English for specific purposes: Criteria for course design. In L. Selinker, E. Tarone, & V. Hanzeli, *English for academic and technical purposes.* Rowley: Newbury House, 1981. - p.116.
3. Brumfit S. Johnson K. The Communicative Approach to Language Teaching. – Oxford, 1981. - p.234.
4. Kokkota V.A. Lingvodidactic testing - M.: Higher school, 1986. - p.127.
5. Milrud R.P. Content and ways of realization of developing aspects of training of foreign languages, 1990. - p.8-13.
6. Larsen-Freeman D. "Teaching Grammar". In M. Celce-Murcia (ed.), *Teaching English as a Second or Foreign Language.* Boston: Heinle & Heinle Publishers, 1999. - p.277-296.
7. Sukhanov A. Concept of fundamentalism of higher education and its reflection in GOSO June 4, 2002. - p.158.

ӘОЖ 81-13.512.122

Ныгметова Н.Т.,
ф.ғ.к., аға оқытушы,
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы,
e-mail: nurgul_tursynovna@mail.ru

Хамзина К.М.,
ф.ғ.к., доцент,
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы,
e-mail: jako199473@mail.ru

Сагатова Г.К.,
п.ғ.м., аға оқытушы,
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы,
e-mail: gulja_s@mail.ru

Оспангалиева М.Т.
п.ғ.м., аға оқытушы,
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы,
e-mail: omendikul @mail.ru

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН МАМАНДЫҚҚА БАҒДАРЛАП ОҚЫТУ

Мақалада техникалық жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілін мамандыққа бағдарлап оқытудың мәселелері мен ерекшеліктері туралы қарастырылған. Бүгінгі таңдағы мемлекеттік тіл саясаты қазақ тілін дамытуға, оның жүзден астам этносты біріктіруші ролін күшейтуге бағытталған. Ендігі міндет – қазақ тілін барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде қазақ тілі пәнін студенттердің болашақ мамандығымен тығыз байланыстыра оқыту студенттердің білімі мен біліктілігін арттырады, болашақ мамандар тілдік норма мен сөйлеу мәдениеті, мұндағы стильдік ерекшеліктерді білетін болады. Өз саласына байланысты мәтіндер болғандықтан студенттер кәсіби мәтіндермен жұмыс істеуде белсенділік танытады, кәсіби терминдерді жақсы қабылдайды. Кәсіби мәтін мазмұнды, өз мамандығы жайлы ақпаратқа толы болғаны дұрыс. Студенттердің мамандыққа қатысты тілді жеткілікті дәрежеде меңгеруі үшін тілдің коммуникативті қызметіне жете көңіл бөлу керек.

Кілт сөздер: мемлекеттік тіл, тіл саясаты, кәсіби қазақ тілі, кәсіби мәтін, кәсіби термин, сөздік қор, сөздік жұмысы, мамандыққа қатысты лексика, тәрбие мен білім.

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА ПО СПЕЦИАЛЬНОСТЯМ

В статье рассматриваются актуальные вопросы обучения и особенности профессионального казахского языка в технических вузах по специальностям. Государственная языковая политика направлена на развитие казахского языка и на усиление объединяющей роли между этносами. Следующая задача – развитие казахского языка и активно использовать во всех сферах. В русскоязычных аудиториях высшего учебного заведения обучение казахского языка тесно связано с будущей специальностью студента, расширяет кругозор и повышают знания, будущие специалисты улучшают культуру речи, языковые нормы, и стилевые особенности языка. Применяемые тексты связаны в основном со специальностью, вследствие этого студенты проявляют большой интерес и активность в работе с профессиональными текстами, и легче воспринимая технические термины. Профессиональный текст должен быть содержательным, полным информации по специальности. Необходимо уделять значительное внимание коммуникативной роли языка, в целях совершенного овладения им.

Ключевые слова: государственный язык, языковая политика, профессиональный казахский язык, профессиональный текст, профессиональный термин, лексика, словарный запас, словарный запас, образование и воспитание.

PECULIARITIES OF PROFESSIONAL KAZAKH LANGUAGE TRAINING ON SPECIALITIES

This article is devoted to the actual problems of training and peculiarities of professional Kazakh language teaching in technical higher schools on specialties. State language policy is directed to the development of Kazakh language and for strengthening of its united role between people. Next task is development of the Kazakh language and its active use in all spheres. Kazakh language for Russian speaking people is tightly connected with future students' specialty, enlarges outlook, improve knowledges. Future specialists improve speech culture, language norms and style pecularities of language. Texts on specialties attracts students' attention and activity, easily learn technical terms. Professional text should be pull of information on speciality. It is necessary to pay considerable attention to the communicative language role with the aim of fully mastering theme.

Keywords: state language, language policy, professional Kazakh language, professional text, professional term, vocabulary, vocabulary, vocabulary, education and education.

КІРІСПЕ

Ұлттық құндылықтарымызды қайта қалыптастыру, жандандыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру – тіл саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала бермек. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев биылғы Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» деп қазақ тілінің мәртебесін қадап айтты [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Елімізде оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік құру тіл саясатын кезең-кезеңмен іске асыру арқылы жолға қойылған.

Елбасының 2020 жылға қарай Қазақстан халқының кем дегенде 95 пайызы мемлекеттік тілді білетіндерден құралуы тиіс деуі – негізгі мәселелердің бірі. Осы тапсырманы орындау үшін Үкімет «2011-2020 жылдарға арналған «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» аясында нақты шараларды қолға алды. Бағдарламаның мақсаты – ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін орасан көп жұмыс атқарылып жатыр. Елімізде қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шаралар өз жалғасын тауып жүзеге асырылуда. Ендігі міндет – қазақ тілін барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында «Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте **ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге** бағдар ұстауы керек» делінген [2].

Қазіргі қоғам талабына сәйкес жоғары білім беру жүйесінде студенттерді кәсіби бағытта бағдарлап оқыту негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Алдағы онжылдықтағы елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне ... мемлекеттік тілді белсенді қолдану аясының кеңеюіне, оны заңның, ғылымның және жаңа технологиялардың тілі ретінде таныту сияқты мәселелердің маңызды тізбесі проблемалы болып табылады. Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік болуға тиіс» деп атап көрсетілген [3].

Жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде қазақ тілін кәсіби бағытта оқытып үйретудің кәсіби бағдарлы қатысымдық жағын күшейту талабы туындап отыр. Бұл талапты жүзеге асыру үшін тілді үйретудің тиімді әдістері мен амалдарын тауып қолдану қажет. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде мамандықтары бойынша кредиттік технологияға негізделген студенттердің оқу әрекетінің белсенділігін арттыру және танымдық әрекетке ден қоятын әдістерге баса назар аудару – негізгі әдістемелік мәселелердің бірі. Кәсіби қазақ тілін оқыту мәселесіне қатысты тиімді тәжірибелерге сүйене отырып, студенттерге кәсіби қазақ тілді кредиттік технология арқылы меңгерту – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Кәсіби қазақ тілін меңгерту барысында студенттердің сөйлеу әрекетімен бірге, қатысымды-ақпаратты, қатысымды-когнитивті тұрғыда да қалыптасуларына назар аударылады. Студенттердің мамандыққа қатысты тілді жеткілікті дәрежеде меңгеруі үшін тілдің коммуникативті қызметіне жете көңіл бөлу керек. Ең бастысы, студенттердің мамандығына қатысты лексикалық тақырыптардың мазмұны мен көлемін анықтап алу қажет. Студенттерді

мамандықтарына бағыттап оқыту – олардың қазақ тілін сауатты білулерін, өз ойларын әдеби нормада түсінікті айта білулерін мақсат етеді.

Жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінде қазақ тілі пәнін студенттердің болашақ мамандығымен тығыз байланыстыра оқыту студенттердің білімі мен біліктілігін арттырады, болашақ мамандар тілдік норма мен сөйлеу мәдениеті, мұндағы стильдік ерекшеліктерді білетін болады. Техникалық жоғары оқу орындарының мамандықтарына қатысты лексиканы тілдесім арқылы меңгерту барысында студенттер тілдің құрылымдық сипатын, тілдің лексика жүйесін ғылыми негізде оқып түсінеді. Мамандықтарына қатысты лексиканы меңгергенде студенттер сөз жүйесін түсініп, сөздің орынды қолданылуы арқылы өз ойларын толық жеткізуге, өз мамандығына қатысты сөздерді түсініп, дұрыс қолдана білуге үйренеді. Мамандығына қажетті лексиканы күнделікті қатынас құралы ретінде қолданудың қажеттілігін түсінеді. Өз мамандығына қатысты лексиканы меңгертудің негізгі мақсаты – мамандыққа қатысты, күнделікті өмірге қажет тілдік қарым-қатынасты іс жүзінде жүзеге асыру, сөздік қорды игеріп, өмірдің барлық саласында қолдану. Студенттер тілдік құралдарды қолданудың амал-тәсілдерін меңгеріп шығуы тиіс.

Қазақ тілін кәсіби тұрғыда меңгертудегі басты мақсат – кәсіби мамандыққа сәйкес қазақ тілін қарым-қатынастық сипатта жете меңгерту; түрлі мамандық иесін өз ойын әдеби нормада түсінікті, жатық, мәнерлі, әсерлі айта білуге және жазбаша түрде коммуникативтік тұрғыдан жетік білгізу, мемлекеттік тілді Қазақ елінің ұлттық болмысын, дәстүрін, рухани құндылықтарын бейнелейтін көрсеткіш есебінде игертіп, елді, ұлтты танып білудің құралы ретінде жүзеге асыру [4].

Кәсіби қазақ тілі – студенттердің өз мамандығы бойынша кездесетін лексиканы, ғылыми терминдерді үйреніп, өз саласы бойынша сұхбаттар жасауына үйретеді. Студент мамандығына қатысты мәтіндерді оқып, сала бойынша терминдерді пайдаланып сөйлей білуге, мамандығына қатысты түрлі мәселелер бойынша сұрақтар қойып, жауап беруге үйренеді. Студент оқу, тыңдау, сөйлеу жазу тәсілдерін игеріп, өз саласына қатысты сөздерді қолдану арқылы ойын жеткізу бағытында оқытылады. Өз мамандығына қатысты мәтіндермен жұмыс істеу барысында түрлі жаттықтыру жұмыстары жүргізіледі.

Техникалық жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілін оқытуда мамандыққа қатысты мәтіндер басшылыққа алынып, кәсіби терминдермен жұмыс түрлері жүргізіледі. Сөздіктермен аударма жұмыстары орындалып, шағын сұрақтар мен тапсырмалар беріледі. Мәтінде тілдік тұлғалар орын алатындықтан студенттер тілдің фонетикасын, лексикасын, грамматикасын меңгереді. Өз саласына байланысты мәтіндер болғандықтан студенттер кәсіби мәтіндермен жұмыс істеуде белсенділік танытады, кәсіби терминдерді жақсы қабылдайды. Сондықтан кәсіби мәтіндерді студенттердің білім деңгейіне сәйкестендіріп алу керек. Кәсіби мәтін мазмұнды, өз мамандығы жайлы ақпаратқа толы болғаны дұрыс.

Студентер өз мамандығына қатысты лексиканы меңгеруі үшін оның сөздік қоры мол болуы керек. Бір-бірімен сұхбаттасуы, өз ойын жеткізе білуі – тілді оқытудағы негізгі жұмыстардың бірі. Студенттерге өз мамандығына қатысты лексиканы оқып үйретуде сөйлесім мен тілдесім әрекетін іске асыратын тілдік қатынастың негіздерін меңгерткен дұрыс. Сөйлеу дағдыларын игерген студент өз ойын ауызша, жазбаша іске асырып, не айтып тұрғанын үйренеді, қалай айту керек екенін есте ұстайды.

Кәсіби қазақ тілін оқыту барысында тілді үйретудің тиімді амалдары мен тәсілдерін таңдап алған дұрыс. Мамандығына бағыттап оқытуда жаттығу жұмыстары жақсы нәтиже береді. Тапсырмалар мен жаттығулар тартымды болса, студенттердің қызығушылығын арттырады. Тапсырмалар мамандығына қатысты болғандықтан студенттердің пәнге деген ынтасы артады. Берілген тапсырмаларда мамандығына байланысты нақты деректер мен мағлұматтар бар болса, студенттердің белсенділігі артып, сабақтың білімдік деңгейі көтеріледі. Мамандығына байланысты термин сөздерге қатысты жағдаяттық тапсырмалар берудің пайдасы көп болады. Жаңа тақырыпты мамандығымен байланыстыра отырып, мәтінді меңгерту үшін аударма жұмысын, мәтін бойынша жұмыс түрлерін жүргізу керек. Лексикалық, грамматикалық, ойын жаттығулары тілдесім әрекетінің ерекшелігін аша түседі.

Мамандығына байланысты мәтіндермен жұмыс жасау барысында жаттығу, тапсырмалармен қатар сөздік жұмысының тілді меңгертудегі қызметі үлкен. Сөздікпен жұмыс – студенттердің сөз байлығын арттыруға, сауатты жазуына, білімін тереңдетуге көп көмек береді. Сөздік қоры мол студенттің қазақша дұрыс сөйлей білуіне мүмкіндігі мол. Сөздік жұмысы студенттерге қиын сөздерді аударма сөздікпен аударуға, мағынасы түсініксіздеу сөздерді түсіндірме сөздікті пайдалану арқылы табуына жәрдемдеседі. Сөздік жұмысын сабақ сайын белгілі бір жүйеде сабақтың мазмұнына сәйкес жүргізген тиімді. Студенттің тақырып сайын жаңа сөздер мен сөз

тіркестерін үйренулерін қадағалап, осы сөздерді күнделікті қарым-қатынаста қолдану дағдыларын қалыптастыру қажет.

Қазақ тілін студенттің болашақ мамандығымен тығыз байланыстыра отырып оқыту студенттің тілді қолдану деңгейін, коммуникативтік сауаттылығын көтереді. Студент қазақ тілінің фонетикалық (орфографиялық, орфоэпиялық) нормаларын, грамматикалық жүйесін сақтай отырып, тілдік қатынаста қолданады. Кәсіби тұрғыда қазақ тілін еркін меңгерген студент болашақта өз мамандығы аясында тілдік қатынасқа түсе алады және кәсіби лексикалық қоры мол болатын маман болады.

Қазақстан халықтарының ынтымағын нығайтуда, өз елінің өткен тарихы мен мәдениетін, тілін құрметтей білетін жастарды азамат ретінде қалыптастыруда мемлекеттік тілді жетік меңгертудің маңызы өте зор екенін уақыт көрсетіп отыр. Мамандыққа қатысты тілді үйрету барысында тәрбиенің де мәні жоғары екенін естен шығармау керек. Тәрбенің тілден бастау алатыны белгілі. Тәрбие мен білім беру бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Сөйлеу мәдениеті адамның тәрбиелігінің көрсеткіші. Студенттер мен оқытушының арасындағы адами қарым-қатынас тәрбиелік жұмыстардың негізгі факторларының бірі деуге болады. Оқытушы білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, студенттің патриоттық сезімін оятуы қажет. Студенттерге тәрбиелік танымдық маңызы бар мақал-мәтелдерді, түрлі өлең-жырларды оқып үйретуге бағыттау да назардан тыс қалмауы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қоғамымыздың тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жақтан да жаңғыруына, дамуына сәйкес, оқытушылар қауымының міндеті – мемлекеттік тілді жетік меңгерген, тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін кәсіби мамандар даярлау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тоқаев Қ.К. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Егемен Қазақстан. №169 (29648) 3 қыркүйек, 2019 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 14.12.2012. –Астана, Ақорда, 2012.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. –Астана, Ақорда, 2011 жылғы 29 маусым, №110.
4. Оразбаева Ф.Ш. «Кәсіби қазақ тілі» пәні: ғылыми-теориялық негізі, басты ұстанымдары. Білім беру жүйесінде кәсіби бағытты жүзеге асырудың өзекті мәселелері» Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы. «Інжу-Маржан». 2013. 268 бет.

UDC 377.112.4

Pak Yu.S.
PhD student, foreign language teacher.
Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan
E-mail: sunshine379@inbox.ru

ARGUMENTATIVE COMMUNICATIVE COMPETENCE AS A BASIS IN PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS

Abstract. The article is devoted to the actual problems in modern foreign language education. The main aim is training future specialists of a new format possessing basic professional competences necessary for future professional activity. A future specialist as an active subject of intercultural communication should be able to state his/her point of view using arguments. In this regard, future foreign language teachers should develop argumentative communicative competence in situations of intercultural professional-pedagogical interaction. The author gives the definition and structural model of the integrative concept "argumentative communicative competence" and its subcompetences.

Keywords: argumentative communicative competence, argumentation, foreign language education, cognitive linguocultural methodology, professional activity.

АРГУМЕНТАТИВНО-КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КАК ОСНОВА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Аннотация. Статья посвящена актуальным проблемам современного иноязычного образования. Основной целью которого является подготовка будущих специалистов нового формата, обладающих базовыми профессиональными компетенциями, необходимыми для будущей профессиональной деятельности. Будущий специалист как активный субъект межкультурной коммуникации должен уметь высказывать свою точку зрения, используя аргументы. В связи с этим, будущие учителя иностранных языков должны развивать аргументативно-коммуникативную компетенцию в ситуациях межкультурного профессионально-педагогического взаимодействия. Автор дает определение и структурную модель интегративного понятия «аргументативно- коммуникативная компетенция» и ее составляющие субкомпетенции.

Ключевые слова: аргументативно-коммуникативная компетенция, аргументация, иноязычное образование, когнитивно-лингвокультурологическая методология, профессиональная деятельность.

АРГУМЕНТАТИВТІ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК БОЛАШАҚ ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Аннотация. Мақала қазіргі заманғы шет тілін оқытудың өзекті мәселелеріне арналған. Оның негізгі мақсаты болашақ кәсіптік қызметке қажетті негізгі кәсіби құзіреттіліктерге ие болашақ мамандарды жаңа форматта дайындау. Болашақ маман мәдениаралық қарым-қатынастың белсенді субъектісі ретінде өз пікірін дәлелдерді қолдана білуі керек. Осыған байланысты болашақ шет тілдерінің мұғалімдері мәдениетаралық кәсіби және педагогикалық өзара әрекеттесу жағдайларында аргументативті және коммуникативті құзыреттіліктерін дамытуы керек. Автор «аргументативті-коммуникативті құзыреттілік» және оның құрама ішкі компетенциялары туралы интегративті тұжырымдаманың анықтамасын және құрылымдық моделін береді.

Түйін сөздер: аргументативті-коммуникативтік құзіреттілік, дәлелдеу, шет тілінде білім беру, когнитивтік лингвомәдениеттану әдістемесі, кәсіби қызмет.

Introduction

In the process of integrating of higher education institutions into the national and international educational space and academic mobility modern students and university graduates have huge opportunities to carry out research, participate in international conferences, undergo internships abroad, and get a job in foreign companies. Consequently, educational institutions are appealed to equip their bachelors, undergraduates and specialists with basic communicative competencies and argumentation skills - because the ability to state one's point of view becomes one of the key characteristics of a highly skilled employee. A specialist of a new format must successfully function not only on the national labor

market, but also integrate into the international highly developed community. In this case foreign language argumentation and the formation of argumentative and communicative competences along with other professional competences, act as a means of realizing professional and personal ambitions. The ability to defend one's point of view with the use of evidence is important in training future specialists and helps to succeed in life. In the process of training future specialists for professional activity in the framework of the formation of the necessary competencies, we should focus on the nature of future professional activity, taking into account various areas of communication. In professional activity, the ability to argue one's point of view is significant not only for pedagogical activity, but also for professions of a different profile. Thus, future specialists as active subjects of intercultural communication should possess argumentative and communicative competences in situations of professional pedagogical interaction at the intercultural level.

Theoretical basis

The problems of the development and formation of argumentative competence are studied by such scientists as A.N. Gavrilova [Гаврилова А.Н., 2011], V.V. Datsyuk [Дацюк В.В., 2016], V.P. Moskvin [Москвин В.П., 2008], N.Yu. Fanyan [Фанян Н.Ю., 2000]. We have analyzed the work of Russian and Kazakhstani researchers on the problem of teaching argumentation in oral and written forms of foreign language communication. N.Yu. Fanian [Фанян Н.Ю., 1988] considers the argumentative discourse in French dialogical speech. E.L. Makarova's research [Макарова Е.Л., 1994] is devoted to teaching metacommunication in argumentative discourse in German. T.A. Rumyantseva [Румянцева Т.А., 1999] proposed methodology for teaching argumentative communication of 3rd year students of a lilnguistic pedagogical university (based on German material). I.V. Slesarenko [Слесаренко И.В., 2003] considers teaching oral argumentative communication based on the text of a newspaper-journalistic style in English at a linguistic university. S.Z. Temirgalieva [Темиргалиева С.З., 2008] in her study proposed methodology for teaching argumentation in the field of written foreign language communication in the context of intercultural professional and pedagogical contacts (based on the French language).

Critical argumentation is known in the English literature as critical reasoning, critical thinking. It is important for the formation of argumentative competence. The ancestor of teaching this phenomenon is the American philosopher John Dewey, who defines this concept as "reflective thought" and understands critical thinking as an analysis of any idea, opinion and knowledge according to the degree of its justification [Dewey J., 1910, p.6]. Today there is a large amount of scientific literature on critical argumentation and critical thinking. We think that in the modern world, a student should not only seek and receive information from various sources, but also be able to critically evaluate and use it with the help of argumentation. The main goal of critical thinking is not the acceptance of information or opinions of others, but analysis, consideration of other sources and their subsequent evaluation. Any information should not be perceived and remembered automatically by a learner, but should be interpreted critically with consideration of alternative points of view, verification of the reliability of the source and subsequent critical assessment.

The current situation in the Republic of Kazakhstan in the conditions of approching of cultures and entry into the international arena determines the relevance and importance of the formation of communicative competence in the educational process. The problems of the development and formation of communicative competence are studied by representatives of various sciences, such as linguistics, psycholinguistics, and others.

The term "communicative competence" arose on the basis of the idea of the American linguist N. Chomsky [Хомский Н., 1972] on linguistic (language competence). The first linguist to distinguish between language as a system, which he called "langue" and speech ("parole") was Ferdinand de Saussure. According to Saussure, a system meant only a language that can be learned, while speech activity is already the product of a specific speaker [De Saussure F., 1959]. N. Chomsky defined linguistic competence as a system of intellectual abilities, a system of knowledge and beliefs that develops in early childhood and in interaction with many other factors determines types of behavior [Хомский Н., 1972]. Later, the definition of the term was expanded and was called "communicative competence".

In the middle of 1960s, D. Hymes introduced the concept of "communicative competence." According to D. Hymes, the essence of communicative competence was an internal understanding of the situational relevance of the language. Communicative competence included: grammatical, sociolinguistic, strategic, discursive competences [Hymes D., 1972, p. 269-293]. In the 1980s, M. Canale and M. Swain, identified 4 main types of competences, which, in interaction with the system of knowledge and skills, form communication:

- grammatical competence: vocabulary, phonetics, spelling, semantics and syntax;
- sociolinguistic: correspondence of statements in form and meaning in a particular situation, contextual background;
- discursive competence: the ability to build holistic, coherent and logical statements in oral and written speech;
- strategic competence: compensation by special means lack of knowledge of the language, speech and social experience of communication in a foreign language environment [Canale M., Swain M., 1980, p. 1-47].

Having analyzed scientific literature we came to the conclusion that research on argumentation is limited to certain aspects of learning. Communicative competence is an interdisciplinary phenomenon and there is no clear standardization in its definition. Different scientific schools determine the composition and names of these components in different ways.

Discussion

4. Емельянов С.Г., Борисоглебская Л.Н. Методологические основы исследования инновационного потенциала региона с целью создания центра трансфера технологий // Инновации. – 2006. – № 2 (89). - С.55 - 59.

5. Дорошенко Ю.А., Бухонова С.М., Тумина Т.А. Теоретико-методологические основы оценки инновационного потенциала вуза // Креативная экономика. - № 11 (11), 2017. - С. 48-56.

ӘОЖ 373.3:377
МҒТАР 14.35.09

РЫСБЕКОВА А.Қ.,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

АБДУЛЛИНА Г.Т.,
доцент, доктор PhD
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚҰРМАНТАЕВА Н.Ә.
магистрант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуге ұмтылуы елдің білім беру жүйесіне өз әсерін тигізеді. Мұнда, бірінші кезекте, оның алдына қойылған мақсаттарды өзгерту, соның салдарынан білім беру сапасын өлшеу құралдары мен мазмұнын жаңарту мәселелері шығады. Қазіргі уақытта мұғалімге қызмет субъектісі ретінде қойылатын талаптар оның кәсіби қасиеттерін шыңдады. Осы талаптарға жауап беретін педагогты даярлау, ең алдымен, оның құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты болады.

Бұл мақалада педагогикалық әдебиетте берілген құзыреттілік мәселесі қарастырылады және мақала тақырыбы бойынша жазылған ғылыми шығармаларға шолу жасалды, кәсіби құзыреттіліктің мәні анықталып, өлшемдері берілді.

Кілт сөздері: құзырет, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, бастауыш мектеп, бастауыш сынып мұғалімі.

Рысбекова А.К.,
[1]кандидат педагогических наук, доцент
Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави

Абдуллина Г.Т.,
[2]доцент, доктор PhD
Международного казахско - турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави,

Курмантаева Н.А.
[3]магистрант
Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави

ОСОБЕННОСТИ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Социально-экономические изменения происходящие в обществе, стремление Казахстана к интеграции в мировое сообщество оказывают свое влияние на систему образования страны. Здесь, в первую очередь, выходят вопросы изменения цели, поставленной перед ним, как следствие, обновления содержания и средств измерений качества образования. В настоящее время изменились требования к учителю как субъекту деятельности, его личностно - профессиональным качествам. Подготовка педагога, отвечающего этим требованиям, будет связана, прежде всего, с формированием его компетентности.

В данной статье речь идет о том, что проблема этой компетенции рассматривается в педагогической литературе и по теме статьи был проведен обзор научно-творческих работ, раскрыты сущность профессиональной компетентности, даны критерии.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, профессиональная компетентность, начальная школа, учитель начальных классов.

Rysbekova A.K.,
[1]candidate of pedagogical sciences, associate professor
International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi

Abdullina G.T.,
[2]associate Professor, PhD
International Kazakh - Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi

Kurmantayeva N.A.
[3] master student
International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi

FEATURES OF COMPETENCE OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Socio-economic changes taking place in society, the desire of Kazakhstan to integrate into the world community have an impact on the education system of the country. Here, first of all, there are issues of changing the goal set before him, as a consequence, updating the content and means of measuring the quality of education. Now requirements to the teacher as the subject of activity, his personal and professional qualities changed. The training of a teacher who meets these requirements will be primarily related to the formation of his / her competence.

In this article we are talking about the fact that the problem of this competence is considered in the pedagogical literature and on the topic of the article a review of scientific and creative works was carried out, the essence of professional competence was revealed, the criteria were given.

Keywords: competence, competence, professional competence, primary school, primary school teacher.

Кіріспе. Қазіргі педагогикалық білім Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі бола отырып, жалпы білім беруді кадрлық қамтамасыз етудің өзекті міндетін орындайды. Педагогикалық білім беруді жаңғырту қажеттілігі оның даму міндеттерімен, ішкі заңдылықтарымен және жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің болашақ даму қажеттіліктерімен анықталады. Педагогикалық білім беру жүйесінде дайындалған мамандар отандық білім берудің үздік дәстүрлерін және әлемдік тәжірибені сақтау және көбейту негізінде жаңарту идеяларын тасушы болуға тиіс [1].

Педагогикалық білім беруді жаңғырту нәтижесі заманауи білім беру жағдайында педагогтарды даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың қоғамның педагогикалық кадрларға қоятын талаптарына жауап беретін жаңартылған жүйесі болуы тиіс. Болашақ педагогтың дайындығына қойылатын жаңа талаптардың мәні еңбек мазмұнын тез өзгерту және білімді үнемі үздіксіз жаңарту қажеттілігі жағдайында олардың тиімді кәсіби қызметі үшін жағдай жасау болып табылады [2].

Жалпы әлемдік үрдістерді ескере отырып жүргізілетін Қазақстан Республикасындағы жоғары білім реформасы жоғары мектепте педагогикалық процесті ұйымдастырудың қалыптасқан негіздерін қайта ойлауды талап етті. Болашақ мұғалімді дайындауға қойылатын жаңа талаптардың мәні еңбек мазмұнын тез өзгерту және білімді үздіксіз үнемі жаңарту қажеттілігі жағдайында олардың кейінгі тиімді кәсіби қызметі үшін жағдай жасау болып табылады [3].

Еліміздегі зерттеуші ғалымдардың бастауыш сынып мұғалімдерінің құзыреттілігі туралы берген анықтамалары мынадай: Құзыр - қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау. Құзырет - бұл мұғалімнің белгісіздік жағдайында әрекет ету қабілеті. Белгісіздік жоғары болған сайын, бұл қабілет соншалықты маңызды. Құзыреттілік - бұл педагогтың мінез-құлықтың белгілі бір стандарттарын ұстану қабілеті, яғни жұмыстың, қызметтің қалай орындалуы тиіс критерилері. Құзыреттілік қызметтің кешенді нәтижесін көрсетеді және өзіне тек білім мен дағдыларды (құзыреттілікті) ғана емес, сонымен қатар адамның жеке сипаттамасын да қамтиды.

Бастауыш мектеп мұғалімінің "кәсіби құзыреттілігі" педагог және балалар психологы ретіндегі мұғалімнің өзіндік ерекшелігін анықтайтын ұжымдық ұғым ретінде қарастырылады. Оның негізінде педагог өзінің педагогикалық мүмкіндіктерін, балалар тобының ерекшеліктерін, оның даму перспективаларын ұғыну жатыр. Мұндай ұғыну педагогтың педагогикалық технологияларды, әдістемелерді таңдаудағы кәсіби икемділігін анықтайды, оның басты мақсаты – кіші оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту үшін жағдай жасау.

Зерттеу әдістері. Ұсынылған мақаланы әзірлеуде біз мынадай әдістерді пайдаландық: педагогикалық құзыреттілік, педагогтың кәсіби құзіреттілігі және педагогтың құзыреттілігін бағалау тақырыптары бойынша жазылған ғылыми шығармашылық туындыларға шолу жасау, жүйелеу, синтездеу, салыстыру және анализ жасау. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру барысында кәсіби құзіреттілік тақырыбы бойынша жазылған ғалымдар мен зерттеуші оқытушылардың шығармашылықтарымен танысу, эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау. Жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді даярлау үдерісінде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары ғана қарастырыла бастады. Осы орайда, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, мұғалімдерді кәсіби дайындау мәселесінің жан-жақты зерттелгенін байқатты. Соңғы жылдары жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімін дайындайтын 5В010200 –«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру стандарты жетілдіріліп, оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары нақтыланып, бірқатар өзгерістер енгізілген. Бастауыш сынып мұғалімінің барлық жағынан – жаратылыстану бағытында да, гуманитарлық бағытта да жетік, кіші жастағы оқушылардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін меңгерген, баламен тіл табысып жұмыс істеудің шебері, бастауыштағы барлық пәннің әдістемесін меңгерген, кәсіби құзыретті болуы қажеттігінен туындайды.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында Білім беру қызметі "білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара іс-қимыл процесі, оның барысында тұлғаны оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешіледі" деп анықталады [4].

Педагогикалық білім берудің мазмұны адам болмысының және оның табиғаттағы, қоғамдағы және мәдениеттегі, соның ішінде, әсіресе білім саласындағы қызметінің маңызды өзгерістерінің көрінісі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы педагогикалық білім беру тұжырымдамасында [5] қазіргі жағдайда бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби білім беруді реформалаудың мазмұны мен құрылымын әзірлеудегі негізгі ережелер тұжырымдалған. Оларға педагогикалық дайындықтың үздіксіздігі; кәсіби қызмет объектісі теориясының басымдығы; теория мен тәжірибенің бірлігі; теориялық білімдерді бірінші курстан бітірушіге біртіндеп өсіру; теориялық білімді мұғалімнің практикалық іс-әрекетіне аударуға үйрету жатады.; мұғалімнің стандартты және стандартты емес кәсіби міндеттерін шешу тәсілдеріне үйрету; педагогикалық процестің жай-күйін және оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін диагностикалауға үйрету.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында оқытушы кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзіреттілігін қалыптастыру басты мақсат деп көрсетілген және ол төмендегідей құзіреттіліктерді игеруі тиіс деп белгіленген: арнайы құзіреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет, әлеуметтік құзіреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті, білім беру құзіреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті [6].

Құзіреттілікті дамыту – студенттердің шығармашылық қабілеттерін аша отырып, ойлау жүйесінің, интеллектісінің өсуіне, өзінің осал тұстарын білуге, сол арқылы іздене түсуге бағыттап, нәтижесінде жоғары біліктілік деңгейіне жету [7] деген автор пікірімен қосыла отырып, болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерінің мәнін ашуға көшеміз.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындық барысында құзыреттілігін қалыптастыру бір күнгі жұмыс емес. Ол күнделікті оқытушыдан шеберлікті, ізденісті, студенттен оқуға деген құлшыныстыны талап етеді [8].

Студенттің құзыреттілігі жинаған білімін тәжірибемен ұштастыра білгенде ғана байқалады. Құзыреттілікті әрдайым дамытып, жетілдіріп отыру керек. Құзыреттілік тек бір пән төңірегінде қалыптаспайды. Ол үнемі толықтырып, дамытып отыруды қажет етеді. Құзыреттіліктің қалыптасуына әлеуметтік орта, қарым-қатынас, білім, қабілет, дағды әсер етеді. Осы қасиеттердің барлығы бір арнаға тоғысқанда ғана студенттің кәсіби құзыреттілігін белгілі бір дәрежеде қалыптастыруға мүмкіндік туады. Белгілі бір дәрежеде деу себебіміз, кәсіби құзыреттілік еңбекке араласқанда, үздіксіз білім көтеру үдерісінде қалыптаса беруі жалғасатын толассыз, тоқтаусыз үдеріс [9].

Болашақ мамандардың жалпы педагогикалық дайындығының тұтастығы мен жүйелілігі теориялық және практикалық оқытудың өзара байланысы жүзеге асырылатын шарттарды сақтай отырып, қол жеткізіледі; дайындықтың іс жүргізушілік-мазмұндық және мотивациялық-

құндылықтық жақтары бірлігін қарастыратын құралдар жүйесі қолданылады; белгілі бір педагогикалық шарттар сақталады; болашақ мұғалімдерді жалпы педагогикалық даярлау принциптерінің бірлігі және оның функцияларының өзара байланысы жүзеге асырылады [10].

5В010200-Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының модульдік білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдері келесі құзыреттіліктерге ие болады:

• міндетті пәндерді оқыту арқылы жалпы мәдени құзыреттіліктерді;

• міндетті пәндерді оқу арқылы жан-жақты құзыреттіліктілікке (мақсат қою және оны жоспарлау қабілеті, мәдени құзыреттілік, коммуникабельділік, аналитикалық қабілеттер, көшбасшылық қасиеттер)

• таңдау компонентінің базалық пәндерін оқу арқылы кәсіби құзыреттілікке (кәсіби қызметтің негізгі түрлеріне қажетті білім, білік және дағды) ;

•міндетті компоненттің бейінді пәндерін оқу арқылы пәндік құзыреттіліктерге (оқу саласын ерекше білумен байланысты сипаттамалар);

• таңдау компонентінің бейінді пәндерін оқу арқылы пәндік-мамандандырылған құзыреттіліктер(білім беру бағдарламасының кәсіби бөлімінің ерекшелігін көрсететін түлектердің қабілеті, іскерліктері, дағдылары) [11].

Жалпы міндетті, базалық және бейінді пәндер циклдарын игерудің логикалық жүйелілігі, сондай-ақ педагогикалық практикадан өту болашақ мұғалімдердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Кәсіби дайындықтың мақсаты студентті белгілі бір ақпарат көлемімен толтыру ғана емес, оның болашақ кәсіби қызметінің негізі және ажырамас бөлігі ретінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. ЖОО білім беру процесінде тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауының маңызды кезеңі өтеді. Кәсіби өзін-өзі анықтау-кәсіпқойдың қалыптасу үдерісі, кәсіби білім берудің негізгі нәтижелерінің бірі болып табылады. Кәсіби өзін − өзі анықтау-бұл өзінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, кәсіби қызмет талаптарын және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, кәсіпті саналы таңдау; кәсіби өмір бойы жүріп жатқан процесс: тұлға өз іс-әрекеттерін үнемі түсінеді және кәсіпте өзін-өзі бекітеді. Курстық, дипломдық жұмыстарды орындау оқу құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін қызметтің перспективалық түрлерінің бірі болып табылады. Шығармашылық және ғылыми жұмыстарды орындау студенттердің библиографиялық көрсеткіштерді пайдалану құзыреттілігін қалыптастыруға, қажетті ақпаратты зерделеу мен бекітуге, оқылатын проблеманы сауатты баяндауға, тәжірибелік-эксперименттік қызметті орындауға, зерттеу қызметінің нәтижелерін өңдеуге, талдауға, жүйелендіруге және түсіндіруге, педагогикалық және әдістемелік міндеттерді шешуге ықпал етеді және сол арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін арттырады.

Қазіргі уақытта педагогикалық оқу орындарында студенттерді оқытудың жалпы қабылданған екі түрі бар: аудиториядан тыс және аудиториялық. Біздің ойымызша, бүгінгі таңда ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, студенттерді оқытудың өзекті түрі − ақпараттық-коммуникативтік, − болашақ педагогты кәсіби қызметке дайындау процесінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін. Студенттерді оқытудың жаңа түрін сипаттайтын перспективалы бағыт оқу процесіне студенттердің өзіндік жұмыс көлемінің ұлғаюымен қатар ақпараттық технологиялардың енгізілуімен байланысты. Студенттердің дербестігін, мазмұнды пәндік материалға да, бақылау сипатына да қатысты тапсырмалардың үлкен даралануын қарастыратын студенттердің өзіндік жұмысының ақпараттық-коммуникативтік нысанын әзірлеу үрдісі қоғамның дамуындағы өзгерістерді, қоғамды ақпараттандырудың белсенді ақпараттық - коммуникациялық процесіне қосуды анықтайды. Жалпы, болашақ мұғалімдерді өзіндік, шығармашылық, тәжірибелік қызметке кәсіби даярлау мәселесі педагогикалық және психологиялық ғылымның басты назарында болды [12].

Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекет ережелерін, нормаларын, тәсілдерін меңгеру ретінде дәстүрлі түсінетін жалпы кәсіптік дайындығын студенттің тұтас кәсіби іс-әрекет тәжірибесін жинақтау және байыту процесі ретінде қарастыру заңды. Ұсынылған түсінік қазіргі жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту үрдістеріне сәйкес келеді, өйткені студенттің өзін-өзі анықтау қозғалысын есепке алады, өзін-өзі реттеу тәсілдерін дамыту, адамның тіршілік әрекеті мен жеке кәсіби қызметінде дамуын зерттеу іскерлігін қалыптастыру; қазіргі педагогикалық қызметтің ерекшелігі; бастауыш сынып мұғалімі мамандығының ерекшелігі. Қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруі, жаңа білімнің жинақталуы, өндірістің жетілдірілуі, әлемдік білім

кеңістігіне енуіміз - жоғары, кәсіби білім беретін оқу оындарының алдына бәсекеге қабілетті білікті мамандар дайындау үшін адамның құзырлылық қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді. Себебі жаңа формация мұғалімдері кәсіби тұрғыда қалыптастыруы тиіс. Қазіргі кезеңде мектептегі жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы жоғары оқу орындары даярлайтын бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығына байланысты. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы – жас ұрпаққа қоғам міндеттеп отырған талаптарға жауап беретіндей тәрбие мен білім беру. Сол себепті бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби дамыту мен құзырлылықтарын қалыптастыру ол бүгінгі біздің алдымызда тұрған міндеттердің бірі.

Болашақ бастауыш мұғалімінің кәсібилігі педагогтың келесі құзыреттерін қамтамасыз етеді: Жалпы мәдени құзыреттілік, өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі, танымдық-шығармашылық құзыреттілік, тұлғаның құндылық-мағыналық бағдарлануы, коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілігі, педагогтың кәсіби құзыреттілігі.

Жалпы мәдениеттілік құзыреттілігі:

- ұлттық, жалпы адамзаттық мәдениет саласындағы білім;
- әр түрлі этномәдениеттерге толеранттылық.

Тұлғаның өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі:

- өзінің жеке әлеуетін өзектендіру және іске асыру қажеттілігі;
- өзін-өзі дамыту қабілеті ·

Танымдық-шығармашылық құзыреттілік:

- оқу-танымдық іс-әрекеттің мақсатына жету, жоспарлау, рефлексия дағдылары;
- шығармашылық қабілеттерінің дамуы;
- жаңа білім алу қабілеті.

Тұлғаның құндылық-мағыналық бағдары:

- өзінің рөлі мен мақсатын түсіну;
- өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі мен қабілеті;
- өмір мен кәсіби қызметтің әуестенуі ·

Коммуникативтік құзыреттілік:

- интернет арқылы қарым-қатынасты қоса алғанда, ауызша және жазбаша қарым-қатынас технологияларын меңгеру.

Ақпараттық құзыреттілік:

- қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және іріктеуді білу;
- педагогикалық қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;
- ақпараттық технологияларды меңгеру.

Әлеуметтік-әрекеттестік құзыреті:

- жауапкершілікті өзіне алу қабілеті;
- қоғам қажеттіліктерімен жеке мүдделердің ұштасуын көрсету;
- кәсіби іс-әрекеттерді өз бетінше орындауға дайындық.

Педагогтың кәсіби құзыреті:

- белсенді өмірлік ұстаным;
- кәсіби білім мен білік;
- кәсіби тұлғалық қасиеттер;
- шығармашылық іскерліктер.

Қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің негізгі кәсіби құзыреттілігін атап өтуге болады:

- оқушылармен бірге өз бетімен білім алу қабілеті»;
- оқушылардың өзіндік қызметін жоспарлау және ұйымдастыра білу;
- талап етілетін құзыреттіліктерді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін әртүрлі қызмет түрлерін қоса алғанда, оқушыларды ынталандыра білу;

- әртүрлі оқушыларды қоса алғанда, олардың бейімділігі мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін" сахналауды " меңгеру;
- жобалық ойлауды меңгеру және оқушылардың топтық жобалық қызметін ұйымдастыра білу;
- оқушыға өз жетістіктерін дұрыс бағалауға және оларды бағалауға мүмкіндік беретін бағалау жүйесін қолдану.

Бастауыш мектептегі жұмыстың ерекшеліктерін көрсететін педагогтың кәсіби құзыреттілігі.

Бастауыш мектеп мұғалімі ескеруі тиіс:

- Бірінші сынып оқушыларының ойыннан оқуға көшуіне байланысты дамуының әлеуметтік жағдайының ерекшелігін ескеру, балалардың бойында оқушының әлеуметтік позициясын мақсатты қалыптастыру.
- Негізгі мектепте оқу үшін қажетті деңгейге дейін оқу іскерлігін дамытуды қамтамасыз ету.
- Оқу қызметін ұйымдастыру кезінде кіші мектеп жасындағы маңызды жаңалық ретінде метапәндік білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету.
- Бастауыш сынып оқушыларының дамуының әлеуметтік жағдайында ең маңызды ересек ретінде, балалардың мұғалімге деген жоғары сенім жағдайында қарым-қатынасқа дайын болу.
- Балалардың мұғалімге тікелей қарым-қатынас формасы бойынша жауап бере білу, олардың маңызды жеке мәселелерін тани білу. Өз оқушыларының жеке білім беру нәтижелеріне жауапты болу.
- Оқушылардың жетістіктері мен мүмкіндіктерін бағалау кезінде кіші мектеп жасындағы балалардың жеке психикалық дамуының біркелкі еместігін, сондай-ақ ұлдар мен қыздардың оқу іс-әрекетінің даму динамикасының өзгешелігін ескеру [13].

Қорытынды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлақ түретін, көзі ашық, жан – жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының: «Бала оқытуды жақсы білемін деген адам әуелі балаларға үйретететін нәрселелерін өзі жақсы білуі керек» деген тұжырымында «шығармашыл ұстаз шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой айқын аңғарылады.

Сөзімді қорыта келе айтарым, жоғарыда аталған құзыреттіліктерді меңгерген мұғалім шығармашыл шәкірт дайындауға даяр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы –Астана. 14 желтоқсан, 2012.

2.Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007

4.Құдайбергенова К. Құзырлылық - тұлға дамуының сапалық критерийі: Ғыл.-практ. конф. материалдары. —Алматы, 2008. — 9–11-б.

5. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011

6.Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагогика. —— № 10. — С. 16–21.

7.Зимняя И.А. Ключевые компетенции — новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. — 2003. — № 5. — С. 18–24.

8. Orazbayeva K.O. Professional Competence of Teachers in the Age of Globalization. International journal of environmental & science education. – 2016. - Vol. 11, issue 9. – P. 2659-2672.

9. Г.Б.Мадиева «Болашақ мұғалімнің ғылыми құзыреттілігін қалыптастыру сипаты», Ахмет Ясауи Университетінің Хабаршысы, №1, 2015

10. Кудайбергенева К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері. - Алматы, 2008. - 328 б.

11. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың

кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док.: дис. 13.00.08. - Қарағанды, 2005. - 267 б.
12. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. -2003. - №5. - С. 34-42.
13. Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 2005 // https://szh.kz/student/93/

УДК: 378.147.39:004

Тлеубаева А.Б.,
аға оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
E-mail:aksaule81@bk.ru
Семей қаласы, Қазақстан

Жұмаханова Д.А.,
аға оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
E-mail:aizekanur@mail.ru
Семей қаласы, Қазақстан

Муздыбаева Г.А.
аға оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
E-mail:qulnar61.18@mail.ru

Сакибаева С.Р.,
аға оқытушы
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
E-mail:ssr84@mail.ru

STEAM-ТЕХНОЛОГИЯСЫН БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа. Мақалада STEM - бағдарламасының іске асырылу шарттары қарастырылады. Маңызды шарты - мектептегі оқу үдерісін ұйымдастыру моделінің өзгеруі және мұғалімнің авторитарлық әріптесінен серіктес позициясына өзгеруі.

Түйін сөздер: STEAM - білім беру, бағдарламаның шарттары, техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту, оқушылардың қызығушылығын және зерттеу дағдыларын ынталандыру.

Аннотация. В статье рассматриваются условия реализации программы «STEM образования для школьников». Существенным условием является изменение модели организации образовательного процесса в школе и смена позиции воспитателя с авторитарной на партнерскую.

Ключевые слова: STEAM-образование, условия реализации программы, развитие интереса к техническим дисциплинам, поощрение любознательности и исследовательских навыков школьников.

Annotation. The article discusses the conditions for implementing the STEM Education for Schoolchildren program. The essential condition is a change in the model of the organization of the educational process at school and a change in the position of the teacher from authoritarian to partner.

Keywords: STEAM-education, conditions for the implementation of the program, the development of interest in technical disciplines, the promotion of curiosity and research skills of students.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция жүруде: жедел ақпарат ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын түрлендіреді. Қоғамның сұраулары, сонымен қатар жеке тұлғаның мүдделері де өзгереді. Технологиялардың қарқынды дамуы болашақта IT мамандар, big data инженерлері, бағдарламашылар сияқты жоғары технология мамандықтарын жоғары сұранысқа ие етуде. Білім беру жүйесі осындай үлкен әлеуметтік сұранысқа робототехника, бағдарламалау, модельдеу үйірмелерінің көбеюімен әрекет етуде (STEM). Алайда, ғылыми-техникалық білім аз екендігі туралы жиі-жиі айтылады. Алдағы уақытта 4К деп аталатын XXI ғасырдың дағдысы қажет болады. XXI ғасырдың дағдылары – қазіргі таңда түрлі деңгейде белсенді талқыланатын ерекше бағыт. Тұжырымдаманың мәні: индустриалды дәуірдегі сауаттылықты анықтайтын негізгі дағдыларды оқу, жазу және арифметика болды. XXI ғасырда екпін сыни ойлау қабілетіне, өзара іс-

қимыл мен коммуникацияға, іске деген шығармашылық көзқарасқа қарай жылжиды. Осылайша, болашақ 4К негізгі дағдылары қалыптасты:

- Байланыс
- Кооперация
- Сын тұрғысынан ойлау
- Креативтілік

Бұл дағдыларды тек зертханаларда немесе нақты математикалық алгоритмдер білімінен алуға болмайды. Сондықтан мұғалімдерге STEAM-пәндерді көбірек үйренуге тура келеді. Егер бұрын еңбек сабағында қыздар алжапқыш, ал ұлдар ағашпен немесе металмен жұмыс істесе, қазіргі уақытта бұл жеткіліксіз. Робототехника, құрастыру, бағдарламалау, модельдеу, 3D-жобалау және тағы басқалар – қазір бүкіл әлемнің заманауи оқушыларын қызықтырады. Бұл мүдделерді іске асыру үшін күрделі дағдылар мен құзыретіліктер қажет. Тек білу және істей алу ғана емес, сонымен қатар зерттеу және ойлап табу міндетті. Осындай жағдайларда ғылым, математика, технология және инженерия бір мезгілде даму қажет, бір сөзбен біріктіруге болатын – STEM (science, technology, engineering and mathematics)[1,2].

STEM – бұл ғылыми-техникалық тұжырымдамалар нақты өмір контексінде интеграцияланған оқыту тәсілі. Мұндай тәсілдің мақсаты –мектеп, қоғам, жұмыс арасындағы тұрақты байланыстарды және тұтас әлеммен ықпал ететін әлемдік экономикадағы STEM-сауаттылықты және бәсекеге қабілеттілікті дамыту (Tsupros, 2009).

STEM әлемдік жүйесіндегі жаңа тренд болып STEM-нің барлық төрт компонентінің интеграторы болатын білім берудегі бағдарламалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін робототехника және құрастыру табылады. Сондай-ақ Қазақстанда STEM білім беруді белсенді дамыту басталды. Оның дәлелі – Білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына көшуге сәйкес STEM контекстіндегі мектеп білімінің жаңартылған мазмұнына ауысу белгіленген. Жаңа білім беру саясатын іске асыру үшін жаңа технологияларды дамытуға бағытталған STEM-элементтер бағдарламалары, математикалық модельдеу оқу бағдарламасына қолсылған.

STEAM ғылымдарына оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы неде? Ол аралас оқыту ортасын білдіреді және оқушыларға ғылыми әдіс-тәсілдердің күнделікті өмірде қолданылуы мүмкін екендігін көрсетеді,. STEAM – бұл мектепте, мектептен тыс жұмыста оқу-зерттеу және жобалау бағыттарын іске асыру болып табылады.

"STEAM" бағдарламасы бойынша білім алушылар физика мен математикадан басқа, робототехниканы, бағдарламалауды, құрастыруды және жеке роботтарды бағдарламалауды үйренеді. Сабақ барысында арнайы 3D принтерлер, зертханалық және технологиялық оқу жабдықтары және визуализация сияқты өзге де құрал-жабдықтар қолданылады. 2015-2016 жылдан бастап әрбір бірінші сынып оқушысы "Жаратылыстану" пәнін оқиды. XXI ғасырда бұдан былай техникалық және гуманитарлық ғылымдарға бөлу мәселесі тұрмайды. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтері бойынша XXI ғасырда креативтілік, сыни ойлау, коммуникация, коллаборация сияқта дағдылары бар адамдар қажет. Экономикаға оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жаңа сапалы кадрлар қажет. STEM осы талапқа жауап бере алады. Болашақ дағдысы бар кадрларға ғана емес, сонымен қатар, бизнес пен жоғары технологиялық өндірістер үшін инженерлерге де сұраныс үлкен. STEM-тәсілді енгізу кезінде мектепте бұл орындарға қабілетті мамандар тәрбиеленеді. STEM-тәсілдің артықшылықтары:

- *Пәндер бойынша емес, "тақырыптар" бойынша кіріктірілген оқыту.* STEM-оқыту пәнаралық және жобалық технология, инженерлік шығармашылық және математиканы қосатын жаратылыстану ғылымдарының интеграциясы негіз болатын тәсіл[3].

- *Нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану*. STEM-оқыту практикалық сабақтар арқылы балаларға нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдануды көрсетеді. Әрбір сабақта олар қазіргі заманғы индустрия өнімдерін әзірлейді, құрастырады және дамытады. Олар нақты жобаны зерттейді, нәтижесінде өз қолымен нақты өнімнің прототипін жасайды. Мысалы, зымыран құрылысының жас инженерлері инженерлік дизайн процесі, іске қосу бұрышы, қысым, созылу күші, үйкеліс күші, траектория және координаттық осьтер сияқты ұғымдармен танысады.

- *Сыни ойлау және мәселелерді шешу дағдыларын дамыту*. STEM бағдарламалары сыни ойлау және қиындықтарды еңсеру, оқушылар өмірінде тап болуы мүмкін проблемаларды шешу үшін қажетті. Мысалы, оқушылар жылдам машиналар құрап, содан кейін оларды тестілеуден өткізеді. Бірінші тесттен кейін олар машина неге мәреге жеткен жоқ деп ойлайды және анықтайды.

Мүмкін, алдыңғы бөлік дизайны, доңғалақтар арасындағы қашықтық, аэродинамика немесе іске қосу күші әсер етті ме? Әрбір тесттен кейін (бастау) кейін олар мақсатқа жету жолында өз дизайнын дамытады.

- *Өз күштеріне деген сенімділікті арттыру*. Оқушылар әр түрлі өнімдерді жасап, көпірлер мен жолдарды салып, аэропландар мен машиналарды іске қосып, роботтар мен электрондық ойындарды сынақтан өткізіп, өздерінің суасты және әуе құрылымдарын жасап, әр жолы мақсатқа жақындай түседі. Олар дамытады және тестілейді, қайта дамытады және тағы да тестілейді және өз өнімін жетілдіреді. Соңында олар барлық мәселелерді өз күшімен шеше отырып, мақсатқа жетеді. Балалар үшін бұл – шабыт, жеңіс, адреналин және қуаныш. Әрбір жеңістен кейін олар өз күшіне сенімді бола түседі[4].

- *Белсенді коммуникация және командалық жұмыс*. STEM-оқыту бағдарламалары белсенді коммуникациямен және командалық жұмыспен ерекшеленеді. Талқылау барысында пікір алмасу мен пікір айту үшін еркін атмосфера жасалады. Олар соншалықты еркін, кез келгені өз пікірін білдіруден қорықпайды, олар сөйлеуді және таныстыруды үйренеді. Оқушылар уақыттың көп бөлігін партада отырмайды, ал өз құрылымдарын тестілейді және дамытады. Олар барлық уақытта нұсқаушылармен және команда бойынша достарымен сөйлеседі. Балалар белсенді қатысқанда сабақты жақсы есте сақтайды. Мектеп жасындағы балаларда есте сақтауд қабілеті өте жақсы, олар эмоционалды, бұл техникалық жабдықталған әлемге қызығушылықты дамытудың қосымша факторы болып табылады және бұл мектеп бітіргеннен кейін тез өзгеретін шындықты тез әрі оңай табуға мүмкіндік береді. Менмұндалап тұратын тағы бірқатар сыни ескертулер бар. Олардың бірі гуманитарлық компонентке қатысты: кейбір жағдайларда STEM орнына STEAM-тәсілді пайдалануды ұсынады, онда "A" – "arts" өнер үшін жауап береді. Бұл бізді әр түрлі әлемнің тұжырымдамасына жақындатады, жеке тұлғаның дамуына холистикалық көзқарасты болжайды, онда мектеп – адамның дамуына және өз дарындарын жүзеге асыруға, оны еңбек қызметін орындауға ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы белсенді өмірге дайындауға көмектесуі тиіс. Тағы бір мәселе – білім берудегі ескі жүйемен жаңа тәсілдің үйлесімсіздігі. STEM принциптерінің бірі – жобалық оқыту. Бұл әдіс жаңа емес, бірақ мұнда негізгі рөл атқарады, себебі ол пәндер арасындағы табиғи өзара байланысты жүзеге асыру мүмкіндігін береді. Бірақ жеке пәндер, жеке мұғалімдер, тоқсан бар кезде сыныптық-пәндік жүйе ішінде жобаларды қалай жасауға болады? Кейбір адамдар бұларды кірікірудің мүмкіндіктерін табады, өйткені мұндай жүйе бар, бірақ ол өзі осы жобаларды жасауға тыйым салады дегенді білдірмейді, тек бастапқыда олар үшін жасалмаған. Мүмкін, уақыт өте келе жүйе көптеген адамдар үшін ыңғайсыз екенін түсінің өзгере бастауы мүмкін. Мәселе қазіргі кезде жүйе өте қолайсыз екендігінде. Осылайша, тұрақты байланыстағы барлық ғылымдарды ортақ жүйеге біріктіру әлемнің тұтас бейнесі тұжырымдамасына сай келеді. Ғылым салаларының әрқайсысы жеке тұра алмайды, тек адамзаттың басқа да білімдерімен тығыз байланысып келеді[5]. Яғни, STEM – инженерлік технологияларды зерттеуге арналған білім, ол өзіне біріктіреді:

- жаратылыстану ғылымдары – science;
- технология – technology;
- инженерия – engineering;
- математика – mathematic

Басқаша айтқанда, STEM – пәнаралық байланыстары бар қосымша оқу жоспары. Жоғарыда айтылғандардың бәрі сапалы педагогикаға жат емес. Егер мұғалім жақсы болса, ол оқушының мүддесіне бағдарланып, тәжірибелік мысалдар және жобалық жұмыс үшін мүмкіндік табады. STEM-ді енгізетін мұғалімдер жаңа экономикаға жаңа формациядағы адамдар қажет деп емес, ал кәсіби және жеке мағынада ішкі қызығушылықымен және ынтасымен алға жылжиды. Мұғалім білімін жоғарыдан төмен қарай беретіндіктен, оқыту мен дамудың қоректік ортасын ұйымдастыратын мұғалім-тәлімгер, ментор және фасилитаторға айналуы тиіс. Бұл өте қызықты және күрделі рөл. Біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта жылжуда. STEM-білім – оқу мен мансапты жалғастыратын көпір. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық дамыған әлемге дайындайды. Болашақ мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технология және математика сияқты әр түрлі білім қажет. Мұғалімдер оқушыларды зерттеуге ынталандырып, қателіктер жасаудан қорықпауға және қорытынды жасауға үйретуі тиіс. Сабақтарда қарым-қатынас пен жобалық қызметті дамытуға көп көңіл бөлу керек. Бұл қасиеттер болашақ ұйымдарында жұмыс істеу үшін аса маңызды болады[6].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тен А. С. Новые тренды в современном образовании. Электронный ресурс:URL: http://zkoipk.kz/ru/2016smart3/2541 -conf.html
2. «Білімді ел - Образованная страна» №20 (57) от 25 октября 2016г.
3. Азизов Р. Образование нового поколения: 10 преимуществ STEM образования Электронный ресурс:URL: https://ru.linkedin.com/pulse/ -stemrufat-azizov.
4. Сборник докладов IX Международной научно-практической конференции «Исследовательская деятельность учащихся в современном образовательном пространстве».
5. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік үсынымдар. Методические рекомендации по внедрению STEM образования. – Астана, 2017.
6. Ногайбаева Г., Развитие STEM образования в мире и Казахстане.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PHILOLOGICAL SCIENCE

Аканова А.И.
докторант, педагогика ғылымдарының магистрі,
Нұр-Сұлтан қ.,
e-mail: Comfort_land_kz@mail.ru

МИФОНИМДІК АТАУЛАРДЫҢ СИПАТЫ

Түйін. Мақалада қазақ халқының фольклорында кездесетін мифологизмдер қарастырылған. Тіл білімінде кең тараған мифоним, мифологизмдер, мифтік лексика сияқты ұғымдар сараланып, ауыз әдебиетімен қазіргі кезеңге дейін жеткен мифологиялық атаулар жеке-жеке талданып, топ–топқа бөлінген. Отандық және шетелдік ғалымдардың мифонимдерге қатысты айтылған пікірлері бір арнаға жинақталып, сараланып, мифтік атаулардың классификациясы жасалған.

Кілт сөздер: атауыштық сөздер, мифология, мифтік лексика.

Резюме. В статье рассмотрены мифологизмы, встречающиеся в фольклоре казахского народа. Распространенные в лингвистике понятии как мифоним, мифологизмы, мифическая лексика были дифференцированы и мифологические названия которые были сохранены с устной литературой до настоящего времени проанализировались индивидуально и разделены на группы. Мнения, отечественных и зарубежных ученых выраженные на тему мифонимов было обобщены в одно русло, дифференцированно, составлена классификация мифических названий.

Ключевые слова: номинативные слова, мифология, мифическая лексика.

Annotation. The article describes mythologism found in the folklore of the Kazakh people. Common in linguistics concepts such as mythonym, mythologisms, mythical vocabulary have been differentiated and mythological names that have been preserved with oral literature to date have been analyzed individually and divided into groups. Opinions of domestic and foreign scientists expressed on the topic of mythonyms were summarized in one direction, differentiated, compiled classification of mythical names.

Keywords: nominative words, myth, mythical vocabulary.

Лингвистикада тілдік бірліктерді атауда антропонимдер, топонимдер, зоонимдер, т.б. терминдерді қолданатынымыз белгілі. Міне осы сияқты атауыштық мәнге ие сөздердің бірі – мифонимдер. Мифонимдер – мифтер мен аңыздағы кез келен (қаһарман, Құдай, жер аты) ойдан шығарылған нысан [1:250]. Белгілі бір халықтың мәдениетін, тарихын, эстетикалық және мифологиялық болмысын тануда тілдік бірліктердің маңызы орасан зор. Сол себепті адамзаттың, қоғамның тарихи-әлеуметтік дәрежесін, өмір сүріп жатқан заманына байланысты сипатын, оның (халықтың) жалпы болмысын тануда мифонимдердің де үлесі бар. Жалпы мифтік лексика, мифемалар - ерте кездегі халықтың әдет-ғұрпына, салт-санасына, көне дәуірдің наным-сенімдеріне негізделіп пайда болған, тілді жасаушы сол халықтың белгілі бір дәуіріндегі ой-санасының, ішкі жан-дүниесінің көрінісі бола алатын эмоционалдық және экспрессивтік мәнге ие тілдік қордың ажырамас бір бөлігі. Мифтік әлем, мифтік қабаттар, оған (мифке) қатысты наным-сенімдер мифонимдер арқылы танылады.

Ғылымда мифологизмдерді зерттеу орыс ғалымы О.А.Черепановаңың еңбегінде нақты сараланып зерттелген. Мифологиялық кейіпкерлерді топтауда ең алдымен олардың белгілі бір дифференциалды белгілеріне (ДП-дифференциальный признак) [2:12] мән беру керек дейді. Дифференциалдық белгілердің ең басты сипаттамалары: 1) кейіпкерлердің ирреалдылық деңгейі (ирреалдылық қасиеті бар адам немесе жануар, фантастикалық кейіпкер, аруақтар және т.б.); 2) оның қызметі (жамандық әкелетін, жақсылық әкелетін); 3) тіршілік ету орны (жер, жерден жоғары, жер асты; үй – үйдің сырты және т.б.), кейіпкердің пайда болатын уақыты, мерзімі (кейіпкердің пайда болуындағы уақыт пен оның пайда болу таңбасы немесе кейпі оның қызметін белгілейді, себебі оның кейпі мен пайда болатын уақыты оның жақтаушысы, сүйеуі); 4) кейіпкердің пайда болу формасы (тарсылдатады, гүрсілдейді, орманда дауыс шығарады және т.б.); 5) кейіпкердің түрі: антропоморфты, полиморфты (полиморфты ол статикалық, мысал үшін су перісі; ал, полиморфты динамикалық кейіпкер үнемі өз бейнесін өзгертіп отырады (басыбайлы, отты жылан және т.б.), зооморфты, аморфты; 6) кейіпкердің ерекше белгілері (сынған қазан, бұрым, көсеу және т.б.; 7) кейіпкер туралы адамның пікірі – бұл ретте амбиваленттілік байқалады, яғни төменгі мифологиялық кейіпкерлер жоғары мифологиялық кейіпкерлердің қызметін атқарады (билеуші, құдайлар), сондай-ақ бұл таза емес, қарғыс атқан дүние болады деп пікір білдіреді ғалым. [2:12-бет] Бұл ретте ғалымның мифонимдерге қатысты пікірін ескере отырып, мифонимдердің қатарын көбінесе атауыштық мәндегі сөздер, кейіпкерлердің атауы құрайтындығын аңғарамыз. Мифонимдердің өзін екіге бөліп қарастыруға болады: антропоморфты (адам кейпіндегі

мифонимдер) және зооморфты (жануар кепіндегі мифонимдер) [3:198]. Оған дәлел ретінде мынадай атауларды мысал ретінде келтіре аламыз: антропоморфты мифонимдер - *Үйқыдағы батыр, Қырық қыз, желаяқ, таусоғар, т.б.,* зооморфты мифонимдерге *Жылан Бапы хан, албасты, жезтырнақ, шайтан т.б.* Ғалым Тілеубердиеваның бұл пікірінен Черепановаңың айтып өткен антропоморфты, полиморфты деген ұғымдарымен сабақтастығын, үндестігін байқаймыз.

Қазақ халқының танымындағы мифонимиялық (мифтік я мифологиялық деп те айтылып жүр) болмысы көне түркі заманынан бастау алатынын зерттеуші ғалымдар ертеден айтып кеткен. Қала берді бүкіл әлемдік танымда тіпті «жеті ғалам» ұғымы барын білеміз: шығыс, батыс, солтүстік, оңтүстік, аспан (жоғары ғалам), жер (орта ғалам), жер асты (төменгі ғалам) деген сияқты түсініктер бар. Түркі жұртшылығында әлемнің өзін ең алғаш ұшы қиыры жоқ су болған деген космогониялық түсініктің өзі ертеден белгілі. Күлтегін ескерткішінде:

«Үзе көк теңрі, Биікте көк тәңірі,
Асра йағыз йер қылынтуқда, Төменде қара жер жаралғанда,
Екін ара кісі оғлы қылынмыс. Екеуінің арасында адам баласы жаралған»

деп жазылған [4:46]. Осы Күлтегін ескерткішіндегі сөйлемнен байқағанымыздай: ғаламның үсті – көк (аспан) Тәңір (құдай) келбетіндегі, ортасында – адам баласы, ал астында (астыңғы қабатында) – ол қара жер. Үш түрлі әлем ежелден келе жатқан түсінік, халықтың санасында, танымында ертеден белгілі ұғым. Ш.Уәлиханов мұндай сенім жөнінде: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды» деп жазған [3:199]. Сонымен көне түркі заманындағы мифтік түсінік бойынша кеңістік көлденең, тік тұрғысынан қарағанда екі қабатты: үсті – көк Тәңірі (аспан), асты – жер, бірақ ортасында жаралған адамдарды тағы бір қабат деп тануға болады. Осы ойды жинақтап айтқанда *аспан, жер, жер асты* әлемі деп бөлуге болады. Оны мифонимдерге әкеліп телитін болсақ: *аспанға байланысты мифонимдер (ай, күн, жұлдыз, жеті қат көк, Жетіқарақшы, Үркер, т.б.), жерге қатысты мифонимдер (Үйқыдағы батыр, Қырық қыз, Ентi,Тыңшы, Таусоғар, Көлтауысар, Қырағы, мыстан кемпір, албасты, жезтырнақ, жылан, жел, темір, тау, тас, су, т.б.) және жер асты мифонимдері (жеті қабат жер, жер асты патшалығы, жерді көтеріп ұстап тұрған көк өгіз, Эрклиг, жер асты елінің билеушісі Темірхан, Жылан Бапы хан, т.б.)*.

Аспанға байланысты мифонимдердің бірі – әрине *Күн* мен *Ай*. Қазақ танымындағы Күн мен Ай туралы түсініктер ерекше, қазақтың мифтік әңгімелерінде күн мен айға мынадай түсініктер берілген: 1) Ай – ару, Күн –күйеу; 2) Күн мен Ай – егіз сұлу қыздар. 1. «Асылында, ай ару мен күн күйеу, көк аспанда ғышық-машықтар еді. Олар ұдайы қараңғылықты қуғындаумен айналысып, біреуі түнде көшіп-қонып, өмірбақи өріс-қоныстары айқаспағандықтан, бір-біріне қосыла алмайды. Олар осы ауыр халінде қайғырғанда, аспанды қара бұлт қаптайды, кейде қабақтарынан қар борайды. Сағыныштан саулаған жастары жаңбыр болып жауады. Кейде құсалықтан тұтанған күйі отты жүздерін жалын болып шарпиды, бұл сәттерде, күннің көзі, айдың жүзі тұтылады» [5:12]. 2. «Ертеде Күн мен Ай атты егіз сұлу қыз болыпты. Екеуінің ішінде Ай өте сұлу екен. Бір күні Ай өзінің сұлулығын айтып, Күнге мақтаныпты. Сонда Күн қатты қызғанып, Айдың бетін тырнап тастапты, содан Ай бетінде дақ қалыпты. Осы оқиғадан соң Күн Айға жақындаса болды, Ай бетін жасырып қорғанады екен, ал Күн қашықтаса Ай толып, толықсып бетін түгел көрсетіп Күнге мақтанады екен» [6:75]. Осы мифтің аңыздарға жүгінер болсақ аспан денелері адам іспеттес сипатталған, яғни антропоморфты бейнеде суреттелген. Ғалым С.Қондыбай Айдың кейіпіне мынадай пікір білдіреді: 1. Ай –мүйізді тағы жануар (бұғы, бөкен, марал т.б.) кейпінде; 2. Ай – мүйізді сиыр (бұқа) кейпінде; 3. Ай- мүйізді жылан (айдаһар, бүке) кейпінде; 4. Ай – мүйізді тұлпар кейпінде; 5. Ай – адам (кемпір, қыз т.б.) кейпінде, бұл кейінгі, мифтік тұрпайылану немесе мифсіздену заманында болған жәйт. Күн де, кейбір жұлдыздар да осындай кейіптену кезеңдерін басынан өткерген» [7:24].

Жерге қатысты мифонимдерге «Үйқыдағы батыр» туралы аңызды жатқызамыз. Ертеде адам тіршілік еткен бір қауым жұрттың тап қасына келіп, бір жеті басты айдаһар орын тебеді деп басталады. Елге қаһарын төгіп, күн сайын жеті басына жеті жылқы, жеті сиыр, жеті қой және жеті адам алып отырыпты, бұл жаңағы айдаһардың күнделікті тамағы екен. Осындай қатершілік заманнан ел әбден қажиды. Күндердің бір күнінде құрбандыққа берілген мал-жанды апара жатқан топқа бір жолаушы қарсы кездеседі. Бойы ересен биік алып мүсінді тұлғалы адамның келбетіне сүйсінген жігіттер уақиғаны астан аяқ баяндап береді. Сонда жаңағы батыр ел үшін айдаһарды өлтірмекке бел буады, қолына алмас қылышын алып, жалғыз өзі аттанады. Ашуланғанда

айдаһардың аузынан от-жалын шығады екен. Айқасқа түскен батыр жеті баспен жеті күн арпалысыпты. Жетеуін де жеңеді, ақ алмасымен ажал қаптырған батыр қатты қалжырап, ұйқыға кетеді. Шала жансар жаны қалған айдаһардың бір басы соңғы күшін жинап, ұйықтап жатқан батырға от сеуіпті. Соның салдарынан жаңағы батыр тасқа айналып кеткен екен. Сол кезден бастап сол тасты «Ұйқыдағы батыр» деп атап кеткен екен [3:215]. Сол сияқты жерге қатысты мифонимдердің бірі «Қырық қыз» аңызы: ұзатылғалы отырған бір қыз, қасына қырық қыз ертіп тыныстап жүреді. Сол сәтте «жау келіп қалды» деген айқай естіледі. Жау қолына түсіп «ат артына мінуден» қатты қорыққан қыздар үрейі ұшып, қара тас болып қатып қалады.

Жер асты мифонимдерге мысал ретінде ертегілерде кездесетін жер асты елінің иесі Жылан Бапы ханды таңдап отырмыз. Жыландар қыздар мен жігіттерге ғашық болып, оларды жер асты мен су астындағы мекендеріне еліне алып кетеді. Жер асты, су асты – төменгі әлем, өлілер дүниесі, яғни жылан кейпіндегі өлілер әлемінің тұрғындары – аруақтар. «Жылан –барлық дерлік мифологиялық дәстүрде кездесетін символ, ол – бір жағынан, өнімділікпен жермен, аналық тудырғыш қуатпен, сумен, жаңбырмен, екінші жағынан, үй ошағымен, отпен (аспан отымен), сондай-ақ аталық ұрықтандырушы қайнармен байланысты екі ұдайылыққа тұрпат болып табылады» [8:288]. Сол сияқты Ер Төстік ертегісінде кездесетін тағы бір мезет – Жылан–бабаның Ер Төстікті Темірханның еліне жіберуі. Ол ел «әлдебір таудың түбінде, терең көлдің жағасынада» деп суреттеледі. Келесі бір жер асты немесе су асты кейіпкері ретінде су перісін (нимфа) атаймыз. Пері дегеннің өзі діни сенім бойынша, аспанда, су ішінде тіршілік ететін жамандық пен зұлымдықтың күш иесі [1:360]. Су перісі немесе су сайтаны — славянды мифология мен фольклорында кездесетін адамға тән бір зат. Көбінесе өздеріне қол салып, батып өлген әйел адам ретінде кездеседі. Мифология бойынша, русалкалар су қоймалары мен далаларды қорғайтын болған. Ғалымдардың пікіріне сүйінсек, русалканың нақты бір түрі жоқ, адам мен су перісі арасында да көп өзгеріс жоқ екенін байқауға болады [9:1]. Соңыра әдебиетте немесе кинематографияда батыстың әсерін байқаймыз. Су перісі өзгеріске ұшырай бастады. Яғни әйел адам аяқтары орнына балық құйрығы болған және де ол ендеше русалка емес, Морская дева (су перісі) атымен аталып кеткен. Бірақ олардың ортақтылығы, бұл - ұзын, қазіргі кездегі әйел адамға сай келмейтін бейне. Шаш түсі көбінесе ашық қоңыр түсті болып келеді. Орыс ғалымдарының айтуы бойынша бұл сөз «русло» сөзінен шыққан [9:1]. Сонымен фольклордың арқасында өзгеріске ұшырап, мифтік затқа айналып кеткен. Сонымен қатар «Перілер патшасы» деген кейіпкер де белгілі. Жалпы бұл аты аталған кейіпкерлердің барлығы дерлік әлемнің жоғары, ортаңғы және төменгі қабаттарын мекен ететін мифтік образдар. Орыс ғалымы С.М.Фролова былай деп тұжырымдайды: «Миф «не только синтезирует знания, он синетезирует весь образ жизни, поведения и действий его носителей» [10:209]. Ендеше мифологияның қай заманда болмасын адам өміріне, тағдырына, болмысына, қала берді осы күнгі жағдайына өз әсерін беріп, үнемі адаммен қабаттаса, алшақтамай жүретінін түсінеміз. Адамның әрбір өмір белесінде басынан өткерген кезеңдері, ұстанатын қағидаттары, түсінік-танымы, көзқарасы да осы мифтік сана тұрғысынан өрбитіндігін де түсіну қиынға түспейді. Миф ғасырлар бойы ел арасында айтылып, әр дәуірдегі қоғамдық танымға, заман талабы мен сұранысына сай өзгеріп, жаңаша реңке ие болып, өзгеріп отырған. Ендеше мифтегі кейіпкерлер жүйесі де халықтың танымымен тығыз байланысты бола отырып, заманның өзгерісіне икемделе дамып отырады. Мифология ұлттық мифология дәстүрі негізінде жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі, адамзат қоғамы аясында түсіндіріледі. Осыдан келіп мифонимдерді тану арнасы кеңи түседі. Мифонимдерді одан әрі тереңдете қарастыру, олардың мағыналық топтарын жүйелеу мифтік лексиканың зерттеу арнасының тереңдей түсетіндігінің айғағы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құраст.: А.Үдербаева, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011. 752 бет.
2. Черепанова О.А. Мифологическая лексика русского Севера. Ленинград, 1983. 169 стр.
3. Тілеубердиев Б.М: Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. Алматы, «Арыс», 2006. -280 бет.
4. М.Жолдасбеков. Асыл арналар: зерттеулер, мақалалар. Алматы: Жазушы, 1986. -328 бет.
5. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, , 2002. -320 бет.
6. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. Алматы: Дайк-Пресс, Пресс, 2004. -512 бет.

7. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. Алматы: Дайк-Пресс, Пресс, 2004. -415 бет.
8. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. Алматы: Дайк-Пресс, Пресс, 2004. -520 бет.
9. Е.Ю.Любова. Мифологема «Русалка» в говорах Нижегородской области. Общество с огранченной ответственностью «Центр научных и образовательных проектов», 2015. № 12 (48).
10. С.М.Фролова. Миф в повседневной жизни общества. //Вестник ПАГС, 2012. стр. 208.
11. С.Қаржаубай. Орхон мұралары. 1 кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. Астана, 2003. -392 бет.
12. Ж.К.Жұмабаева. Қазақ этногенезіндегі этнонимдерді мифтік-лингвистикалық талдау (С.Қондыбай зерттеулері негізінде). // Отан тарихы ғылыми журналы, 2018, №2 (82), 149-бет.
13. С.К.Сансызбаева. Мифологизация образа мифа: казахско-русские зооморфы. //Вестник КазНУ. Серия филологическая, №4 (134). 2011
14. А.Қ. Тұрышев. «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы мифологиялық мәдениет лексикасы»: Монография. -3 том. –Павлодар:Кереку, 2008. -131 бет
15. А.К.Ахметбекова. Түркі халықтарының аңыздық прозасының зерттелуі және сарапануы. // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. №4(57), 2011. 56-бет.



Анафинова М.Л.,
ф.ғ.к., доцент
Шетел филологиясы кафедрасы
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ



Ауганбаева М.А.,
1 курс докторанты
Шетел филологиясы кафедрасы
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

ПАРАДИГМАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ АЯСЫНДАҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ УНИВЕРСАЛИЙЛЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Түйін. Ұсынылып отырған мақалада тілдік универсалийлерді зерттеудің негізгі бағыттары және әртүрлі параметрлер бойынша жіктеу қарастырылған, «әмбебап» ұғымын анықтаудағы түрлі көзқарастар талданады.

Кілт сөздер: семантикалық өріс, типология, лингвистика, әмбебап, тіл.

Резюме. В статье представлены основные направления исследования и классификации языковых универсалий по различным параметрам, анализируются различные подходы к определению понятия «универсалии».

Ключевые слова: семантическое поле, типология, лингвистика, универсалия, язык.

Summary. The article presents the main directions of research and classification of language universals by various parameters, analyzes various approaches to the definition of the concept of "universal".

Keywords: semantic field, typology, linguistics, universal, language.

Тіл білімінде әлі де олардың нақты шешілуін қажет ететін көптеген сұрақтар бар. Бұл олардың мәселелерді жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін жаңа тәсілдер мен қағидаттарды зерттеуге қосылуына байланысты. XX ғасырдың ортасынан бастап қазіргі кезге дейінгі дамуы антропоцентризм принципінің үстемдігі ғылымдағы гуманистік аспектілердің алдыңғы қатарына шықты. Олардың бірі – әмбебаптылықтың аспектілерін, сонымен қатар тілдің бірегейлігін тереңірек, егжей – тегжейлі зерттеу.

Универсологияны әлемнің барлық немесе көптеген тілдерінде кездесетін жалпы, маңызды белгілер тілдік универсалийлер (әмбебаптар) қызықтырады. Бұл белгілерді зерттеушілер гипотеза түрінде қарастырады, олар нақты тілдердің эмпирикалық материалында тексеріледі. Басқаша айтқанда, лингвистикалық универсология ең алдымен теориялық және дедуктивті пән болып табылады.

Қазіргі уақытта, жер бетінде кездесетін барлық тілдердің түрлері ғылымға белгілі, сондықтан бұл түрлердің кейбір өкілдері терең және жан-жақты зерттелген. Бұл факт тілдердің

әмбебап қасиеттерін анықтауға деген қызығушылықты арттырудың объективті себептерінің бірі болып табылады.

Тілдік универсалийлерді зерттеу когнитивті және коммуникативті лингвистивканың аралас салалары үшін зор маңызға ие: ол бұдан басқа адам танымының тілдік салаларының заңдылықтарын анықтаумен тығыз байланысты, сондықтан да тіл үйренумен байланысты ғылымдарды дамыту аса маңызды. Көптеген лингвистердің тілдің жалпы теориясын ең алдымен лингвистикалық әмбебап теория деп санайтындығы кездейсоқ емес. Джозеф Вандрийлерге: «Барлық ендіктерде бір ғана адам тілі бар деген тұжырым қате болмайды. Дәл осы идея жалпы тіл біліміндегі эксперименттердің негізінде жатыр» [1, 323].

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі лингвистикалық универсалийдің мазмұндық құрылымын талдау мәселесі көптеген тілтанушылардың назарын аударады. Бұл ең алдымен семантика саласында, атап айтқанда лексикалық семантика саласында, тіл мамандары басқа салаларға қарағанда әлдеқайда қарапайым нәтижелерге қол жеткізгендігімен байланысты. Қазіргі уақытта жекелеген тілдерде және типологиялық зерттеулер аясында семантикалық өрістердің лексикалық бірліктерінің топтарын сипаттауға арналған жұмыстар бар, олар нақты нысандар мен дерексіз категориялардың атауларын қамтиды. Бірақ әртүрлі тілдер материалы бойынша лексиканың барлық қабаттарын салыстыратын зерттеулер жоқ, сондықтан зерттеулерде туындайтын жалпы теориялық және практикалық сипаттағы белгілі бір қиындықтарды көрсетеді.

Зерттеушілер әртүрлі тілдік универсалийлерді анықтайды. Универсалийдің белгілі бір түріне жатуы оның құрылымы мен ақпарат дәрежесіне байланысты анықталады. Тілдік универсалийді әртүрлі параметрлер бойынша бірнеше жіктеу бар: фонологиялық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік, формальды-семантикалық, дәлелді, ақпараттық, ономастикалық, лингвистикалық және экстралингвистикалық, типологиялық, дедуктивті және индуктивті, абсолютті (толық) және статистикалық (толық емес), қарапайым және күрделі, синхронды және диахронды, лингвистикалық және сөйлеу, абстракцияның әртүрлі деңгейлеріндегі универсалийлер.

Тілдің әмбебаптығын анықтау, ең алдымен, тіл білімі үшін қажет. Универсалийлерді білу белгілі бір әлеуметтік құбылыс ретінде тілдің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және нақты тілдерді зерттеуде маңызды әдістемелік рөл атқарады. Тілдік универсалийдің айқын мәселесі Дж. Гринберг (J. H. Greenberg), Ч. Осгуд (Ch. Osgood), Дж. Денкинстің (J. Jenkins) тілдік универсалий туралы белгілі Меморандумның жариялануына байланысты ресми бағыт алды [2, 31]. Универсал проблемасын Эльслев Луи (L. Hjelmslev) сияқты структурализм өкілдері және Н.Хомский (N. Chomsky) мектебінің лингвистері зерттеген. Алайда, универсалийлермен нақты жұмыс Н.С. Трубецкой мен Р.О. Джейкобсонның жұмыстарынан басталды. Сонымен қатар тілдік универсалийді зерттеуде Ослода өткен лингвистердің VIII конгресінде (1958) Р.О. Джейкобсонның танымал баяндамасының рөлі зор болды.

Тілдік универсалийді зерттеу салыстырмалы тілдердің сыртқы айырмашылықтардың артында жасырылған ортақ қасиеттерін анықтау болып табылады. Алайда, орыс және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, Б.А. Успенский, С.Г. Шафиков, О.Н. Шувалова, М.Ю. Мухин, Н.Ф. Алефиренко, Ш.Қ. Жарқынбекова, Б.Қ. Жұмабекова сияқты ғалымдар лингвистикалық универсалий мәселелердің әлемнің ұлттық бейнесі тілінде көрініс табуын жеткілікті зерттелмегенін және терең теориялық түсінуді қажет ететіндігін көрсетті.

Ғ.Х. Демесинова өз еңбегінде тілдердегі ұқсатықты анықтау ареалдық және генетикалық типологияға да тән екенін мәлімдейді, негізінен олар белгілі бір географиялық аймақпен шектелгенін, генетикалық типология генетикалық байланысты тілдер тобымен айналысатынын көрсетті. Тілдік универсалийге жайлы сөз қозғасақ, шын мәніде бұл шектеулер жоқ. Сонымен қатар, лингвистикалық универсалий салыстырмалы түрдегі тілдік бірліктерді жүйелейді. Тіл фактілерін жалпылау тұрғысынан лингвистиканың бұл бөлімі басқа лингвистикалық зерттеу әдістерімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие [3, 30].

Т. Қордабаев, Ғ. Қалиевтің еңбектерінде «Ортақ тілдік құбылыстар (универсалдар) салғастырмалы тілдерде әр түрлі деңгейде қолданылады: олардың қолдану деңгейі тілдің типологиялық мінездемесін беруде өте маңызды болып табылады. Кез келген тілді құрылымдық сипаттау кезінде ең маңыздысы – ішкі сөзжасамдық және семантикалық белгілері. Қазақ, ағылшын тілдеріндегі лингвистика терминінің құрылымындағы аффикстер мен олардың мағыналарындағы ортақтық ортақ тілдік құбылыстар ретінде қарастырылады. Жалпы тіл заңдылықтарының өзі барлық тілге ортақ. Барлық тілдер өз тілдерінің жеке құрылымдарын жалпы тіл білімінің заңдылықтарымен байланысты қарастыратындығы белгілі» [4, 221].

С.Г. Шафиков тілдің әмбебап типологиясын екі қағидаға, деңгейге және онтологиялық принципке негізделеді деп санайды. Мысалы, деңгейлік принцип бойынша (фонологиялық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік универсалийлер лингвистикалық құрылым деңгейіне қарай бөлінеді) және онтологиялық принцип (онтологияға сәйкес формалды және семантикалық универсалий ажыратылады).

Олар маңызды универсалийдің жиынтығы ретінде, әрқайсысы әр тілде жүзеге асырылатын екі түрлі моделімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, әрқайсысы кемінде бір тілде жүзеге асатын шектеулі санды нұсқалар жиынтығын құрайтын ақпараттық универсалий жиынтығы [5, 82].

Лексикалық категориялардың әмбебаптығы аталған екі типтің біреуінің негізінде құрылатындығына назар аудару қажет. Осы қағидаларға сүйене отырып, лингвистикалық типологияда сирек кездесетін, лексикадағы семантикалық әмбебаптарды ұмытпауымыз керек.

Семантикалық әмбебаптардың өздері ақпараттық емес болуы мүмкін екендігі айтылды, бірақ оларсыз әлем тілінің қасиеттері мен нақты тілдердің қасиеттері арасында маңызды сәйкестіктерді көрсету мүмкін емес.

Тілдік универсалийлерге типологиялық қатынас пен генеративті грамматика аясында қабылданған тәсілдің арасындағы негізгі айырмашылықтардың бірі - тілдік универсалдардың мәртебесі сөйлеушінің лингвистикалық білімі тұрғысынан қарастырылады, яғни тілдік универсалийлердің сөйлеушінің ой-өрісіндегі грамматикалық көріністің бөлігі болып табылуында. Тілдік универсалийлерді зерттеу тарихы негізінен орта ғасырларда басталған әмбебап грамматиканы әзірлеу талпыныстарынан бастау алады.

С.Кристофароның (Павиа университеті) зерттеуі бойынша типологиялық әмбебаптар тілдерде нақты грамматикалық құбылыстардың таралу заңдылықтарын сипаттайтын, эмпирикалық жолмен құрылған жалпылау болып табылатындығын көрсетті. Бұл үлгі заңдылықтары барлық тілдерде немесе статистикалық тұрғыдан маңызды тілдерде кездесетін дәрежеде әмбебап болып саналады [6, 34].

Мұндай инвариантты оқшаулаудың мәні мынада: оның көмегімен жалпы типологиялық заңдылықтардың арақатынасы және олардың тілдердегі нақты әртүрлілігі анағұрлым толық ашылып, зерттеледі, яғни кез-келген типологиялық зерттеудің маңызды міндеті аталған жолмен шешіледі.

Типологиялық зерттеулерде, сондай-ақ тілдік универсалийлерді іздеумен айналысатын зерттеулерде қандай да бір тілдік бірліктердің немесе тілдік бірліктердің белгілі бір сипаттамаларының (белгілерінің) кездесу жиілігінің факторы көмекші рөл атқарады. Басқаша айтқанда, ол жалпы сөйлеу қызметінің онтологиялық сипаттамаларының бөлігіне қарағанда, талдау құралы болып табылады. Мұндай тәсіл алдын ала бөлінген белгілерді есептеп шығаруға және осы негізде белгілі бір өзара байланыс жүйесін орнатуға мүмкіндік береді. Осылайша, мұнда жиілік метаанализ құралы ретінде әрекет етеді.

Г. П. Щедровицкий лингвистиканың қазіргі жағдайы тұрғысынан универсалий мәселесі туралы негізгі ойы бойынша, осы саладағы базалық ұғымдардың шешілмегенін осы бағыттағы терминологиялық проблема деп көрсетеді [7, 79]. Алайда терминологиялық проблема аса маңызды проблеманың салдары болып табылады, нақты айтқанда зерттелетін объект – тіл туралы бірыңғай онтологиялық түсініктің болмауымен байланысты.

Негізінде, тілдік универсалийлер анықтамасын Ч.Ф. Хоккет береді: «Тілдік универсалийлер - бұл барлық тілдерге немесе жалпы тілге тән кейбір ерекшелік немесе қасиет» [8, 45]. Анықтамада Б.А. Успенскийдің әмбебаптылық қағидаты қатаң емес және тілдік универсалийлер негізінде «барлық тілдерге немесе олардың абсолютті көпшілігіне ортақ заңдар» ретінде анықталады. Б.А. Успенский тілдік әмбебаптардың түрлерін бірнеше себептер бойынша дихотомалық қарсыласулар түрінде сипаттайды: 1) дедуктивті / индуктивті; 2) абсолютті (толық) / статистикалық (толық емес); 3) қарапайым / күрделі; 4) синхронды / диахронды; 5) тіл / сөйлеу; 6) абстракцияның әр түрлі деңгейлеріндегі әмбебаптар [9, 10].

Б.А. Серебренников бұл анықтаманы дұрыс емес деп санайды, өйткені онда құбылыстың екі түрі қарастырылады: типологиялық емес, лингвистикалық және типологиялық (тіл біліміне тән). Б.А. Серебренников ойынша лингвистикалық әмбебаптың негізі концептуалды белгісі емес, тек тіл білімінің біртұтастығы бола алады. Сондықтан ол әмбебап құбылыстар мен тілдік әмбебаптарды дұрыс ажыратуды ұсынады. Зерттеуші әмбебаптық және тұжырымдамалық категорияларды қоса алғанда, әмбебаптылық пен абсолюттілік белгісі бар құбылыстарды қоспағанда, лингвистикалық әмбебап ұғымын шектейді. Оның анықтамасының негізінде концептуалды белгіден гөрі, лингвистикалық біркелкілік бар. «Тілдік универсалийлер - бұл

әлемнің әртүрлі тілдерінде жоғары жиілік деңгейімен көрінетін, белгілі бір нәтиже беретін, лингвистикалық элементтердің немесе бір типтегі процестердің жүйелік арақатынасын білдірудің біртекті, изоморфты тәсілі» [10, 5].

Сондықтан біз жалпыға ортақ құбылыстар мен тілдік әмбебаптарды дұрыс ажыратуды ұсынамыз.

Әртүрлі тілдердегі тілдік белгілердің тоғысуы барлық немесе көптеген тілдерге сәйкес келетін кейбір жалпы заңдылықтардың (құрылымдық белгі, заң, ерекшелік, тенденция) дамуына әкеледі. Бұл заңдылықтарды тіл білімінде тілдік универсалдар деп атау қабылданған. Мысалы, орыс, ұйғыр тілдерінің материалдарына сүйенген ғалым қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра, салғастыра қарайды, нәтижесінде қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалауға ат салысады. Сондықтан Ы.Маманов кез келген тілді өзіндік табиғатына сәйкес зерттеу үшін тілдерді салыстыруда, салғастыруда жүйесі бір тілдер мен жүйесі басқа тілдердің материалдарын өзінің ретімен, орынды пайдаланғанды ұсынады: "Жүйесі басқа тілдердің грамматикалық құбылыстарының жүйелі тәртібін, заңдарын басшылыққа алып, сол заңдарды екінші бір тілге күштеп ендіру тіл біліміне үлкен қиянат", – деп жазады [11].

Тілдердегі белгілі бір құбылыстардың әмбебаптылығы туралы идея ешқашан тілдің табиғаты мен мәні мәселелеріне жүгінген ғалымдар үшін бөтен емес. Тіл біліміндегі логикалық бағыт тілдердің айырмашылықтарына емес, жалпы тілдерге назар аударды. Осылайша, лингвистикалық әмбебаптық дегеніміз - әлемнің көптеген тілдерінде кездесетін қасиет. Көбінесе әмбебап нұсқа деп аталады, бұл адам өміріндегі осындай заңдылық туралы тұжырым (пікір).

Сонымен, әмбебаптардың түрлерін қарастыра отырып, әмбебаптылық барлық тілдерге немесе олардың көпшілігіне тән қасиеттер деп тұжырымдай аламыз.

Тілдік универсалийлер - барлық тілдердің немесе олардың көпшілігінің қасиеттері. Тілдік универсалийлер теориясы мыналарды қарастырады және анықтайды:

1. Барлық адам тілдерінің жалпы қасиеттері бойынша жануарлар тілдерінен айырмашылығы;
2. Тілді бір немесе басқа тәсілмен білдіретін мағыналық категориялардың жиынтығы.
3. Барлық тіл деңгейлеріне байланысты тілдік құрылымдардың жалпы қасиеттері.

Қазақстандық ғалымдардың салыстырмалы - салғастырмалы лингвистикалық зерттеулеріндегі әмбебаптардың орнын анықтай отырып, келесі міндеттерді айқындауға болады. Бұл міндеттер: 1) табиғи қазақ тілінің әмбебап моделін құру және 2) қазақ тілінің көптеген әмбебап категориялары, белгілері мен қасиеттері жүзеге асырылатын өзгерістер мен нұсқаларды зерттеу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Вандриес Жозеф. Язык: лингвистическое введение в историю. (Лингвистическое наследие XX века) - Москва : УРСС, 2001. 323б.
2. Гринберг Дж., Осгуд Ч., Дженкинс Дж. Меморандум о языковых универсалиях // Новое в лингвистике. М.: Издательство иностранной литературы, 1970. Т. 5. 31–44 бб.
3. Демесинова Г.Х.. Основные понятия типологии языков: учебно-методическое пособие. Павлодар, -2006. - 30б.
4. Қордабаев Т., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. Алматы: Дәуір,- 2004. – 221б.
5. С.Г. Шафиков, Доклады Башкирского университета. 2016. Том 1. №1 - 81-89 бб.
6. S.Cristofaro The Oxford Handbook of Linguistic Typology, 2010 – 34б.
7. Источник Филологические науки. Вопросы теории и практики Тамбов: Грамота, 2016. № 5(59): в 3-х ч. Ч. 2. ISSN 1997-2911. 79-83 бб.
8. Хоккет, Ч. Ф. Проблема языковых универсалий / Ч. Ф. Хоккет // Новое в лингвистике. – М. : Прогресс, 1970. – Вып. 5. –45–76 бб.
9. Успенский, Б. А. Проблемы универсалий в языкознании / Б. А. Успенский // Новое в лингвистике. – М. : Прогресс, 1970. – Вып. 5. –. 5–30 бб.
10. Серебренников, Б. А. О лингвистических универсалиях / Б. А. Серебрянников // Вопросы языкознания. – 1972. – № 2. –3–16 бб.
11. Ы.Е. Маманов. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Абзал-Ай, -2014

Әбдірова Ш.Г.
Гуманитарлық ғылымдар магистрі, докторант
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
abdirova_83@mail.ru

Әбдіғази С.Х.
Гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ҰРАН, ҮНДЕУ МӘТІНДЕРІНІҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Түйін: Мақалада ұран, үндеу мәтіндерінің идеологиялық аспектісі зерттеледі. Ұран мәтіндерінің игерілуі, дискурстық айналымы анықталып, заманауи ұран мәтіндерінің ерекшеліктері сауалнама негізінде талданады. Мақалада қазіргі қолданыстағы ұран, үндеу мәтіндеріне сипаттама беріледі.
Түйін сөздер: ұран, үндеу, дискурстық айналым, идеологиялық аспект.

ИДЕОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ТЕКСТОВ ЛОЗУНГОВ И ПРИЗЫВОВ

Резюме: В статье рассматривается идеологический аспект текстов лозунгов и призывов. Определяется освоение и дискурсный оборот лозунгов и призывов, анализируются особенности (специфика) текстов современных лозунгов, призывов на основе опроса. Дается описание (характеристика) текстов лозунгов, призывов, используемых в данное время.
Ключевые слова: лозунг, призыв, дискурсный оборот, идеологический аспект.

IDEOLOGICAL ASPECT OF SLOGANS TEXTS

Summary: In a stat is considered the ideological dimension of the texts of the slogans and appeals. The development and discourse turnover of slogans and appeals determined the features (specificity) of the texts of modern slogans and appals are analyzed on the basis of a survey. The description (characteristic) of the texts of slogans used at this time is given.
Keywords: slogan, the slogan of the call, discourse turnover, the ideological aspect.

Тілді танымдық тұрғыдан зерттеу қазақстандық лингвист ғалымдарды да жаңа бағытта еңбектенуге жетеледі. Осы салада тілші ғалымдар дискурсология мәселесімен шұғылданып, дискурстың типологиясын зерттеді. Қазақ тіл білімінде заңи, саяси дискурс ғалымдар тарапынан қарастырылғанымен, саяси дискурстың құрамдас бөлігі идеологиялық дискурс зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі. Біз зерттеу мақаламызда ұран, үндеу мәтіндерінің идеологиялық аспектісін тануды жөн көрдік. Ұран, үндеу мәтіндерінің қолданылуы тарихы шайқастармен, батырлардың жекпе-жек айқасымен байланысты. Тәуелсіздік жолындағы көтерілістерде де ұранды тіркестер көп қолданылды. Әр заманның идеологиялық талабына сәйкес ұранды тіркестердің мазмұны мен тілдік құрамы да әрқилы құрылымға ауысып отырды. Жаугершілік кезеңінде шайқаста, батырлар жекпе-жегінде ұран ретінде аруақ аты мен, ру аттары жекелеген батырлардың есімдері жиі қолданған. *Абылайлап атой салды, жауға ұрандап шапты, ұран салды* деген тіркестерді тарихи көркем туындылар мен батырлар жырларынан жиі кездестіреміз. Кейінгі жылдары қазақ зиялыларының туындыларында білім мен ғылымды насихаттау мақсатында М.Дулатовтың «Оян, қазақ!», Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!» өлеңдері сауаттылық пен еркіндікке шақырудың мәңгілік ұранына айналды. Демек ұранды тіркестердің адамға әсері мен беретін мотивациялық күші өте жоғары. Ат үстінде атойлаған батырларымыздың ұранды тіркестерімен берілетін рух күші қазір идеологиялық тәрбие беру мақсатында қолданылатын ұранды тіркестерде көрініс табады. Қазіргі заманауи ұран, үндеу мәтіндерінің тілдік құрылымы мен идеологиялық аспектісі қандай? Осы мәселені анықтау мақсатында талдау жасасақ. Ұран, үндеу мәтіндері белгілі бір ақпаратты саналы, мақсатты түрде хабарлау және игертуге бағытталады. Кез келген ақпарат танушының көкжиегіне байланысты түрліше игерілуі мүмкін. Зерттеу нысанына Ақтөбе, Ақтау, Қандыағаш қалаларының көшелерінде, мекеме, түрлі ғимараттарда ілулі тұрған ұран, үндеу мәтіндері алынды. Жинақталған ұран, үндеу мәтіндерін мазмұнына қарай мынадай топтарға жіктедік: **мотивациялық** (*«Біз болашаққа сенеміз!», «Жастар – ел тірегі!»,* «Ел болашағы жастардың қолында!», «Елбасымен бірге – жаңа жеңістерге!», «Жастар болашағымыздың тірегі, жас ұрпаққа барлық жол ашық» «Қазақстанның

гүлденуі үшін!» «Тамаша таңдау!», «Айқын мақсат!», «Ортақ мүдде!», «Кемел келешек», «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік!»); **лидерлерді дәріптеу** («Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», «Елбасы – ел тірегі, ел намысы», «Елбасы – ел тірегі, жас ұрпақ – ел білегі!»); **салт-дәстүрді, ел тарихын дәріптеу:** («Біздің тарихымыз – ол бірлік пен тұтастықтың тарихы», «Ақтөбеге 150 жыл!»); **ынтымақтыққа, бейбітшілікке баулу**: («Бірлік түбі – береке!», «Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!»); **салауатты өмір сүруді насихаттау**: («Бақытың да, байлығың да - Денсаулық», «Саламатты ұлт – жарқын болашағымыздың тірегі», «Ана мен бала денсаулығы басты мақсатта»), **елтанымдық:** («Астана – ұлт келбеті!» «Құтты мекен Ақтөбе», «Қандыағаш – құтты мекен!» «Мұғалжар туған байтағым!»); **рухани құндылықтарды дәріптеу:**(«Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі», «Адамдар – біздің байлығымыз», «Қазақстанның ең басты құндылығы – Ел тәуелсіздігі», «Тілім менің – қасиетті қазынам!», «Тәуелсіз Қазақстан – Байтақ елім!», «Татулығы жарасқан Қазақстан»). Зерттеу барысында төмендегідей авторлық қолданыстағы ұран, үндеу мәтіндері кездесті: («Тілден артық қазына жоқ, тілден артық байлық жоқ!» Н.Ә.Назарбаев, «Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды» Н.Ә.Назарбаев, «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта тірілтуіміз керек» Н.Ә.Назарбаев, «Біз Қазақстанның болашағы саналатын жастарды қолдауымыз керек» Н.Н.Назарбаев, «Қазақстанның ең қастерлі құндылығы – Ел тәуелсіздігі!» Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» Н.Ә.Назарбаев. «Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру» Қасым-Жомарт Тоқаев, «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» А.Байтұрсынов, «Өмір сүру үшін өзгере білу керек», «Ел ертеңі – білімді жастар!» Н.Ә.Назарбаев, «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен - кітапхана» Ә.Кекілбаев. «Бүгін жас мамандарды Қазақстан жұртшылығына тапсыра отырып, олар алған білімдерін іске асыра алар, көптің күткеніндей жеміс берер, ұлт мәдениетін құру жұмысында бұлар үмітті ақтап, шын қайраткер болар деп сенемін. Қ.Жұбанов», «Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады» Н.Ә.Назарбаев).

Ұран сөзіне Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ұран I Үндеу, шақыру, дабыл. Ұран тастады [салды] – дабыл қақты, ұрандады. II Белгілі бір іс-әрекеттің негізгі мақсатын білдіретін қысқа ұғымды сөз тіркесі» деген анықтама беріледі [1,860]. Ұран үндеу мәтіндерінің жұмсалу тарихын зерделесек, ұран, үндеу сөздері адамды жігерлендіріп, рух береді. Бұған батырларымыз жауға шапқанда «Я, аруақ!» деп ұрандап шабуы, ханды таққа отырғызғанда ұранды тіркестерді қолдануын айтуға болады. Бұған дәлел ретінде Фразеологиялық сөздікте: «*Ұран-сүрен салды, ұран тастады* (шақырды, шашты) *ұрандап айғайлады, дабыл қақты, жар салды*. Ахмет хан қалмақты рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, - жан алушы болды дегеннің орнына... Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп *ұран-сүрен салыңыз* деп бұйырады... (Абай) Ер жігіт *ұран тастағанда*, Үн қоспай кім қалады бастамаға, Әркімнің мақсаты да осы емес пе, Теңделу маяк болған жақсы адамға (Х.Қыдыров). Қарсыласып екі топ, Іріктеді батырды, Қалмақ соғып барабан, Қазақ *ұран шақырды* (Д.Бабатайұлы). Кеңестің іздегені азаттық тең, Адамдық ықтиярын қылмақшы кең, Ескеріп, есепке алып, *ұран шашып*, мұндай ілгеріде болып па ең? (Ә.Тәңірбергенов). [2,732] Көркем әдеби туындыларда ұран салды тіркесі жиі кездеседі. Ұранды тіркестердің қазіргі ұрандардан айырмашылығын анықтау мақсатында көркем туындылардағы ұрандарды талдап көрсек.

Барлығы бөліп олжа алды,

Әуелгі шыққан соғысы.

Он жеті жаста шеп бұзып,

Ақжолдап салды ұранды [«Өтеген» жыры]

Сабалақ «Абылай» деп ұран салды,

Найзаны майырылған жұлып алды.

Құлаштай сар бестіге қамшы басып,

Ағындап шауып келіп кезек алды

... Азырақ сөз сөйлейін шынды бұрмай.

Шын аты Абылайдың Әбілмансұр,

Сабалақ деп аталып болған бір сыр.

Ұран сап «Абылайлап» жауын жеңіп,

Кейінгі ұрпақтарға қалдырған жыр. [«Абылай хан»]

Батырың «Жәнібек» деп айғайлаған,..

... Жәнібек, Жәнібек деп! – деп ұран салдым...

Көркем шығармалардағы ұранды мәтіндерде негізінен ұран ретінде әруақ аттары (Пір Бекет, Аруақ), ру аттары (Беріш, Сүйіндік), ата-баба есімдері (Абылай, Жәнібек) қолданылған. Сонымен қатар соғыс майданында жігерлендіру, жұмылдыру мақсатында *алға, шабуылда* т.б. секілді етістікті тіркестер қолданылған. Талдау негізінде заманауи ұранды мәтіндердің келесідей айырмашылықтары анықталды: замануи ұранды тіркестер негізінен сөйлемдерден құралған. Батырлар жыры, көркем туындылардағы ұрандар жалаң сөздерден немесе сөз тіркестерінен жасалған. Ұран мәтіндерінің идеологиялық аспектісі толық сақталған. Көшпенді кезеңдегі ұрандардың идеологиялық мақсаты - жер қорғау, азаттықты сақтау. Кеңестік дәуірдегі ұрандарда негізінен еңбекке жұмылдыру, бейбітшілік үнделеді. Қазіргі заманауи ұран мәтіндері мазмұнына қарай жіктелген: *мотивациялық, лидерлерді дәріптеу, салт-дәстүрді, ел тарихын дәріптеу; ынтымақтыққа, бейбітшілікке баулу, салауатты өмір сүруді насихаттау, елтанымдық, рухани құндылықтарды дәріптеу.* Ал осы ұрандардың идеологиялық әсерлілігі бар ма? Ұран, үндеу мәтіндерінің дискурстық құзыреттілік деңгейі қандай? деген сауалдарды талқыласақ**.** «Дискурс – сөз әрекеті, бірақ ол тек айтылған сөз сапасында емес, айтушысымен, тыңдаушысымен, олардың әлеуметтік статусы, психологиясы, жас ерекшелігі мен тәрбиесі сол сөйлеу сәтіндегі мақсаты, ұлты мен жынысы қоса ескеріліп талданатын сөз әрекеті [3,3]». Барлық ұран, үндеу мәтіндерін оқу, тану барысында дискурстық байланыс түзіледі. Ұран мәтіндерін жазушының берген ақпаратын қабылдаушы немесе игеруші яғни дискурсқа түсуші әр қилы қабылдауы мүмкін. Бұл сөзімізді айғақтау үшін ұран, үндеу мәтіндерінің қабылдаушы тарапынан игерілуін, идеологиялық аспектісін анықтау мақсатында алынған сауалнаманы талдап көрсек. Сауалнамаға 17-70 жас аралығындағы респонденттер қатысты. Респонденттердің саны 300 шамалас. Ұлттық ерекшелігіне қарай пайыздық көрсеткіші 80% - қазақ, 15% - орыс, 5%- өзге ұлт өкілдері. Сауалнаманың 1 сұрағы – *Көшеде немесе ғимараттарда ұран, үндеу мәтіндерін кездестіресіз бе? Оларды оқисыз ба? Респонденттердің 100* % оқимын деген жауап берген. Бұл ұран мәтіндерінің дискурсқа түсуге бейімділігін, идеологиялық мақсатты жүзеге асыру мүмкіндігінің жоғары екендігін аңғартады. 2 сұрағы – *Ұран, үндеу мәтіндерінің қызметі қандай? Не үшін жазылған?* Сауалнамаға қатысушылардың жауабы жастардың патриоттық сезімін ояту, халыққа ақпарат беру, саяси мақсатта, халықты өзіне қарату, дипломатиялық жүйені жүргізу, ереуілге шақыру, жобаларды насихаттау, көпшіліктің назарын аудару, ой салу, рух көтеру, алға жетелеу, бірлікке шақыру, патриоттық тәрбие деген жауаптарды қамтиды. 3 сұрағы - *Сізге қалай әсер етеді.* Респонденттердің 100% назарында ұстайтынын, патриоттық ұрандардың ерекше әсер беретінін көрсеткен. 4 сұрағы – «Өмір сүре білу үшін, өзгере білу қажет» деген ұранды мәтінді қалай түсінесіз? Көпшілігі өміріңді өзгерт, жаңашылдыққа ұмтыл деген жауап берген. Бірнеше нақты жауапты талдасақ. «Сіз өмір сүріп жатқан қоғамға сіңісіп біте қайнасып кетуіңіз керек, сонда ғана өмір сүре аласыз». Бұл респонденттің жауабында өмірін өзгертудің өзіндік бағдарымен қабылдаған. Оның мақсатын тіл игеру, қоғам талабына сәйкес икемделу. «Өмірде неше түрлі қиындықтар, қуаныштар кездеседі. Соған көңіліңді өзгерту керек». Бұл адам өзгерісті жеке өміріндегі сәттермен байланыстырған. Бұған сол адамның психологиялық, темпераменттік күйі әсер еткен болуы мүмкін. Сонымен қатар ол елбасы жолдауынан хабарсыз болуымен де байланысты. «Өмір деген өзгерістерден тұрады». Бұл респондент өмірдегі жас ерекшелік, әлеуметтік статустық өзгерістерге қатысты қабылдап, түйін жасаған. 5 сұрақ – «Елбасы ел тірегі» дегенді қалай түсінесіз? Респонденттер елбасын басшы, халықтың бетке ұстар адамы ретінде

таныған. Елбасына патша, көсем, біртуар, болашақ метафоралық тіркестері телінген. Яғни ұран толық игеріліп, дискурсқа түсуші санасында еркін танылып, метафоралық баламалармен қайта туындап тұр. 6 – сұрақ «Ұран үндеу мәтіндерінде идеологиялық мазмұн бар ма?» Сауалнамаға қатысушылардың 100% идеологиялық мазмұн бар деп белгілеп ішінара респонденттер елді бірлікке үндеу, мотивациялық ұрандардың көп екендігін жазған. 7 сұрақ – Көркем әдебиетте, батырлар жырында кездесетін ұрандар мен қазіргі заманауи ұрандардың айырмашылығы қандай? Сауалнамаға қатысушылардың жауабы бойынша көркем әдебиеттегі ұрандар батырлардың әруаққа сыйынып, ел-жер қорғау мақсатымен байланыстырып, мысал ретінде *Аруақ, Жәнібек, Абылай* сөздерін көрсеткен. Респонденттер заманауи ұрандарды саясаттың құралы ретінде танып, оны саяси-экономикалық дамумен байланыстырған. 8 сұрақ – «Ұран, үндеу дегенді қалай түсінесіз?» Сауанама қорытындысы бойынша ұранды тыңдаушының назарын аударту, бағыт беру мақсатында қолданылатын тіркестер ретінде танып. Демек ұранның игерілу деңгейі өте жоғары, дискурстық құзыреттілігі күшті. Талдау негізінде аңғарғанымыз, кез-келген сөз немесе сөз тіркесі ұран, үндеу бола алмайды, оның бойында дискурсқа түсушіні идеологиялық мақсатқа жетелейтін кілт сөздер болуы тиіс. Ол кілт сөздер ұранның ядросы, күш, қуаты. Нақтырақ айтсақ, миға сигнал беруші. Ұрандардағы ядро – сөз жекпе-жекте, қан майданда батырларға рух берген. Сол ұранның екпіні жыр бойында сақталып, жырды оқып отырған адамды да рухтандырып жібереді. Ұранды сөздер мен үндеу мәтіндері ерекше екпінмен, дауыс ырғағымен айтылады. Дауыс ырғағы да ұранның дискурстық айналымына ерекше әсер етеді. Сондықтан ұранды тіркестер құрылымы жұмыр, жинақы, ұйқасқа негізделген болып келеді. Ұранның игерілуі яғни дискурстық айналымы ол ұранды айтушы немесе қабылдаушы, естушінің, бірінші, сана-сезімі, екіншіден, сол іс әрекетке қатысына байланысты жүзеге асады. Қорытындыласақ, заманауи ұран, үндеу мәтіндері негізгі функциясын, яғни идеологиялық қызметін жоймаған, бірақ қолданылу аясы өзгерген, яғни кеңістігі өскен, тақырыпты топтарға жіктелген. Бүгінде ұран, үндеу мәтіндері индустриялық дамуға қатысты саяси-экономикалық жобаларды халыққа жеткізу, ақпараттандыру мақсатында кеңірек қолданылып жүр. Сауалнама негізінде ұран, үндеу мәтіндерінің дискурстық құзыреттілігін, олардың дискурстық айналымы, қабылдануы мен игерілу дәрежесі жоғары екендігі анықталды. Сондықтан ұран, үндеу мәтіндерін идеологиялық құрал деп тануға болады. Ұран, үндеу сөздеріне түсіндірмелі сөздікте бірдей анықтама берілгенмен, екеуінің ара жігі бар. Ұран қысқа қолданыстағы, жұмыр тіркестер, сөйлемдер. Үндеу, үгіттеу, насихаттау мақсатында болғандықтан, ол бірнеше сөйлемдерден құралады. Осы тұжырымымызды басшылыққа алып, біздер көшелерде ілулі тұрған авторлық қолданыстағы сөйлемдерден құралған насихат тұжырымдарын үндеу мәтіндері ретінде, ал қысқа жинақы құрылымда жасалған тіркестерді ұран деп қарастыруға болады деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Садирова К.Қ. Дискурсология мәселелері. – Ақтөбе: «Колибри», 2019. – 200 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 969 б.
3. Кеңесбаев І. Фразеологилық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.

ӘОЖ 81.373

Әбікенова Г.Т.
Филология ғылымдарының докторы
Қазақ инновациялық-гуманитарлық-заң университеті
Семей қ.

Байдаулетова А.Ө.
Филология ғылымдарының кандидаты
Болашақ университеті
Қызылорда қ.

Абикенова Г.Т.
Филология ғылымдарының кандидаты
Қазақ инновациялық-гуманитарлық-заң университеті
Семей қ.

ФОНОСЕМАНТИКАЛЫҚ ДОМИНАНТ – МӘТІН ТҮЗУШІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ КОМПОНЕНТ

Аңдатпа. Мақалада мәтінтүзуші мағыналық-құрылымдық бірліктер ретінде фоносемантикалық бірліктердің қызметі қарастырылады. Мәтіннің дыбыстық ұйымдастырылуы мен бейнелік ой байланыстары талданады.

Кілт сөздер*:* мәтін, мәтінтүзім, фоносемантикалық құралдар, фоносемантикалық доминант, дыбыстық доминант, ой байланыстары.

Аннотация. В статье рассматриваются фоносемантические единицы в качестве текстообразующей структурно-смысловой единицы. Анализируются связи звуковой организации текста и образной мысли.

Ключевые слова: текст, текстообразование, фоносемантические инструменты, фоносемантический доминант, звуковой доминант, мыслительные связи.

Annotation. The article considers phonosemantic units as a text-forming structural-semantic unit. The connections of the sound organization of the text and figurative thought are analyzed.

Keywords: text, text formation, phonosemantic instruments, phonosemantic dominant, sound dominant, thought connections.

Мәтінтүзуші мағыналық-құрылымдық бірліктер ретінде фоносемантикалық бірліктердің қызметін қарастыру қажет. Бізді қоршаған ортамыз дыбысқа толы. Кез келген дыбысты қабылдай отырып адам ол дыбыстарды белгілі бір фонетикалық мағыналарға ой арқылы байланыстырады. Қабылданған дыбыстар адамзаттың тұтас сөйлеу-ойлау қызметі арқасында белгілі қасиеттерге ие бола алады.

Дыбыс бейнелеуішке негізделген үдерістерді зерттеумен жас ғылым саласы – фоносемантика айналысады. Фоносемантиканың негізін салушылардың бірі – С.В. Воронин [1]. Фоносемантика теориясының зерттеу объектісі лингвистика ғылымында және басқа да пәндерде ірге тасы қаланып бекіген пастулаттарға негізделеді.

Фоносемантиканы фонетика (дыбысталуы жағынан), семантика (мазмұны жағынан), лексикологияның тоғысуынан туындаған жаңа сала деп танимыз. Фоносемантика этимологиямен, тарихи салыстырмалы тіл білімі және типологиямен тығыз байланысты. Тілдік пәндер аясында фоносемантика психолингвистикамен де байланысады. Фоносемантика объектісі – тілдің дыбыс бейнелеуіш (яғни дыбыс еліктеуіш және дыбыс белгілеуіш) жүйесі. Фоносемантика пәні – пантопохрониядағы тілдің дыбыс бейнелеуіш жүйесі. «Пантопохрония» деген термин («пантопия» + «панхрония») жалпы тілді қарастыру мен дыбыс бейнелеуіш құбылыстар сияқты екі әдістің бірлесуінен туындайды: анығында – «топикалық», яғни кеңістік тұрғысынан қарастыру әдісі мен «хроникалық», яғни уақыт тұрғысынан қарастыру әдісі [1, 21 б.]. Фоносемантика мақсаты – дыбыс бейнелеуіштерді сөз фонемалары мен денотат-нысан атаулары негізіне енетін сыңайлар арасындағы біршама тұрақты, яғни еркін емес фонетикалық тұрғыдан уәжді, қажетті, мәнді, қайталамалы байланысты қарастыру болып табылады. Осы орайда ескерілетін жайт, қазіргі кездегі тіл тасымалдаушыларда «дыбыс пен оның мазмұны» арасындағы фонетикалық тұрғыдан уәжді байланыс арқылы сезілетін дыбыс бейнелегіш сөздер ғана емес, тілдік эволюция барысында бұл байланыс солғынданып қалған, бір қарағанда мүлдем мағынасын жойған, бірақ бұл байланыстар

этимологиялық талдаулар барысында анықталған сөздер де жатады.

Фоносемантика дыбыстық бейнелеуіш жүйенің тұтас ерекшеліктері, дыбыс еліктеуіш және дыбыс белгілеуіш жүйелер, дыбысталудың өлшемдері мен типтері, топтары; денотат дыбыстарының құрылымы, дыбыс бейнелеуіш сөздердің кешенді топтастырылуы, дыбыс бейнелеуіш сөз фонемасының дыбыс бейнелеуіш қызметі, дыбыс белгілеуіш сөздерді анықтайтын критерийлер, грамматикадағы дыбыс белгілеуіштер, мәтін деңгейіндегі дыбыс еліктеуіштер мен дыбыс белгілеуіштер, тілдің шығу тегі, тілдің онто- және филогенетикалық эволюциясы, фоносемантика категориялары, фоносемантиканың эвристикалық мүмкіндіктері сияқты мәселелерді қарастырады. Фоносемантика жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді. Жалпы фоносемантика белгілі бір немесе бір топ тілдердің емес, әлем тілдерінің дыбыс бейнелеуіш жүйесі заңдылықтары мен жалпы заңдарын қарастырады. Ал арнайы фоносемантика белгілі бір тілдің дыбыс бейнелеуіш жүйесінің заңдылықтарымен байланысты.

Кез келген тілдің көркемдік негізіне оның үйлесімділігі мен сұлулығын, айшықтығын білдіретін фонетикалық элементтер жатады. Тілдегі түрлі дыбыстар сезім түйсіктеріне негізделген белгілі бір ой байланыстарын туындатады және ол көркем мәтіннің эмоционалдық күйін түсінуге мүмкіндік береді. Көркем мәтіннің дыбыстық ұйымдастырылуын түсіну мәселесі мәтін лингвистикасындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Мәтіннің дыбыстық ұйымдастырылуы деп автордың мәтін құрылымын фонетикалық тұрғыдан үндес етіп құруын түсінеміз.

Мәтіннің дыбыстық құрылымын реципиенттеу барысындағы түсіну үдерісі фоносемантикалық бірліктерді ұғыну болып табылады. Мәтінде фонемалар мен олардың бірлесуі қайталаулар мен (поэтикалық мәтінде анық көрініс алатын) параллелизмдердің күрделі жүйесін құрайды және ерекше фоносемантикалық құрылымды түзеді. Мұндай фонемалар мен фонемалардың дыбыстық кешендері бір жағынан мәтіндегі мағынаны құрастыруға ықпал етсе, екінші жағынан мәтіннің композициялық деңгейінде мәтін түзу құралдары ретінде пайдаланылады [2] деген О.Д. Кулешованың пікірін негізге ала отырып, фоникалық құрылымдардың стилистикалық сипаттамасына емес олардың мәтін композициясындағы қатынастары мен байланыстарына және құрылымдық-стилистикалық тәсілдеріне басты назар аударамыз. Мәтіннің дыбыстық ұйымдастырылуы барысында дыбыстық доминанттар түрлі репрезентацияға ұшырайды. Осындай жағдайда әр түрлі типтегі мәтіндер туындайды. Фоносемантикалық құралдар сөздегі және тұтас мәтіндегі мағынатүзуші компонент ретіндегі фоносемантикалық ой байланысын сипаттауға мүмкіндік береді. Фоносемантикалық құрал деп қайталанатын дыбыстарды композициялық белгілеудің стилистикалық тәсілдерін айтамыз, олардың талдануы дыбыстың ассоциативті-бейнелі уәжделуі негізінде мәтіндегі имплициттік-коммуникативті астарды анықтауға мүмкіндік береді. Фоносемантикалық құралдарға аллитерация, ассонанс, анафора, эпифора, паронимия, дыбыстық еліктеу сияқты құралдар жатады. Жиілікпен пайдаланылатын дыбыстар дыбыстық доминанттар деп аталады [82]. Мәтіннің белгілі бір үзіндісіндегі дыбыстық доминанттардың сан жағынан шоғырлануы ой байланыстарын туғызады. Біздің ойымызша, реципиенттің ой қызметінің белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін көркем мәтін қасиеті арқылы ояту оның көркемдік қасиетінің маңызды бөлшегі болып табылады. Әр түрлі типтегі мәтіндер, яғни эксплициттілермен (сыртқы) қатар имплицитті контексі бар мәтіндер бар. Мұндай мәтіндер интерпретацияның көп екендігін білдіреді.

Мәтін түсінілу үшін реципиенттің шығармашылық ойлау қабілетінің белсенділігін қажет етеді. Қабылдау үдерісі реципиенттің білім ауқымының деңгейі мен оның мәдени және өмірлік тәжірибесіне тікелей байланысты болады. Мәтіннің дыбыстық ұйымдастырылуын айқындау үдерісі түйсінуден басталады. Дыбыстық ұйымдастырылуды түйсіну үдерісінде психофизиологиялық негізінде жатыр. Адамның есту аппараты өте күрделі болып келеді, онда дыбыстық толқындар өзіне тән физикалық сипаттары бар дыбыс ретінде қабылданады.

Мәтін мағынасын құру үшін ойқызметінің ары қарай жұмыс істеуі қажет, өйткені мағына ой формалары иерархиясындағы жоғары сатыларда тұрады. Бұл жағдайда мағына ойдың категория қасиеттері бар логикалық формасы болып табылады [3].

Фоносемантикалық құралдарды категориялау үдерісі нәтижесінде ой байланыстарымен қабаттасып ой формаларының ары қарай қалыптасуы жалғасады. Ой байланыстары заттар мен құбылыстар ұқсастығына қарай категорияланады, мұнда семантикалық түйін және дыбыстық кілт немесе «көмекші» ретінде мәтіндегі дыбыс символдық компонент алынады. «Кез келген нәрсені атау барысында субъект оның қасиеттерін немесе белгілерін тілдегі болмыс фрагменттерінің бұрыннан белгілі және тұрақталған қасиеттері мен белгілеріне салыстырады» [4].

Мәтінде айтылған ойды толық жеткізуде, сол мәтінге ғана тән айтылу сазын аңғартуда мәтін интонациясының орны ерекше. «Интонация сөйлеу тілінде естілуімен қатар, жазба тілде (сөйлемде, тексте) оқылады деп есептеледі. Себебі, жазушының өзі жазып отырғанының басқалар оқығанда қалай естілетінін, оның қандай интонациямен айтылатынын біліп, тиісті тыныс белгілерін қойып отыруының себебі сонда болса керек. Сондықтан сөйлеу тіліндегі интонацияның жазба текстерде көрініс табуы табиғи нәрсе және жазылған текстің мазмұнына қарай дұрыстап, мәнерлеп оқу да тек қана оның интонациясына байланысты болады» [5, 215 б].

Көркем мәтінді оқи отырып, ондағы тыныс белгілерге, мәтіннің абзацтар мен күрделі синтаксистік тұтастықтарға мүшеленіп берілуіне қарай тиісті интонациясын қоямыз. Мысалы сұраулы, лепті сөйлемдерді тиісті дауыс сазымен оқимыз. Ал олардың интонациясы оқырманға ойды дәл жеткізуге, автордың әртүрлі көзқарасын танытуға септігін тигізеді. Лепті сөйлмдердегі интонация, дауыс тембрі оның мағынасына қарай да өзгереді. *Қандай тамаша!* деген сөйлем мен *Қандай қырсық адам!* деген сөйлемдерді салыстырсақ, олардың эмоцияға толы дыбысталуында ұқсастық болуымен қатар, айтылу тембрінде айырмашылық болуы мүмкін.

Сол сияқты әрбір күрделі синтаксистік тұтастықтың да өзіне тән интонациясы болады. Интонация негізінен сөйлеу тіліне тән құбылыс бола отырып, оны жазбаша мәтіннен де анықтауға болады. Жазба материалдарды оқи отырып, тыныс белгілеріне, мәтіннің абзацтар мен күрделі синтаксистік тұтастықтарға бөлшектенуіне қарай, сондай-ақ поэзиялық шығармалдардағы буын, бунақ түрлеріне қарай оның тиісті интонациясын қойып оқимыз. Мысалы сұраулы, лепті сөйлемдерді оқуда оның тыныс белгілеріне қарап, тиісті интонацияны қоямыз. Интонацияның негізгі бірліктерінің бірі – кідіріс. Жазбаша мәтінді оқуда қай жерде кідіріс жасауды біз ондағы көп нүкте, сызықша сияқты тыныс белгілерінен байқаймыз. Бұл тұрғыда біз жұмыста көркем мәтіннен бірқатар мысалдар келтіріп, талдаулар арқылы интонацияның жазбаша мәтіндегі қызметін анықтауға тырыстық. Тұтас мәтін бөліктерін оқи отырып, оқырман оның интонациясын дұрыс қоюда автордың мәтінді абзацтар мен күрделі синтаксистік тұтастықтарға бөлшектеп беруіне де назар аударады. Сол арқылы интонацияның мәтін прагматикасына, мәтіннің құрылымдық тұтастығына әсерін анықтауға болады деп ойлаймыз.

Әрбір күрделі синтаксистік тұтастықтың, микромәтіннің өзінің интонациясы байқалады. Әңгіменің бастауы мен аяғын білдіретін, яғни оның шекарасын көмкеріп тұратын сөйлемдердің тональділігі оның тақырып өрбуіне қызмет ететін ортаңғы бөлімінің құрамындағы бірліктердің айтылу сазынан баяуырақ, анағұрлым бәсең, ұзақтығы молырақ, салмақтырақ болды. Күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы біркелкі, бірыңғай, бірсарынмен жасалған байланыстарды көрсететін интонация бірыңғай мүшелердің интонациясымен ұқсас, сәйкес келіп отырады. Мысалы:

Ал созылыңқылығы ұзағырақ синтаксистік паузадан соң жалпылауыш мағына білдіріп тұрған немесе ой қорытындысын білдіретін сөйлемдер айтылды. Кейде мұндай паузалар Күрделі синтаксистік тұтастықтың мағыналық топтарының (бірнеше сөйлем топтасқан) ара жігінде, әсіресе қарама-қайшылық, салыстыру, градация көріністерінде болуы мүмкін.

Ораз Мұхамед құтырып кете жаздады. Өкіріп айғайлағысы, еңіреп жылағысы келді. Есікті тепкісі, терезені сүзгісі келді. Көзіне көрінгенді шаққысы келді. Өне бойы дірілдеп, тамағы түйіртпектеліп, ұзақ отырды. Ақыры өзін-өзі билеген. Қайғыға төзе білу де өнер. Адамдық абыройын, сұлтандық мәртебесін ойлаған. Күрделі синтаксистік тұтастық – соңғы екі сөйлемі алдыңғы айылғандарды қорытындылау, тұжырымдау қызметін атқарады.

Мысалы: *Ескер алыныпты. Тым құрса, тұяқ серпуге жарамаған.л өзінің жақындары...әйелі, анасы, әпкесі... Мүмкін емес. Қолбасының айтып тұрғаны... айтып тұрғаны... айтып тұрғаны... Асыл ханым әпкесі. Сібірге екі рет ұзатылды. Бірде ханның інісіне, бірде ел әмірінің өзіне. Соры арылмаған бейбақ! Неге тастап кетті екен. Күйеуі онсыз да тұтылды. Неге алып қашпады екен. Жоқ! Даниял өзінің тұспал сөзінде анасын ауызға алды ғой. Анам, екі қарындасым, үй іші түгел деді!* Осы мысалды тиісті интонациясын қойып оқуда, біз мұндағы тыныс белгілеріне, сонымен қатар күрделі синтаксистік тұтастықтың мағыналық топтары (бірнеше сөйлемдер топтасқан) арасындағы мағыналық қатынастарға назар аударамыз. Кейіпкердің ішкі сөзін беретін бұл мәітннің бірнеше жерінде көп нүкте қойылып, ойдың үзілмелелегін білдіреді.

Бұл туралы З. Базарбаева: «Егер де текстің интонациясын өзгертіп, яғни қатар тұрған сөздердің ырғақтық топтасуын, сонымен байланысты паузасын жылжытса, оның стилистикалық реңкі ғана емес, сөздерінің грамматикалық мағынасы да өзгеріп кетуі мүмкін. Сондықтан интонациялық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстар арасындағы байланыс өте күрделі

болып келеді. Күрделі текстердегі интонацияның компоненттерін, оның көріністерін оған мейлінше үңіліп, экспериментті зерттеу арқылы ғана анықтауға болады»[5, 215-216 бб.], – дейді.

Дыбыстардың параллельді қайталану мен параллелизм ұқсастықтарды белгілеуге қызмет етеді. Семантикалық жақындық бұл жағдайда композициялық ұқсастыққа негізделеді. Параллелизмнің басты қызметі – сәйкес келетін мәтін бөлшектерінің арасындағы ұқсастықты анықтау.

Ақпаратты өңдеп жаңа ой репрезентациясына әкелетін о*йлау* ішкі процесс болғандықтан және ұғымдарды қалыптастыру белгілі бір топтағы объектілердің ұқсастығын анықтауды, қасиеттерді белгілеуді, осы концептуалды қасиеттерді байланыстыратын ережелерді тарқатуды қарастырса, ой байланыстары когнитивтік қызметтердің бір түрі болып табылады. Индивид тәжірибесінде адам есіндегі бір мағынаның пайда болуы екіншісінің пайда болуына ықпал ететіндігі, осы екі мағына (сезінулер, елестетулер, ой, сезімдер т.б.) арасындағы заңды байланыс ой байланыстары болып табылады. Ой байланыстары реципиенттің алған тәжірибелері арқасында қалыптасатындығын атап өту қажет. Осы ой байланысын түзудің күрделі механизмінде дыбыс символдық құбылысы өте маңызды рөл атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Воронин С. В. Основы фоносемантики / С. В. Воронин. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1982. – 244 с.
2. Кулешова О.Д. Фоносемантическая структура текста. (экспериментальное исследование на материале англ. языка): автореф....канд. филол. наук. – М., 1985. – 19 с.
3. Журавлев А. П. Звук и смысл / А. П. Журавлев. – М.: Просвещение, 1991. – 160 с.
4. Михалев А.Б. Теория фоносемантического поля: дисс.... докт. ... филол. Наук. – Пятигорск, 1995. – 324 с.
5. Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. – Алматы: Ғылым. – 1996. – 220 б.

ӘОЖ 81.373

Әбікенова Г.Т.
Филология ғылымдарының докторы
Қазақ инновациялық-гуманитарлық-заң университеті
Семей қ.

Байдаулетова А.Ө.
Филология ғылымдарының кандидаты
Болашақ университеті
Қызылорда қ.

Абикенова Г.Т.
Филология ғылымдарының кандидаты
Қазақ инновациялық-гуманитарлық-заң университеті
Семей қ.

МӘТІННІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БІРЛІКТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада көркем мәтіндегі күрделі синтаксистік тұтастық, абзац сияқты мәтінтүзуші бірліктердің функционалдық-мағыналық сипаты талданады.

Кілт сөздер: мәтін, абзац, күрделі синтаксистік тұтастық, микормәтін, макромәтін,мәтін композициясы, мәтін архитектоникасы.

Аннотация. В статье рассматриваются сложные синтаксические целые, функционально-семантическая характеристика такой текстообразующей единицы как абзац.

Ключевые слова: текст, абзац, сложное синтаксическое целое, микортекст, макротекст, текстовая композиция, архитектоника текста.

Annotation. The article deals with complex syntactic integers, functional and semantic characteristics of such a text-forming unit as a paragraph.

Keywords: text, paragraph, complex syntactic whole, microtext, macrotext, text composition, text architectonics.

Күрделі құрылымдар мен әдістердің бірлігінен құралатын мәтінді түзуші тілдік бірліктердің бірі – күрделі синтаксистік тұтастық. Күрделі синтаксистік тұтастықтар мәтіннің композициялық жағынан бір бірбүтіндігін, оның архитектоникасы мен семантикасының байланысын қамтамасыз етеді.

Мәтін анықтамасының көптеген түрі бар, олардың көп болуы «мәтін» табиғатын және оның мағынасының түсіндірудегі зерттеу әдістемелерінің әртүрлілігіне байланысты. Мәтінге беріліп жүрген түрлі анықтамаларды қарастыра келіп, біз мәтінді – күрделі синтаксистік тұтастық немесе фразадан тыс бірлік деп аталатын, өзіндік бірліктері бар тіл мен сөйлеудің (ауызша және жазбаша) ерекше деңгейдегі құрылымы деген қорытындыға келеміз. Күрделі синтаксистік тұтастық мағыналық бүтіндікке, ішкі элементтер (сөйлемдер) байланыстылығына ие микромәтін болып табылады. Кей жағдайда оның шекарасы абзацпен сәйкес келуі мүмкін, бірақ оларды бір ұғым ретінде қарастыруға болмайды. Сонымен қатар бұлар әр түрлі қызмет атқарады. Абзац зерттеушілердің пікірінше, мәтіннің композициялық-стилистикалық бірлігі деп танылса, күрделі синтаксистік тұтастық – құрылымдық-семантикалық бірлік болып табылады[1]. Мәтін міндетті түрде, қалдықсыз күрделі синтаксистік тұтастыққа жіктелуі қажет еместігін атап өту керек. Күрделі синтаксистік тұтастық функционалдық және прагматикалық қызметі жеке сөйлемдерге қарағанда өзгеше. Мәтінде фразадан тыс бірлік автор өз ойын білдіргісі келген кезде ғана емес, оны автор ойын толығырақ жеткізгісі келіп, оқырман дұрыс түсінсін деген ниетпен пайдаланады. Күрделі синтаксистік тұтастық сөйлем мен тұтас шығарманың арасын жалғастырып тұрады. Кез келген сөйлем өзінің түрлі мән-мағынасын, құрылысын, эмоциялық бояуын, ырғақтық – интонациялық құрылымын тек сол күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамында ғана атқара алады. Күрделі синтаксистік тұтастықтар мағыналық және құрылымдық жағына ұйымдаса келіп, мәтін түзетін болса, сөйлем пікір білдіру үшін жұмсалатын тілдік тұлға ретінде контекстке бағынышты болып, әрқайсысының өз бастауыш, баяндауыштары бөлек жеке сөйлемдердегі логикалық ой желісінің жақындығы мен үздіксіз әрекетті білдіретін грамматикалық сәйкестіктері арқылы синтаксистік тұтастықты ұйымдастыруға негіз бола алады[2].

Күрделі синтаксистік тұтастыққа тән негізгі белгілердің бірі – оның мағыналық бірлігі. Тұтастық құрамындағы сөйлемдер негізгі бір ой төңірегіне топталады. Күрделі синтаксистік тұтастық ой бірлігімен ғана сипатталып қоймайды, ол сол ойдың аяқталуымен де сипатталады. Мағыналық жағынан аяқталғандық, сөйлемге қарағанда, мұнда басым сезіледі. Жеке сөйлем – мағыналық жағынан аяқталмаған конструкция. Сөйлем мағыналық толықтыққа тек контексте ғана, яғни күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамында тұрып қана ие болады. Контекстен ажыратылған сөйлем өзінің грамматикалық тұтастығын сақтай отырып, мағыналық тұтастығын жоғалтады. Демек күрделі синтаксистік тұтастықта сөйлеммен салыстырғанда, ойдың дамуы әлдеқайда күрделі болып келеді. Осы мағыналық тұтастыққа синтаксистік бірлік сай келеді, яғни екінші белгісі – оны құрап тұрған сөйлемдердің өзара тығыз байланысқан синтаксистік бірлігі. Күрделі синтаксистік тұтастық дегеніміздің өзі құрылымдық жағынан алғанда жеке сөйлемдердің байланысу тәсілдері болып табылады. Күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамына енетін сөйлемдер жалғаулықтар, есімдіктер, үстеу сөздер, модаль сөздер, сөздердің орын тәртібі, қайталанған сөздер, етістік баяндауыштардың жақтық, шақтық тұлғаларының біркелкі болып келуі арқылы байланысады. Күрделі синтаксистік тұтастыққа тән тағы бір белгі - біртұтас интонациялық-ырғақтық бірлік. Күрделі синтаксистік тұтастыққа бірігуші сөйлемдердің арасы біркелкі дауыс ырғағымен, араларына сәл кідіріс түсіріліп айтылса, көршілес екі күрделі синтаксистік тұтастықтар арасында сәл ғана пауза болады. Мысалы, күрделі синтаксистік тұтастықты құрап тұрған сөйлемдер дербес хабарлы сөйлемдер болса, дауыс ырғағы оның соңына қарай төмендейді де, келесі күрделі синтаксистік тұтастық көтеріңкі дауыс ырғағымен басталады.

Күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу тәсілдері, негізінен, екі түрлі. Соған байланысты күрделі синтаксистік тұтастықтарды құрылымдық жағынан екі топқа бөліп алып қарауға болады. Бірінші түрінде күрделі синтаксистік тұтастыққа бірігуші сөйлемдер бір-бірімен іліктестік қатынаста байланысып тұрады, яғни сөйлемдер бірінен-бірі туындап, соңғысы алдыңғысына бағынып отырады. Бұл жай бірінші сөйлемнің элементі (бір мүшесі) екінші сөйлемде, екінші сөйлемдікі – үшіншісінде, үшінші сөйлемдікі – төртіншісінде т.с.с. қайталанып қолданылуы арқылы жүзеге асады. Ондай қайталанушы сөздер сол күйінде қолданылып немесе есімдік, үстеу сөздермен ауысып отыруы мүмкін. Сол арқылы ойдың дамуы, ілгері қозғалысы іске асады. Мұндай күрделі синтаксистік тұтастықтағы сөйлемдер бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, оларды жеке алып қарауға келмейді, коммуникативтік, т.б. қызметтерге басқа сөйлемдермен қарым-қатынасының нәтижесінде ғана ие болады. Мұндай байланыс түріне құрылған күрделі синтаксистік тұтастықтарды әдеби тілдің барлық стильдерінен табуға болады. Құрылымдық-семантикалық бірлік ретіндегі күрделі синтаксистік тұтастықтың өзіне тән құрылысы болады. Оның құрамындағы сөйлемдер бірыңғай қызметте болмайды. Ондағы негізгі ойды белгілеп, басқа сөйлемдерге қазық болып тұратын бір не екі сөйлем болады. Ол сөйлемдер көбіне күрделі синтаксистік тұтастықтың басқа бөлігінде орналасады да, басқаларға қарағанда өзіндік еркіндікке ие болып келеді. Ал қалған бөлігі сол негізгі бөлікте айтылған мазмұнды түрлі жағынан нақтылап, дәлелдеп, түсіндіріп тұрады және синтаксистік құрылымы жағынан соған тәуелді болады. Басқа бөлік күрделі синтаксистік тұтастықтың барлық мағынасын өзіне қысқа түрде жинақтайды. Негізгі басқы бөліктен бөтен күрделі синтаксистік тұтастықтың айқын белгіленген қорытушы бөлігі болады. Ол көбіне *сонымен, қорыта келгенде, сөйтіп* сөздерімен басталып, күрделі синтаксистік тұтастықтың аяқталғанын білдіріп тұрады. Қорытушы бөліктің де ортадағы бөліктен ерекшеленіп тұратын өзіндік синтаксистік тұлғасы болады. Бұл бөлікте сөздердің орын тәртібі, сөйлемнің құрылымы, алдыңғы сөйлеммен синтаксистік байланысу сипаты, модальдық планы өзгеріске ұшырайды, күрделі синтаксистік тұтастықтардың бәрінің бірдей мұндай басқы, ортаңғы, қорытушы бөліктерден тұруы шарт емес. Кейбір күрделі синтаксистік тұтастықтарда мұның бірі немесе бәрі болмауы мүмкін. Ол жазушының стиліне, шығарманың мақсат-міндетіне, тағы басқа жағдайларға байланысты.

Күрделі синтаксистік тұтастық - мәтіннің мүшеленуінің бірлігі, олар көркем мәтінде әр түрлі стильдік қызмет те атқаруы мүмкін.Күрделі синтаксистік тұтастықтар синтаксистің де, стилистиканың да, әдебиеттанудың да нысаны бола алады, себебі күрделі синтаксистік тұтастықтарда сөйлемнен тыс жердегі байланыстардың сыры ашылады. Көркем шығарма құрылымында күрделі синтаксистік тұтастықтар бір оқиғадан екінші оқиғаға, бір баяндаудан басқасына өтуді ұйымдастырып отыратын стильдік амал ретінде пайдаланылады. Күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жазушының не кейіпкердің психологиялық жағдайы, көңіл күйі ашылады, белгілі бір оқиғаны суреттеу немесе кейіпкер портретін сипаттау ісі жүзеге асады. Ондайда күрделі синтаксистік тұтастықтар оқиғаның, автор ойының жалпы ұғымын ғана беріп

қоймай, түрлі экспрессивтік-эмоциялық қырларын, модальдық реңктерін және сол арқылы туатын түрлі ассоциацияларды қоса білдіреді.

Мәтіндегі сөйлемдердің байланысу амалдары, күрделі синтаксистік тұтастықтың жалпы құрылысы автор баяндауының жалпы тонына, шығарманың идеялық мазмұнына әсер етпей қоймайды.

Күрделі синтаксистік тұтастықтар шығарманың композициялық құрылымына, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне тікелей қатысты. Күрделі синтаксистік тұтастықта автор ой жүйесімен қатар оның әр түрлі экспрессивтік-эмоциялық, модальдік реңктері де беріледі.

Әуелде ауыр қылмыстыларға кешірім жасауды жоспарламаған Ораз Мұхамед зынданның жеке бөліктерін аралау үстінде жазалы жұрттың ешқайсысын да кеңшіліктен қақпады. Бәрі де жазалы емес, жапалы көрінген. Жапалы емес, жалалы (М. Мағауин)

Берілген мысалда күрделі синтаксистік тұтастық тізбекті байланысқа құрылған. Бірінші сөйлемдегі бір сөз екінші сөйлемде, екінші сөйлемнің бір сөзі үшінші сөйлемде қайталанып келіп отырады. Сол арқылы жазушы кейіпкерлер басындағы күйді мейлінше тереңдетіп, оқырман сезіміне әсерін күшейте түседі.

Әділ былтырғыдан көп өзгеріпті. Бойы өсіңкіреп, кішкене кекіл қойғаны өз алдына, жасына жетпей салмақты бола қалған. Аз сөйлейді, әр ісінде үлкен кісіге ұқсауға тырысады. Ауыл балаларымен көп ойнамайды (М. Мағауин).

Күрделі синтаксистік тұтастық кейіпкердің мінез құлқындағы өзгерісті беруге арналған. Мұнда барлық сөйлемдерге ұйтқы болып тұрған жалғыз сөз - Әділ.Ол тұтастықтың ең бірінші сөйлемінде айтылып, кейінгі сөйлемдердің барлығының баяндауыштарына ортақ бастауыш болып, оларды матап, бір-бірімен байланыстырып тұр. Күрделі синтаксистік тұтастықтар кейіпкер портретін жасауда ұтымды қолданылады.

Қырынан қарағанда қыз әп-әдемі болып көрінеді екен. Тайқылау біткен тар маңдайы да, артық-ауыс жерлері қырналып, қажетті қалыпқа түсірілген қою қара қасы да ұнасымды. Екі танауы делдиіңкі, келіссіз мұрны да қырлана қалғандай. Жалпақ, доғал иегі де қайтадан қашалғандай мүсінді.Тал бойына жараспай тұрған мүше – астыңғы ерні ісіңкі, Үстіңгі ерні түрік біткен үлкен ауыз ғана. Әйткенмен, Әлия дәл осы сәтте маған әжептәуір оңды қыз тәрізді көрінді (М. Мағауин).

Бұл мысалдардан күрделі синтаксистік тұтастықтарды белгілі бір стильдік мақсаттарға орай да қолданылғанын байқаймыз. Күрделі синтаксистік тұтастықтардың кейіпкер мінезін, портретін, іс-әрекетін дамытып, тереңдетіп беру үшін қолданады.

Көркем мәтіндегі күрделі синтаксистік тұтастық құрамының көлемі әрқилы. Онда екі сөйлемнен тұратын және әңгіменің тұтастай бір, бір жарым бетін алып жатқан бір ой төңірегіне топталған бірнеше сөйлемдердің жиынтығынан құралған, құрылысы жағынан күрделі боп келген синтаксистік тұтастықтар кездеседі. Оны құрайтын сөйлемдер құрылысы жағынан жай, күрделенген, құрмалас сөйлемдер болып келіп, сөздердің орын тәртібі, қайталанған сөздер, етістік баяндауыштардың жақтық және шақтық тұлғаларының біркелкілігі арқылы байланысып мәтін түзеді. Синтаксистік тұтастық құрамы көбінесе жақтық-шақтық тұлғаларының бірдей болып келуі арқылы байланысады.

Күзгі аспан сынаптай толықсып, аумалы-төкпелі боп тұрады. Әлгінде ғана балық көз бұлт жоқ әуе әп -сәтте-ақ тұлан тұтып, түнере қалған. Құбыладан жел тұрды. Қарағай басы сусылдап, дүние әлем- тапырық күйге көшті. Жел тулатқан айнакөлдің толқыны жағалауды былш-былш ұрғылайды, бірін-бірі қуып жарысады (О. Бөкей).

Берілген синтаксистік тұтастықтың құрамындағы сөйлемдер жақтық-шақтық тұлғаларының бірдей болып келуі арқылы байланысқан.

Күрделі синтаксистік тұтастықта негізгі ойды белгілеп, басқа сөйлемдерге «қазық» боп тұрған сөйлем әрдайым тұтастықтың кіріспе бөлігінде келеді. Ал қалған бөліктерде «ой қазығындағы» айтылған мазмұн нақтыланып, дәлелденіп, түсіндіріледі және қорытынды жасалынады.

«Мазмұн, идея, ой, пікір айту тек жеке сөйлемдер арқылы ғана емес көптеген сөйлем топтары арқылы беріледі. Ол сөйлемдер қалай болса солай ретсіз емес, мағыналық жағынан бір-бірімен байланысып, тұтас бір жүйелі ойды білдіреді. Әрбір жеке сөйлем оқшауланып қалмай, осындай күрделі бірліктердің біріне қатысты болып келеді.

Абзац – мәтін құрылымындағы негізгі бірліктердің бірі. Мәтін ішіндегі абзацты ақиқат көріністің логикалық көшірме бейнесі деп тануға болады. Абзац құрамындағы сөздер арнайы лексикалық құралдар арқылы өзара байланыста болады. Бір абзацқа енетін сөйлемдер бір немесе

бірнеше өзара байланысты микротақырыпты суреттейді.

Абзац мәтін мазмұнын жақсы меңгеруге және есте сақтауға ықпал етеді. Мәтінді абзацтарға бөліп беру ой желісін дұрыс дамытуға, жүйелеуге мүмкіндік туғызады. Абзац ойды жинақтап, аяқтауға қызмет етеді. Бірақ абзацтардың бәрі аяқталған ойды білдіре бермейді. Кейбір ғалымдар мұны абзац құрудағы кемшіліктерге жатқызады. Абзац көлемі әр түрлі болып келеді. Кейде бір абзац бір ғана сөйлемнен тұратын болса, кейбір абзацтар бірнеше бетке дейін созылады.

Мәтіннің жалпы құрылымындағы орнына байланысты абзацтар кіріспе, медиалды (ортаңғы) және қорытынды абзацтар болып бөлінеді [3, 21 б.].

Абзац - мәтіннің синтаксистік және мазмұндық құрылымының бірлігі. Мәтін абзацтары функционалдық мағыналық сипатына байланысты суреттеу абзацы, пайымдау, баяндау абзацтары болып жіктеледі.

Мысалы, М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесінен алынған мына абзацты қарастырсақ:

Жаза тынымсыз. Тепкі мен қамшы, боқтық пен зорлық, бар қорлығын етіп жатыр. Басы мен ұлы денесінің ешбір жерін талғаған жан жоқ. Өкпеге де, бетке де етіктерінің өкшесі, бүктеп ұрған қамшы да саябырсыз, толассыз тиіп, көз алдынан дамылсыз нажағай ойнағандай от ұшқындарын жарқ-жұрқ ұшырып жатыр. Бұл күй азғантай уақытқа ғана созылғанын сезеді. Содан әрі Бақтығұл ешнәрседен хабарсыз: қара түнде бір зынданға, я үлкен қара құзға лақтырылғандай; обыр-тажал жұтып кеткендей; үлкен меңіреу жоқтыққа бір-ақ батып кетті. Ақырғы ғана рет көз алдынан бір жарық лап етіп барып, шұғылына кесіліп сөніп қалғандай. Сол соңғы секундте шекесінен тыз етіп тиіп өткен біздей өткір шаншуды ғана сезіп қалды. Ең соңғы сезім ұшығы сонымен таусылды (М. Әуезов).

Функционалды-мағыналық сипатына қарай бұл абзац баяндау абзацына жатады, құрылымдық жағынан ортаңғы абзацтардың бірі.

О. Бүркіт абзацтың үш түрлі ерекшелігін атап көрсетеді:

абзац – стильдік-экспрессивтік қызмет атқаратын тілдік құрылым, мәтіннің бөлшегі;

абзац - әдеби –композициялық құбылыс;

абзац – мәтін құрылымындағы графикалық белгі [4, 37 б.].

Абзацтың бұл ерекшеліктері оның мәтіндегі қызметінен туындайды. Абзац белгілі бір дәрежеде микромәтіннің құрамына кіреді. Бірақ оны микромәтінмен бірдей дәрежеде алып қарауға болмайды. Себебі, белгілі бір көркем шығармада бір микромәтін екі немесе одан да көп абзацтардан құралуы мүмкін. Бұл жағдайда абзац микромәтіннің бөлшегі ретінде танылады. Ал кейде абзац пен микромәтін өлшемі бірдей дәрежеде болып келеді. Үшінші бір жағдайда абзац қатарлас микромәтіндерді бір-бірімен байланыстырып, олардағы мағына желісмен сабақтастыру қызметін атқарады. Бұл – абзацтың микромәтіннен де үлкен бірлік ретінде қарастырылуы.

Зерттеушілердің бірқатары абзацтың күрделі синтаксистік тұтастықтан айырмашылығы: ол мағыналық-құрылымдық бірлік емес, стилистикалық-композициялық бірлік деп есептейді. Бірнеше сөйлемнен құралған абзацтар көбіне өзінің шекарасы жағынан күрделі синтаксистік тұтастықтармен сәйкес келеді. Мұндай абзацтар стилистикалық дербес абзацтар болып табылады. Абзацтар бір сөйлемнен де, бірнеше күрделі синтаксистік тұтастықтан да тұруы мүмкін. Абзац пен күрделі синтаксистік тұтастықтың шекаралық сәйкес келуі ғылыми стильмен ресми стильге тән. Ал көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильде олар үнемі сәйкес келе бермейді. Оларда күрделі синтаксистік тұтастық пен абзацтың сәйкес келуі де, абзацтың бірнеше күрделі синтаксистік тұтастықты қамтуы да немесе күрделі синтаксистік тұтастықтың бірнеше абзацты қамтуы да кездесе береді.

Абзац мәтін құрылымында стильдік-экспрессивтік қызмет те атқарады. Жазушы бұл тәсілді белгілі бір стильдік –көркемдік мақсаттарға орай қолданады. Автор жеке сөйлемдердің әрқайсысын абзацқа бөліп беру арқылы әр сөйлемді ерекшелеп көрсетіп, онда айтылған ойға оқырман назарын аудартады. Ой жинақылығына негізделген мұндай сөйлемдер көп мағынаны, көп ойды өз бойына жасырып тұрады. Сонымен қатар сөйлемдегі ойдың оқырманға эмоциялық әсерін күшейтеді, әрі шығарманың көркемдігіне әсер етеді, бірсарынды баяндауға өзгешелік енгізеді. Абзац ұтымды стильдік тәсіл болып табылады.

Ақмола, Қарқаралы, Аягөз округтерінің ішкі тыныштығы бақылансын.

Осы үш округ ауылдары оңтүстіктегі Бетпақдалаға дейін көшкенінде, солардың қорғанышы болсын.

Шекараны үнемі бақылап тұрсын. Қазақтарды шекарадан әрі қарай жаққа өткізбесін. Басқа жұртты да шекарадан бері қарай кіргізбесін.

Осы үш округтың жерімен көшкен керуенді ұры-қарыдан, шапқыншылардан қорғасын (І. Есенберлин).

Келтірілген үзінді төрт абзацтан тұрады. Абзацтардың бәрі келте қайырылған, екі үш сөйлемнен ғана құралған. Автордың бұлайша төрт абзац етіп беру себебі, әрбір абзацтағы ойға оқырманның назарын аударуды көздеген. Алғашқы абзацпен екінші және төртінші абзац осы үш округтың деген сөз тіркесінің қайталанып келуі арқылы байланысқан.

Әлі ыстығы толарси қоймаған желтоқсанның аяқ кез еді. Қызғалдақ, сарғалдақ, бақбақ, лала, жаушымылдықтар гүлденіп біткен, бетеге, көкпек сарғылт тартып, итмұрын, жуа, қарабауыр, жалбыз, қарақарақат, қызыл қарақаттар қата бастаған. Арқа жерінде сирек кездесетін түйе тікеннің жапырақтары түсіп, сабы серейіп, басы домалана ербиіп, шытыр, қарабауыр, шырғанақ тарамыстана түскен. Есі өзенінің жағасында ойдым-ойдым боп бітетін тал, шетен, Сарыағаш, қайың, аршалардың жазғытұрымғы жасыл жапырақтары сарғылттанып, ал кейбіреулері үнемі соққан желдің екпініне шыдай алмай сидия қалған. Соңғы екі жыл ішінде Құдайменді балалары Ақмола бекінісінен ұзап көшуден қорқып, бұл араға қонбағандықтан, күзгі шөп әлі тың.

Бұл арада кішкентай көкторғай, бөдене, көксерке, жағалтай кекілік, балтатұмсық, шілден бастап, үлкендігі анау-мынау қозы-лақтан кем емес, қарақаз, бірқазан, дуадақ, қарабай, қырғауыл мол болатын. Қазақ даласының өзге жерінде сирек кездесетін жайра, тағанақ, сақалта, алақұмай, көк қарға, қодас қоңылтырды да іздеген адам табатын. Көлдерінде қаз-үйрек, аққу, қарақу тыным алмай сыңсып ән салатын.

Қазақ даласында жайшылықта мол кездесетін қоян, қасқыр, түлкі. Қарсақ, борсық, суыр, ақтиін, күзендерден басқа, бұл арада ақкіс, қарағанның қара түлкісі, қырдың қызыл түлкісі, көл, өзендерінің жағасында сусар, құндыз, бұлғын да ұшырайды. Кейде әлдеқалай жем іздеп келген сілеусін мен шиебөрі де кездеседі.

Осы араға Зейнептің ауылы келіп қонған (І. Есенберлин)..

Автор жеке абзацтарда өсімдік түрлерінің, аңдары мен құстарының көптігін, сол арқылы табиғаттың байлығын, әсемдігін суреттеген. Алғашқы абзацта сол төңіректегі өсімдік түрлерін сипаттау арқылы табиғат суретін берсе, екінші абзацта құстарды, үшініші абзац сол жердің жануарларын сипаттауға арналады. Сонан соң барып Зейнеп ауылының сол жерге көшіп келгендігі хабарланады. Абзацтарда *осы араға* деген сөз қайталанып келіп оларды бір бірімен байланыстыру қызметін атқарады. Бұл мысалда үш абзац бірігіп, бір күрделі синтаксистік тұтастықты құрайды.

Іштегі баланың қайғысы үш ай қыс Қыжымкүлдің ақыл-ойын шәліге түскен күйедей жеді.

Іштегі баланың қайғысы үш ай көктем Қыжымкүлдің зердесін отқа түскен асықтай күйдіріп, құйқадай қарайтты (Д. Исабеков).

Берілген екі сөйлем әрқайсысы жеке абзац түрінде берілген. Әрқайсысы *іштегі баланың қайғысы* тіркесінен басталады. Автор оқырман назарын баса аударғысы келген ойды жеке абзац түрінде береді, ойдың әсерлілігін, шығарма тілінің көркемдігін арттырады. Синтаксистік қайталау арқылы байланысқан екі абзац біріндегі ойды екіншісі одан әрі дамыта түсу, сөйтіп мәтіндегі ой жалғастығына, мазмұн тұтастығына қызмет етеді. Сонымен қатар кейіпкер басындағы психологиялық жағдайдың өрши түскенін аңдатуда ерекше стилистикалық тәсіл болып тұр. Бұл мысалдардан мәтін құрылымындағы абзацтың көпқырлы қызметін аңғарамыз. Ол мәтіннің құрылымдық бөлшегі болып танылатын күрделі синтакисистік тұтастықтарды берудің тәсілі ғана емес, сонымен қатар мәтін байласымына, мәтін тұтастығына да қызмет етеді. Сондай-ақ мәтін көркемігіне, әсерлілігіне әсер ететін стилистикалық амал бола алады.

Мәтін - лингвистикалық тұрғыдан сипатталуы өте қиын, күрделі нысан, өйткені оның мазмұны оны құрайтын абзац немесе күрделі синтаксистік тұтастықтардың жай ғана қосындысы емес. Оның мән-мағынасы тек лингвистикалық нақты бірліктер ғана емес, солармен қатар сол кезеңдегі түрлі экстралингвистикалық факторлармен де байланыста болады. Ол белгілі бір мақсатты көздейтін, белгілі бір адресатқа арналған ақпардан тұрады, сондықтан да оның қалыптасқан формасы, қабылдап, түсінуге лайықталған тілдік құрылымы болады, яғни мәтін құрайтын немесе түзетін кез келген элемент қалай болса солай орналаспайды, олардың арасында белгілі бір байланыс болады да, әрқайсысы мәтіннің тұтастығын қамтамасыз етуде арнаулы қызмет атқарады.

Мәтіннің негізгі сипаттарының бірі – мағыналық тұтастығы. Мәтінді тұтастай алғанда бір ғана мазмұнға ие, өзара логикалық және грамматикалық байланыстағы әр түрлі тілдік бірліктерден құралған көп деңгейлі құрылым деп тануға болады. Мәтіннің мағыналық тұтастығы оның бойында

кезесетін «тірек сөздермен» тікелей байланысты.

Кез келген макромәтін микромәтіндердің жиынтығынан құралады. Олардың арасында тығыз байланыс болады. Ол байланыс түрлі тілдік құралдар арқылы жүзеге асады. Сол байланыстың үлкен бір бөлігін семантикалық байланыс құрайды. Микромәтіндердің мазмұндас келуі, олардың араға бірнеше микромәтіндер, тіпті кейде бірнеше макромәтіндер тастап, мағына сабақтастығын жалғастыруы мәтін байланыстығының белгісі болып саналады. Микромәтін – мәтіннің белгілі бір мазмұнға, логикалық ойға құрылған шағын бөлшектері. Микромәтін өз ішінен одан әрі абзацтарға бөлшектене алады. Микромәтінді кейбір зерттеулерде күрделі синтаксистік тұтастық, абзац, фразадан тыс бірлік деп те атайды. Алайда микромәтін мен күрделі синтаксистік тұтастықты бір ұғым деп қарастыруға болмайды. Абзацтың микромәтінге қатысы да тең дәрежеде емес. Мәтін архитектоникасы ұғымы мәтіннің абсолют басы, мәтіннің абсолют соңы, фразадан тыс бірлік ұғымдарымен тығыз байланысты келеді. Мәтіннің абсолют басы мен абзац тығыз байланысты келеді. Себебі, мәтіннің абсолют басының құрылымдық-архитектоникалық қызметі абзац көлемінде жүзеге асады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

6. Серғалиев М. Мүсірепова Б. Күрделі синтаксистік тұтастық. – Алматы, 1989. – 26 б.
7. Шалабаев Б. Күрделі синтаксистік тұтастық // Қазақ филологиясы. –Алматы, 1975. – II –кітап. – 75-78 б.б.
8. Жұбанов А. Мәтін абзацтарын заттық-логикалық мазмұн тұрғысынан зерделеу // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2004. –№4, – 21-28 бб.
9. Бүркітов О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: филол.ғыл.докт. ... дисс. – Алматы, 2002. – 277 б.

ӘОК 81-22



Бекназарова Ұ.Ө.
докторант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда,
e-mail: becnazarova@mail.ru

КОНЦЕПТУАЛДЫ МЕТАФОРАЛАР НЕГІЗІ – АВТОРЛЫҚ МЕТАФОРАЛАР (Маралтай Райымбекұлы поэзиясы негізінде)

Мақалада метафораның теориясын қалыптастыруға арнайы зерттеулер жүргізіліп, оның тілдегі қызметі мен термин жасау аясында қарастырып жүрген зерттеушілердің тұжырымдары мен пайымдауларына түсінік беріледі. Сонымен қатар, ғалымдардың қарастырылып жүрген метафоралық жіктемелері топтастырылады. Метафора тілде әмбебап құбылыс ретінде жан-жақты зерттеліп жүргендіктен, қарастырылып жүрген концептуалды метафораның қалыптасу негізін авторлық метафора тұрғысынан ашуға талпыныс жасалады, яғни метафораның ерекшеліктері мен түрлерін ескере отырып, ақынның өзіндік поэтикалық танымындағы метафораларға талдау жасалады. Метафоралардың ерекшеліктерін көрсету үшін көрнекті ақын, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары әдебиетке ерекше екпінмен келген Маралтай Райымбекұлының жүректен шыққан дауылды жырларынан мысалдар алынды. Автордың өмірдегі затқа тән өзгешелікпен салыстырылатын өзіндік қолтаңбасын бейнелейтін метафоралы тіркестері танымдық әрекеттің негізінде пайда болған метафоралар деп атадық. Бұл метафоралар ақынның ұлттық танымы мен рухани дүниесінің бейнесін көркем тілмен, күрделі қисынмен шебер үйлестіріп берген ерекше үлгісі болып саналады. Метафораның концептуалдық болымысына ақынның дүниетаным тұрғысынан келу, метафора тудырудағы ақынның ойлау дәрежесі мен сана сезімін, дүниені қабылдаудағы ерекшелігі талданды.

Түйін сөздер: метафора, авторлық метафора, тілдік метафора, танымдық метафора.

Бекназарова У.У.
докторант по специальности Казахский язык и литература,
Кызылординский государственный университер имени Коркыт Ата,
Кызылорда,
e-mail: becnazarova@mail.ru

ОСНОВА КОНЦЕПТУАЛЬНОЙ МЕТАФОРЫ -АВТОРСКАЯ МЕТАФОРА (по мотивам поэзии Маралтая Райымбекулы)

В данной статье рассматривается формирование теории метафоры, выводы и суждений исследователей. Рассматриваемые метафорические категории группируется. Метафора, является универсальным феноменом и рассматривающаяся когнитивная метафора является не только в лингвистическом аспекте, но и со всеми науками которая раскрывает все свое существование. И в этом исследование делается попытка раскрыть что основа возникновения когнитивной метафоры является авторская метафора. Чтобы продемонстрировать оссобенности возникновение когнитивной метафоры были применены душераздирающие стихотворении Маралтая Райымбекулы, которая является известным поэтом девяностых годов прошлого века. Метафорические композиции, отражающие самоподписсанный автограф автора по сравнению со спецификой жизни возникающие на основе познавательной деятельности, представляют собой метафоры. Эти метафоры является исключительно особенным примером поэта, который сочетает картину национального познания с духовным миром. А так же, концептуальный аспект метафоры анализировалься взглядом поэта на мировозрение при создании метафоры, особенности мышления и познания поэта.

Ключевые слова: метафора, авторская метафора, языковая метафора, когнитивная метафора.

Beknazarova U.U.
doctoral student of Kazakh language and literature,
Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Kyzylorda,
e.mail: becnazarova@mail.ru

BASIS OF CONCEPTUAL METAPHOR IS AUTHOR'S METAPHOR (based on the poetry of Maraltai Raiymbekuly)

This article discusses the formation of the theory of metaphor, furthermore, the judgments and results of the researchers. The considered metaphoric categories are grouped. The metaphor is a universal phenomenon; moreover, considering cognitive metaphor is not only in linguistic aspect, but with all the sciences that reveals its entire existence. And in this study an attempt is made to uncover that the basis of the emergence of cognitive metaphor is the author's metaphor. In order to demonstrate the emergence of a cognitive metaphor were used the heartbreaking poems of Maraltai Raimbekuly, who is a famous poet of the nineties century. Metaphoric compositions reflecting the author's auto singed autograph compared to the specifics of life are considered to be arising from cognitive activity. These metaphors are an exceptional example of a masterpiece that combines the expressions of the national cognition and spiritual world of the poet with art. Furthermore, the conceptual aspect of metaphor was analyzed by the poet's view of the world when creating a metaphor, the peculiarities of thinking and cognition of the poet.

Key words: metaphor, author's metaphor, language metaphor, cognitive metaphor.

КІРІСПЕ

Көркемдік деңгейдің жоғары болуы – кез-келген ақын-жазушының шығармасына қойылатын басты тілдік талап. Өйткені белгілі бір туындыны көркем деп тану үшін ол шығарма көркемдік талаптарға толық жауап беруі тиіс. Сонымен бірге көркемдік талабы Р.Сыздық айтқандай: «...өлең тілінің сыртқы жылтырақтығы емес, көркемдік, ең алдымен, мазмұн мен қалыптың (форманың) сәйкестігі, яғни ой мен тілдің гармониясы: ақын идеясын білдірген сөздердің оқырман сезіміне әсер ететін экспрессиялылығы мен эмоциялылығы» болуы керек [Сыздық Р., 2014, 9 б.].

Метафора тілде әмбебап құбылыс ретінде тек лингвистикалық аспектіде ғана емес, адам танымы мен ойлауына қатысты философия, психолигвистика, когнитивті лингвистика, логика сияқты ғылымдармен байланыстырылып, жан-жақты зерттеліп жүр. Әлемдік тіл білімінде метафораның табиғаты адамның білім қорының құрылымдық жүйесімен байланыстыра қарастырылады. Тіл білімі, әдебиеттану терминдері сөздіктерінде метафораға келесідей анықтамалар беріліп жүр. «Тіл білімі сөздігінде»: «Метафора (грекше metaphora – қазақша «ауысу») – сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, атқаратын қызметіндегі, т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы» [Сүлейменова Э.Д., 1988, 220 б.]. «Лингвистикалық түсіндірме сөздігікте» «Метафора – белгілі бір топқа жататын заттар мен ұғымдардың, я болмаса құбылыстардың атауларының белгілі бір ұқсастық немесе ортақ сипаттарының болуына байланысты, екінші бір топқа жататын заттар мен ұғымдарды немесе құбылыстарды сипаттау және атау үшін қолданылатын троп түрі» [Салқынбай А., Абақан Е., 1998, 124 б].

ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕР

Ғалым Р.Барлыбаевтың зерттеуінде «Ауысу екі түрлі қызмет атқарады: көркем сөз тудыру және заттар мен құбылыстардың атауларын қайта атау» деп метафораның қолданылу сипатына қарай екі түрге бөледі:

1. Тілдік метафора
2. Поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын мәнмәтіндік) метафора [Салқынбай А., Абақан Е., 1998, 125 б.].

Тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамып отырады. Тілдік метафораны жалпыхалықтық сипатына қарай дәстүрлі метафора деп те атайды.

Дәстүрлі метафоралардың мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Дәстүрлі метафораның авторы жоқ. Олар – мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы.

Зерттеуші Б.Хасанов қазақ тіліндегі метафораларды жасалуы жағынан морфологиялық ерекшеліктерді негізге ала отырып, жеті түрге бөліп қарастырады: зат есім метафоралары, сын

есім метафоралары, етістік метафорасы, үстеуден болған метафоралар, еліктеуіш сөздерден болған метафоралар, сан есімнің метафоралы қолданылуы, есімдіктердің метафоралық қолданылуы [Барлыбаев Р., 1963, 61 б.].

Авторлық метафора жөнінде сөз қозғағанда академик Р.Сыздықтың мына пікірін еске алған мақұл: «Поэтикалық тіл әрдайым метафора, эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдарының санымен (көптігімен), тіпті сапасымен (аса көріктілігімен) танылмайды, суреткердің өз міндетіне алған эстетикалық талаптарына сәйкес болмысты тіл арқылы әсерлі де бейнелі түрде көрсете білуінен танылады. Ал әсерлілік пен бейнелілік көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда әрқашан образды метафора, теңеулермен берілмей, ешбір экспрессивтік бояуы жоқ сөздермен немесе сөз тіркестерімен берілуі де мүмкін» [Сыздық Р., 2014., 9 б.].

Метафора – көркем сөздің, соның ішінде поэзияның негізгі көрсеткіші, ол автордың ғаламды өзіндік тануының құралы ретінде пайдаланылады.

Авторлық метафора арқылы жазушының немесе ақынның тілдік тұлғасы, оның қолданыстарының табиғаты кең көрінеді. Ақын өзіне тән жеке қолданыстар арқылы халықтың ұлттық танымын сөзбен береді. Оның жекелік сөз мәнерінде ұлтқа тән болмысты жинақтаушы қасиет болады.

Тағы бір нақтылап алатын тұс – тілдік метафора мен авторлық метафоралардың, сондай-ақ авторлық метафоралардың соған ұқсас келетін бірліктерден ара жігін ашып алу мәселесі. Тілдік метафораның семантикалық шеңберінің кең болатындығы мәлім, олар жалпыхалықтық тілге сіңісіп, көптің игілігіне айналып кеткен сөз қолданыстары. Ал авторлық метафораның жөні бөлек. Зерттеушілер авторлық метафора жөнінде былай деп жазады: «Жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Бұлар сөздікте сөздік мақаланың мазмұнына ене алмайды. Белгілі контексте ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді». «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығында: «Метафора біткеннің бәрі бірдей жалпылық сипатқа алып келе бермейді... Демек, кей сөздің метафоралық мағынасы белгілі бір стильде контекстік қана болып келеді, яғни белгілі бір аяда ғана көрінеді. Мұндай контекстік метафора көбінесе көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильде байқалады. Ол әр автордың өзіндік сөз қолдану шеберлігімен байланысты мәселе» [Хасанов Б., 1966, 88 б.]. Д.Әлкебаева болса метафораның жалпы және авторлық қолданыстағы метафоралар болып бөлінетінін атап көрсетеді. Келтірілген тұжырымдардан-ақ авторлық метафораны түсінуде, оны атауда соншалықты бірізділіктің жоқтығын аңғарамыз. Авторлық метафора бірде контекстік метафора, енді бірде индивидуалды-жекелік метафора тәрізді атаулармен қолданылады [Балақаев М., 2006, 110 б.].

Авторлық метафораға қойылатын талап, әрине, оның атауынан да көрініп тұрғандай автордың сөз қолдану даралығы, өзіндік мәнері метафоралық қолданыста болуы қажет. Сондай-ақ мұндай қолданыстардың дәстүрлі қолданысқа айналу мүмкіндігі де бар екенін есте ұстаған жөн.

Авторлық метфораларды кейбір зерттеушілеріміз окказионал қолданыстар деп те жүр. Бірақ та екеуінің ара жігін ажыратып алған жөн. Окказионал қолданыстарға өткінші , бір-ақ рет қолданылу сипаты тән, олардың дәстүрлі қолданыстарға айналуы екіталай. Ал авторлық метафоралардың тілдік, яғни дәстүрлі қолданыстарға айналуы әбден мүмкін, бірақ олардың авторлық екендігі байқалып тұрады, тіпті қай автордың қашан қолданғанына дейін білуге болады.

Қазақ тіл білімінде авторлық метафора мәселесі әрдайым сөз болып отырған. С.Е.Кәрібаева «С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект)» атты диссертациясын жазса [Әлкебаева Д., 2014], А.Д.Есқараева «З.Шүкіровтің поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар» атты диссертациясында авторлық метафораға кеңінен тоқталады [Кәрібаева С.Е., 2010]. Адамның ойлау жүйесімен сөздердің жасалуын зерделеуде метафораны зерттеуші А.Сыбанбаева «Адамның ақыл-ойы салыстыруға келе бермейтін семантикалық концептерді (ұғымдарды) салыстырудың нәтижесінде метафора туындайды [Сыбанбаева А., 2002]. Және метафораның жасалу механизмін зерттеу — адамның ойлау процесін зерттеу деген сөз» деген анықтама береді [Есқараева А.Д., 2003, 22 б.].

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Жоғарыда келтірілген метафоралық жіктемеге қоса метафораларды былай топтастыруды көрсетуге болады:

- Жекелік-авторлық;
- Антропоморфтық;
- Зооморфтық;
- Генитив

- Синестезия (кинестезия).

Жекелік-авторлық метафоралар – мағына ауысуындағы субъективті семалардың басымдығымен айқындалады: *сұм үміт, көтерем бақыт.*

Антропоморфтық метафоралар – адамға тән қасиеттердің жан-жануарларға немесе жансыз заттарға телінуі: *кербез тау, тентек теңіз, сырлас бұлт, т.б.*

Зооморфтық метафоралар – керісінше, жан-жануарларға тән белгілердің адамға немесе жансыз заттарға телінуі: *айғырдай кісінеген бұлт, мешкей зауыт.*

Генитив метафоралар – ілік септігі мен тәуелді тұлғада қолданылады: *күйдің кілті, қайғының дауылы.*

Синестезия – тілдік метафора, сезімдік, сенсорлық белгілердің семилияцияланыуынан болады: *улы ой, тәтті өмір, құрғақ сөз т.б.*

Метафораның жоғарыдан аталған ерекшеліктері мен түрлерін ескер отырып, қазіргі заман әдебиетінің көрнекті өкілі, поэзия тарланы Маралтай Райымбекұлының [Райымбекұлы М., 2014] поэзиялық шығармаларындағы авторлық метафораларға талдау жасап көрейік.

Ақынның «Баба түкті шашты Әзіз бен Баба ата» өлеңінде:

...Ғазиздің әзиз көзі жасқа толды,

Қалың жұрт діннен безген қасқа болды... – деген шумақта қолданылған «әзиз көз» деген тіркестегі «әзиз» сөзінің мағынасы – батыл, күшті. Сонда «батыл көз жасқа толды» деу арқылы мықтының да әлсіз тұсы бар екенін айшықты сөз тіркесі арқылы ұтымды жеткізеді ақын.

Осы өлеңнің келесі бір жерінде «жасыл ту» деген тіркес кездеседі *(...Арманы жер жүзіне желбіретуі, Хазірет Мұхаммедтің жасыл туын)*. Ақынның «ақ ту, қызыл ту» деген тіркестерді емес, «жасыл ту» тіркесін қолдануының басты себебі – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) ең сүйікті түсі жасыл түс болғандығында деп білеміз. Біз, көбінесе, «ақ туын желбіретіп», «ақ туымен аттандап» деген қолданыстарды жиі ұшыратамыз. «Жасыл ту» – ақын қолданысындағы өзіндік ерекшелік деуге болады.

...Күн шығып Келіншектау нұр еміп бір

Барады бар далаға гүл өніп, гүл... – дегендегі «Келіншектау нұр еміп бір» деген тіркеске назар аударсақ, автор қолданысындағы тағы бір жаңалықты байқаймыз. «Келіншек» пен «Ана» ұғымдары егіз екені белгілі. Осыған байланысты адамға тән «емшек ему» деген қолданыс та бар екені рас. Алайда, осы ұғымды жансыз табиғатқа тән етіп ауыстыруды ақын шығармасынан көрдік. Өлеңдегі «нұр ему» деген қолданыстың астарында таудың күн нұрынан *«жылулық пен мейірім алып, жан-жағына шуақ шашып»* тұрған әдемі көрінісін кез келген оқырман түсінсе керек.

...Ғаламат солай басталды бір сәт,

Құйғытып кеттім тастарды турап... шумағының соңындағы «тастарды турап» тіркесінің мағынасына үңіле қарасақ, дәстүрлі қолданыста тек тұрмыста кездесетін «нан турау, ет турау» деген тіркестердің мағынасынан тіпті алшақ жатқанын байқаймыз. Тасты турау мүмкін емес, мұнда ақынның ішкі әлемінде аңсау, қалау, биікке ұмтылыс бар. Тасты адамның «нанша» турай алуы мүмкін емес, бірақ ақын аңыздағы тарпаң тұлғалы кентавр болуды армандай отырып, қазіргі адамдардың қолынан келмейтін дүниелерді жасай алатынына сенеді. (Кентавр тура мағынасында емес, қазіргі адамдардың майдаланып бара жатқанына күйінген ақынның жанайғайы).

Ақынның «Бір қыз туралы аңыз» өлеңінде:

...*Сөнген қызды ауыл болып көмгенбіз,*

Өлген қыздың өліміне сенгенбіз... – деген өлең шумақтағы «сөнген қыз» тіркесі әдеттегі «оттың сөнуі» мен «өмірдің аяқталуын» паралель қоя отырып, автордың өзіне ғана тән метафоралық қолданысты («сөнген қыз») шебер пайдаланғанын көрсетеді. «Сөнген от» оттың өмірінің аяқталғанын көрсетсе, «сөнген қыз» қыз баласының өмірден өткенін, өмірінің аяқталғанын көрсетіп тұр. Және жас кезінде адамдар от сияқты лапылдап, лаулап жанады. Жас қыздың лапылдап жанып тұрған шағында өмірден өтуі, лаулап жанған оттың кенет сөнуімен астарлас.

Өзінің туған жері Таразға арналған «Көне Тараз» өлеңінің алғашқы шумағын:

Ниет еткен мұсылмандай намазға
Ниет етіп ғазал төктім қағазға
Ғасырлардың саусағындай нұр шашқан

Гаухар жүзік Таразға... – деп бастайды. Осындағы «гаухар жүзік Таразға» деген тіркесімде киелі, көне қала Таразды тастардың асылы гаухармен алмастырады. Гаухар тас қандай қымбат болса, Тараздың да баға жетпес байлығымыз екенін дәлелдейді.

Жез қоңырау сөйлейтін күз келгенде,

Күз келгенде,

Мектепке біз келгенде... – деп басталатын «Жез қоңырау» атты өлеңінде ақынның «жез қоңырауды сөйлетуі» өлең мазмұнына әр беріп, оның оқырманға әсерін күшейтіп тұрғаны сөзсіз. Жазғы демалыс бойы үнсіз қалған қоңыраудың қағылуын, ұзақ уақыт бойы үнсіздікте болған адамның марқайып тіл қатуымен қатар алып бейнелеу де автордың өзіне ғана тән шеберлік деп түсінеміз.

Көңіл күй лирикасына құрылған «Күзгі палитра» өлеңіндегі:

...Түндерім тұр - сұры қашып сұрланып,

Гүлдерім тұр – қабақтарын түнерте... – деген шумақтағы «сұры қашып сұрланған түн» және «қабағын түнерткен гүлдер» – табиғаттың бейнесін адамның көңіл күйімен салыстыра суреттеу арқылы жан-жағында болып жатқан дүниелерге табиғаттың да риза еместігін көрсетеді. Ақын жүрегі бұл өлеңде жаралы. Ол өмірден өткен достарын қоңыр күзде еске алады. Қоңыр күз сағыныш кезі. Көңілсіз жанының суретін ол табиғаттың көңілсіз кейпімен салғастыра отырып әсерлі суреттейді.

Сондай-ақ:

...Бұл ақ қайың – қайың емес, бір кезде,

Жүрегіне жара түскен меңді қыз – деген үзіндіде қайыңды жүрегіне жара түскен меңді қызға алмастырады. Себебі ақ қайыңның діңгегіндегі қара дақтарды ақын жүректегі мұңның дағымен қатар алып қарайды. Бұл жерде де ақын өзінің ішкі жан сезімін табиғатпен астарластырып бейнелейді.

«Қаңғыбас 1» деген өлеңінде кездескен:

Бауыр, Ана, Әке өлген –

Ақ ажалдың азығы» – деген үзіндіде «ажалдың жетегі», «ажал аузы» деген дәстүрлі метафоралық тіркестерден өзгеше «ажал азығы» деген ақынның авторлық метафорасын кездестіреміз. Ажалды жыртқыш аңмен салыстыру арқылы адамдар төрт түлік малды өзіне азық етсе, ажал адамды өзіне азық ететінін түсіндіреді. Сондай-ақ, *«...Іші – жылан, сырты – абыз, Түгі де жоқ бітірген»* деп кейбір ақын ағаларына ренішін адамның іші мен сыртын жылан мен абызға алмастыру арқылы, улы жаратылыс иесі мен даналықты қарама-қарсы қою арқылы білдіреді.

Трагедиялық «Қызыл өлең» атты өлеңінің:

...Апам сосын қара киіп қамығып,

Қара ұлы мен шалын ойлап зарығып,

Жоқтау айтып отырушы еді, оны да –

Қара дауыл қағып кетті, қағынып... – деген шумағында ақын «қара» сөзін символ ретінде алады. «Қара» – қайғының, қазаның символы. «Қара дауыл қағып кетті қағынып» деп жансыз табиғат бейнесін сұм, залым дүниемен алмастырып, шебер суреттеп берген. Дауылды сол мезетте адам баласына қарсы қою арқылы, ажал себепкері ретінде танытқан. «Дауыл», «өмір дауылы» ұғымдары адам өмірінде кездесетін «қиындықтарды» суреттеуге ақынға көмекке келген.

Оңтүстік Астана, еліміздің мәдениет ошағы саналатын Алматы қаласына арнаған «Алматы» өлеңінде:

...Ұрлап кеткен сенің нәзік назыңды

Астана деп аталатын Тәжіңді... – деп Алматыны нәзік назды, тәжінен айрылған қызбен алмастырып, өлеңнің өне бойын осы үлгімен өрген. Өлеңнің түйіні «Алматы – қазақтың ардақты қызы» болғанын, алайда қаланың бүгінгі өзгерісін «ары тапталған қызға» теңеп, бұрын мәдениет пен өнердің ошағы болған қаланың күйрегенін «Ақындардың жесіріндей Алматы» деп түйіндейді. Өлеңде бүгінгі күнгі қала бейнесіне көңіл толмаушылық, наразылық бар. Және өлеңде пайдаланылған әрбір метафоралық сөз қолданысы – автордың өзіне ғана тән, контекстік мағынаны дәл беру үшін шеберлікпен қиюластырған сөз өрнегі.

Ал енді, концептуалды метафораға келер болсақ, адамзат өз өмірлік тәжірибесіндегі түсінігіне қарай заттар мен құбылыстарға өзіндік бағасын береді және өз санасында қалыптасқан бейнелерді, нақты немесе дерексіз ұғымдардан үнемі ұқсастық іздеуге, оларды салыстыруға бейім деп жүрміз. Дерексіз атаудар әлемдік кеңестікте негізінен нақты заттар туралы түсініктер арқылы қалыптасатыны белгілі. Сондықтан да, көбінесе концептуалды метафораларда абстрактілі ұғымдар нақты атаулар арқылы жаңа ұғым немесе концепт туындатуға белсенділік танытады.

Ғалым Б.И.Нұрдаулетованың тұжырымдамасында «метафора жасауда туатын жаңа мағынаға адамның немесе тілдік әлеуметтің «жадылық кодында» сақталған бұрыннан бар мәліметтер жинағы іске қосылады» дейді. [Нұрдәулетова Б.И., 2011, 158 б.]. Яғни, дүниенің санадағы бейнесі тіл арқылы форма мен мазмұнға ие болады немесе дүниенің санадағы дерексіз идеалды бейнесі тіл арқылы материалданады. Осы тұрғыда Маралтайдың «Адасқақ» өлеңінде: *«...Мен де бір маңып кеткен маралыңмын»* деген метафоралық тіркеске талдау жасасақ. Мұнда ақын туған жерден, елден сыртқа кеткен өзін ен далада лағып, адасып жүрген маралмен салыстыруынан Адам-Табиғат немесе Адам-Жануар концетуалды метафорасын құрып көрейік. Адамзаттың да табиғаттың бір бөлшегі екенін ескерсек, табиғатқа қандай мінез-құлық тән болса, соның бәрін адам бойынан табуға болады. Мысалы, «қабағынан қар жауады», дауыл болып соғады, құйын болып ұйытқиды, жауын болып жауады, күндей мейірімін төгеді, күйдіреді, жауратады, тоңдырады күркірейді, шытынайды, мұздай сіреседі, көлдей шалқиды, теңіздей толқиды, таудай асқақтайды, күндей күңіренеді, жердей мықты болады, ауыр болады... тізе берсек, табиғат арқылы етістікті метафоралардың түр-түрін ата-баба тілінен табуға болады. Ал адам мен жануар арасындағы үндестіктің болуы да әбден заңды. Кең даланы мекен еткен қазақ үшін табиғатпен, мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыз үшін жануарлармен, малмен өз көңілінің күйлерін астастырудың өзі табиғи заңдылық еді. Маралдай маңу, киіктей орғу, ақбөкендей көшу, көңілдің үруі (иттей), маң далада маңу (түйе, маңмаңгер), айға қарап ұлу (қасқырдай) т.б. «Маралдың» астарында өзінің есімі жатқаны анық. Себебі өлең ақынның өзінің атынан баяндалған. Осы талдауға қоса айта кететін жайт «Адасқан» ұлының түбінде туған жерге оралатыны – өлеңнің түйіні.

«Айнамкөз» өлеңінде:

Өксік, ыза, өкініш,

Аңсау, сүю...армандай,

Өзіңе өзің үңіліп,

Мұң басады малмандай – деген шумақ бар. Осындағы ақын қолданған «мұң басады малмандай» тіркесіне зер салсақ, «Үсті-басы малмандай су болыпты» деген дәстүрлі тіркес (сөйлем) бар екені белгілі, алайда «малмандай мұң басу» деген тіркесті қолдану арқылы ақын мұңның өне бойынды толықтай жаулағанын көрсете білген. Жай ғана мұң емес, «адамның еңсесін басар ауыр мұң» екендігін танытқан. «Малмандай» сөзі тілімізде «табиғат» концептісіндегі «су» фреймі арқылы түсіндіріледі. Ақын бұл сөзді ойнатып, мұң сөзімен тіркестіріп, қолданыс аясына кеңдік сыйлап тұр. Демек, ақын-жазушылардың қолданыстары ұлт санасында бар, бұрынғы когнитивті білімді пайдалана отырып, метафора жасауға қатысатынын көруімізге болады. Мұңның СУмен астаса метафораланғанын қазіргі жастар тілінен де көруімізге болады. Өз өлеңдерін әлеуметтік желіге жүктеп жүретін **Руслан Абсамат есімді ақын жігіттің мына өлеңінде «мұңға малыну» тіркесі кездеседі.**

Мұңлы сағыныштан арыла ма кем,

Ылғи да *мұңға малына кетем*,

Суретіңе қарап жырымды арнап,

Сүйген жанымды сағына кетем. [13]

Немесе әнші Әбдіжаппар Әлқожаның «Ұрланған өлеңінің» мәтінінде:

Көңілімде сен деп жан, *мұңға малын*

Бұрын, бәлкім, бұл әнді тыңдап алдың-

Деген жолдар кездеседі. Демек, мұңға малыну тіркесі соңғы жылдары жиі қолданыста деген тұжырым жасауға болады. Бұл бір жағынан м дыбысыны қайталануы арқылы, яғни аллитерация арқылы оқырманға, тыңдарманға әсер ету күшінің де рөлін көрсетіп тұр.

Ақынның атақты «Кентавр» өлеңінде кездескен:

Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі,

Бабалар бүгін түсіме енбейді

Солардан қалған жүрек қой мынау –

Жүрегім неге кісінемейді? – деген шумақтағы «Жүрегім неге кісінемейді» деген сөйлемге назар аударайық. Қазақта «жылқы кісінейді» деген қалыптасқан қолданыс бар да, «жүрек кісінейді» деген қолданыс ешбір ақында да жоқ. Ақын «жүректі кісінету» арқылы біздің ата-бабамыздан бермен қарай тұрмыстағы серігіміз болып келе жатқан төрт түліктің төресі жылқының бойындағы асыл қасиеттердің қазіргі адамдарда жоқ болып бара жатқандығына қынжылатындығын көрсеткен. Қазақта «Жылқы мінезді» деген қолданыс бар. Бұл – тумысынан мықты, дара тұлғаларға арналған қолданыс. Сонда ақын жүрегінде өткенді аңсау, қазіргі күнге

деген өкпе бар екендігін айқын аңғаруға болады. Ал, концептуалды метафора тұрғысынан келетін болсақ жүректің немесе көңілдің жылқыға ұқсатуы меңзелетіндей. Бұл жерде Бақытжан Хасанұлы айтқандай метафора етістіктен жасалып тұр. Жүрекке саусақ жайдырып (Жас жүрек жайып саусағын (Абай), Жүректі жырлатып (Жырлайды жүрек (Мұқағали), жүректі кісінетіп (Жүрегім неге кісінемейді? (Маралтай) қойған ақындар тіліндегі етістікті метафоралар ұлттың жүректі синекдохалық қолданысымен байланысты болып тұр. Себебі жүрек – адамды саусақ жайдырып, жырлатып, жылатып қойып, қала берді жылқы секілді кісінетуінің өзі ұлттық ұғымның метафораланауына алып келіп отыр.

Ақынға тән авторлық метафораларды оның кез келген өлеңдерінен молынан кездестіруге болады. Мысалы: *«Көңілдің сынған бұтағы»* дегендегі – «көңілдің бұтағы» көңілдің ағашқа ұқсатылуы («Қаңғыбас 2»), *«Аспандағы Ай шала мас»* дегендегі – «Ай шала мас» айдың персонификациялануы («Қарағаш»), *«Құшақтап тұрып жұлдыздарды жұтып ем, Жасыңменен аралас»* дегендегі – «Жұлдыздарды жұтып ем» («Қарағаш»), *«Дәл мендей боп қамықпа, Ей, көкірегі көктем бетеге»* дегендегі – «Көкірегі көктем бетеге» көңілдің мезгілге ұқсатылуы («Ғұмыр»), *«Кеше жұртта қалған, Тозған жүрек, сені іздеп»* дегендегі – «тозған жүрек» жүректің сапалануы («Жоғалту»), *«...Кекілі күннің қылтиды, Кім сүйді бүгін, кім күйді?»* дегендегі – «кекілі күннің қылтиды» («Таң») т.б.

Көріктеу құралдарының ең бастысы – метафораның авторлық-жекелік түрлері. «Жазушының дүниені ерекше көркем түсінуі, сезінуі, оның көркемдік әдісі міндетті түрде оның шығармасында көрініс табатыны» сөзсіз. Көркем болуының мәнісі ақынның көңіліндегі көрікті ойды қайткен күнде де көркем жеткізу арқылы дүниенің көркем бейнесін қалыптастыруға, әрі көркем дүниені тануға деген қабілетінен туындайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақын шығармаларында табиғат пен қоршаған орта заттарының адам жанымен ұқсас тұстарын салғастыра отырып жеткізу орын алған. Және ол қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі метафоралардан ерекше екендігін әрбір өлеңіндегі авторлық метафораның молдығынан байқауға болады. Метафоралардың туындауына адам ойындағы өзара ұқсатулар мен салыстырулар, ойдағы суреттеулер негіз болады. Ақынның өмірлік тәжірибесінен көрген-білгенін, түйгенін таразылауға мүмкіндік беретін бұл тілдік бірлік лингвистикалық талдаулардың маңызды бөлігін құрайды. Алайда, танымдық әрекеттердің негізінде туындаған метафоралар жалпыхалықтық бейнелілікке айналады. Демек, олар қолданыла-қолданыла халықтың меншігіне айналады. Мұндай жағдайда автордың өзіндік қолтаңбасын бейнелейтін тілдік бірліктер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықтық мұраның көзі ретінде танылады. Бұлай дейтін себебіміз концептуалды метафораның сипаты ғаламды танып білудегі әлеумет пен жеке тілдік тұлғаның аялық білім қоры мен жинақталған өмірлік тәжірибесінің метафоралық тұрғыдан бейнелеуінен көрінетіндігі, метафоралар арқылы дүниеге келген атаулар тіл қолданушының концептуалды жүйесімен тығыз байланысатындығы. Ал метафораны дүниені тануға қатысатын бірлік ретінде санайтын болсақ, адамның дүниені тануындағы мүмкіндігі шексіз. Ақынның ұшқыр қиялы қаншалықты шексіз болса, сөз сипатындағы метафора да соншалықты кеңістіктен орын алып, әлемнің концептуалды бейнесін қалыптастыруға негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сыздық Р. Жазушы тілі және оның көркемдік әлемі. Мұхтар Әуезов тілін тану үшін. // Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. -295 б.
2. Тіл білімі сөздігі. Руд. Э.Д.Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1988. – 544 б.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік – Словарь, 1998. – 320 б.
4. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы: Автореф.дис. ... канд.филол. наук. – Алматы, 1963. – 206 б.
5. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 261 б.
6. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы – Алматы, 2006.
7. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмалингвистикасы: оқулық. – А., «Қазақ университеті», 2014. – 247 б.
8. Кәрібаева С.Е., С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект) / фил.ғыл.канд. дисс... Астана, 2010.
9. Есқараева А.Д. З.Шүкіровтің поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар: Автореф. ... фил.ғыл.канд. дисс. – Астана: 2003. – 29 б.

10. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. – 22 б.
11. Райымбекұлы М. Тарпаң: өлеңдер/ Маралтай. – Алматы: Хантәңірі, 2014. - 286 б.
12. Нұрдәулетова Б.И. «Когнитивтік лингвистика»: Оқулық. – Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 321 б.

REFERENCES:

1. Syzdyq R. Writer's language and his artistic world. To recognize the language of Muhtar Auezov.// The power of speech. Multiple collection of works. – Almaty: "El-Shejire", 2014. – 295 p.
2. Glossary of linguistics. Suleimenova E.D. – Almaty: Science, 1988. – 544 p.
3. Salqynbai A., Abaqan E. Linguistic Explanatory Dictionary. – Almaty: Dictionary, 1998. – 320 p.
4. Barlybaev R. Expansion and narrowing of the meaning of Kazakh word: Abstract from the dissertation of philology science. – Almaty, 1963. – 206 p.
5. Hasanov B. Metaphorical use of words in Kazakh language. – Almaty: Mektep, 1966. – 261 p.
6. BalaqaevM., Zhanpeisov E., Tomanov M., Manasbaev B. Stylistics of Kazakh language. – Almaty, 2006
7. Alkebaeva D. Pragmalinguistics of Kazakh language: Textbook. – A., "Kazakh University", 2014. – 247 p.
8. Karibaeva S.E., Author's metaphor in poetry of S.Muhanov (cognitive aspect) / Dissertation of philology science. – Astana: 2010
9. Esqaraeva A.D. Metaphorical use in poetry works of Z.Shukurov: Abstract from the dissertation of philology science. – Astana: 2003. – 29 p.
10. Sybanbaeva A. Linguistic reality of metaphors and conceptual metaphors. – Almaty: "Kazakh University", 2002. – 22 p.
11. Raimbekuly M. Tarpan: Poems/Maraltai. – Almaty: Xantaniry, 2014. – 286 p.
12. Nurdauletova B.I. "Cognitive linguistics": Textbook. Almaty: Association of Higher Education of Republic of Kazakhstan, 2011. – 321 p.

УДК 378.02:372.8:81373:811.161.1.

Есимкулов Б.Н.
канд.филолог. наук, и.о.ассоциированного профессора (доцента)
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова
г.Талдыкорган, Казахстан
E-mail: esimkulov.63@mail.ru

Пространственные распространители *передо мной, вдалеке, за мной, на западе* конкретизируют бытийную ситуацию, передаваемую относительными значениями глагольных полисемантов. Сема «быть видимым» в содержании значения глаголов цветообозначения указывает на возможность быть воспринятым органами зрения.

В организации бытийной ситуации текстового фрагмента обычно принимают участие относительные значения глаголов различных лексико-семантических групп. Это, как правило, глаголы статального значения и глаголы, передающие бытийную ситуацию с точки зрения ее динамики.

«Усадьба стояла *на горе*; мелкорослый сад, состоявший из акций и сирени, заглохший в лопухах и чернобыльнике, шел *вниз*, к лощине.

Поле молчало, лежало *в бледной темноте*». (И.Бунин. На хуторе).

Универсальными, с точки зрения восприятия и передачи бытийной ситуации в статистике и динамике, являются сочетания глагольных значений с локальными распространителями.

«К вечеру улицы политы. Нежно и свежо пахнет цветами, тепло и пряно-влажной пылью и нагретыми за день мостовыми. Оживленнее гудят трамваи, реками текут шарабаны, коляски, кареты и верховые *к мосту через Нил*, на катанье, Гремят *в садах* оркестры». (И. Бунин. Свет Зодиака).

Наличие в самом текстовом фрагменте представления о воспринимающем субъекте является одним из условий для реализации бытийной ситуации, поскольку она оказывается представленной с позиции наблюдателя.

Позиция наблюдателя, воспринимающего бытийную ситуацию, может быть не указана. Но ситуация бытия при этом не перестает быть воспринимаемой. Свидетелем подобных ситуаций является сам автор, на что указывает включение в текст местоимения 1 л., ед. числа.

«*По глянцевитой мраморно-голубой воде* черными кругами воде черными кругами, показывая перо, шли дельфины. Утренние пары таяли в тепле и свете, но даль еще терялась в матовом тумане (….).

Справа шли обрывы плоского побережья, цвета пемзы. А налево, до нежно туманной сини Принцевых островов, и впереди, до еще более туманных гор Азии, все шире разбегались сияющие среди утреннего пара заливы. Над их необозримой гладью кое-где висели дымки невиданных пароходов (…).

Я стоял на юге, облокотясь на решетку борта, и смотрел то на малахит, то на запад. Вдруг по кораблю там и сям тепло и весело вспыхнуло электричество» (И. Бунин. Море Богон).

Таким образом, анализ семантической структуры относительных значений глагольных полисемантов приводит к выводу, что состояние бытия может бать представлено не только относительными значениями с собственно бытийным значением, но относительными значениями глаголов, содержащих в своей семантической структуре семантические компоненты бытия. Дополнительные специализированные семантические компоненты позволяют представить состояние бытия с качественной стороны. Наиболее частотными в таком употреблении предстают относительные значения глаголов движения, перемещения в пространстве, положения пространстве и глаголов чувственного восприятия.

Поскольку относительные значения глагольных полисемантов с пространственными распространителями представляют собой значения, способные передать ситуацию бытия в статике и динамике, исследование их синтагматических особенностей в текстовых фрагментах нуждается в подробном анализе.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Виноградов В.В. Вопросы изучения словосочетаний. // Вопросы языкознания. - 1954. - №3. - с.3-24.

2. Степанова В. В. Обусловленность функционирования слова в тексте // Межвуз. сб. науч. тр. - Л., 1988. - с.3-10.
3. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. - М., 1955.
4. Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики // Проблемы структурно лингвистики. -1971. -М., 1972.
5. Селиверстова О.Н. Компонентный анализ многозначных слов. На материале некоторых русских глаголов. -М., 1975.
6. Смолина К.П. Лексическое значение его отношении к парадигматическим синтагматическим связям слова.// Филологические науки. - 1982. - №2. 60 - 64.

Жұмағалиев А.С.
2 курс магистранты,
Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясы
E-mail: azhumagalievart@mail.ru

СЮРРЕАЛИЗМ ҒҰЛАМАСЫ САЛЬВАДОР ДАЛИДІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мақалада XX ғасырдың басында пайда болған сюрреализм ағымының жарық өкілі суретші Сальвадор Далидың өмірі мен шығармашылығы жайында баяндалады.

Суретшінің өнер жолындағы алғашқы қадамдарынан бастап, оның шебер әрі тұлға ретінде қалыптасуы сөз етілмек. Сюрреализм ғұламасының шығармашылығындағы негізгі тақырыптар, оның идеялық ұстанымдары, суретші және тұлға ретінде көзқарастары талқыланбақ. Сонымен қатар Дали кескіндемесінің бірнеше мысалдарына, олардың сюжеттік композициясына сараптама беріледі.

Түйін сөздер: Сальвадор Дали, сюрреализм, оның жұмысы мен өмірі, шығармашылық әрекеттің көркемдік тарихын талдау, Сальвадор Далидің жұмыстары.

В статье говорится о жизни и творчестве художника Сальвадора Дали - самого яркого представителя изобразительного направления сюрреализма, образовавшегося в начале XX века.

Ведется искусствоведческий анализ начального этапа его творческой деятельности, этапа становления как мастера, и формирования как экстравогантно-эпатажной личности. Рассматриваются основные темы, идейные принципы и взгляды гения сюрреализма, так же дается разбор сюжетным композициям на примере искусствоведческого анализа его самых известных произведений.

Ключевые слова: Сальвадор Дали, сюрреализм, его творчество и жизнь, искусствововедческий анализ творческой деятельности, произведения Сальвадора Дали.

The article describes the life and work of the artist Salvador Dali as a bright representative of the direction of surrealism, formed in the early XX century.

It tells about his first steps on the path of creativity, becoming a master and personality. The main themes, ideological principles and views of the genius of surrealism are considered, as well as the analysis of the plot compositions of vivid examples of his work is given.

Keywords: Salvador Dali, surrealism, his work and life, art history analysis of creative activity, works of Salvador Dali.

1936 жылы сюрреалистер тобымен жанжалдасып ажырасқаннан кейін айтылған Далидің «Сюрреализм - бұл Мен!» деген сөзі бүгінгі таңда соншама астамшылық болып көрінбейтіні анық. Кескіндемеші және график, мүсінші және режиссер, ең даңқты және танымал сюрреалистердің бірі әрі бірегейі Сальвадор Дали шығармашылық жолында өнердің өзі ат салысқан қай саласын да дүр сілкіндірді.

Ұшына алтын жалатып, құлағына жеткізе ширатып қойған едірек мұрты, есірік жанары, ерсі қылықтарымен күллі әлемге танымал болған Дали есі дұрыс адамға мүлдем ұқсамайтын. Алайда бетіне бейәдеп бәдіктің бетпердесін киіп жүрген суретшінің шын мәнінде жасқаншақ та жасық, әрі нәзік жанды пенде екендігін көп адам біле бермейтін.

Сальвадор Дали (толық есімі Сальвадор Доменек Фелип Жасинт Дали- и-Доменек, маркиз де Пуболь) 1904 жылдың 11 мамырында Испанияның Фигерас қаласында дүниеге келген.

Атағы жер жарған дарын иесінің дүниеге келу тарихы да ерекше болған көрінеді. Дәулетті фигерастық нотариус Сальвадор Дали-и-Кусидің жанұясы ең алғаш перзентті болғанда естері шыға қуанған екен. Балаға әкесінің есімін беріпті. Өкінішке орай, сәбидің өмірі ұзақ болмай, екі жасында ми қабынуынан шетінеп кетіпті. Қазаға қабырғалары қайыса қайғырған ата-анасы екінші рет ұлды болғанда ғана естерін жиыпты.

Тұңғыш перзенттеріне айнымай ұқсап туған бұл нәрестеге де ата-анасы ырым қып ағасынікіндей Сальвадор деген есім берген екен.

Кейінірек, бала есейіңкіреген кезде, оны ағасының қабіріне апарған көрінеді. Мәрмәр тасқа ойып жазылған өз есімін жас бала қайта-қайта таңырқай оқиды. Баланың нәзік жүйкесіне ең алғаш сол кезде зақым келсе керек.

Кішкене Сальвадор сол кезден-ақ басқа балаларға ұқсамайтын ерекшеліктерімен көзге түсе бастайды. Қыңыр мінезді, өз дегені болмаса жер тепкілеп жылап отырып алатын, әр түрлі ұсақ жәндіктерден есі шыға қорқатын, жылауық та жасық баланы қатарластары қатты ұната қоймайтын. Киімінің ішіне шегіртке, бақа-шаян тәрізді жәндіктерді салып жіберіп, шыңғыртып жылатып қоятын. Тентек балалардың жәбірінен жапа шеккен Сальвадор көбінесе жалғыз отырып сурет салуды ұнатады екен. Баланың суретке деген қабілетін байқаған ата-анасы оның өнерін

дамытуға барын салады. Арнайы бөлмеде шеберхана жабдықтап береді. Он жасқа келгенде жас Сальвадор өзіндік қолтаңбасы бар, қоршаған әлемге өзіндік көзқарасы бар кәдімгідей кәнігі суретші болып қалыптасқан екен.

1921 жылы жасөспірім Сальвадор Мадрид қаласындағы Сан-Фернандо Академиясына суретшілік шеберлігін шыңдауға аттанады. Емтихандық жұмысын көлемінің кішілігі себебінен комиссия қабылдамай қояды. Бірнеше күннен кейін қыңыр бала емтиханға бұрынғысынан да анағұрлым кішірек сурет алып барады. Баланың ерекше дарынына тәнті болып қалған академиктер оның бұл қиқарлығына кешіріммен қарап, курсқа қабылдайды. Алайда бірер жыл өткеннен соң Сальвадор емтихан үстінде өзіне сонша кешірімділік жасаған ұстаздарына «Сендерге өз шеберлігімді дәлелдеп жатпаймын, себебі сендердің ешқайсысың менің білгенімді білмейсіңдер» деген тәрізді асқақ сөздер айтады. Өркөкірек оқушыны реніште ұстаздары оқудан шығарып жібереді.

Дегенмен, Сальвадордың Академияда өткізген аз ғана уақыты зая кеткен жоқ. Ол көп ізденіп, кубизм, дадаизм секілді жаңа ағымдарды игерді, Фрейдтің еңбектерін зерттеді. Әсіресе оның ерекше дарыны Парижге келгеннен соң жаңа қырынан ашылды. Мұнда ол өзінің пір тұтып жүрген суретшісі, әйгілі Пабло Пикассомен танысады, және өздерінің таңғажайып әрі түсініксіз суреттерімен танымал бола бастаған сюрреалистер тобына қосылады.

Сюрреалистер үйірмесінде Дали кейінірек өзінің тағдырына үлкен ықпал етіп, бүкіл шығармашылығының музасы болған Галамен танысады.

Өзінен он шақты жас үлкен, әрі күйеуі бар Гала (Елена Дьяконова) жас Сальвадорды өзіне өлердей ғашық етеді. Махаббаттан басы айналған Дали әкесі мен сүйікті қарындасы Анна-Марияның қарсылығына қарамастан күйеуі мен кішкентай қызынан айырып, Галаға үйленеді.

Аса сұлу болмағанмен қылығымен тартымды Галаға Сальвадор өмір бойы ғашық болып өтеді. Ал Гала болса ең алдымен Далидің дарынына ғана ден қояды. Дарынды суретшінің табысты болашағына кәміл сенген Гала Сальвадордың тума талантын өз жеке басына пайдалану мақсатында ғана онымен тағдырын қосады.

Бұл кезде Сальвадор Дали біршама белгілі суретші ретінде танылып қалған болатын. Оның еңбектері көрмелерге қойылып, сыншылардан жақсы баға ала бастаған. Кейіннен әлемге әйгілі болған «Ұлы мастурбатор» (1929), «Жад-мәңгілік» (1931), «Әйелдің ретроспективті бюсті» (1933), «Мэй Уэсттің дидары» және «Телефон-шаян» т.б. туындылары осы кезде жарық көрген.

Далидің шығармашылығы жұртшылыққа ұнағанмен, оның суреттерін сатып алуға ол кезде ешкім де құштарлық көрсете қоймайды. Бұған әсіресе Гала қатты қапа болады. Далидің талантына сенімділігін жоғалтпаған ол бар күш-жігерін күйеуінің еңбектерін табыс көзіне айналдыру әрекеттеріне жұмсайды. Бұл кезде олар қатты жоқшылық көреді.

Ақыры Дали мен Гала көздеген мақсаттарына жетеді: суретшіні Америкада қатты бағалайды екен. Олар мұхиттың ар жағына сапар шегеді.


Еуропада екінші дүниежүзілік соғыс етек алып жатқан кезде Дали мен Гала Америкада атақ-даңқ пен ақшаға мейлінше кенеліп жүрген болатын. Әйгілі Уолт Диснейдің өзі Далиге бірге жұмыс істеуді ұсынады. Жарнама агенттіктерінен де көптеген тапсырыстар түсіп жатады. Телегей-теңіз табысқа құныққан Гала Сальвадорды тек ақша табу құралына айналдырады. Ұшы-қиырсыз жұмыстан мезі болған Дали кей-кезде бояуға малынған қылқаламды кенепке әрі-бері сүйкей салып сурет ретінде сатып жіберуді әдетке айналдыра бастайды.

1948 жылы Дали мен Гала Испанияға қайтып келеді. Енді Сальвадор Дали өзін Еуропаға да мойындата бастайды. Суретшінің қолынан шыққан әрбір туынды бірден-ақ шедевр деп есептеліп, бақытты жұпты қисапсыз қаражатқа кенелте береді. Алайда біраз уақыттан соң Дали мен Галаның арасына сызат түсе бастайды. Суретшінің музасы орнын бірнеше жыл бойына Аманда Лир есімді сұлу басқаны белгілі. Бірақ Дали Галадан біржола қол үзіп кете алмайды. [3]

1968 жылы Гала өзінің жалғыз тұрғысы келетінін мәлімдейді. Сальвадор жұбайына Пубольдан мекенжай сатып әпереді. Өзі болса онда тек Галаның рұқсатымен ғана бара алатын болған. Сүйікті жарынан тірідей айрылған суретші қатты жапа шеккен екен. Сөйтіп жүріп Дали Паркинсон ауруына шалдығады. Қолдарын қалтыратқан қатты сырқат суретшіні мейлінше меңдетеді. Бұл жылдары Дали сурет орнына тек қана шимай-шатпақ тудыра алған. Гала анда-санда Далиге келіп, таза қағаз парақтарына қол қойдырып алады екен. Кейін сол қағаздарға өзі сурет салып, Сальвадор Далидің атымен сатып отырған.

Алайда Сальвадордың Галаға деген махаббаты өшпейді. 1982 жылы Гала қайтыс болғаннан кейін, Дали қимас жарының мекенжайына көшіп барып, біраз уақыт ешбір адамды қабылдамай аза тұтып жатады. Тек кенет орын алған өрт қана суретшіні жарының мекенін тастап

кетуге мәжбүр етеді. Денесінің жиырма пайызын күйік шалған Дали құдіреттің күшінен ғана аман қалады.



С. Дали. "Жады мәңгілігі", 1931 ж., көлемі: 24 х 33 см.

Өмірінің соңғы жылдарын әйгілі суретші туған қаласы Фигераста 1974 жылы ашылған өз мұражайында өткізуді ұйғарады. Және өзінің мүрдесі осы жерде жерленуін қалайды. 1989 жылы 23 қаңтарда жүрек ұстамасынан көз жұмған Дали сол өз мұражайының едені астында мәңгілік мекен табады.

Сальвадор Дали жиырмасыншы ғасырдың бейнелеу өнеріндегі сюрреализм ағымының ең көрнекті өкілі болды. Оның әйгілі туындылары сюрреализм философиясы мен рухына, таңғажайып сезімталдық пен тылсым мистикаға толы.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Дали өзіне «Сюрреализм дегеніңіз бұл – Мен» деп баға берген. Суреткердің бүкіл болмысы – сана-сезімі, мінез-құлқы, қандай да болмасын ар-ождандық немесе моралдық тәртіптен азаттығы, сезімталдығы мен шынайылығы осы сюрреализм концепциясына толығымен сәйкес келеді.

Далидің өмірі де, өнері де ешқандай бүркемесіз эпатажға толы. Ол әрқашан да жазғысы келгенін жазды, айтқысы келгенін айтты, істегісі келгенін істеді. Сондықтан да 1930–1950-жылдары оның шығармашылық эксперименттері қалың жұртшылықты дүр сілкіндіргеніне таң қалудың қажеті жоқ. Бейнелеудің классикалық техникасын бұған дейін де жете меңгерген суретші алдымен импрессионизм мен кубизмге ден қоя бастаса, кейінірек сюрреализмге біржола бет бұрды.

Бейнелеу өнеріндегі бұл ағым суретшіге өзінің ішінде тұнып жатқан бар шынайы болмысын: секс және эротика тақырыбын, жасырын жыныстық құмарлықтарын, нәпсілік ауытқушылықтарын ашықтан-ашық суреттеуге мүмкіндік беретін. Алайда Дали шығармаларындағы басты тақырып – елестер мен қиялдар әлемінде адасып жүрген адамзат тақырыбы болып табылады.

Сальвадор Далидің шығармаларына байыпты баға беріп, мән-мағынасын егжей-тегжейлі ежіктей түсіндіру немесе түсіну мүмкін емес. Себебі олар шытырман елестерден, астарлы образдардан, тылсым түйсіктерден, қияли жұмбақтардан ғана құралған. Бұл туындыларды әрбір адам өз тұрғысынан, өз сана-сезімі, өз ұғымына байластырып қана түсіне алатынға ұқсайды.

Енді Далидің ең белгілі деген бірнеше туындысын талдап көрелік.

Бұл шығарманың бірнеше аты бар. «Жұмсақ сағаттар», «Уақыт ағымы», «Жадының беріктігі», т.б. Өнер сүйер қауымды шатастыруға жаны құмар Далидің өзі бұл туындысына әр кезде әртүрлі түсініктемелер беріп, өнер зерттеушілерді әбден тығырыққа таяған тәрізді. [1.P.27]

«Жады мәңгілігі» адамзаттың уақыт ұғымына деген қалыптасқан түсінігін тас-талқан етеді. Суреткер уақыттың біз қабылдап әдеттенген бір бағытты сызықтық болмысын жоққа шығарады.

Шығарма идеясы Далидің ойына Гала таңғы ас кезінде кепкен нанға жұмсақ ірімшік жағып отырғанын көргенде келіпті. Картинаны бейнелеп отырған кезде суретшінің басы қатты ауырған көрінеді. Суретте көңілсіз күңгірттеу реңдердің басымырақ болуы осыған байланысты болса керек.

Шығарманың орталық образы – жерде жатқан адам басы (Далидің өзіне аздап ұқсайды) – ауру азабынан демалу мен жан тыныштығын көксеуді бейнелейді.Өзге образдар жалғанның өткіншілігін бейнелейді: - құмырсқалар мен шыбын кәріліктің адам ағзасын жегені тәрізді уақытты жеп жатса, ал теңіз бен жартасты жағалау мәңгілікті сипаттайды. Қураған зәйтүн ағашы түгесілген тіршілікке меңзейді. Жалпы бұл шығарманың басты желісі күйреу және күйзеліс сезімдерін туғызады. Далидің бұл туындысы қазірде Нью – Йорк қаласындағы заманауи өнер Музейінде сақтаулы.

Бұл туынды Испаниядағы 1930-жылдардың аяғында қалыптасқан саяси жағдайға Далидің көзқарасын бейнелейді. Бұл жылдар билікке Франконың келген кезі, республикашылдар мен ұлтшылдардың күресі, елдегі азамат соғысының қарсаңы.

Далидің өзі Франкоға іш тартқанына қарамастан, қоғамдағы оң өзгерістерді сипаттауға тиіс шығарма көрермен көңілінде біршама үрейлі сезімдер туғызады.

Елдегі саяси теке-тіректерді Дали бір біріне жалғаса жабысып қалған екі адам ағзасы образында бейнелеген. Бұл екі дене бір-бірінен ажырасуға талпынады, бірақ бірінің бірінсіз күні жоқ, себебі екеуі біріне-бірі тірек болуда. Бір уыстай шашылып жатқан піскен бұршақ испан қоғамының күйрей құлдырауын сипаттайды.

Бүгінде бұл туынды Филадельфиядағы өнер Музейінде тұр. [2.С.48]

Жоғарыда суретшінің өмірбаян деректерін келтіргенде Далиге өзінен бірер жыл бұрын туылып, мезгілсіз шетінеп кеткен ағасының есімі берілгенін айтқан болатынбыз. Болашақ суретші ес білгеннен бастап ағасы мен өзінің қайсысы тірі, ал қайсысы өлі екендігін ажырата алмайтын дүдәмал күй кешкен еді. Өзінің осы жан жарасы мен ата-анасына деген өкпесін сюрреализмнің сұңғыла суреткері шебер жеткізе білген. Мұнда аққулар жарастықты жанұяның сипатын білдірсе, ал пілдер ата-ана сүйіспеншілігінің символы ретінде бейнеленген. Жартастың жанында теріс қарап тұнжырап тұрған адам автордың өзі. Бұл бейне арқылы суретші өзінің әлі күнге дейін өкпесін ұмыта алмағанын, кешірімге әлі де дайын еместігін жеткізгісі келсе керек.

Бүгінгі таңда бұл туынды жеке коллекционердің қолында.

Өз шығармаларының басым бөлігін Сальвадор Дали сүйген жары әрі шабыт берер Музасы Галаға арнапты. Өзін де ұмыта қоймаған. Бірқатар автопортреттері бар. «Кубистикалық автопортрет», «Рафаэль мойынды автопортрет», «Жалаңаш Дали», «Далидің күні», «Түс», және тағы басқалары суреткердің психологиялық тұрпатын аша түсуге көп мүмкіндіктер беретіні сөзсіз.



С. Дали. "Пісірілген бұршағы бар жұмсақ конструкция", 1936 ж., көлемі: 100 х 99 см.

Сюрреализм сұлтанының туындыларының барлығы дерлік адам жанының терең түкпіріндегі өзге түгіл өзінен де жасырып ұстайтын құпия қыртыстарын мейлінше аяусыз ашып көрсетуге бағытталған. Дали әрбір адамның ішкі жан-дүниесін сыртына сілкіп шығарып, оған өз үрейі мен елестерінің көзіне қаймықпай тіке қарауға жағдай жасап береді. Сальвадор Далидің шығармашылығына деген ықылас пен қызығушылықтың әлі күнге дейін суымауының себебі де осы шығар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Robert Descharnes. DALI. Published by Harry N.Abrams, New York, 1976. (P.27)
2. К. Инграм Гениальный Дали. This is DaLi ; перевод с англ. Т. Платонова. — Эксмо, 2014. (С.48)
3. А. Г. Заховаева. Экзистенциальные зеркала Сальвадора Дали как отражение культуры постмодернизма. https://cyberleninka.ru/article/n/ekzistentsialnye-zerkala-salvadora-dali-kak-otrazhenie-kultury-postmodernizma

ҒТАМР 82.02

Кенжебаева А.Ә.
Шығыстану факультетінің доценті филол.ғ.к., доцент
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: china.aida@mail.ru

Шынарбекова Ж.М.
Шығыстану факультетінің аға оқытушысы, гуманитарлы ғылымдар магистры,
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: zhazira_ban@mail.ru

МО ИӘН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛАР МЕН СИМВОЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аңдатпа. Берілген мақалада қытай жазушысы Мо Иән шығармаларындағы метафоралар мен символдар қолданысының мәні қарастырылады, сонымен бірге метафоралық қолданыстардың көркемдік, символдық, эмоциялық мәндеріне талдау жасалынған. Мақала көркем әдебиетте, оның ішінде прозалық шығармаларда актив қолданылатын троптардың бірі — метафораның стильдік қызметін қарастыруға арналды. «Қызыл», «Шарап», «Махаббат» концептілеріндегі ұлттық көзқарастың сипаты көрсетіледі. Мо Иәннің метафоралық сөз қолданыстардың қызметі оның шығармаларында авторлық көзқарас негізінде көрініс табады. Авторлар жазушы шығармаларындағы символдар мен метафоралардың өзіндік болмысы мен ерекшеліктерін аша отырып оның әдеби сахнада алатын салмақты орны туралы сөз қозғайды.

Мақалада сонымен қатар қазіргі таңдағы белді жазушы Мо Иән туындыларындағы авторлық метафоралар тізбегі мен символды қолдану әдістеріне жан-жақты талдау жасалынған. Оның белді туындылар қатарын тізетін - «Шарап елі», «Қызыл гаолян», «Сандал ағашы астындағы өлім жазасы», «Өліп, тірілуден жалықтым», «Қызыл шегіртке» атты романдарында қолданған символ мен метафоралар табиғатындағы ұлттық ерекшеліктер мен айшықтар ашып көрсетілінген. Бұл туындылардағы адамдар қатынасындағы жатсыну, жатбауырлану, қатігездік феномендеріне ерекше назар аударылғаны туралы сөз болады. Мақалада сондай-ақ Мо Ян шығармаларында қолданылатын көркемдік тәсілдерді әрі қарайғы жүйелеу мен талдау жасаудың өзектілігі баяндалады. Көркем шығарма мен ондағы көркемдік тәсілдердің өзара тәуелділігін де назардан тыс қалдыруға болмайтындығы сөз болады. Сондықтан авторлар көркем әдебиеттегі авторлардың өз туындыларында қолданатын метафоралар мен символдық тәсілдер табиғатын кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындайтыны жайында тұжырым жасайды. Жазушы шығармаларындағы метафоралар мен символдар табиғатын ашып көрсетудің кез-келген жолдары мен тәсілдері арқылы көркем проза болмысына тереңінен бойлап, тануға зор мүмкіндіктер бере алатындығы талданады.

Түйін сөздер: метафора, символ, троп, проза, роман,стиль, түстер символикасы.

Кенжебаева А.А.
к.филол.н., доцент, факультета востоковедения,
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
г. Алматы, Республика Казахстан
e-mail: china.aida@mail.ru

Шынарбекова Ж.М.
ст.преподаватель, магистр факультета востоковедения,
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
г. Алматы, Республика Казахстан;
e-mail: zhazira_ban@mail.ru

МЕТАФОРЫ И СИМВОЛЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МО ЯНЯ

Аннотация. В данной статье дается анализ творчества китайского писателя Мо Яня. В качестве предмета анализа рассматриваются способы создания авторских метафор и символов, характеристика современной китайской прозы. Несмотря на тысячелетнюю историю изучения метафор, на данный момент не существует какой-либо определенности в вопросе перечня языковых функций метафоры. В статьте метафора рассматривается как кодекс национальной идентичности, который предоставляет информацию о природе и традициях нации, его познании, менталитете, духовной ценности, а также выявлены особенности применения метафор и символов в в призведении Мо Яня,.

Особенности использования метафоры и смволов писателем постоянно видны в его произведениях. Здесь также описана роль метафоры и символов в произведении авторов, дается лингвистическое описание понятия метафора и символ, проведен анализ метафорических единиц и символов используемых в таких произведениях автора как «Страна вина», «Устал рождаться и умирать», «Красный гаолянь», «Сандаловая казнь», «Красная саранча» и на его основе описана роль метафоры и символов в художественной литературе в целом. Анализируемые произведения богаты различными языковыми средствами, особенно метафорами. Авторы ососбо отмечают, о том, что перевод метафор в теории и практике перевода приводит к большим трудностям, особенно метафорические единицы переводятся лингвокультурологический лакунарный характер. Выявлены основные авторские метафоры часто используемые писателем. Дается анализ языковых процессов, которые определяют метафору как особый стилистический прием, тематические группы слов, наиболее часто употребляемые в качестве метафор в в произведениях китайского писателя.

Ключевые слова: метафора, символ, троп, проза, роман,стиль,символика цвета.

Kenzhebaeva.A.A
Candidate of philological sciences, Associate Professor
Faculty of Oriental Studies
KazUIR&WL named after Abylai Khan,
Almaty, Kazakhstan
e-mail china.aida@mail.ru

Shynarbekova Zh.M.
Senior lecturer, Master
Faculty of Oriental Studies,
KazUIR&WL named after Abylai Khan,
Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: zhazira_ban@mail.ru

METAPHORS AND SYMBOLS IN THE WORKS OF MO YAN

Abstract. This article analyzes the work of the Chinese writer Mo Yan. As an object of analysis, we consider ways of creating copyright metaphors and symbols, a characteristic of modern Chinese prose. Despite the thousand-year history of the study of metaphors, at the moment there is no certainty regarding the list of linguistic functions of metaphors. In the article, the metaphor is considered as a code of national identity, which provides information about the nature and traditions of the nation, its knowledge, mentality, spiritual value, and also reveals the features of the use of metaphors and symbols in Mo Yan's writings.

Features of the use of metaphor and characters by the writer are constantly visible in his works. It also describes the role of metaphor and symbols in the authors 'work, provides a linguistic description of the concept of metaphor and symbol, analyzes the metaphorical units and symbols used in such works of the author as" Country of wine "," Tired of being born and dying "," Red kaolin "," Sandalova " execution "," Red Locust "and on its basis the role of metaphor and symbols in fiction as a whole is described. The analyzed works are rich in various linguistic means, especially metaphors. The authors especially note that the translation of metaphors in the theory and practice of translation leads to great difficulties, especially metaphorical units are translated linguoculturological lacunar nature. The main author's metaphors are often used by the writer. The analysis of language processes that define the metaphor as a special stylistic device, thematic groups of words, most often used as metaphors in the works of a Chinese writer, is given.

Keywords: metaphor, symbol, trope, prose, romance, style, color symbolism.

Жазушының суреткерлік қырын танытатын көркем мәтін мазмұнын бейнелеуге қатысты сөз қолданыстың бір түрі – оқиғаның сырын тұспалдап ашатын, ишарамен білдіретін – сөз-символдар мен метафораларды шеберлікен қиыстыра жұмсау. Мо Иән шығармалаындағы сөз-символдар мен метафоралар көркем мәтіннің идеялық мазмұнын арқалап, ойды астарлап жеткізеді. Символ – сөздің мағынасы кейде бір сөйлем немесе абзац, әйтпесе тіпті бүкіл мәтін

көлемінде ғана танылады. Сөз-символдар көп мағыналы болып келеді. Сондықтан сөз-символдың символдық мағынасын кейде шығарманы толық оқығанда ғана түсіне аламыз. Жазушы сөзді символдық мәнде қолданғанда, белгілі бір стильдік мақсатты діттейді. Сөз-символ көркем шығарма бейнелілігін арттыруда маңызды рол атқарады. Символдың жеке автор қолданысындағы мәнін ашу, мағынасын тану ерекше қабілет пен көкірек көзін қажет етеді.

Метафора (грек тілінен аударғанда. — *ауыстыру*) — деген мағына береді. Ол троптың (құбылтудың) бір түрі.Суретелген затты не құбылысты айқындау үшін оларды өздеріне ұқсас затқа балау. Метафора — құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы. «Метафора» терминін ең алғаш қолданысқа түсірген был ежелгі грек философы Аристотель болған еді, Аристотель пікірінше, өнер дегеніміз шынайы өмірге еліктеуден тұрады деп тұжырым жасайды.

Ғалым Қ.Жұмалиев метафораны: «Сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау, екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою» деген талдау тұжырым жасаса, [1,117], З.Қабдолов: «Метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» деп анықтама береді. [2, 214].

Метафора негізінде заттардың түрі мен пішіні, түсі, көлемі. Атқаратын қызметіндегі ұқсастығы жатады. Мәселен: поэзия маржаны, махаббат ұшқыны, қайғы тұңғиығы, сезім жалыны т.б. Метафоралар кейіптеу («қайғы жегідей жеді», «өзегі өртенді» «махаббат өртеді»), заттану («тас жүрек», «жалынның жаландаған тілі», «үйдың жаны») қағидаттары бойынша құралады. Метафораның түрі ретінде кейіптеуді алуға болады, ал кейіптеу дегеніміз – адамға тән қасиеттерді жансыз заттарға телу.

Метафора – жаңа мән-мазмұнның құрастырылуының кең тараған түрлерінің бірі. Әдеттегі қолданылатын ұғымдардың өзі метафораға бай боп келеді. Мәселен, біздің күнделікті тұрмысымызда қолданылатын сөздердің өзі метафорадан тұрады: «*басынан айрылды», «сауда желісі», «алтын құрсақ», «махаббат тұзағы», т.б.* [3, 95].

Қытай жазушысы Мо Иэнның шығармаларын қарастыра отырып, лабиринтке ұқсас оқиға, шым-шытырық шеленіскен өмірді байқауға болады. Көптеген қиын соқпақтарға кезіккен кейіпкерлермен бірге, сол тығырықтан шығатын, дұрыс бағыт беретін жолды іздеуге құлшына кірісіп кетесің. Оның туындыларының астары мұңды құпияға толы. Сырттай баға бергенге – қабылдау ауыр, ал іштей үңілгенге – жазушы айтпақ болған ақиқатқа жол ашылады. «Шарап елін» қытай әдебиетінде өзіндік орны бар роман деп тануға әбден болады. Бірінші, қытай әдебиетінде бұрын-соңды сондай сонылықпен, нақтылықпен, шынайы деталь-көріністермен бейнеленген социалистік қоғамдағы қытай бюрократизмінің бет-пердесін сыпырып, қазіргі таңдағы өмірінің қыртыс-қалтарыстарын нанымды және жан-жақты ашып суреттеген көркем шығармалар қатарын толықтырған көркем туынды деуге әбден болады. Дин Гоуыр есімді провинциалды прокуратура тергеушісінің басынан өткен, біз сияқты оқырманға бейтаныс қытай қоғамының өмірден хабар береді. Екіншіден, «адам етін жеген қоғамның» бет-пердесін жұлып тастап, жан-жақты ашып, өтірік-жалғансыз айқын суреттеп, ащы шындықтың көріністерін әшкерелеп, тартысты әрі әсерлі бейнелеген роман екені шүбәсіз. Бейжелілік не соған тоқала кететін болсақ, Мұнда бір желілік сюжеттік-баяндау үлгісі байқалмайды. Жазушы шығармаларындағы желілік репеттегі бейжелілік авторлық баяндау үрдісіндегі басталу мен аяқталудың жоқтығын танытады. Бұл ойымыз «Шарап елінде» логикалық қисындама жоқ деген сөз емес, қайта романдағы Дингоуыр өмірінің басталуы мен аяқталуы жоқ дегенді ғана білдіреді. Автор Дингоуырға қатысты жайттарды оқырманына түрлі қырынан ұсынады. Ұқсаң ұқ, ұқпасаң өзің біл деген өз шығармашылық кредосын береді. Бейжелілік баяндау – оқырман мен автор арасындағы емін-еркін сұхбаттастықты ұстанса, желілік баяндау - автордың оқырманға өз қалыбына салып кесіп-пішіп берген ойлары мен пікірлерінен тұрады.

Метафораға негіз ретінде Цзин Ганцзун секілді жыртқыштың бейнесі тамаша сипатталған: 这不是一杯酒而是一杯朝阳，一团冷冷的火…… Бұл шарап құйылған тостақ емес, күн нұры шашылған тостақ, сұп-суық жалын дерсің Құбыжықтардың көсемінің – сәби етін жегіштің тұяғы, бәлкім, мұздай суық шығар..（Мо Иэн «Шарап елі»） [4, 160]. Мұндағы «шарап» деп алынып отырған сөз жекелей алғанда «күн» (“太阳”), «от» (“火”) сөздерін ауыстырып отыр. Сондай-ақ «Цзюгуолықтардың»(“酒国人”) шарапқа деген шексіз сүйіспеншілігін бейнелеген. . Роман

түсініксіз, шиеленіскен, соқпақтары көп оқиғадан құралған. Сондықтан, ең алдымен ойға келетіні, шығарманың өн-бойына берілген теңеуге ұқсатуға болады.

Жазушы өз туындыларында «қызыл» түске де үлкен символдық жүк артады. Мысалы, «Қызыл гаоляндағы»(《红高粱》) “қызыл” түс- жігер мен төзімділік, құмарлық символы ретінде қолданылса, «Қызыл шегіртке»(《红蝗》) атты шығармада “қызыл” түсі ұсқынсыздық пен жауыздық, жамандық символы ретінде берілген. Мұндағы “қызыл түс” адамдардың қызыл жәндәктерден асып түскен зиянкес, жыртқыштық, өзімшіл, кекшіл, надан қасиеттерін ашып көрсетеді. Жазушы күрең қызыл түсті, ұсқынсыз шегіркені сипаттай отырып,адамзат баласының теріс қылықтарын қатты шенейді. Мұнда постмодернистік сарындарды да байқау қиын емес-сұлулық пен ұсқынсыздық, шектілік пен шексіздік, мәнсіздік пен мазмұндылық бірігіп астасып кеткендей.

Енді жазушының «Қызыл шегіртке» атты шығармасынан үзінді келтірейік:

“鲜红的裤衩在翻动的黑纱裙里闪烁”、“她像飞行中的蝗虫的鲜红的内翅”- «Ол бейне бір шегірткенің қып-қызыл қанаттары секілді», мұнда автор кейіпкердің шікі құмарлық сезімдерін ашып көрсету үшін «қызыл» сөзін әдейі қолданып тұр. Қызыл түс- қытай мәдениетінде шаттық пен ыстық сезім, мереке мен қуанышты белгілейтін негізгі символдық түстердің бірі. Мо Иэн романдарына тән қасиеттердің бірі- символдар мен метафораларды жан-жақты қолдану боп табылады. Бұл арада автордың өз оқырманы үшін ашылып, ал, оқырман оның туындысында айтылған ойды астарлап, символдармен көркем жеткізе білген. Мәселен, «Шарап елі»(《酒国》) романындағы «шарап»“酒”сөзі «Қызыл гаолян»(《红高粱》) романындағы шараптан өзгеше“酒”символдық жүгі өте салмақты сөз. «Қызыл гаоляндағы» шарап—Қытайдың жаңа өмірге деген ұмтылысын бейнелесе, қазіргі қытай қоғамындағы бюроткраттық жүйені, шектен тыс тұтынушылыққа бой алдырған қоғамды шенеу үшін қолданған символдық деталь. Мұнда шарап – үміт символы. Қоғамды жауыздық пен екіжүзділіктен құтқарар бірден-бір үміт, жарқын тілек. Жазушы ұстанымының ешқашан аяқталуы жоқ тереңінен маржан теретін көркемдік әдістері сынды. Бұл қағидат: автор үшін – ашықтыққа, оқырман үшін - соңғы сөздің ешқашан айтылмауына құрылады. Жазушының «Шарап елі» романының мәтіні ешқашан тұйықталмайтын, сан алуан мәндегі мәтін көптігіне құрылған. Жазушының «Қызыл гаолян» романы да метафора мен символға тұнып тұрған ауыр әрі терең ойлы шығарма. Оның әрбір бөлімі, айтылған әрбір сөз лабиринттен шығар жолдың ашылып жатқандығын баяндайтындай қолданады.Мәселе, жұбай, ана, нақсүйерді мылтық деп теңейді. Ал енді жазушының аты шулы романдарының бірі болған «Шарап елі» романынан үзінді алып көрелік:丁钩儿感叹万分,方知自己是井底之蛙,知识贫乏。Дин Гоуыр қатты күрсініп, қынжылды, өзінің құдық түбінде отырған сүйкімсіз бақаның жайын кешкеніне, білімінің шектеліп, өспей қалғанына іштей налыды. «你们这些花言巧语 的强盗！休想蒙混过关!»– «Жылы-жұмсақ сөйлеп отырсыңдар ма, қанышерлер! Әлде бәрін былықтырып судан құрғақ шыққыларың келе ме?» Романда «сайтанның есігі» -鬼门 деген меатфора жиі кездеседі. Ол арқылы сәби етін жеп, саудаға салған азғын топты осылайша сипаттап көрсетеді. 他想自己和这女司机的关系有时是猫与鼠的关系, 有时又是狼与狈的关系 – Ол өзінің жүргізуші бикеш екеуінің арасындағы байланысты кейде тышқан мен мысық, кейде бөрі мен оның қаншығы арасындағы байланысқа ұқсатады.你们酿酒大学的司机 都是些骚骆子! – Сіздердің шарап дайындайтын академиядағы жүргізушілердің бәрі көзін сүзген өгіздер! 不敲开这个鬼门关我暂不罢休 – Мына сайтан қақпасын ашып кірмей маза таппаспын! 现，在我们接受你舅舅的建议，放你去找那个魅人的女妖精。Біз сенің ағатайыңның кеңесіне құлақ асып, сені ана сұлу әзірейліні тауып кел деп тапсырмақпыз. 良马也有失蹄 – сәйгүлек арасында да өз тағасын жоғалтатындар бар. Мәселен, жазушының «Сандал ағашының астындағы өлім жазасы»(《檀香刑》) атты романдағы жалаң метафораларды тізсек: “情欲是火” –«құмарлық-жалын от»,“枪是女人”- «мылтық - әйел», “执行是表演”- «өлім - қойылым» атты тіркестер эпитетті метафораға мысал бола алады. Жазушы аталған туындыда әсіресе әйелдерге қатысты метафораларды көп қолданған. Мәселен, мылтығына әйелге қарағандай көрмет көрету керек деп түсінген Юаншыкай: “听说真正的军人，把枪看成自己的女人，决不允许旁人染指，是不是这样子？”（袁世凯）«Естуімше, нағыз сарбаз мылтығына әйеліндей қарап, оған бөгде жанның қол

тигізбегенін қадағалау қажет солай емес пе?»,- былай дейді (Мо Иэн «Сандал ағашы түбіндегі өлім жазасы»). Аталған романдағы тағы бір кейіпкер Ваншың “**真正的**军人，应该把枪看成自己**的母**亲。”- «Нағыз сарбаз өз қаруына туған анасындай қарау керек»,-дейді. Енді мұндағы жалаң метафораларды тізсек; **即**枪是女人（妻子）- «мылтық-жұбай», 枪是母亲- «мылтық-ана», 枪是婊子- мылтық-жезөкше. Романдағы кейіпкерлер әралуан көзқарас ұстанады, мәселен, Юаншыкай танымынша, «мылтық-жұбай» болса, Чиэн Сюңфэй бастапқыда «мылтық- ана» деген көзқарасты ұстанса, кейіннен өзі атқан қаруы өзін сатып кеткенде ол мылтыққа «мылтық-жезөкше» деген сипаттама береді. Себебі «алтын мылтық» оның ту сыртынан пышақ салады. Юаншыкай пайымынша «мылтық-өз әйелін», «басқалардың қол тигізуіне жол беруге болмайды», ал «мылтықты бәз-біреулерге сыйға тарта беруге болады». Сондықтан ол өзінің неміс досы сыйға тартқан алтын тапаншаны еш ойланбастан Чиэн Сюңфэйға сыйға тартады. Қаламгер біресе «мылтықты-адал жар» десе, біресе «мылтық-туған ана», біресе «мылтық-жезөкше» деп метафоралық тіркестер жасаған. «Өлім деген – қызықты қойылым» деп алып, өлімді көрермен назарын жаулап алардық қызықты қойылым бейнелеген. Мо Иэн туындыларында метафоралар өте көп қолданылған. Мәселен: “滚烫的脸”-өрттей жанған бет,“滚烫的情话”-өрттей жалынды сөздер, “滚烫的热泪”-өрттей күйдірген ыстық жас,“**火**热的屁股”-өрттей жанған бөксе,“**被**爱烧焦的女人”-махаббат өртінен күйіп жанған әйел,“**自己的胸膛就要爆炸了**”-өзінің кеудесі жарылып кетердей болды,“ **如同烈焰上又**泼了一桶油”- «лаулап жанып тұрған отқа бір шелек май құйған секілді» т.б.

Мо Иэн шығармаларынан алынған үзінділер:

“**她**脸上神采飞扬，目光流盼，宛若飞蛾在明亮的火焰上做着激情之舞”- Оның жүзінде нұр ойнап, бейне бір, отты жағалай ұшқан жынды көбелектей еліктіріп барады.

“**她的**滚烫的脸把地上的野草都揉烂了”- Оның өрттей жанған жүзі жердегі өскен көк шөпті өртеп жіберерліктей.

滚烫的情话在她的心中变成了猫腔的痴情调儿被反复地吟唱，她脸上神采飞扬，目光流盼，宛若飞蛾在明亮的火焰上做着激情之舞…… Жалын сөздер оның жүрегін мысықтай тырналап, от шашқан нұрлы жанары отқа жақындап ұшқан жынды көбелектей аласұрды.（Мо Иэн «Бақа»）. Кейіпкерлкердің түрлі сезім айшықтарын автор келесі метафораларды қолдану арқылы көрсетеді: « **她在欲火中煎熬着**，**她在情海里**挣扎着。（Мо Иэн «Бақа»）Аудармасы – «Құмарлық жалыны оны күйдіріп барады, құмарлықтың асау теңізінде батып барады».Мұндағы метафора «**欲火**» - «құмарлық оты» деп беріліп тұр.

与小甲闹完后（引导不解人事的小甲与自己交欢，笔者注），她感到思念钱丁的心情更加迫切，如同烈焰上又泼了一桶油。 Сяоцзя мен ұрсысқан соң, ол Чиэндің туралы ойлаған соң, отқа май құйылғандай күн кешті.（Мо Ян «Қызыл шегіртке»）Автор кейіпкердің мінез-құлқын ашу мақсатында қолданған метафоралар:

“鸟儿，可怜可怜我这个被爱烧焦的女人吧……” Нияоыр, мен секілді отқа күйіп өртенген бейбақты аяй көрші!. **她感到自己的火**热的屁股已经坐在了凉爽的淤泥里…… Оның ыстық жанбасы салқын сазбалшықта отырғанын сезе бастады.（Мо Ян «Сандал ағашының жазасы»

力量在积蓄，温度在升高。终于不知谁先谁后，两个人闪电般的拥抱在一起。Күш барған сайын жинала бастады, кеудедегі жалын барған сайын өрши түсті. Ақыры кімнің бастап, кімнің қоштайтынының енді мәні болмады. Екі дене тоқ ұрғандай, бір-біріне қарай ұмтылды. (Мо Ян «Сандал ағашының жазасы»). Шығармадағы кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері метафоралар арқылы айқындалған. Мысалы “滚烫的脸”、“滚烫的情话”、“滚烫的热泪”、“**火**热的屁股”、“**被**爱烧焦的女人”, “**自己的胸膛就要爆炸了**”、“**如同烈焰上又**泼了一桶油” “**情欲是火**” “滚烫的情话” атты метафоралар тіркесінің шығарманың көркемдік ерекшелігін арттыра түскенін байқаймыз.

Жазушы өз туындыларын осы тұсты шорт бөліп, оқырманға ой тастаіға әуес. Өйткені, оның оқырманға қоятын сұрақ жауабының ауқымы өте кең. Жазушы оны негізгі бастау нүктесі ете отырып, осының айналасына барша жағдайларды топтастырады. Бұл сұрақтың жауабын тергеуші Дин Гоуыр ашық айтпайды. Оқырманның өзін із кесуші етіп қояды. Романдағы. тергеушінің тағдыры көпшілікке сұрақ, бірақ бәрі де «ол жынданып кетті» деген, ортақ шешімге келеді. Дәл осындай қайғылы жағдай шығарманың шарықтау шегінде көрініс табады. Романдағы тергеуші Дин Гоуыр тергеу ісі бастығының тапсырмасымен Шарап еліндегі балалер етін жейтін қылмыстық топты құрықтауға кіріседі. Жазушының «Шарап елі» романы қарапайым сөздермен жазылған ауыр мағыналы роман. Терең ойға салады. Бұл - қытай әдебиетіндегі орны ерекше туынды деуге болады. Жазушы көркемдік әлемін әрбір оқырман өздігінше, өзінің өмір жолымен салыстыра отырып

түсінеді. Сондықтан Мо Иэннің айтпақ ойы мен оқырмандардың түсінгені дәп келе бермеуі мүмкін. Ең бастысы, жазушы романдарындағы құндылық – бір-біріне ұқсамайтын екі дүниенің үйлесімін тауып бейнелі сәйкестендіру. Мо Иэн жай метафораларға қарағанда, терең ойға батыратын, күрделі метафораларға көбірек мән беріп, молынан қолданған. «Қызыл шегірткедегі»: «өлім – қойылым», қару-ана, сезім –жынды көбелек» - өзіндік жеке авторлық метафоралар болып саналады.Аталған метафоралардың барлығы жазушы ойының ұшқырлығын, тілінің өткірлігін, білімінің тереңдігін білдіреді. Мо Иэн метафораларды қолдану барысында кейіпкердің келбетіне, қоршаған ортасына т.б. қимыл-әрекеттеріне баға беру мақсатын да ұстанған. Мысалы: 鸟，鸟儿，神鸟，把我的比烈火还要热烈、比秋雨还要缠绵、比野草还要繁茂的相思用你白玉雕琢成的嘴巴叼起来，送到我的心上人那里去。（Мо Ян, «Сандал ағашы түбіндегі өлім жазасы» (檀香刑, 莫言）

«她只是感到自己的胸膛就要爆炸了»。Ол өзінің кеудесінің атылып жарылып кетердей жағдайда екенін сезді.（Мо Ян, «Сандал ағашы түбіндегі өлім жазасы» (檀香刑, 莫言）

Қаламгер соқыр сезім қаншалықты құдіретті болғанымен, сапалы парасат жармаған өмірдегі өзімшілдік, зұлымдық, тоғышарлық сезімдердің бар екендігін тұспалдаған, өзінше метафора құраған. Жазушының «Қызыл гаолян» романының атауында да символизм тән, қызыл гаолян негізгі бейне. Гаолян Қытайдың солтүстік-шығысында өсетін дәнді дақыл. Аталған романда Мо Иэн қайнаған өмірді білдіретін қып-қызыл гаолян теңізін сипаттағанда: « Сол жерде тұрған менің әкемнің кезінде өмір сүргендер гаолянды аса ұнатпаса да, барлық жерлерге аямай еге беретін. Кеш түскен күзде, ай тізбегі бойынша сегізінші айда шексіз созылған гаолян алқабы қан-қызыл теңіздей шулап, тербелетін. Оның ұзын да мықты шапақтарынан бір құдырет шығып тұратын; ол ызғарлы суық та нәзік, оттай ыстық әрі сүйіспеншілікке толы еді.» [6, 44]. Гаолян – Қытайдың шығыс-солтүстігінде мекендейтін халықтың негізгі азығы,оның ішіне тығылып өз өмірін құтқарғандар, отанын қорауға ұмтылғандар қаншама! «Мұнда барлық нәрсе шоғырланған: құмарлық, зорлық, өмір мен өлім. Гаолянның жабайы күші мен төзімділігі Солтүстік Қытай шаруасының символындай» [7,85]. Автор өзі сипаттағандай, «гаолян қаулаған Гаоми құдыретке толы. Гаолян қасіреті жүректі тербейді. Ал оның қойнауында махаббат оты да лаулап жанады». Бұл сөйлемдерде бүкіл қытай ұлтының символындай болған «қызыл гаолян», образын және нақтылы қытай азаматының тұлғасын дәп беріп көрсетеді, Сондай-ақ өмір тұрақтылығының символы ретінде «Гүл құшақтаған әйел» повесіндегі бір бума гүлді алған: «Гүлдердің жапырағы қою жасыл, ал күлтелері алқызыл еді. Жапырақтары мен күлтелері қазір ғана үзіліп әкелгендіктен, жапырақтарында мөлдір шықтар тамшылап тұр еді», «бумада жеті сабақта алақандай-алақандай жайқалған жеті-сегіз гүл және жаңадан өсіп келе жатқандықтан, жартылай ашылған 15 күлте тауық жұмыртқасына ұқсап тұр». Бұл гүлдер қапырықты, жауынды күні пайда болды, «нәзік те жас гүл күлтелерінен өмірдің қуаты шығып тұрғандай, ал олардың күлгін-қызыл түсі беймәлім күштің белгісіндей. Олар тек өсімдік емес еді, олар тірі жан секілді». Оның үстіне гүлдер әйел бейнеленген суреттің ең элементі еді. «егер оыс гүлдер болмаса, ешнәрсе де болмағандай күй кешер едік» [7,89]. Шығармадағы контрастілі образдар тоғысқан: еркек көптеген қағидалармен шектелген қытай қоғамын білдіреді, ол рационализм мен моральдің өкілі, ал әйел – бостандық пен көтеріліс символы. Онда заманауи қоғам тұсауы шырмай қоймаған адамзат бастауы бар. Еркіндік пен тәуелсіздік қуаты болған күшті әйел мен әлсіз еркек бейнесі Мо Иэннің көптеген туындыларында кездеседі. «Гүл құшақтаған әйел» шығармасындағы әйел үнсіз бейне, мұнда түлкі-құбыжықтың белгілері де көрінеді, «Оның үстінде кою жасыл түсті чипао ципао, иығынан ақ шілтерлі палантин салбырап тұр. Аяғына теріден жасалған қоңыр түсті туфли киген, туфлиіне балшық жағылғанына қарамастан, оның сапалы материалдан тігілгені көрініп-ақ тұр. Оның сапалылығы сонша, тіпті Лев Толстой сипаттаған дворян-бикештер киетін туфлиді көз алдыңызға елестетеді»» [7,58].

От-сезім, сөнген от, кйген жас, отты жастар, жалын шарпыған жүрек кейіпкердің жүрегінде жатқан қайғының жарасы яғни уайымы ауыстырылып әсерлі эмоциялық реңк беріп көрсетілген метафоралар. «Өлім-қойылым» — метафорасы өмірдің қиындығын көргендіктен хабар береді.

Сонымен, «сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау, екі нәрсенің ортасына теңдік белгісін қою» Мо Иэн қаламына тән құбылыс деп санауымызға болады.

Жоғарыдағы мәтінде жазушы метафораларды молынан қолдана отырып, кейіпкердің дүниетанымын бере алған. Метафоралардың дүркін- дүркін қолданылуы автордың шеберлігін дәлелдейді.

«Шарап елі» романынан тағы үзінді келтірсек: «丁钩儿不好意思地望望那些花骨朵一样的嫩脸，连声赞 叹- қызара бөртіп ұялған Дин Гоуэр жан-жағын қаумалап тұрған гүл күлтесіне ұқсап жарқырап тұрған қыздардың келбетіне тамсанып, мадақ сөздер айта бастады. Мұндағы «那些花骨朵一样的嫩脸гүл күлтесіндей ажарлы қыздар» деген метафораны автор ұтымды қолданғанын айта кеткіміз келеді. «那黑色皮革蒙面、底部装着螺丝、能够团团旋转的宝座 上- Қара терімен тартылып тұрып қапталған айналмалы тақ: Мұндағы орындықтыі «тақ» деп беру арқылы автор метафора қолдана отырып, кейіпкердің эмоцианалды күйін беруге тырысқан. Немесе мына мысалда:丁钩儿同志与我们同流合污了，你吃了男孩的胳膊!- Енді, Дин Гоуэр мырза, біз екеуімізге бірдей кір жағылды: сен баланың қолын жеп қойдың! Мұндағы «кір» деген сөз «күнә» сөзін ауыстырып отыр. Келтірілген мысалдағы «кір» сөзі, «тақ» метафоралары сөйлемнің әрін келтіріп, эмоциялық мән үстеген. Сонымен қатар, кейіпкердің жеке сапалық қасиетін, өзгешелігін айқындаған. Бұл метафоралар арқылы кейіпкердің ішкі сезімі толықтай берілген. Оның ризашылығы, қуанышы - бәрі тұтастай бір сөйлем ішіне сыйып кеткен.

Қорыта айтқанда қандай да болмасын жазушы туындыларындағы метафоралық қолданыстар мен символдар жаңа ұғымдарға атау береді, әрі тілді байытады, сонымен қатар тілдік үнемдеуді жүзеге асыра отырып, берілген ойды нәрлендіреді. Ал осы метафоралар мен символдар арқылы кез-келген ұлттың бүтін менталитетін, психологиялық болмысын, этнографиясы мен географиялық ортасын жан-жақты танып, тың ақпарат алуға болады. Мо Иән шығармаларын зертеу барысында автордың өзінің жеке қолданысынан туындаған метафоралардың молдығын анықтадық. Метафораның бұл түрі қаламгердің тіл байлығымен, сөз қолдану шеберлігімен байланыста болып келеді. Міне, жазушының символ мен сөздік метафораны қолданудағы негізі мақсаты. Мо Иән шығармаларының алға қойған міндеті – көмекші әрі эпизодтық кейіпкерлер арқылы басты қаһармандардың ішкі толғанысына тереңінен үңілуге септігін тигізсе, басты кейіпкер алып қазанда қайнаған қоғам өмірінің айнасы. Сондықтан қазіргі замандағы қытай қоғамының танып-білуде, қазақ оқырманын қытай мәдениетінің қазіргі таңдағы келбетімен таныстыруда жазушы Мо Иән шығармалары үлкен энциклопедиялық сөздік іспеттес. Сондықтан оның туындыларындағы көркемдік тәсілдерді, жалпы оның шығармаларын қазақ тіліне аудару, қазіргі қытай прозасының бүгінгі жай-күйін әрі қарай зерттеп-зерделеу – шығыс әдебиеті саласындағы ең өзекті мәселелері қатарындағы дүние.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қ. Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969, 243 б.
2. Қабдолов З. Таңмамалы шығармалар II том. Алматы, 1983, 456 б2.
3 朱凤梅 隐喻在莫言作品《蛙》中的功能探究,《牡丹江大学学报》 2013年08期3. 张彦;;蛙、娃、娲——论莫言《蛙》中姑姑形象转变的三个阶段[J];广州广播电视大学学报;2013年01期
4 廖先怀;;生殖崇拜视角下原始生命的回归——莫言《蛙》之探析[J];安徽文学(下半月);2013年06期
5 纪燕.莫言文学作品的颜色隐喻研究［J］.芒种，2014（12）
6 温明;;讽刺与反思——论莫言小说《蛙》中的现实社会伦理叙事[J];吉林省教育学院学报(中旬);2012年03期
7 温明;;莫言小说《蛙》中陈眉女性悲剧形象分析[J];吉林省教育学院学报(中旬);2013年02期

МАКАЖАНОВ Р.Ш.,
АДиТ «Сымбат»
Университет «Алматы»

КОСЕТОВ Б.Р.,
АДиТ «Сымбат»
Университет «Алматы»

КУРБАНОВ Х.А.
АДиТ «Сымбат»
Университет «Алматы»

СЕКРЕТЫ ПОРТРЕТНОГО МАСТЕРСТВА. МЯГКИЙ МАТЕРИАЛ «ПАСТЕЛЬ, СОУС, УГОЛЬ, САНГИНА»

Аңдатпа. Бұл мақалада академиялық білім беру, портрет жанрын дамыту мәселелері талқыланады. Портреттің жеке жанр ретіндегі тарихы өнердің бейнесінде көрініс табады. Сонымен қатар портреттегі жұмыста қолданылатын графикалық материалдар. Олардың әртүрлілігі, ерекшеліктері және экспрессивті қасиеттері. Портреттің нәзіктіктері мен құпиялары ашылды.

***Кілт сөздер*:** портрет жанры, графикалық материалдар, портрет тарихы, портрет шеберлігінің сырлары.

Аннотация. В данной статье рассмотрены проблемы академического образования, пути развития портретного жанра. Отражена история портрета, как отдельного жанра в изобразительном искусстве. А также графические материалы используемые в работе над портретом. Их разнообразие, особенности и выразительные свойства. Раскрываются тонкости и секреты портретного мастерства.

Ключевые слова: портретный жанр, графические материалы, история портрета, секреты портретного мастерства.

Annotation. This article discusses the problems of academic education, the development of the portrait genre. The history of the portrait as a separate genre in the image of art is reflected. As well as graphic materials used in the work on the portrait. Their diversity, features and expressive properties. The subtleties and secrets of portraiture are revealed.

***Keywords*:** portrait genre, graphic materials, portrait history, portrait secrets.

Как отдельный жанр портрет сформировался еще на заре человеческого развития. Достаточно вспомнить «фаюмские» портреты, скульптуру Нефертити или работы античных мастеров.

Огромный толчок в развитии портрета привнесли художники эпохи возрождения.

Достаточно вспомнить знаменитую улыбку «Джоконды», работы Леонардо да Винчи, неземную красоту лиц Мадонн Рафаэля или графические офортные работы Рембрандта. Работа над портретом предполагает большую подготовительную базу, и знание пласт.анатомии, пропорций лица, передачу психологических особенностей натурщика. Если в натюрморте или пейзаже можно «слукавить» то есть не дорисовал складку , передвинул реквизит, убрал пару елочек это может быть уместным и даже оправданным в отдельных композиционных решениях. Многие маститые художники, тот же Левитан в пейзажах, П.Сезан в натюрмортах, казахстанские мастера пейзажа У.Ажиев, О.Тансыкбаев часто свободно выстраивали свою композицию, деликатно перемещая объекты натуры на своих полотнах. В работе над портретом ситуация иная. В портрете критерий один – схожесть. Мастера не довольствуются внешними чертами позируемого, пытаются раскрыть внутренний мир, психологическое состояние , цельность и обобщеность натуры [1].

Жанр портрета является составной частью академического образования будущих художников и неотъемлемой частью всевозможных выставок и музейных коллекции.

Изображение головы человека - один из важных разделов академического рисунка, одна из основ искусства портрета. Достичь высокого мастерства художник может только пройдя серьезную школу рисунка. Опираясь на знания пластической анатомии костей черепа. Начинающий обучение художник должен заниматься штудией , изучать основы конструктивного рисунка, светотеневой и тональной проработки портрета. Особенно важно конструктивная разработка рисунка. Часто основная масса студентов идет по иному пути. Не разобравшись в конструкции изображаемого лица, начинают копировать контуры овалов и черт портретируемых.

У них преобладает «линеарный», а не конструктивный рисунок. Не поставленный глаз, невыразительная однообразная линия приводит к тому, что зачастую мы видим не крепкий рисунок, а безобразный проволочный каркас, с нарушениями всех перспектив и пропорций. Пренебрежение рисунком – это тендеция последнего времени, как в среде начинающих художников, так и на выставках серьезного уровня встречаются работы с безнадежным рисуноком. Многие начинают искажать образ натуры, думая, что создают оригинальные произведение, хотя в большинстве случаев таких «поисков», скрывается простое неумение рисовать. Ведь, чтобы сломать форму, привнести в искусство что-то новое необходим большой опыт, мощный творческий потенциал и глубокое знание академического рисунка.

Ярким примером такой трансформации формы является творчество П.Пикассо. Ведь это был сильнейший рисовальщик, мастер линеарного рисунка. Вспомним его «голубой период» - «Девочка на шаре», его студиные рисунки. И только после тяжелейших творческих поисков он пришел к кубизму.

Портреты исполняются в разных техниках. Это живопись, графика, скульптура: Графические портреты в ряде случаев трудно отделить от портретной живописи. Они находятся в границах одного жанра и по сложности, и по построению композиции часто очень схожи. Однако условность языка графики и особенность графических материалов позволяют графике портрета иметь свой художественный язык, который придает портретам особую камерную прелесть. Графика есть искусство условности. Как пишет известный искусствовед А.А.Сидоров «графика, оперируя линиями, плоскостями, конрастами в общем являются искусством, тех средств, согласно которым мы воспринимаем мир» [2].

Портрет исполняется практически во всех графических техниках,разнообразными художественными материалами. Остановимся на рисовании портрета мягким материалом. Мягкий материал в отличии от карандаша имеет бархатистую фактуру, легко растирается, позволяя добиться мягких светотеневых переходов.

Особенно не допустимо легкомысленное отношение к рисунку со стороны студентов. Академическии рисунок- это основа всего современного искусства. Методик обучения рисунку в истории было множество. Это и обрубовочная голова А. Дюрера, проволочная модель А. Сапожникова, академические рисунки Андреевой. Конструктивный рисунок портрета- это основа всей дальнейшей учебной работы. Не случайно процесс обучения студентов начинается с простейших геометрических форм. Это буква «А» в алфавите художника т.к в любом дальнейшем изобразительном процессе, пусть это будет изображения натюрморта, портрета, фигуры мы будем сталкиваться с этими формами (шар, призма)

1. При выборе модели для начинающих художников желательно остановиться на моделях с четко обозначенными конструктивными особенностями. На моделях мужского «мускульного» сложения или пожилых людей , с резко очерченным строением черепа. Сложно рисовать детей. Не сформированный костяк, не позволяет художнику прочувствовать форму черепа .
2. Освещение должно быть естественное , боковое, при котором наиболее полно просматриваются конструктивные особенности модели.
3. Очень важно для художника научиться видеть и чувствовать красоту движения, силуэт головы и выразительность лица, эффекты освещения и красоту фактуры лица , волос , глаз. Можно сказать, что это один из самых древних художественных материалов . До сих пор сохранились пещерные рисунки углем исполненные первобытными художниками . К мягким материалам относятся : уголь , сангина , соус , сепия , пастель . Главным отличием в работе мягким материалом от академического рисунка карандашом является ее быстрота исполнения. Здесь не надо прорабатывать свето-теневые отношения мелкими штрихами . В работе протушевываются целые плоскости большими пятнами . Работа ускоряется. Вследствие чего за один сеанс можно сделать несколько зарисовок головы в разных ракурсах. Что дает возможность более углубленного и всестороннего изучения характера и анатомических особенностей портретируемого. К примеру работая пастелью можно наносить материал большими пастозными штрихами, перекрывая цвета или смешивая их путем растушевки. Начинающие художники должны ограничиваться минимальным количеством цветов (3-4цвета) Это позволяет избежать дробности и ненужной пестроты в работе. Пастель бывает сухая и масляная. Сухая пастель хорошо растушевывается , создавая мягкие переходы от света к тени , а так же интересные цветовые эффекты получаемые при смешивании различных цветов. Пастель удобно

работать , «линеарно» используя заточенный кончик , так и широкими плоскостями расположив пастель –мелок плашмя. Эти приемы обогащают композицию, делая ее динамичной и разнообразной Работать в мягком материале желательно на фактурной бумаге. Такая фактура не дает осыпаться и удерживает пигмент. Художники так же используют тонированную бумагу сдержанных оттенков (серый и оливковый). Яркий цвет бумаги часто перебивает само изображение, и фон начинает доминировать. Тональность бумаги так же играет важную роль. На чересчур светлом фоне теряются освещенные части модели , т.к. светлые мелки по тону совпадают с тоном бумаги.

И наоборот на слишком тёмной бумаге теряется контур рисунка, сложно построить грамотный рисунок. Приходится работать на ощупь, “вслепую”. Бумага должна быть средней тональности. Чтобы светлые и темные пятна выглядели одинаково выразительно [3].

Наметив контур рисунка карандашом приступаем к светотеневой проработке формы лица. Рекомендуется начинать с ярко освещенных мест и бликов. Сама бумага не должна полностью забиваться мягким материалом. Если освещение передается светлыми мелками, тени прорабатываются темными, то сама бумага должна служить полутоном Границу между светом и тенью можно слегка растушевать пальцем или мягкой кисточкой. Получается незаметный переход от света к тени.

В работе мягким материалом приветствуется «линеарность». Красивая линия приносит в работу динамику подчеркивая красоту движения, силуэт головы и создает определенный ритм. Главное не увлечься чрезмерной деталировкой, чтобы сохранить цельность характера суметь одной-двумя точными линиями передать движение и характерные особенности портретируемого по мере овладения техникой пастели добавлять дополнительные цвета и делать работу более усложненной и живописной.

Уголь также относится к мягким материалам . Его получают путем сгорания веточек ивы или винограда. Уголь по своим свойствам очень графичен. Им можно добиться всех оттенков от ярко черного до пастельно серого.



Рисунок 1.Учебная работа. Портрет студента (пастель, тон.бумага)



Рисунок 2 .Учебная работа. Двух фигурная композиция (пастель, тон.бумага)

Чаще всего углём работают на холсте. Делая предварительный рисунок для живописных работ маслом. Уголь легко стирается тряпкой, что позволяет оперативно корректировать неточности рисунка.

Работают углём и на бумаге. Желательно чтобы бумага была фактурная и слегка тонированная. На белой бумаге рисунок получается резким, контрастным, выбивающимся из общего строя.

Уголь также хорошо растушёвывается. Размазав уголь пальцами тряпочкой или пушистой кисточкой можно добиться невероятных световых эффектов.

Даже на фактуристой бумаге мягкий материал размазывается и стирается.

Поэтому желательно фиксировать работы специальным фиксажем или распылить сверху, закрепив лаком для волос.

Мягкий материал удобен и доступен. Быстрота исполнения делают его незаменимым материалом в процессе обучения академическому рисунку, а также в разработке эскизных вариантов будущих художественных произведений. Материал сравнительно не дорог и доступен. Обучение технике работы в мягком материале является неотъемлемой частью учебного процесса в художественных колледжах и творческих учебных заведениях.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Н.П. Бесчастнов «Портретная графика». Учебное пособие для студентов вузов. М.Гуманитар изд. Центр. «Владос». 2007 г. Изобразительное искусство, 365 с.
2. Ю.А.Небукина .Графика. Подробный практический курс.ЗАО «Мир Книги Ритейл».Москва 2012 г, 60 с.
3. А.В.Чудова « Основы живописи и рисования» Издательство АСТ г. Москва. 2016 г, 80 с.

ӘОЖ 82.01.09

Садықова Р.Т.
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
PhD докторант,
Семей қаласы
srt74@mail.ru

Төлебаева Қ.Т.
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Филология ғылымдарының кандидаты
tulebaeva82@mail.ru

ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ «САРЫАРҚА» ГАЗЕТІНДЕГІ ӘДЕБИ-КӨСЕМСӨЗДІК ЕҢБЕКТЕРІ

Түйін: Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көсемсөздің дамуына басқа ұлт басылымдары сияқты өзіндік үлесін қосқан басылым «Сарыарқа» газеті және Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары болған көрнекті мемлекет қайраткері Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік еңбектері туралы айтылады.

Кілт сөздер: Алаш автономиясы, «Сарыарқа» газеті, тұлға, мемлекет қайраткері, публицистика.

Резюме. В статье рассказывается о газете «Сарыарка», которая внесла свой вклад в развитие поэзии в казахской литературе начала XX века, как и другие национальные издания.

Так же речь идет о литературно-политических работах известного государственного деятеля Халела Габбасова, заместителя председателя правительства Алашорда.

Ключевые слова: Автономия Алаш, газета "Сарыарка", личность, государственный деятель, публицистика.

Summary: The article dealls with the newspaper "Saryarka", which contributed to the development of poetry in the Kazakh literature of the early XX century, as well as other national publications.

It also refers to the literary and political works of the famous statesman Khalel Gabbasov, deputy chairman of the government of Alashorda.

Keywords: Alash autonomy, newspaper "Saryarka", personality, statesman, publicism.

КІРІСПЕ

XX ғасыр басындағы Алаш арыстарының Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған үлкен бір шығармашылық шоғыры – қайта өрлеу ауқымындағы тұлғалар. Бұл тұлғалар халық санасынан өшпей, жұртшылық зердесінде мәңгілік жазылып қалды, бүкіл ұлт мәдениеті мен әдебиетіне өз үлестерін қосып, рухани қоғамның көптеген салаларында көріне білді. Демократиялық, ағартушылық, ұлт азаттық рухындағы қайта өрлеу дәуірінің міндеттері оларды әрі жазушы, әрі журналист, әрі публицист, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға ұмтылдырды. Ұлт-азаттық идеясымен сусындап, Алаш қозғалысының көшбасшылары болған олардың әрі суреткер, әрі ойшыл-көсемсөз шебері ретіндегі ұлылыққа тән қасиеттері жалпы адамзаттық рухани құндылыққа ортақ бағаның осынау жоғары өлшемі бойынша да баға жетпейді. Өйткені, олар, яғни алаш арыстары өз кезі үшін шын мәнінде ренессанстық тұлғалар болды. Олардың XX ғасырдың басындағы әдебиет айдынына публицистика, оның ішінде саяси көсемсөз арқылы келуі де мәдени-тарихи оқиғаға айналды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпы қазақ публицистикасы XIX ғасырда қалыптасып, Шоқан, Мұхаммедсалық Бабажанов, Ыбырай Алтынсарин, Абай еңбектерінде көрініс берген. Одан кейін бұл дәстүрлі сабақтастық XX ғасыр басында Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлт зиялыларының көсемсөз жанрында халық санасын оятып, ел болу мәселелеріне үн қатуларымен жалғасты. Олар өткір көркем-публицистикалық мақалаларымен жұртшылық көкейінен шығып, қоғамдық серпіліс туғызғаны, осы үрдіс кеңес дәуірінде өз жалғасын тауып, публицистика қазақ қаламгерлерінің басты қаруына айналғаны және олардың осы жанрда көркемдігі қуатты, шебер туындылар тудырғаны белгілі.

«Публицистика – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы» [1, 122 б.] болғандықтан, оның негізгі өзегі – адам десек, бұл әдебиет саласының қай уақытта, қай ғасырда болсын, қоғамда алар орны ерекше. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегінде публицистиканы «көсем сөз» деп атағанын жақсы білеміз.

XIX ғасырда қалыптасып, XX ғасырдың басында үрдісті даму сатысына шыққан жас қазақ публицистикасы ұлт зиялыларының «Қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздестірумен айналысып, халықты мешеуліктен арылтуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылған» [2, 124 б.] қам-қарекеттеріне қызмет етіп, олардың өз халқын отаршылдық құлдықтан азат ету жолындағы күресінің саяси-мәдени құралына айналды. Бұл күресте «Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады» [3, 724 б.]. Ұлт азаттық идеясы жолындағы мақсат-мұраттарын жүзеге асыру үшін олар қолдарына қалам алып, саясат, оқу-білім, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін қамтыған көкейкесті публицистикалық мақалалар жазды. Алаш зиялыларының, журналистерінің бұл игі мұратына алғашқы қазақ газеттері жемісті қызмет етті.

Сондай басылымдардың бірі, Халел Ғаббасұлының публицистикалық еңбектері жарық көрген «Сарыарқа» газетіне қысқаша шолу жасайық деп отырмыз.

«1917-18 жылғы ұлы дүбір, ұлы майданда Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті Алаштың тілі болды» [4, 158 б.]. «Сарыарқа» газеті демократтық, мәдени-ағартушылық күресін жалғастырған қазақ зиялыларын өз маңына топтастырған, көркем, саяси публицистикамен халық мұңын, ұлт мүддесін өткір жазған басылым еді.

Бұл турасында профессор Дихан Қамзабекұлы: «Бұл газетті парақтап қарасаңыз, шынында да большевиктік диктатурамен «ұлы дүбір, ұлы майданда» аянбай күрескенін көресіз» [5, 58 б.], – деп өз ойын сабақтайды.

Газет Алаш партиясы мен Алашорда үкіметін құрған ұлт зиялылары әрі публицистерінің рухани және шығармашылық көмегімен шығып тұрды. Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәннан Тұрғанбаев, Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасұлы сынды қаламгер қайраткерлердің көсемсөз жанрындағы мақалаларында қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық жай-күйі, заман ахуалы, жер мәселесі, оқу ағарту ісі, Алашорда автономиясы ісі кеңінен қамтылып, бұл мәселелерді дұрыс жолға қою, оң шешу, жұрттың сауатын ашу жағынан зер салынды.

«Сарыарқа» осындай талантты публицистердің халық көкейіне қонып, санасын сілкінтуге серпіліс туғызған мақалаларымен алғашқы санынан-ақ жұртшылықтың қошеметіне бөленді. «Ұйқы басып еріншектеніп жатқан ағайынды оятпақ болып, қара қазан, сары баланың қамын ойлап, көктен тілеген бостандық жерден табылғанын білдіріп, адамшылық қатарына сүйреп жеткізбек болып жатқан ардақты азаматтарымызды Алла тағала тұрақты жан қылып, халыққа сөздерін дұға қылсын» [6], – деп ақтарылып жүрекжарды тілекпен жалғасқан көсемсөз түрінде жолданған батылгөй ой желісін аға басылым «Қазақ» газеті жалғастырып, «Сарыарқаның» бірінші санына байланысты: «Сарыарқа» көңілдегідей жақсы, жолдасымызға құтты болсын айтамыз» [7], – деп қуанышын білдірді.

Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі С. Торайғыров бұған дейін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде жарияланған мақалаларымен елге танылған көсемсөзші болса, «Сарыарқа» газетінің одан өзге авторлары Жүсіпбек Аймауытұлы, Райымжан Мәрсеков, Мәннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Халел Ғаббасұлы қазақ көсемсөзі көгінде жарқыраған жаңа толқын ретінде дарынды буын екендігін өздерінің мақалалары арқылы халыққа мәшһүр етті. Олардың әдебиет әлеміндегі тұсаукесерін осы «Сарыарқа» газеті кесті.

«Сарыарқа» газетінде жарияланған публицистикалық мақалалардың көтерген басты мәселелері: қазақтар өз алдына ел болды, осы орайда ұлт зиялылары мен оқыған азаматтары жоспарлап жүзеге асыра бастаған Алашорда үкіметін құрып, мемлекеттілікті қалпына келтіру, яғни жоғалған елдікті қайта қолға алып, егемендікке жету, осыған дейін де қазақ баспасөзі көтерген ағартушылық, демократтық идеяларды насихаттау болды.

Мәселен, ұлтымыздың дербес азат мемлекеті Алашорда өкіметін құру, оның баянды болашағы жолындағы елдің бірлігінің тарихи маңызы жайлы Халел Ғаббасұлы «Алаш автономиясы» мақаласында былай деп жазған: «Қазақтың уақытша үкіметі – «Алашорда» Алаш қаласына келіп, Алаш автономиясын жариялағаннан кейін, қазақ баласы бағынған үкіметіміз осы

деп сеніп ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек. Жұрт жұмылуының белгісі осы. Бұл жұрт намысына, арына тігілетін нәрсе. Жұрт намысының, Алаш аруағының сыналатын жері – нақ осы жер! Қазақты жұрт қатарына қосамын десе, жоқ қара қазан, сары баланы біреудің босағасына апарып өтемін десе, бұл жұмыс енді жұрттың өз қолында болады. Біз сенеміз. Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама неше-неше қиын қыстау жерлерден бұл күнге дейін аман өтіп, тарих жүзінде жоғалмайтын беріктігін көрсеткен, Алаш ұранды қазақ баласы жұртқа түскен мына өмір сынынан да аман-есен аяғын шалдырмай өтер деп» [8].

Үш жылдық қысқа ғұмырында газет ел көкейінде қордаланып қалған арман-тілек, мұң-шерді тап басып танып, халық ойлаған жайттарды көсемсөз тілімен кестелеп жаза білді, ұлт үлесін ауқымды мемлекеттік деңгейдегі саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени проблемаларды жұрт санасына құйып, елді алға жетеледі.

Газет көтерген басты мәселе – өз алдына дербес мемлекеттік автономия алу тұрғысында

, генерал Корнилов бүлігі, большевиктердің өкімет билігін жазылған туындылардың бір шоғыры елдің жоғын жоқтап, мұңын шағатын, қайсар мінез көрсете алатын нағыз ұлтшыл, отаншыл азаматтарды Алаш партиясы қатарына тарту мақсатында жазылып, бостандық жолындағы тәуелсіз ел болу мұратын басты бағдарламалық қазығы еткен бұл саяси ұйымға осы мақсаттар жолынан таймас, шындық, әділет үшін күресіп, адамгершілік пен имандылыққа адал, сөзі мен ісі үйлесетін адамдар кіре алатындығын көркем сөзбен баяндады.

«Сарыарқа» газетінде жарияланған мақалалардың қай-қайсысы болмасын, жоғары пафоспен басталып, жанды елітіп, ойды өрістетіп көсемсөз тіл орамдарымен айшықталған. Ақпан, Қазан төңкерістері сияқты тарихи оқиғаларға Алаш көсемсөзшілері газет бетінде жеке мүдде немесе партиялық көзқарас тұрғысынан емес, жалпы ұлттық деңгейде баға берді. 1917 жылы жаз айларында белең алған демонстрацияларқолға алуы сияқты маңызды оқиғалар қоғам қайраткері ғана емес, дарынды көсемсөзші дәрежесіне көтерілген Халел Ғаббасұлының «Сарыарқада» жарияланған «Мемлекет күйі» [9], «Большевик бүлігі» [10], «Күш бірлікте» [11] бас мақалаларының көрініс беріп, газет беделін арттырды. Алаш зиялыларының бостандық рухымен бірге өмірлік мақсаттарына айналған жеке ел болу мәселесін де осы публицист өзінің «Алаш автономиясы» [8] атты көсемсөзінде жеріне жеткізе әңгімелесе, Жүсіпбек Аймауытұлы «Партия» атты мақаласында қазақ арасындағы партияшылдықтың ел ішіне жік салатынын, сөйтіп ұлт болып ұйысуға кедергі жасайтынын: «Зиянды партияшылдар да, оларды сүйеуші де, соңынан еруші де – бәрі қазақ ұлтының қазанбұзары, дұшпаны» [12], – деп ой қорытады.

Жалпы алғанда «Сарыарқа» газеті – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көсемсөздің дамуына басқа ұлт басылымдары сияқты өзіндік үлесін қосқан басылым. Газет ұлттық мұраттар мен мемлекеттік, тәуелсіздік идеялары тұрғысынан туындаған ұлы мақсаттарға ұмтылып қана қоймай, қазақ көсемсөзін жанрлық тұрғыда да байытты. Бұл орайда газеттің беттерінде жарық көрген публицистикалық материалдардың кейбір жанрлық түрлерін атасақ, олар мыналар: бас мақала, ашық хат, арнау мақала, фелетон, памфлет, заман хат, оқшау сөз, әдеби сын, проблемалық мақала, ғылыми мақала, библиографиялық шолу, әдеби хабар, т.б.

1917 жылы Алаш орда автономиясы дүниеге келіп, оның ел тарихындағы азат мемлекеттік құрылым екендігін, халықтың ұлттық тәуелсіз үкіметінің мақсат-мүддесі жұртымыздың ғасырлар бойғы арманының тарих шындығына айналған көрінісі болғанын елге ұғындырушы басылым, бір ауыз сөзбен айтқанда, азат ел мемлекетінің үні «Сарыарқа» газеті болды. Оны жедел түрде шығару керектігін 1917 жылдың көктемінде өткен Семей облыстық қазақтар съезі арнайы сөз етіп, қаулы қабылдады. Қаулыдан үзінді келтірсек:

«Семей съезінің қаулысы.

Баспа сөз һәм почта

1) Қазіргі зор өзгеріспен таныстырып, халықтың мұң-мұқтажын, тілегін бір жағадан шығаруға осы күні халыққа баспа сөз өте керек. Әсіресе алдымыздағы мемлекет негізін құратын кеңеске халықты даярлауға үндейтін Семейде шықпақ «Сары-арқа» газетін тез шығару қамына кірісіп, кітапшалар бастырылсын.

2) Газет, кітап бастыратын серіктік ашылсын: Серіктік жарнасы 25 сом болсын.

3) Халыққа хат, хабар, газеттер тез тарап жетіп тұруы үшін волостной комитеттер жұмасына бір қабат қаладан почта тасып тұрсын; ауыл-ауылға таратып беру ауыльный комитеттердің мойнында болсын» [13].

«Сарыарқаны» бастыру міндетін Х. Ғаббасұлы ашқан «Теңдік» серіктестігі мойнына алып, оған ауқатты ел азаматтары көмек береді. Бұл турасында «Сарыарқа» газетінде былай деп берілген:

«Теңдік серіктігі». Халыққа газет, кітап бастырып, таратуға Семей облысының қазақ съезінде «Теңдік» деген серіктік ашылып еді. Сол серіктікке кіріскен мырзалар:

1) 500 сом жарнамен: Айтемберді Адилов, Мұсатай Молдабаев.

2) 200 сом жарнамен: Бекқожа Қолғараұлы, Жұмекен Оразалин.

3) 100 сом жарнамен: Ерші Аймұхаммедов, Өлмесқұл Жангелдин, Сыздық Тұтқышов, Жүсіпбек Асанов, Қаныш Шорманов, Садуақас Шорманов, Ақылбек Әлдебеков, Жылқыбай Ақшыманов, Абуюсуф Боштаев, Хұсейн Матайбаев, Жуандық Болғанбаев, Медеу Оразбаев, Хейдар Медеуов, Саняз Медеуов, Жалел Медеуов, Ғабдислам Медеуов, Ешмұхаммед Шакенов, Ғариф Баймурзин, Ибраим Жанболатов, Ғабдалназар Тажиев, Исмағұл Жолдыбаев, Құрманғали Оразалин, Мұстафа Жақсыбаев, Али Жакупов, Мұхамеджан Сейдқұлов, Мауликей Төребаев, Игісін Аубакиров, Хасан Матайбаев.

4) 50 сом жарнамен: Дүйсенбі Қалматаев, Абділда Қадірбаев, Әміре Нүгербеков, Мұқыш Боштаев, Рақия Жаматиқызы Боштаева, Жүсіп молла Токин, Мұқаметжан Жакежанов, Қаныш Бердалин, Кенже Белгібаев.

5) 25 сом жарнамен: Меңмұқаммет Айтмұхамедов, Абдалхақ Айтмұхамедов, Жүнісбек Жаманаев, Сахабе Мадияров, Қамарбек Исмаилов, Дұғали Аубакиров, Хасир Жекенбаев, Шакер Ибрахимов, Ханифе Жанизақов, Хасейн Нурекенов, Фейдахмет Бубкин, Ғұрфан Томашев, Нұрмұхаммет Шорманов, Иса Байдалин, Имам Мәлік Біләлов, Жанабіл Есентаев, Дәстүрайым Досов, Сүтжан Құдайбердин, Бикей Сәтбаев, Имамберді Қабылбеков, Жәми Сұлтанғазин, Шахи Мұстафин, Абдалшүкір Жасыбеков, Жақсылық Төленов, Мұхаммед Абдрахманов, Ахмади Абдрахманов, Тұрсынбай Дайырбеков, Шәріп Ақпанов, Зәкір Хасейнов, Масауд Қадірбаев, Нұрғазы Боштаев, Манан Тұрғанбаев, Уәли Тұрлыбеков, Хафез Қабылбеков, Орда Нұрымбаев, Ниқанбай Боранқұлов, Ақтан Оспанов, Ахметали Ботамов, Мұхаммедсадық Ибрахимов, Меңмұхаммед Болатов, Абдалхақ Болатов және Уайда Тұрғанбаев.

Барлығы: 5 950 сом» [13].

Сөйтіп, 1917 жылы 15 маусымда газеттің алғашқы саны басылып шықты. Газетті халықтан қолдап, қуаттаған, құттықтаған, тілек білдірген хаттар көптеп келеді. Оларда халықтың бостандық аңсаған көңіл ауасы, ыстық ықыласы кең айтылады.

«Сарыарқа» газетінде ол жарық көрген күннен бастап терең ойлы, ағартушылық, демократтық, ұлт азаттық идеяларын ту еткен, отарлық езгіге қарсы, қазақ ұлтының экономикалық, саяси, рухани өрлеуі жалынды еңбек етіп жүрген ұлт зиялылары қызмет етті. Олар газетте халықтың тұрмыс-тіршілігін, елде болып жатқан жағдайларды кеңінен қамтыған мақалалар легін жариялап тұрды. Сондай-ақ Алашорда үкіметін құру, қазақ мемлекетінің негізін қалау секілді маңызды мәселелер қозғаған саяси мақалалар да жазды.

«Сарыарқа» газетінде белгілі ұлт қайраткерлері Әлихан Бөкейханұлының, Міржақып Дулатұлының, Әлімхан Ермековтің, Мұстақым Малдыбаевтың, Жақып Ақбаевтың, Мәнән Тұрғанбаев пен Халел Ғаббасұлының, басқа да арыстардың қоғамдық-саяси, экономикалық жағдайларды сөз еткен мақалалары жарияланып тұрды. Сондай-ақ, газетте патша үкіметінің отаршыл саясатының қазақ еліне тигізген зиянын, «Алаш» партиясының бағдарламасы, қазақ жеріне қоныс аударған орыс шаруалары мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас, Құрылтай жиналысы туралы да мақалалар шықты.

Қазақ зиялылары соқтықпалы-соқпақсыз жолда жаңылысу, қателесу болатынын біліп, аласапыран басталып кеткен кезеңде «Сарыарқа» газеті арқылы халқына жол сілтеуге тырысты. «Сарыарқа» газеті айналада болып жатқан оқиғаларға нақты көзқарасты, пікірді ашық айтқан ұлттық-демократиялық басылым болып қана қойған жоқ. Ол жуық арада Алашорданың ресми тілі болды. Алаш партиясын және Алаш автономиясын құруға күш-жігерін аямаған әйгілі қайраткерлердің ықпалымен және тікелей қатысуымен басылды [14].

1918 жылы Семейде Кеңес өкіметі алғаш орнаған айларда большевиктік іс-әрекеттерге қарсы басылымдарды жабу жүргізілді. Арнайы шешіммен «Сарыарқа» газеті «ұлтшыл», «буржуазияшыл» басылым деп танылып, мамыр айында жабылды. «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналының 1918 жылдың мамыр айында жабылып қалғаны туралы газетте былай жазылды: «Нұрғали Құлжанов мамырдың 1-күні қасына солдаттар алып, «Сарыарқа», «Абай» журналы басылып тұрған қазақ баспаханасын тартып алды. Басылғалы тұрған «Сарыарқаның» 43-нөмірін шашып, мүлкін қолына алып, есігіне құлып салдырды. Бұл – екі күннен кейін баспахананы бұздырып, хәріптерін әкетпекші болғанда бұл ісі жүзеге аспай қалды» [15].

Кеңес үкіметі уақытша құлаған кезде, газет қайтадан жарыққа шыға бастады. Бірақ та, «Сарыарқа» сияқты ұлт мүддесін басшылыққа алған басылым ақтар өкіметі ығында да өз еркінше

жүре алмаған. Сібір үкіметі газеттер мен плакаттар, баспадан шығатын барлық қағаздарды Ішкі істер бөлімінің қарауынан өткізу туралы жарлық шығарған (1918 жылдың 25 маусымы) [16]. 1919 жылдың 1 желтоқсанында Семейде Кеңес өкіметі түпкілікті орнаған соң, «Сарыарқа» газетінің орнына қазақша жаңа газет шығару қолға алынды. «Қазақ тілі» газетінің (бұл күнгі «Семей таңы») бірінші санын шығарғандардың бірі, бет құрастырушы Мақсын Қордабаевтың естелік әңгімесінде «Сарыарқадан» қалған әріп дүниелігімен газет беттерін теріп, жаңа газет аты болмағандықтан, «Қазақ тілі» клишесін қолы шебер бір етікшіге ағаштан ойғызып алып, басып жүргендігі айтылады [17].

Сонымен, «Сарыарқа» газеті орнына «Қазақ тілі» газеті шығарыла бастады. Жаңа газетте Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мәннан Тұрғанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров және Шынжы Керейбаев қызмет етті. Қазақ баспасөзінің ісі лайықты жалғасын тапты. «Сарыарқа» газеті мен «Қазақ тілі» газеті арасында үлкен сабақтастық жатыр. Сөзіміз дәлелді болу үшін журналист Р.А. Молдашеваның атап көрсеткен дәлелдерін келтіргенді жөн көрдік: «Біріншіден, «Қазақ тілі» газеті «Сарыарқа» газетінің заңды жалғасы; екіншіден, екі басылымның да жарық көруіне Мәннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов сияқты баспасөздің ірі қайраткерлері мен Насыр Ишимов, Мұқсын Қордабаев сияқты баспагерлер ат салысты; үшіншіден, «Сарыарқа» газеті 1919 жылы жабылып, осы жылы «Қазақ тілі» газеті жарық көрді; төртіншіден, екі газет те бір баспаханада басылды; бесіншіден, «Қазақ тілі» газеті беттерінде де ұлттық мүддеге лайық мақалалар жарияланып, бұл басылым «Сарыарқа» газетімен идеялық мазмұндық жағынан ұқсас болды» [17, 27 б.], – дей келе, «Сарыарқа» газеті «Қазақ тілінің» алғашқы бастау көзі, екі газет арасында белгілі бір сабақтастық бар деп нақты айта аламыз» [17, 28 б.], – деп өз ойын қорытындылайды.

Тұжырым айтқанда, «Сарыарқа» бейресми, тәуелсіз басылым қатарына жатады. «Сарыарқа» газеті Семей өңіріндегі алғашқы қазақ тіліндегі басылым болды. Газет бетінде жарияланған материалдар сол кезеңдегі әдебиетіміздің даму бағытын, қоғамдық ойдың ауқымын танытып қана қоймай, сол дәуірдің қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерін кеңірек танытуға мүмкіндік берді.

Екі жылдан астам уақыт шығып тұрған «Сарыарқа» газетіне редакторлық жасаған адамдар алашқа танымал, елі мен жеріне қайтсем жақсылық жасаймын деп талпынған адал жүректі азаматтар болды. Олар – Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасұлы, Имам Әлімбеков, Шынжы Керейбаев.

Кез келген басылымның қалыптасуына ұйымдастырушының, яғни жауапты шығарушының беделі, кісілігі, білігі мен білімі үлкен әсер етеді. Халел Ғаббасұлы Мәскеу университетінің физика-математика факультетін алтын медальмен бітірсе, Райымжан Мәрсекұлы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін тәмамдаған. Екеуі де оқығандар арасында, ел ішінде абыройлы болған. Жан-жақты бұл қос азамат лирикадан физикаға дейінгі ілім-ғылымды меңгерген. Өкінішті жері қуғын-сүргіннің құрбаны боп, халқына жиған білімі мен тәжірибесін толық бере алмай кеткен [5, 60 б.].

«Сарыарқа» газетін шығаруда ұзақ уақыт еңбек еткендердің бірі – Имам Әлімбеков. Ол газеттің жауапты шығарушысы қызметін атқарды. И. Әлімбеков аумалы-төкпелі заманда ел мүддесін көздеп, бір-бірімен өштесіп, елді қантөгісті қырғынға ұшыратып жатқан күштердің арасында өзінің жұмысын табанды жүргізе білді. Имам Әлімбековтің қызметіне бүкіл Сібірдегі билікті қолына алған Колчак өкіметі күдікпен қарап, оны 1919 жылы 29 наурызда тұтқынға алады [14, 58 б.].

1919 жылдың сәуір айынан бастап «Сарыарқа» газетіне Шынжы Керейбаев басшылық жасады. Басылымның 75-санынан 88-санына дейін Ш. Керейбаевтың қолы қойылған. Ол «Сарыарқа» газетінің редакторы ретінде барлық күш-жігерін салып, әлеуметтік қажеттілікті дәл баса отырып, мерзімді баспасөзді дамытуға үлес қосқан азаматтардың бірі.

«Сарыарқа» газетінің редакторлары барлық күш-жігерлерін салып, әлеуметтік қажеттілікті дәл баса отырып, мерзімді баспасөзді дамытуға өз үлестерін қоса білді.

Осылардың бірі мен бірегейі «Сарыарқа» газетінің құрылтайшысы, редакторы һәм онда жарияланған бас мақалалардың авторы – Халел Ғаббасұлы. Ол «Сарыарқа» газетінің 10, 11, 12, 13, 14 және 21, 30, 31, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 57 сандарына қол қойған.

Ал, 1917 жылдың күзінде «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті атынан Уақытша үкіметтің Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутат болып аталғандар туралы хабарда: «Халел Ғаббасұлы– жаңадан университет бітіріп шыққаннан кейін Семейде уақ қарыз инспекторы болды. Халел студент күнде-ақ ұлтшыл, жинаған білім-қазынасын халыққа таратуды өзіне борыш санаған һәм сол пікірін іспен көрсете бастаған қазақтың

үмітті ұлы. Бұл күнде «Сарыарқа» газетін шығарушы һәм областной комитет ағзасы» [18], – делінген.

Сөйтіп, Халел Ғаббасұлы XX ғасыр басында «Серке» газетінен басталған қазақ баспасөзіндегі демократтық, ұлт азаттық рухтағы публицистиканы «Сарыарқа» газетінде редакторлық, шығармашылық істерімен одан әрі дамытты. Халел Ғаббасұлы басқарған кездегі «Сарыарқа» газетінде жарияланған келіссөздерде халықтың мақсат-мұраттарымен бірге, Алашорда өкіметі, оның ұлттық тәуелсіз мемлекет ретіндегі болашақ бағыт, бағдары да халыққа кеңінен насихатталды. Бұл орайда, жоғарыда айтылған Халел Ғаббасұлының бас мақалаларынан өзге, ел басқарған басылымның идеялық ұстанымы, ұлттық тұғыры да қазақ елінің азат таңының жаршысына айналды.

«Сарыарқа» газетінің бүгінгі күнде қанша саны сақталған, сол жайы бірер сөз айта кетсек.

Дихан Қамзабекұлы өз зерттеуінде: «Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхана қорында тарихтың тірі куәсі іспеттес бұл басылымның шамалы ғана саны бар. Мәскеу, Петербор кітапханаларындағы «Сарыарқа» газеті мұхият сақталғанмен, сандары түгел емес. 1991 жылы Ұлттық кітапханамыз Қырғызстан кітапханалары қорынан ұзақ сақталып келген «Сарыарқа» тігіндісін алдыртты» [5, 60 б.] – деген.

Біздің қолымызға тиген газет тігінділері Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағат қорында сақталған Халел Ғаббасұлы қол қойған он тоғыз саны және Химки қаласында орналасқан Ресей мемлекеттік кітапханасында сақталған «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 22 саны, 1918 жылғы 7 саны, 1919 жылғы 24 саны.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, мынадай қорытынды тұжырымдар жасаймыз:

Бірінші, ұлт азаттық рухтағы қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашы «Серке» газеті. Осы газеттен басталған ұлттық рухты «Сарыарқа» басылымы одан әрі өрістетті;

Екінші, бостандық, азаттық, тәуелсіз ел болу идеясын төл әдебиетте көсемсөз жанры арқылы көтерген Алаш көсемдерінің ісін жалғастырған – Халел Ғаббасұлы;

Үшінші, Халел Ғаббасұлының саяси көсемсөздері халыққа Алашорда автономиясының мұраттарын түсіндіріп қана қоймай, өз заманы мен қазақ журналистикасының келешек дамуына да өнегелі үлгі болды;

Төртінші, Халел Ғаббасұлы – тұңғыш тәуелсіз мемлекеттің органы болған «Сарыарқа» газетінің құрылтайшысы, ұйымдастырушысы, редакторы және бас мақалаларын жазған авторларының бірі болған, ұлттық публицистиканың көкжиегін кеңейткен шығармашыл тұлға.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Ред: Зәки Ахметов. - Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 б.
2. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. -Астана:Фолиант, 2002. - 474 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. III том. - Алматы: Атамұра, 2002. - 768 б.
4. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. - Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. - 486 б.
5. Қамзабекұлы Д. Руханият. - Алматы: Білім, 1992. - 272 б.
6. Сарыарқа // - 1917. - 19 маусым. - № 2.
7. Қазақ // -1917. - № 244.
8. Ғаббасұлы Х. Алаш автономиясы // Сарыарқа. - 1918. 28 қаңтар.
9. Ғаббасұлы Х. Мемлекет күйі // Сарыарқа. - 1917. - 25 қараша.
10. ҒаббасұлыХ. Большевик бүлігі // Сарыарқа. - 1917. - № 21.
11. ҒаббасұлыХ. Күш бірлікте // Сарыарқа. - 1917. - № 27.
12. Аймауытұлы Ж. Партия // Сарыарқа. - 1917. - № 3.
13. Оқшау сөз // Сарыарқа. - 1917. - № 5.
14. Ыбырайымова М. «Сарыарқа» газетінің тарихынан // Абай. -2000. -№1
15. Сарыарқа // - 1918. - № 44.
16. ШҚО ҚЗТҚО 50-қор, 1-тізбе, 3-іс, 3-парақ.
17. Молдашева Р. Семей баспасөзі: қалыптасу және даму жолдары: фил.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 2003. - 145 б.
18. Редакторлар жайы // Сарыарқа. -1917. № 19.

ӘӨЖ: 811.512.122

Сейтім А.А.
магистрант
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Таласпаева Ж.С.
профессор
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

Мухамеджанова Г.Т.
PhD
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ

Хамзина Г.С.
доцент
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ

ҚАЗАҚ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Түйін: Мақалада тілдің танымдық құрылымында көрінетін ұлттық-мәдени ұғымдар қарастырылған.
Түйін сөз: Мақалада тілдің когнитивтік құрылымына көрініс тапқан ұлттық мәдени концептілер талданады.
Резюме: В статье рассматриваются национально – культурные концепты, которые отображаются в когнитивной структуре языка.
Ключевые слова: В статье анализируются национально-культурные концепции, отражающие когнитивную структуру языка.
Summary: The article deals with national-cultural concepts that are displayed in the cognitive structure of language.
Keywords: National cultural concepts that reflect the cognitive structure of language are analyzed in the article.

Тілдің когнитивтік құрылымында концептілердің алатын орны ерекше. Себебі семантикалық және ассоциациялық өріс құруы концептілер жүйесі арқылы көрініс табады. Ал концепт пен мағына арақатынасы семантикалық талдау мен концептуалдық талдау арқылы айқындалады. Ұғым (мағына) белгілі бір тілде сөйлейтіндерге таныс болу мүмкін, бірақ концепт белгілі бір мәдениетті ұстанатын ортаға ғана таныс бола алады. Өйткені «аялық білімнің» [1, 59] болуын қажет етеді.

Когнитивтік ғылымның басты мәселесі адамның білімін жүйелеу. Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамытушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекеттер нысананың ұқсастығы мен айырмашылығы ажыратудан басталады. Осы әрекеттердің нәтижесінде концепт қалыптасады. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілерімен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұжымдық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы тиіс.

Жалпы XX ғасырдың 80-жылдары концепт ұғымы жаңа мазмұнға ие болды. Ол адам санасындағы психикалық және ментальды ресурстардың бірлігін таныту қызметін атқарады және адамның білімі мен тәжірибесін айқындайтын ақпараттық құрылымды танытады. Демек, концепт – бұл адам психикасында бейнеленген барлық дүние бейнесінің, ой тілінің концептуалдық жүйенің, ментальды лексиконның мазмұндық бірлігі болып табылады. Сонымен қатар концепт ұғымы ақпараттан ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді [2, 65].

Қазақ тіл білімі зерттеушілерінің арасында да концепт мәселесіне терең зерттеу жүргізіп, анықтама ұсынған ғалымдар да бар. Концепт ұғымын көпдеген ғалымдар қарастырған.Соның ішінде А.Исламның пайымдауынша:

«Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың

концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір–бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірімен тығыз болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [3, 12].

Концептсанада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. Концептілік жүйе иерархиялы (сатылы) құрылымнан тұрады: 1) дүниенің қасиеті, белгілері (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типтері (фрейм, сценарий, скрипт, схема, ойсурет формасына салынуы); 4) дүниенің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мән)» [3, 25].

Рухани қазыналарымыздың мазмұнына сақталған ұлтты ұйытып, тұтастыратын арқау – тіларқылы ұлттың рухани тарихы мен таным - тәжірибесін сақтайтын қазынасы, елдік мұрат – мүддесі мен тұтастығын сипаттайтын тілдің ұлт тұтастырушылық құралы ретіндегі қуаты болып табылатын ол әрине тіл. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттың көркем тілінде сақтаған тілдік деректердің бүгінгі ұрпаққа жеткізілген осы құдіретін тілдің кумулятивтік (мұрагерлік) қызметі арқылы танудыңғылыми - әдіснамалық негізі болып табылады. Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде этностың бүкіл тарихи, мәдени байлығының куәгері іспетті ұлттың рухани – мәдениқазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде.

Көркем концепт тілге де, мәтінге де қатысты болады да, тек біртұтас метін семантикасына сәйкес адекватты түрде зерделенеді. Оны құрайтын тілдік элементтердің мағыналары шартты болғанымен, олардың мәтіндегі құрақты (комбинация) қолданыстары тілдік тұрғыдан жаңа мәндік оппозициялар құрайды[4, 175].

Этностың болмысы, рухани, материалдық мәдениеті, ең алдымен, тілдің лексика-фразеология жүйесінде ерекше семиотикалық кодтармен (белгілермен) таңбаланады. Ұлттық мәдени концептілер тек ұлттық танымды ғана жан-жақты ақпаратымен жүйелеп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер (киіз үй, дала, көш, домбыра, қамшы) болып саналады. Мысалы, *киіз үй* концептісі қазақтың өмірін, мекенін, тұрақтаған шаруашылығын, дархан кеңділікті, ұлттық мәдениетімізді, жазықтықты объективтендіреді.

Тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, тіл – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы,келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде, ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы.

Жазушы С.Мұқанов «Қазақ қауымы» деген кітабында тарихқа және этнографияға шолу жасаған. Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің концептілерін қарастыру барысын «киіз үйден» бастауды жөн көрдік. Жалпы адамзат үшін ақиқат дүние жалғыз ғана болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамда, әр ұлтта әр деңгейде кездеседі.

Қазақ даласында көне заманнан бізге жеткен құрылыс істерінен көзге түсері аз болса да осы кең өлкенің әр жерінен *«күмбез», «мазар», «сағана», «дін», «қауым»* деп аталатын ескерткіш тәрізді құрылыстарды жиі ұшыратамыз.

Көшпелілерге ең алдымен қажеті – баспана, яғни тұрақ жай. Сондай қажеттіліктің бірі – киіз үй болған.

Киіз үйге нелер кіретініне, тарихына шағын ғана тоқталсақ. Қой өсірумен шұғылданатын көшпелілерде жамылтқыға ең қолайлы материал киіз. Ол жүннен басылады. Киіз жасайтын жүнді ыдырата түтуді «сабау» дейді. Бұл «ұру» мағынасында қолданылатын сөз. Расында да солай: жентектелген, ұйысқан жүнді ыдыратып түту үшін шыбықпен сабайды. Оның аты «сабау». Түтілген жүн, шидің үстіне бір тегіс етіп жайылғаннан кейін шиді жүнімен дөңгелете, жұмырлай бүктейді. Мұнан кейін үстіне ыстық су құйып байлайды да, 2 – 3 кісі жіппен домалата тартып, дөңгелетіп отырады, қалғандары артынан аяқтарымен кезек – кезек тепкілей береді. Ұзақ уақыт қуалай тебілген жүн кіріге ұйысып болды-ау деген шақта, оны шиден босатып ап, жас әйелдер білектерімен нығырлайды. Бұл нығырлауда, ең ынталы киіз иесі болады. Қазақ «киіз кімдікі болса, білек сонікі» деп соған қатыста айтады.

Киіз үйдің жамылтқысы: *туырлық, үзік, түндік* деп үшке бөлінеді. Төрт бөлшектен құралатын туырлық киіз үйдің төменгі кереге жағып жауып тұрады да екі үзік уықтың үстіңгі жағын түндік шаңырақты жабады. Киіз үйдің «сүйек» аталатын ішкі қаңқасы: кереге (қабырға сүйегі), үйдің шаңырағын керегемен жалғастырып тұратын уық және шаңырақтан құралады. Киіз үйде сонымен қатар кереге болады. Кереге санына қарай киіз үйдің: төрт, алты, сегіз, он екі, он

төрт қанаттардан құрастырылады. Жеке ағаштардан, талдан немесе теректен жонылған керегені бір-біріне біріктіріп, байлауды «көктеу» дейді. Керегенің көздері «желкөз» және «торкөз» болып екіге бөлінеді. «Желкөзі» кең де «тор көзі» тар болады. Дауылға желкөз шыдамды келеді де, жауынға торкөз шыдамды келеді.

Уық тал мен теректің бұтағынан жасалады, ал шаңырақ қайыңнан және оның «сау» аталатын сыңғағынан емес, «қызыл» дейтін июге шыдамды бұйрасынан иіледі.

Киіз үйдің есігі көбінесе тұтас тақтайдан жасалады. Кейде оны селдір қадалардан құрайды. Есіктің «кәшегінің» жоғарғы жаңы маңдайша, асты табалдырық, екі жақтауы – босаға, жақтаулары «ергенек» деп аталады.

Түндікті ашатын немесе жауынды күні, үйдің бір бұрышын тіреп қоятын ұзын ағашты «сырық», ал қатты жел, дауыл соққанда үйді ішінен тірейтін, үй тігіп немесе оны жыққанда шаңырақ көтеретін тіреуішті «бақан» деп атайды. Киіз үй сүйегінің шаңырақ төбесінен бастап, іргесіне дейінгі формасы күмбезге ұқсайды. Мұндай киіз үйлер дауылды желге де, нөсерлі жауынға да жақсы төтеп береді. Киіз үй туырлықтарына тағылатын жіптер ең алдымен жылқы қылынан немесе түйе шудасынан ораған жүннен есіледі. Оған даярлаған жүнді «шүйке» дейді [4, 203].

Ұлттық мәдениетімізді дәріптеуде біз музейлерде тек киіз үйді ғана алмаймыз, себебі оның жекелеген бөлшектерінің өзінде қаншама мән-мағына жатыр, мысалы: *шаңырақ, кереге, түндік.* Осы киіз үйімізді қазақтың байырғы қолданысындағы бұйымдармен толтырамыз. Олар: *ошақ, ас ши, асадал, қазан, қамшы, қап, табақ, кебеже т.б.*

Киіз үйдің ең «қасиетті» саналатыны шаңырағы. Қазақ халқында ағайынды кісілер енші алысқанда шаңырақ, яғни ата-ананың тұрған үйі кенже ұлына тиесілі болады да, ол «үлкен үй» аталады. «Үлкен үй» - «Қара шаңырақ» деген ұғымдар күні бүгінге дейін сақталып келеді. Киіз үй өзге көшпелі елдерде де болғанымен, шыдамдылығы, қолайлығы жағынан қазақ киіз үйі олардың бәрінен де сапалы сияқты. Киіз үйлер қазақ халқының отырықшыланып үлгермей, көшпелі өмір сүрген кезеңдеріндегі ең қолайлы тұрақ жайлары болғандығы мәлім.

Шаңырақ жалпы қазақ халқының күнделікті тіршілігінде, мәдени өмірінде ерекше орынға ие. Негізінде, тілдік ұжым шаңырақты ең алдымен жоғарыда атап өткеніміздей киіз үйдің құрылымдық бөлігі ретінде қабылдаймыз.

Ұлттық ұғымда киіз үй және оның әрбір құрамдас бөлшегі қасиетті болып табылады. Соған орай ата-бабаларымыз әрбір затқа лайық ұлықтау, теңеу, бейнелеу сияқты ойлы ұғымдармен бірге тәрбиелік мәні бар қағидалы, қанатты сөздер де аз емес. Шаңырақ – киелі мүлік. Атадан балаға мұра болып келе жатқан үйді қара шаңырақ деп құрметтейді. *Қара шаңыраққа сәлем беру, одан дәм тату*-ежелгі халық жоралғысы. Шаңырақ деген сөз*«үй, отбасы»* деген тұтас ұғымды да бейнелейді. Жаңа үйленгендерді *«шаңырақ көтерді»* дейді. *«Шаңырағың биік болсын!»* деген батаның ең үлкені болса, *«Шаңырағың ортасына түссін!»* деген қарғыстың ең ауыры болып саналады. *Шаңырақты аттамайды,* көшкенде жеке түйеге артып, ол көш басында жүреді. Қыз ұзатылғанда мініп келген көлікті *«шаңырақ түйе»* дейді. Бұл көлікке ұзатылатын қыздың шешесі, жеңгесі, сіңлілері ғана ортырады. Тыныш отыр, шамаңды біл дегенді білдіру үшін: *«Шаңыраққа қара!»* – деп, ескерту жасайды. Мысалы, үлкен іске үлес қосты, қала, зауыт салысты дегісі келсе *«Шаңырағын көтеріп, уығын қадасты»,* – дейді.

Керегеге байланысты сөздер де көп. *«Керегең кең болсын»* деген бата – үйің кең, қонағың көп, берекелі үй бол деген сөз. Біреу ақталу үшін: *«Керегенің көгін жейін»,* – деп қарғанады. Біреу масқараға ұшырап, ұятқа қалса, ол туралы: *«Керегеге таңылды»*, дейді. Ештеңе бермеймін дегенді сеспен айтқысы келген адам: *«Керегесін итіне қомдасын»,* – деп зіл тайтайды. Күш көрсететіндер: *«Керегесін кертемін»,* – дейді.

Қазақ түндік арқылы көп жайды аңғартады. *«Түндігің түтінді болсын»* деген ақ батада ырыс, береке деген мағына бар. Жас әйел түндігін ерте ашса, оның шаруақор, пысық екендігі, басқа үлкен үйлердің түндігін ашса, әдептілігі көрінеді. Салақ, жалқау әйелдерді «*түндігі кеш ашылатын келін»* деп теңейді. Ал *«Түндігі ашылмай қалды»* деген сөз сол үйдің адамдарының барлығының қайтыс болып кеткендігін білдіреді.

Киіз үйдің есігіне байланысты айтылатын ұғымдар да өте көп. Әркім өз үйін алтын босағам деп дәріптейді. *«Есік көрген»* деген ұғым күйеуден қайтып келген әйел дегенді білдіреді. Күйеудің алғаш келуін «есік көре келді» дейді. Оның *«босаға аттар»* деген ырымы да бар. *«Табалдырық аттады»* деген өте жақсы сөз *«келін болып түсті»* дегенді сыпайылап, құрметтеп айтқаны. *Босағаны керме,табалдырықты баспа* деген тыйымдар әдептілікке шақырады. Бөтен үй деудің орнына *жат босаға* деген ұғымды қолданады. Ұзатылатын қыздар оң жақтан аттанарда: *«Алтын*

да менің босағам, аттап та шығамдеп пе едім», – деп қоштасады. Кіріп келе жатқан бала табалдырыққа сүрініп жығылса, оны жақсы ырым деп жориды.

Ши де астарлы сөздің бір айғағы ретінде қолданылады. *«Ши жүгірті» – «түртпектеді», «құтырта түсті», «одан әрі ұшындырды»* дегенді білдірсе, «*шыққан қыз шиден тысқары»* деп, тұрмысқа кеткен қыздың өз үйіне көп келе бермегені жөн екенін ескертеді.

Ұлтымыздың мәдениетінде *«шаңырақ көтеру»* деген сөз бар. Ол *«үйлендің»,«өз жұбыңды таптың»* деген мағыналарды білдіреді.

Өзін бұрынғыдан бөлекше сезінген Еркін ***киіз үйден*** *далаға шыққанда «ишай» деп бір рет тітіркеніп алды да, әлгіндегідей қияли сезіммен ай астында қарабарқынданып жатқан қалың қатпарлы жотақыраттарға беттеді (О.Бөкей «Өз отыңды өшірме»).*

Мысалда жазушы киіз үйде халықтың шын мәнінде мекендегенін, тұрақталғанын көрсетіп тұр.

Киіз үйдің *іші біртіндеп алакөлеңкелене бастаған; үй сыртынан маңыраған қой, боздаған бота, кісінеген құлын, тебіскен айғырдың үні еміс-еміс естіле бастады (О.Бөкей «Өз отыңды өшірме»).*

Дала қызы табиғаттың ең жас перзенті. Көзіне көрінгеннің бәрін көңіліне тоқып келеді. Ол не көріп, не біліп өсті ? Кең дала... көк дала, сары дала... сағы. Төрт түлік мал... соғым. Қысы-жазы ***киіз үй****. (Ғ.Мүсірепов «Ұлпан»)*

Осы көрсетілген мысалда да киіз үйдің ішіндегі тұрмыс тіршілікті сипаттап тұр.

Шаңырақ микроконцептілеріне

Отбасы баспана кіші әлем


Жоғары да тоқталып өткендей «Шаңырақ-баспана» микроконцептісінің құрылымдық элементтері бар, олар:

- Шаңырағына шоқ орнату
- Шаңырағын ортасына түсіру
- Шаңырағына қобыз қою
- Қара шаңырақтан қан жаудыру
- Шаңыраққа қар
- Қара шаңырақ
- Шаңырақсыз
- Шаңырағы құлау
- Шаңырақ көтеру
- Шаңырақ құрған
- Шаңырағы биік болсынағы шайқалмасын

«Шаңырақ-Кіші әлем» микроконцептісінде шексіз ашық аспанның белгісінде көрінеді және де шексіздік концептісі болып табылады.

Киіз үйдің көшпелі өмір салтымен құрдас екені күмән тудырмайды. Себебі киіз үй сияқты ғажайып «көшпелі архитектурасыз» көшпелі өмір салты болып табылады. Киіз үй халықтың «шағын әлемі», «көк күмбезі» болып табылады. Киіз үй бүткіл бітім-көркімен көшпелілер ұғымында шағын әлемді бейнелейді.Оның іргесі – төңіректегі көк жиекті, уық-шаңырағы аспан күмбезін елестетсе, ішкі-сыртқы безенген көркі әсем табиғаты жоқтатпайтындай әсерге бөлейді.

Қазақ тіліндегі:



Киіз үйдің бітім-қасиеті бойынша тұтас елді, мемлекетті атауда нышан болып табылады.

Киіз үй халық жадына сіңіскен философиялық ой-толғаныстардың, ғасыр тезінде ұшталатын ұлттық сананың айшықты айғағы. Ұлттық мәдени концепт – ойлау мен танымның ерекше бейнелі, тіл қабаттарының ішіндегі құрылымдық типтері, синтаксистік модельдері қалыптасқан тілдік бірлік болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Б. Нұрдаулетова. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: Дәуір, 2011. - 312б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.
3. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол.ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 229 б.
4. Мұқанов С. Халық мұрасы: тарихи-этнографиялық шолу. – Алматы: Жазушы, 2002.-304 б.

Сермухаметова Б.Б.
2 курс докторанты
Қиыр Шығыс кафедрасы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ.
e-mail: s.bagzhan1989@gmail.com

Сафронова Л.В.
проф., филол.ғ.д.,
Қиыр Шығыс кафедрасы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ.
e-mail: dinass2002@mail.ru

ҚАЗІРГІ КОРЕЙ ӘҢГІМЕ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: Мақалада қазіргі корей әңгіме жанрының ерекшеліктері туралы айтылып, түрлі әдеби ағымдар мен құрал-тәсілдері, олардың дүниетанымы мен көзқарастары арқылы түрлі жағдаяттарға тап болған адамдардың жан-дүниесі мен қайғы-қасіреттерін шебер суреттеу жайлы қарастырылады. Әңгіме жанрында адамның өмірлік мақсаты туралы ой-толғаулары, өздерінің дүниетанымы мен көзқарастары арқылы түрлі жағдаяттарға тап болған адамдардың жан-дүниесі мен қайғы-қасіреттері туралы айтылады.

Түйін сөздер: қазіргі корей прозасы, корей әңгімелері, «сюжеттегі әңгіме», кейіпкерлердің қалыптасуы, композиция, романтизм, натуралист, композициялық құралдар, көркемдік құралдар, психологиялық талдау.

Резюме: В статье рассказывается об особенностях жанра современного корейского рассказа, описываются жизнь и страдания людей, с помощью различных литературных течений и инструментов, через их мировоззрения и взглядов. В жанре рассказа говорится мысли о жизненной цели человека, о душах и горестях людей, которые сталкиваются с различными ситуациями из-за своего мировоззрения и взглядов.

Ключевые слова: современная корейская проза, корейские рассказы, «рассказ в сюжете», формирование персонажа, композиция, романтизм, натуралист, композиционные инструменты, художественные инструменты, психологический анализ.

Summary: The article talks about the features of the modern Korean narrative genre and discusses how to describe the souls and sorrows of people who are facing different situations through their various literary trends, their worldview and attitudes. The narrative genre tells the thoughts of a person's life purpose, they are talking about the souls and sorrows of people who are faced with different situations through their worldview and attitudes.

Keywords: the modern Korean prose, Korean stories, "The Story in the Story", character formation, composition, romanticism, naturalist, compositional tools, artistic tools, psychological analysis.

Кіріспе

Әңгіме – проза жанрының ең шағын түрі. Онда оқиға мен кейіпкердің іс-әрекеті қысқа болып уақыт жағынан да аз мерзімді қамтиды. Әңгіме жанрының осы қасиеті оқырмандардың оны тез игеріп түсінуіне жағдай жасайды, алайда әңгімені жеңіл үстірт нәрсе деп ойламау керек, керісінше әңгіме жанры көлемді прозалардың бастауы болып табылады.

Қай халық болмасын көне заманнан бергі өзінің тұрмыс салты, күнделікті өмір тіршілігі жайлы ауызша әңгімелер туғызып отырған. Мұндай әңгімелер әр жерде жиындарда айтылып жүріп ондағы оқиғалар сюжетке айналады.

Негізгі бөлім

Корей халқының да прозасындағы әңгіме жанры сан қырлы болып келеді. Корей әңгіме жанрының жаңа дәуірі түрлі әдеби ағымдар мен құрал-тәсілдердің пайда болуымен ерекшеленеді. Онда авторлар адамның өмірлік мақсаты туралы ой-толғаулар келтіріп, өздерінің дүниетанымы мен көзқарастары арқылы түрлі жағдаяттарға тап болған адамдардың жан-дүниесі мен қайғы-қасіреттерін шебер көрсетуге ұмтылады.

Жалпы корей әңгіме жанрының ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілдері композициялық сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіме көлемдері шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйтқысын құрайтын оқиғаның басталуы шарықтау шегі және шешімі бар. Корей әңгімелерінде адам өмірі мен тағдыры аса маңызды, оқиға жинақы беріледі, бір айтылған жайларды қайта қайталап тәптішпеп баяндауға ұзақ суреттеуге орын берілмейді. Олар әңгімелерінде аз суреттеу арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркем шеберлікті игерген.

Оқиға көбіне бірінші жақтан баяндалып әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетіп отырады.

Корей әңгіме жанрының жандану кезеңіндегі шығармаларда халықтың сана-сезімі оянып, Батыс Еуропа мәдениетінің әсерінен жаңа көркем тәсілдер мен құралдар, жаңа ұғымдар пайда болады.

Че Нам Сон, И Кванг Су, Ким Ок сынды жазушылардың шығармалары көбінесе мазмұны жағынан ұлттық сипатта болып, олар бұрынғы қабылданған әдеби нормалардан батыл түрде бас тарта бастайды [1].

Корей прозасында реалистік тенденциялар басым болып, жазушылар сол кездегі халықтың шынайы өмірін суреттеуге тырысып, реализм прозада да бірте-бірте маңызды орынға ие болып, қоғамдағы жеке тұлға мәселесі анағұрлым өзекті бола бастайды. Қоғам мен жеке тұлға мәселесін анық әрі дәл ашып көрсететін бірнеше шығармалар пайда болады.

Әңгімелерде кедейліктің себептері мен одан құтылу жолдарын іздестіре түсу мәселесі корей әдебиетіндегі өзекті мәселе болды. Әдебиет ортақ бағытқа ие болып, әлеуметтік мәселелерді шешуге ұмтылады да, жұмысшылар, ұсақ саудагерлер мен еңбекшілер секілді кейіпкерлер пайда болады. Әдебиет үйсіз-күйсіз, аш-жалаңаш жүрген адамдардың жүрегінде үміт оятып, қоғамдық мәселелерді шешуде маңызды құралға айналады. Че Со Хе, Чжо Менг Хи, И Ги сынды жазушылардың шығармаларында әлеуметтік қайшылықтар да көрініс табады.

Қазіргі заманғы корей әдебиеті әдеби белсенділік орын алғанша жапондар тарапынан бірнеше рет қуғын-сүргіндерді бастан кешіп, әдебиет тоқырауға ұшыраса да, осы кезеңде жарық көрген прозалық шығармаларда, оның ішінде әңгімелер жаңа мәнге ие болып, дами түседі. Ақсүйектер мен қарапайым адамдардың, барлық қоғамдық таптардың өмірі шынайы суреттеледі.

Әлемдегі экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық, жапон империализмінің жүргізген өктемдігі корей халқының қоғамдық сана-сезімін оятып, елінің болашағы туралы толғандыруы корей әңгімелерінде көрініс таба бастайды. Батыста пайда болған романтизм, реализм, натурализм, символизм корей әдебиетіне айтарлықтай әсер етті. Осы кезеңдерде корей әдебиетінде сентименталды романтизм мен сондай-ақ реализмнің белгілері пайда болып, бірте-бірте күшейе түседі. И Гван Су мен Че Нам Сон сынды жазушылар өз шығармаларында тілдерінің тазалығы мен корей әдебиетінің көркем құндылығын сақтау үшін күреседі [2].

Осы тұста Ким Донъиннің бірнеше әңгімесіне тоқталып өтуге болады.

Ким Донъин алғаш рет корей әдебиеті тарихында «Қоштасу әні» атты «сюжеттегі әңгімесінде» тілдік ерекшеліктері мен сипатымен оқырмандарға шындықты екі жақты етіп түсінуге мүмкіндік туғызды.

Реалист ретінде Ким Донъин өмірдің барлық қиындығын шынайы бейнесін беруге тырысты.

Романтик ретінде түрлі шиеленіскен жағдайларға қарамастан беймәлім мақсаттарға ұмтылған керемет сезімдерді жеңе отырып, көрнекі образдарды сомдап шығады. Және қоршаған табиғаттың құбылыстарын метафоралар мен теңеулерді жиі қолдана отырып кейіпкерлердің көңіл күйімен ұштастыра білді.

Натуралист тұрғысынан кейіпкерлердің ерекше сезімдері арқылыы олардың физиологиялық ерекшеліктері мен өмірдегі тұрмыс жағдайларын көркемдеп көрсете отырып өз кейіпкерлерінің өмірін нақты образдарға айналдырып отырды.

Әдебиетте жазуға болмайтын тақырып жоқ екеніне сенген Ким Донъин қарапайым адамдар – кедейлер жайлы, олардың аңғал қылықтары жайлы жазуды мақсат етті.

Атап айтсақ, «Картоп» атты әңгімесінде Ким Донъин жапон оккупациясындағы Кореядағы әлеуметтік жағдайдың әсіресе кедейлер үшін өте қиын екендігін өткір сынайды. Ол әңгімеде күйеуінің көзіне шөп салған әйелдің өмірі біртіндеп құлдырай бастағанын суреттейді. Кедейшілік пен бұлыңғыр болашақтан үміт үзген әйел адамгершілікті ұмытып, өз сезімдеріне бой алдырады.

Дәстүрлі тақырыптар шеңберінен шығып, дәстүрлі морализмнен бас тартып, өзіндік пікірлерін білдіре отырып, Ким Донгин оқырмандарды өмірге жаңаша көзқараспен қарауға мәжбүр етті. Сонымен қатар, жазушы қазіргі әдеби тілдің қалыптасуына үлкен үлес қосты: Ли Гвансуды ұстанып, оқырмандардың назарына тек орынға ғана емес, сонымен бірге сипатталған оқиғалардың уақытына да назар аударуға тырысып, ол көптеген қазіргі заманғы адамдар сияқты өткен шақты да қолдана бастады.

«Қоштасу әні» хикаясының басты кейіпкері жолда кездейсоқ адамды кездестіреді, ол қоштасу әнін естігенде, бірнеше жыл бұрын өзінің бос күдігінен ұрысып, ағасымен ажырасқанын айтады. Содан кейін өкініп, татуласуды ұйғарып, оны таба алмады. Көптеген жылдар бойы ол

жанның тереңдігіндегі ауырсынуды жасырады, бірақ ән оны ағасын тағы да еске түсіруге мәжбүр етеді.

Ким Донгин әңгімелерінде көбінесе «сюжеттегі әңгіме» композициясын қолданған және өзінің жеке өмірлік тәжірибесінен де алған, өзіндік эстетикалық дүниені қабылдаған. Дүниені өткір шындықпен, кейде бұрмалай суреттеу арқылы ерекше эстетикалық сезіммен жазушы өзінің көптеген кейіпкерлерін – жаратылыстың азабын бойына сіңіріп, өртеу, зорлау және өлтіруден шабыт іздейтіндер екенін де жасырмады.

«Ақылсыз суретші» әңгімесінің басты кейіпкері орманда серуендеп жүрген адамдардың көзінше қыздың портретін салған ұсқынсыз суретші тарихы туралы жазады. Шынайы қызға үйленуден үмітін үзген суретші, енді идеал қыздың портретін салуды шешеді. Өмір бойы ол соны іздеп ақыры табады. Ал ол қыз соқыр болғандықтан суретшінің ұсқынсыз келбетін көре алмайды. Енді суретші оған үйленейін десе санасында портреттен басқа ештеңе қалмаған. Ойлайтыны - тек идеал қыздың портретін салу ғана. Идеал қыз кенеттен шынайы қыз болды, ал суретшіге шынайы қыздың портреті қажет емес еді. Есінен алжасып кеткен суретші ақырында қызды өлтіреді.

1920-жылдардың басында корей халқының қиын өмірі, қиын қоғамдық-саяси жағдайдың адам болмысына әсері, ескі дәстүрлердің бұзылуы және осыдан туындайтын қақтығыстар жөнінде Хён Цзиньон былай деп жазды: «Уақыт пен кеңістіктен тыс ешнәрсе болмайды, корей жазушылары туған топырағында нық тұруы керек». Ол бүкіл өмірінде осы сөздерді ұстанды: ол қаншалықты қолайсыз болмасын, өз шығармаларында шындықты түсінуге және осы шындықты бейнелеуге тырысты.

Романтизмнің жұмысына қатты әсер еткен Хён Цзиньон үнемі адам мен қоғам арасындағы қақтығыс тақырыбына қайта оралады. Оның барлық кейіпкерлері осы жанжалды өздері шешуге тырысады: қоғамда өз орнын табуға, бостандық табуға тырысады.

Жазушының көптеген шығармаларында әңгіме бірінші адамда өткізіледі, кейіпкерлер өз позициясының белгісіздігін сезінеді. Хён Джингон оқырмандардың назарын таңғажайып парадокстарға аударады, ирония призмасы арқылы қос перспективаны көруге мүмкіндік береді.

Осылайша, корей жазушылары батыс әдебиетінде қолданылатын композициялық және басқа көркемдік құралдарды біртіндеп игере отырып, тереңірек туындылар жасай бастады.

1920 жылдардың басында корей көркем әдебиетінің тарихында алғаш рет Йом Сансоп маңызды психологиялық талдауға көшіп, «Дәріханадағы бақа» әңгімесін жариялады. Натурализмнің әсерінен бұл оқиға шамадан тыс сипаттамамен жазылған, онда Йом Сансоп кейіпкердің азабы мен ауырсынуын биологиялық зертханада дайындықты күтіп тұрған бақаның сезімімен салыстырған. Әңгімеде жазушы басқыншының ұлтты жаулап алғаннан кейін басып өткен құмарлық пен ақылсыздықтан азап шеккенін жан-жақты талдады.

«Дайындық бөлмесіндегі бақа» әңгімесінің бас кейіпкері оның ақыл есінен танған адаммен танысқан кезін есіне түсіреді, оның әлі де ақыл-парасатын зерттейді. Жынды адамның ішкі әлеміне ене отырып, ол сол жерде корей қоғамының барлық қиындықтарының көрінісін көреді. Қалыпты емес сана ағымының сипаттамасы өткір әлеуметтік-саяси сынға айналады [3].

Кореядағы саяси жағдайларға үлкен көңіл бөле бастаған прозалық шығармалардың авторлары И Ги Енг, Хан Соль Я, Ким Нам Чхон, И Бук Менг, Хонг Менг Хи сынды жазушылардың еңбектері осы кезеңде де көркем әдебиетте үлкен орын алып отыр [1].

1941 жылы Тынық мұхиты аймағындағы болған соғыс көптеген жазушыларды түрмеге жабуға мәжбүр етті, көбісі қайтыс болып, ал аман қалғандары жапон саясатын қолдауға мәжбүр болады. Осы кезде Хван Сун Вон, Че Менг Ик, Ан Су Гилы, Чжонг Би Сок сынды жазушылардың шығармалары халық арасында оң бағасын алып кең тарайды [1].

Жаңару кезеңінде әдеби шығармаларда әлеуметтік теңсіздік туралы сыни ескертпелер көбейіп, әдебиет реалистік-сыни көзқараста дамиды. Ауыл адамдарының урбанизацияға деген қарсылығын көрсететін Син Ки Суктің «Чжаракол элегиясы», «Амтхэ аралы» атты шығармалары, Ким Чуннің «Самчжитколь» шығармасы, Чон Сынг Сенің «Накволь аралы», «Корольдің жаңа сарайы» және т.б. шығармаларда балықшылар ауылының, ауыл адамдарының шынайы өмірі суреттеледі. Прозалық шығармаларда индустриаландыру кезеңінің басталуы мен оның жағымсыз жақтары Хванг Сок Енгоның «Сампо жолы», «Жат ел», Чжо Сенің «Ергежейлінің жоғарыға лақтырылған кішкентай добы» және т.б. шығармаларында көрініс табады [4].

Қорытынды

Қорыта келгенде, корей халқының әңгіме жанрында шығармалардың мазмұны мен құрылымында айтарлықтай өзгерістер болып, соғыстан кейінгі қоғам, елді қалпына келтіру, жақынын жоғалтып жаны ауырған адам тағдыры бейнеленген шығармалар адамгершілік

құндылықтарды насихаттап, патриоттық тақырыптарға толы болды. Осы кезеңдегі әдебиетте адам санасының бұзылуы, жаппай тәртіпсіздікте өмір сүрудің мәнсіздігі, босқа өткен уақытқа өкініш көрсетіледі. Адам болмысы, оның мәні әдебиетте үлкен маңыздылыққа айналады, жеке тұлға мен қоғамның арасындағы қайшылықтар, тағдыр тәлкегіне түскен адамдардың өмірі, адам мен оның әрекеттері туралы айтылады. Кейінірек халықтың сана-сезімі өзгеріп, енді қоғамдық мәселелерден гөрі күнделікті тұрмыс-тіршілік туралы мәселелерді көтереді. Осылайша көптеген жазушылар өз шығармаларында өмірдің мәні не, халықтың арманы қандай және осы арман-мақсаттарды жүзеге асыруға талпына бастайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Көптілеуова Д.Т. Әлем әдебиеті: Оқулық. – Алматы, 2012. - 320 б.
2. Концевич Л.Р. Корейтану. – М., 2000.
3. Солдатова М.В. Развитие жанра рассказа в современной корейской литературе // Российское кореесведение: Альманах. Вып. 2. М., 2001. С. 220–226.
4. Солдатова М.В., Пак К.А. Современная литература Корей. Учебная пособия. – Владивосток, 2003.

Симбаева С.,
доцент, ф. ғ. к.
«Тұран-Астана» университеті

Досхожин Ә.,
магистрант
«Тұран-Астана» университеті

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Түйін: мақалада прагматикаға, оның ерекшелігіне, семантикадан айырмашылығына мән берілген. Сондай-ақ, БАҚ-тарда жіберілетін қателіктердің себептері мен тыныс белгілерін оқытудың әдістемесі қарастырылған.
Кілт сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары, прагматика, тыныс белгілері, орфография.
Резюме: в статье акцентировано внимание на прагматике, ее специфике, отличии от семантики. Кроме того, предусмотрена причина ошибок в СМИ и методика преподавания знаков препинания.
Ключевые слова: средства массовой информации, прагматика, знаки препинания, орфография.
Summary: the article is distinguished by pragmatics, its features, and semantics. In addition, the media provides a method of teaching punctuation marks and causes of errors.
Keywords: mass media, pragmatics, punctuation, orthography.

Қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі ерекше мәселенің бірі – тыныс белгілер, оның қолданылу ерекшеліктері. Тіл жеке ғылым саласы ретінде дамыған кезеңнен бастап оның теориясы терең зерттеліп, ерекшеленіп, бүгінде оның зерттеу нысаны көпқырлы. Бұл ретте тіл біліміндегі прагматиканың маңызы ерекше. Прагматика (грек. «pragma» – ілік септіктер, «ragmatosic» – әрекет) – семантика мен тіл біліміндегі тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін саласы. «Прагматика» терминін XX ғ. 30-жылдарында семиотиканың бір бөлімі түрінде Ч. У. Моррис енгізген. «Лингвистикалық прагматиканың қызметі нақты емес, оған сөйлеуші субъект пен адресаттың (тыңдаушының) өзара қарым-қатынасынан туатын мәселелердің бәрі кіреді» [1, 253]. Жалпы, прагматика семантика мен тіл біліміндегі тілдік таңбаларды зерттеп қана қоймай, психологиялық тұрғыдан да, философиялық тұрғыдан да өзіндік мәнге ие. Біз сөз етіп отырған прагматикаға сөйлеуші субъект пен адресаттың, яғни тыңдаушының өзара қарым-қатынасынан туатын мәселелердің бәрі кіреді: ойлау, сана, жеткізу тәсілдері, диалог және т. б. Бұл жайында прагматиканы қолданысқа енгізген Чарльз Уильям Морристың мына сөзін мысалға алсақ болады: «прагматика – раздел семиотики, изучающий отношения между знаковыми системами и теми, кто их использует» [2, 565]. Демек, субъект пен таңбалық жүйелерді қолданушылар арасындағы қарым-қатынасты зерттейді деген анықтама береді. Бұл тұрғыдан алғанда, әр субъект, қолдану нысанына қарамастан, прагматикалық үдеріске қатысады. Мысалы: ұстаз бен оқушы, оқытушы мен студент.

Жалпы, сөйлеуші (субъект) өз мақсатын орындату үшін тілдік формалардың ішіндегі сол тыңдап тұрған адамға қатысын таңдап алу мүмкіндігі бар. Мұны біз прагматика деп атаймыз. Сол себепті ауызша, я болмаса жазбаша сөз мәдениеті туралы ой қозғаған кезде, ең алдымен, осы прагматика деген тіл құбылысын негізге алуымыз керек. Сонымен тыңдап тұрған адамға сөйлеп тұрған адам ойындағысын сөз арқылы жеткізіп, соны орындатуы қажет. Бұл – негізгі мақсат. Ал айтқанын орындату үшін сөйлеуші оның деңгейіне түсуі немесе көтерілуі керек. Осы бір тілдік құбылыс прагматика деп аталады.

Бірақ ескере кетер жайт, қазақ тілінің прагматикасы өзге тілдерге қарағанда өзгеше. Мәселен, өзге тілдердің (орыс тілі, әсіресе ағылшын тілі) прагматикасы сөйлеушіге бағытталады. Бұл тіл формалары сөйлеушінің бүкіл эмоциясын, жай-күйін, жағдайын жеткізу үшін өте әсерлі әрі әлеуетті.

Мысалы, ағылшын тіліндегі I am hungry (менің қарным аш) сөзін бірнеше экспрессивті тәсіл арқылы жеткізе аламыз (бұл сөзді айтқан кезде міндетті түрде эмоция мен мимика қолданамыз).

My stomach is growling (асқазаным шұрылдап тұр).

I need food (маған тамақ қажет).


I am starving (қарыным ашып барады, шыдамсыздық танытқан кезде).

Ал төл тіліміздің прагматикасы тыңдаушыға бағытталған. Мысал келтірер болсақ, қазақ тіліндегі бір ғана «есікті жап» дегенге қимылды орындату үшін бізге неше түрлі форманы қолдануға болады: оның біреуі үлкен кісіге арналған, біреуі жас балаға арналған, біреуі мәртебесі

сенен жоғары адамға арналған және т. с. с. Сонымен қазақ тілі – бай, шұрайлы тіл болғандықтан, сөздерді бірнеше тәсіл арқылы жеткізуге мүмкіндік зор. Бұл – прагматикалық қызмет. Осы арқылы тыңдаушы мен сөйлеуші арасында қарым-қатынас мықтап орнайды. Дегенмен ағылшын тілі – ғылым мен техниканы сөйлеткен тіл болғандықтан, әлемдегі қолданыс аясы кең тіл болғандықтан, бұл тілде көптеген ғалымдардың еңбектері жарық көруде.

Сонымен қатар кей жағдайларда семантика мен прагматиканы шатастырып жатады. Сондықтан осы екі ұғымның аражігін ажыратып алған жөн. Қарапайым мысалдар арқылы сөз мәндері бір-біріне тәуелсіз, яғни әрқайсысы автономды екенін түсініп алуымыз қажет. Күнделікті жазбаларды жүргізу үшін пайдаланатын қалың дәптерді қазақша қалай атаймыз? Оны күнделік деп те, журнал деп те атай аламыз (орыс, ағылшын тілдерінде де сол мағынада). Бірақ түпкілікті мәні екеуінде де екі түрлі. Мысалы, оқушы күнделікті қолданса, мұғалім журнал пайдаланады. Ал қыз бала құпия күнделік жазуы мүмкін. Әскери адам да өз саласына қатысты жазбаларды журналға тіркеп отыруы ықтимал. Сондықтан заттардағы айырмашылықтар атауларында екенін естен шығармаған абзал. Бұл – семантика. Яғни сөздің мағынасы мен мәні.

Ал енді қазақ тілінде адамды тыңдамайтын, айтқан ақылға көнбейтін баланы қалай атайды? Мысалы, оған «тентек», «бұзақы», «қияңқы», «сотқар», «жүгенсіз» деп ұрысуға болатын шығар. Бұл ретте, сөйлеуші баланың мінез-құлқына беретін теріс баға біртіндеп өсе түсетіні сезіледі. Нақты сөзді таңдау нысанның өзіне ғана емес, біздің оған деген қарым-қатынасымызға байланысты. Міне, осылай атаған сайын сөз мағыналарының жағымсыз реңкке қарай ойысудың күрделенуін байқаймыз. Логикалық тұрғыдан салыстырсақ:



Міне, бұл – прагматика, яғни берілген өзіндік баға, өзіндік пікір. Сондықтан мұны біз осындай кесте арқылы бере аламыз.

Семантика	**Прагматика**
Контекстке байланысты емес сөйлемнің мәні мен мағынасын зерттейді	Пікірдің мәнін зерттейді. Пікір – бұл тек контекст бойынша сәйкестендірілетін сөздер

Біз жоғарыда келтірген мысал тек сөздерге қатысты айтылған-ды. Одан бөлек, прагматикалық қызметті айқындайтын тағы бір пункт бар. Ол – тыныс белгілер. Бір қарағанда, аса қажетсіз боп көрінер, алайда оның атқаратын функциясы да зор. Мысалы, БАҚ беттерінде, шетелдік жарияланымдарда жарық көрген басылымдардың барлығы прагматикалық функцияға бағытталған. Демек, жарық көрген шығарма жазылым тұрғысынан да, сауаттылық тұрғысынан да айна-қатесіз болуы шарт. Көп жағдайда осы шарттылық ескеріле бермейді. Әсіресе, коммерциялық мақсатта басылып жатқан газет-журналда пунктуация маңыздылығы аса зор мәнге ие емес. Бұған не себеп? Неліктен кейінгі кездері жарыққа шығып жатқан басылымдарда тыныс белгілерінің қажеттілігі, оның дұрыстығы, сауатты жазу үлгісі ескерілмейді? Көп жағдайда мәселе бірізділіктің жоғынан бастау алуы мүмкін. Егер де тыныс белгілер орнымен қолданылып, олардың функциясы дұрыс атқарылар болса, көптеген оқулықтар, газет-журналдар, кітаптар әлдеқайда сауатты, оқылымды болар еді. Мысалы, кеңестік жүйе енді құрылған сәтте ірі ғалымдардан құралған Тіл ғылымы институты құрылып, Одақ бойынша орыс тілін бір жүйеге келтіріп, оны дамыту үрдісі қарқынды жүрді. Және де халық арасында сауаттылықты арттыру үдерісі жаппай бастау алды. Сол кездегі ел көсемі Ленин де бұған аса мән берген екен. Бұл – бүгінде бізге жетпей жатқан бір кемшілік. Себебі әр нәрсе ұсақ-түйектен құралады. Надежда Константиновна Крупская «Искра» газетінің корректурасы қалай оқылғанын еске түсіре келіп, өзінің «Ленин – редактор» деген мақаласында былай деп жазды: «Владимир Ильич... әрбір үтірге мән беретін... Үтір алғаш қарағанда ұсақ нәрсе сияқты, бірақ газеттің бейнесі осындай ұсақ-түйектен құралады» [3]. Бұл пікір шын мәнісінде бүгінгі күн тұрғысынан ескірді, идеялық құндылығн жойды деуге де болатын шығар. Бірақ бір ақиқаты – осында айтылған оймен келісу. Тыныс белгісі ол жай ғана белгі емес, ол – ойды айқындау, сөйлем мәнін бағамдау, сөз мәнін түсіну құралы. Шынында да, айтайын деген ойыңды оқушыға, тыңдаушыға дәл жеткізу үшін әрбір сөз, әрбір тыныс белгісі ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы қажет. Өйткені сөздерді дұрыс орналастырып айтпасақ, тыныс белгілерімен дұрыс бөліп жазбасақ, айтайын деген ойды ұғу қиын.

Қазіргі уақытта пунктуация тіл білімінің тыныс белгілері туралы, оларды қолдану ережелері туралы ілім деген мағынаны білдіреді. Тіл дыбыстарының таңбалары сияқты тыныс белгілері де

графикалық шартты белгі болып табылады. Бірақ шартты белгі болғандарымен, атқаратын қызметтері жағынан да, қолданылатын орындары жағынан да бұл – екі бөлек категория. Сондықтан да пунктуация, емле сияқты, дұрыс жазудың, жазылғанды дұрыс оқып, дұрыс түсінудің құралы. Ол жазылған мәтіннің мазмұнын, негізгі ойды дұрыс түсінуге, оны мәнерлеп оқуға мүмкіндік туғызады. «Пунктуацияның негізгі қызметі – сөйлемді жазуда ойды беруге қатысты бөліктерге бөлуді нұсқау» дейді С. И. Абакумов [4, 11]. Пунктуация тілдің басқа элементтері сияқты жазуда ойды дұрыс беруге қызмет етеді. Егер де бұл талаптар сақталмайтын болса, онда оқырманға айтайын деген ой, жеткізгісі келген идея түсініксіз болады. Сондықтан да тілдің прагматикалық функциясы мен пунктуациясы өз ретімен қолданылуы қажет.

Ал пунктуация, өз кезегінде, жазу тілінің, әсіресе баспа ісінің дамуымен тығыз байланысты. Бірақ ол жазу тілімен бірге туып, әрдайым онымен қатар жасап келе жатқан категория емес. Тыныс белгілерінсіз де жазу болған. Бірақ ол бірізділікке түспеген. Мысалы, «Сіз маған жауап бермедіңіз біреу ашуланды ма?». Осы сөйлем, бір қарағанда, мағыналық тұрғыдан дұрыс, алайда тыныс белгілері өзінен-өзі сұранып тұр. Себебі бұл сөйлемді оқыған кезде интонация өздігінен қойылып тұр. Ал интонация бар жерде тыныс белгілерінің қойылу қажеттігі тағы бар. Сондықтан, сөйлемдердің күрделілігіне қарамастан, пунктуация әрдайым сақталу қажет. Неге? Өйткені тыныс белгілері түр-тұрпаты жағынан да, мағыналары мен функциялары жағынан да тілдердің басым көпшілігінде біркелкі болып келеді (әлемнің қай тілінде болмасын). Демек, газет мәтіндері қай тілде болмасын біркелкі таңбаларға сүйенеді. Сондықтан газет мәтіні – семантикалық құрылысы жағынан ерекшеленетін публицистикалық стильдің бір түрі. Ол бұқаралық аудиторияға ақпарат таратып, жеткізудің ерекше құралы ретінде танылып, автордың саяси-прагматикалық позициясын көрсетеді. Мұндай үрдіс саяси газеттерде ерекше көрініс табады. Ал жалпылай алғанда, прагматикалық қызметті қолдануда БАҚ-тың рөлі ерекше. Себебі «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» [5].

Газет мәтіндерінде прагматикалық ұстаным жиі көрініс табады. Оны зерттеушілер 3 түрге жіктейді:

– ақпараттық ұстаным (мәліметті іріктеп ұсыну), арнайы тақырыпқа бағытталған мақала болуы мүмкін. Мысалы, «АҚШ президентіне жаңа үміткер ұсыну – уақыт талабы» деген тақырыпта шағын ақпараттық-танымдық мақала жарияласақ болады;

– фатикалық ұстаным (материалды оқырман назарын аударту үшін пайдалану), «Сириядағы соғыс жағдайы: қауіп пен үрей, күдік пен үміт» деген материал жариялар болсақ, бұл жерде шынайы ақпаратты қолдана отырып, оқырман назарын аудартуымыз қажет, себебі бұл материал, шын мәнінде, салмағы бар фактіге сүйеніп жазылған. Бұл арқылы саяси көзқарас, саяси белсенділік қалыптасады;

– манипулятивтік ұстаным (мәтінде баяндалатын оқиғаларға қатысты оқырман көзқарасын қалыптастыруды мақсат ету). Демек, мәтін, яки мақала ішіндегі әр оқиғаға оқырман назарын аударту, сол арқылы жеке көзқарасты қалыптастыру. Мысалы, әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығына қатысты іс-шараларға қатысты жазылған материалдар.

Пунктуация жүйесіндегі белгілерді мағынаға қарай дұрыс қолданудың маңызы зор, себебі бір тыныс белгісінің беретін бірнеше мағынасы болады. М. Н. Петерсон: «один знак может иметь несколько употреблений и, наоборот, одно и то же явление может обозначаться различными знаками» [6] деп өте дұрыс айтқан. Мысалы, орыс тіліндегі мына сөйлемге назар аударсақ:

Моя мама – учительница.

Менің анам – ұстаз.

My mother is a teacher.

Бұл 3 мысалда да айтар ой бәріне түсінікті. Ой – анамның ұстаз болып қызмет ететіндігі. Дегенмен прагматикалық-пунктуациялық тұрғыдан қарар болсақ, тыныс белгілерінде өзгешелік бар, бірақ түпкі ой – біреу.

Қазақ және орыс тілінде сызықша етістік қызметін атқарып тұр. Бұл дұрыс та. Себебі қазақ тілі мен орыс тілінің ережесіне сәйкес, сөйлем баяндауышқа негізделеді. Ағылшын тілінде де дәл солай. «is» сөзі бір жағынан сызықшаны білдірсе, бір жағынан етістік қызметін атқарып тұр. Бұдан шығар қорытынды – қағидат біреу, айтар ой біреу.

Немесе мынадай мысалға назар аударар болсақ:

Асан, үйдің кілтін қайда қойып едің?

Виктор, подойдите, пожалуйста, в отдел кадров!

Mr John I will come at 8 o’clock.

Үш тілде де жай сөйлем берілген. Оның ішінде қаратпа мәнде. Алайда қазақ және орыс тілінде қаратпа сөзден соң үтір қоямыз. Себебі – суъектінің назарын өзімізге аударту қажет. Ал ағылшын тілінде сәл өзгешелеу. Иә, оларда да қаратпа және қыстырма, одағай сөздер бар. Алайда олардың бәріне бірдей үтір қойыла бермейді. Тек аса экспрессивті жағдайда қойылады. Алайда мына мысалдан байқағанымыздай, «Mr John» және «I» – екеуі де бастауыш болуы мүмкін емес. Не бірі толықтауыш, не қаратпа сөздің функциясын атқаруы тиіс. Мына жағдайда ол қаратпа сөздің қызметін атқарып тұр. Міне, көрдіңіздер ме, Петерсон ғалым сипаттаған тыныс белгілер кейде қойылуы мүмкін, кейде қойылмаса да алғашқы міндетін атқарып тұра бермек. Алайда мынаны естен шығармауымыз жөн, тыныс белгілерін дұрыс қолдану үшін, мүмкіндігі болғанша, олардың әрқайсысының қызметін даралап, оларға берілетін ережелерді бірыңғайластыру керек.

Немесе БАҚ-та жиі кездесетін мынадай жазбаларға назар аударайықшы. «Осторожно, злая собака», «Абайлаңыз, балалар», «Абайлаңыз, жұқа мұз». Осы бір ескертпе сөздерді көптеп кездестіреміз. Алайда мағынасына зер салсақ, үшеуінің мағынасы үш түрлі. Ал берілу-жазылу функциясы – біреу. Біздіңше, бұл ретте дұрыс жазылу ережесі сақталмаған. Талдайық:

«Осторожно, злая собака» деген жазуда үтір қойып қажет емес. «Острожно» сөзінен соң леп белгісі қойылады, себебі екпін осы сөзге түсіп тұр. Ал «злая собака» дегені тек соған септесіп тұр. Ал үтір қойылса, қабаған итке ескертіп тұрғандай әсер қалдырады да, ол бұл ретте қаратпа сөзге айналады.

«Абайлаңыз, балалар» жазуы дұрыс. Себебі балалардың назарын өзіне аударту қажет. Әрдайым абай болсын, сақ болсын деген мағынасында.

«Абайлаңыз, жұқа мұз» деген мысалда тағы да «абайлаңыз» сөзінен соң үтір қойылмайды. Үтір қояр болсақ, жұқа мұз қаратпа сөз болып кетер еді. Сондықтан бұл жағдайда не леп белгісі, не қос нүкте қоямыз. Міне, кей жағдайда осындай қателіктермен де қоғамға үн тастаймыз. Бұған өте мұқият болу қажет.

Жазба түрде берілген ойды қағазға айқын түсіру үшін, ойымызды екінші біреуге жазба түрде дұрыс айтып жеткізу үшін әрбір дыбыстарды, әрбір тыныс белгілерін орын-орнына қоя білуіміз керек. Орфография мен пунктуацияны білмейінше, сауатты жазу мүмкін емес. Бұл туралы К. Былинский мен М.Уваров: «…только наличие единой орфографии и пунктуации в языке дает возможность читателю понимать пишущего» [7] деп өте дұрыс айтқан. Мысал ретінде славян, ағылшын, түркі тілдеріндегі сызықшаны айтуға болады. Бұл тілдерде олар диалог арасында, жаңа абзацтан, төл сөз бен төлеу сөз арасында қолданылады. Алайда қытай тілдерінде мұндай символдар жоқ. Өйткені тарихи даму тұрғысынан алғанда, бұл – шығыс тілдеріндегі күрделісі. Оның ережелері бізге қарағанда әлдеқайда күрделі, әлдеқайда басқаша.

Қазақ тілінің қазіргі графикасында, баспасөз тәжірибесінде ғылыми негізде қалыптасып орныққан, тұрақты жүйеге келтірілген әрқайсысының қолданылатын орындары, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналары айқындалған тыныс белгілері бар. Құрамы, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналары жағынан қазақ тілі графикасындағы тыныс белгілерінің басқа тілдерде қолданылатын тыныс белгілерінен ешқандай өзгешелігі жоқ. Яғни тыныс белгілеріне тән интернационалдық қасиет қазақ тілі графикасында да берік сақталған. Қазақ тілінің пунктуациялық жүйесі мен негіздері орыс тілінің пунктуациялық үлгілерін басшылыққа алу арқылы қалыптасты.

Орысша мәтіндерде қойылған интонациялық сызықша қазақша аудармасында да қойылады. Мысалы: қазақшасын алсақ, былай болып келеді: Бейбітшілік үшін сыйлық – бейбітшілік үшін берілген сыйлық емес дейтін адамдарды мен түсінбеймін («Егемен Қазақстан»). Орысшасы: Я не понимаю людей, которые говорят, что премия за мир – это не премия за мир («Комсомольская правда»). Міне, осы сияқты көптеген салыстырма мысалдар М.Әуезовтің: «Орысша текстің өзінде болған тыныс белгілерінің көбі қазақша тексте де қолданылады» деген пікірін растайды.

Жалпы, халыққа айтылған, бағытталған сөз міндетті түрде иесін табады. Ал ол үшін тіл заңдылықтары, пунктуация заңдылықтары міндетті түрде ескерілу қажет. Егер де БАҚ өз кезегінде өрескел қателіктерге бой алдырса, сол қателік ел ішіне таралады. Оны болдырмау үшін БАҚ та, сол мамандықты игеріп жатқан студенттер (филолог, журналист, педагог) де қазақ тілінің заңдылықтарын терең меңгеріп, оның еш тілге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері бар екендігін есте сақтағаны жөн. Өйткені әрбір тыныс белгісі – сөйлемнің мағынасын айқындаушы көрсеткіш.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2005. – 439 б.

2. Ярцева В. Н. Лингвистический энциклопедический словарь. Москва: Советская энциклопедия, 1990. – 685 с.
3. «Корректура және корректор» мақаласы, «Социалистік Қазақстан» газеті, 1954 ж.
4. Абакумов С. И. Методика пунктуации. Москва: «Учпедгиз», 1950. – 120 с.
5. Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газетінің алғашқы саны, «Құрметті оқушылар» мақаласы.
6. Никитин О. В. Лингвистическое мировоззрение Михаила Николаевича Петерсона. Образовательный портал «Слово».
7. Былинский К., Уваров М. Справочник корректора. Москва, 1945.



ТАЙМАНОВА С.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қызылорда «Болашақ» университеті
Қазақстан, Қызылорда қаласы
E-mail: sara.taimanova@mail.ru

РҮСТЕМ ЖАНАЙДЫҢ «ДӘУЛЕТ БАТЫР» ДАСТАНЫ

Аннотация: Сыр еліннің ақыны Рүстем Жанайдың «Дәулет батыр» дастаны − халық әдебиетінің дәстүрі негізінде жазылған көркем туынды. Дастанда спортшы Дәулет Тұрлыхановтың әдеби образы сомдалған. Ел сенімін ақтаған спортшының көркем бейнесін берудегі дәстүр сабақтастығы айқындалады.

Зерттеу барысында шығарманың жанры, кейіпкердің арман- мақсатына жетудегі еңбегі, автордың суреткерлік шеберлігі зерделенді.

Кілт сөздер: дастан, фольклорлық дәстүр, намысты ер, спортшы, ұлт мақтанышы.

Аннотация: Легенда поэта земли Сыра Рустема Жаная «Батыр Даулет» является художественным произведением, основанным на фольклорной традиции казахского народа. В легенде раскрывается литературный образ известного спортсмена Даулета Турлыханова. Главной нитью в легенде считается преемственность традиций в предоставлении образа известного спортсмена, оправдавшего надежду страны.

В ходе исследования автор проявил мастерство в раскрытии жанра произведения, в художественном описании героя, его достижений целей, мечты.

Ключевые слова: традиция, народная традиция, благородный человек, спортсмен, гордость нации.

Abstract: The legend of the poet of the land of Cheese Rustem Zhanay “Batyr Daulet” is an artwork based on the folk tradition of the Kazakh people. The legend reveals the literary image of the famous athlete Daulet Turlykhanov. The main thread in the legend is the continuity of traditions in providing the image of a famous athlete who has justified the country's hope.

During the study, the author showed skill in revealing the genre of the work, in the artistic description of the hero, his achievement of goals, dreams.

Keywords: tradition, folk tradition, noble man, athlete, pride of the nation.

Ауыз әдебиетінің ұшан-теңіз мұрасы мен дәстүрін жеткізушілер жыршы- жыраулар мен халық ақындары ғана емес жазба әдебиеттің өкілдері де. Олар төл туындыларында фольклорлық дәстүрді дамытты. Әсіресе аңыз бен ертегіні, шежіре мен ел арасында тараған нақыл сөздерді және мақал-мәтелдерді көркем туындыларына енгізіп маржан да көркем ойларының алтын қазығы етіп алды. Екіншіден, фольклорлық шығармалардан бастау алатын суреттеу тәсілін де шығармашылықпен дамытты. Дарын қабілеті мен шеберлігіне қарай әр қаламгер фольклорлық дәстүрді өзінше өрбітті. Солардың бірі – Рүстем Жанай.

Халықтың ғасырлар бойы жасап, сақтап келген ақындық дәстүрлері жаңа заманда бірден жоғалып, не өзгеріп кетпейді, оны кейінгі ақындар шығармашылықпен дамытады. Өйткені фольклорлық дәстүр – сол халықтың қаны мен жаны тәрізді таза өзіндік дүние, өзіне ғана тән сөз өнері. Әрбір халықтың шығармасы арқылы оның қандай халық екенін тануға болады.

Рүстем Жанайдың «Дәулет батыр» дастаны − халық әдебиетінің дәстүрін негіз еткен, реалистік өмірді шындық үлгіде көрсеткен шығарма. Халқымыздың саналы салты бұзылмаған Сыр елінде дүниеге келген Рүстем не бір айыр көмей, жез таңдай жыршы-жыраулар мен би - шешендердің өнерін көріп, тыңдап өскен. Балалық шағынан бастап-ақ сөз өнерінің қайнарынан нәр алып, оны зердесіне сіңірген ақынның шығармасында халық мұрасының әсері анық байқалады. Халықтың эпостық жырлары ақынға рухани азық, шығармашылық мотив беріп отырды.

Қазақ әдебиетінде мазмұны мен көркемдігі, кейіпкерлері мен сюжеттік құрылымы жағынан дәстүрлі ұлттық эпостан бөлек, ерекше болып келетін және сан жағынан да үлкен бір топ құрайтын шығармалар бар. Олардың атауы – дастандар.

Дастан – көптеген Шығыс пен Оңтүстік Азия елдеріне ортақ фольклорлық әрі әдеби жанр. Кейбір елдердің, айталық, Иран, Үнді, Пәкістан, Орта Азия мен Кавказ жұртының ерте замандардағы фольклорында, сондай-ақ орта ғасырлардағы классикалық әдебиетінде дастан мен қаһармандық және ғашықтық мазмұндағы ірі шығармаларды, тіпті, Фердаусидің «Шаһнамасындағы» жекелеген көлемді бөлімдерін де дастан деп атаған. Сонымен бірге дастанға ауызша туып, ауызша тараған эпикалық туындыларды да және «Сейпілмәлік» тектес ғажайып сипаттағы шығармаларды да жатқызған.

Қазақ даласына дастан ерте кезде-ақ, сонау Дешті Қыпшақ заманында, парсы әдебиеті мен фольклорының үлгілерімен бірге келген деп саналады. Парсы дастаны көп жағдайда тек қана қара сөз немесе өлең түрінде баяндалған. Ал қазақ дастаны негізінен жыр үлгісінде, ішінара қара сөз араласқан түрде, міндетті түрде әндете, домбыраның сүйемелдеуімен орындалған. XIX ғасырдың соңында жарық көрген дастандарды ел арасындағы сауатты адамдар домбырасыз, бірақ әуенмен оқитын болған. Бұл машық XX ғасырдың екінші жартысына дейін жалғасты. Ол қазіргі қаламгер шығармашылығында жалғасын тапты. Олар ежелден келе жатқан дәстүрді өзінше жетілдіріп, оны өзінше жаңғыртты. Солардың бірі Рүстем Жанай деп түсінуге болады. Оған ақынның «Дәулет батыр» дастанын жатқызуға болады. Бұл дастанды автор Дәулетті спорт жолына әкелген әкесі Болат пен қазақ халқына батыр ұл сыйлаған Батыр- Ана Мәрзияға арнайды.

«Бастау» деп аталған кіріспесінен басталған шығарма «Дәулеттің дүниеге келуі», «Дәулеттің оқуға аттануы», «Дәулеттің махаббатын іздеуі», «Варнадағы жеңіліс. Болаттың ашуы», «Ұлы той», «Болаттың қазасы», «Сеулдегі белдесу», «Мұражайдағы тарих. Гүлнардың махаббаты», «Дәулет батырдың АҚШ-та қазақтармен кездесуі», «Кейіпкерлерді мадақтау» деген тараулардан тұрады.

Дастан өзінің көркемдігі мен бейнелілігі жағынан да жазба әдебиетке жақын. Бұларда кейіпкерлерді суреттеу, оларға мінездеме беру, кей-кейде кейіпкерлердің ішкі сезімдерін көрсету бар және олар біршама әдебиленіп, көркемделіп баяндалады. Көбінесе бас қаһарманды, оның ата-анасын, шыққан тегін, мекен-тұрағын нақтылап айтуға көңіл бөлінеді. Бұл дастанның құрылысы да, тілі де, көркемдік-бейнелеу құралдары да дәстүрлі фольклорлық суреттеуден бастау алып, ақынның өзіндік қолтаңбасы ерекшеленіп тұрады. Мәселен, ежелден келе жатқан эпостық жырлардағыдай 7-8 жыр өлең үлгісімен баяндалған жыр:

Он ай жатып ойландым,
Тоғыз ай жатып толғандым.
Ойландым да ой таптым
Жасымнан ойға жақын ем
Жүйрік еді қаламым,
Жүйрікті қолға аламын
Шекесін шертіп сананың,
Дабылын қағып даланың
Ашылып жырға араным
Ұйқы көрмей түнімде
Күлкі көрмей күнімде
Шабыт деген бір тентек
Алып кетіп барады,-

деп басталады. Одан әрі ақынды алға жетелейтін: жарық, ой, жыр, елдің салт-дәстүрі, Алпамыс пен Қобыланды, Қабанбай мен Бөгенбай, Райымбек, Жанқожадай батырлар. Осы халықтық жолмен бүгінгі күні Дәулет батыр келеді. Бұл – ұрпақ жалғастығы. Жаңа заманның спорт өнеріне деген қызғушылығын суреттеуде «жарық, ой, жыр т.б.» деген сөздерге автор публицистикалық реңк береді. Қазақ елін әлемге танытқан спортшының бейнесін тың тұрғыда ашуға тырысады. Бірақ оны түпкі тамырдан бөліп алмайды. Автор бірінші тараудың өзінде –ақ осындай тамыры терең текті тұлғаның тегін танытуға ұмтылады. Абай мен Шәкәрімнің туған жері қасиетті Семей өңірінің тумасы Болат пен Мәрзияның перзенті Дәулеттің дүниеге келуін:

–Тапсаң, құдай бергені

Тауда өсетін арқарды.
Татып жесем етінен
Жерігім бір тарқар-ды,-

деген Мәрзияның сөзінен кейін Болат күндіз-түні тау кезіп, әбден шаршап-шалдыққан кезде:

Ақыры аңға кез келді
Мылтығына сөз берді
Зуылдаған жалғыз оқ
Арқарыңды құлатты,
Тұрмастай қып сұлатты.
Таудан арқар атқан соң,
Мен шаршадым демеді.
Мәрзияға жеткенше,
Құстай ұшып келеді.
Мәрзияға жетеді.
Жерігіңді таптым деп,
Құшағына алады.

Автор осылай кейіпкердің батырлық тұлғасын танытуда фольклорлық дәстүрді қолданған. Бұл үзіндіден батырлар жыры мен ертегілердегі жолбарыстың жүрегіне, аюдың етіне т.б. жерік болған аналар есімізге оралады. Бұл бір жағынан ер бала туудың нышаны. Екінші жағынан дүниеге келетін баланың қатардағы біреу емес, ерекше жаралған туысын білдіретін эпикалық әсірелеу. Одан әрі Рүстем ақын дастан сюжетін баяндауда фольклорлық, жыраулық дәстүрді шығармашылықпен дамытқан.

Диалог – қаламгердің ұтымды бейнелеу құралы. Белгілі ғалым Р. Бердібаев: «Диалог образды дамытушы, толыстырушы болуға тиіс»,- дейді [1,125]. Қаһармандардың сөйлесуі арқылы да Рүстем Жанай Дәулеттің ата-анасының образын ашады. Қысқа, келте қайрылған диалогтар арқылы кейіпкердің тіршіліктегі кемшіліктерін, қателіктерін, жетістіктерін баяндайды. Кейіпкерлер әңгімесі ғана емес, авторлық ремарканың өзі де осыны дәлелдей түседі. Мысал ретінде Дәулетті спорт мектебіне алып келердегі Болат пен Мәрзияның, Елбасы мен Дәулеттің диалогын алуға болады.

Спорт сайыстарында Дәулеттің келбетін, отаншылдығын, мінез-құлық қасиеттерін баяндауда автор оны қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиелік дәстүрлі табиғатына сай бейнелі өрілімдермен суреттейді. Дастанның құрылысында ақын қазақтың жыраулар поэзиясының үлгісін де тиімді қолданған, жаңаша пайымдаулар жасаған. Бұның барлығы дастанның тақырыптық-идеялық және стильдік – көркемдік тұтастық жүйесін, ұлттық сипатын көрсетеді.

Әдеби шығармалардың көпшілігі өмір шындығына негізделеді. Дәулет – тарихи тұлға. Зерттеуші М. Базарбаев: «Тарихи және қоғамдық шындық әдеби туындының бастау көздері болып табылады. Әлеуметтік өмір, саясат, халық тұрмысы – бәрі де өмір шындығын танытатын жағдайлар. Ешбір жазушы өмір шындығынан, оның нақты болмысынан алшақ кетпейді»,-деген [2,159]. Олай болса, Рүстем Жанайдың да Дәулет Тұрлыхановтың өмір тарихын негіз етіп жырлаған бұл туындысының эстетикалық, танымдық маңыздылығы ерекше. Дастан поэтикалық-эпикалық жырлау үлгісімен жазылған, ұлттық бояуы қанық ерекше туынды.

Халық батырының бар арманы – халқының бостандығы болса, Дәулеттің бар арманы ел сенімін ақтап, Қазақ елінің туын көкке желбірету, спорт өнерінде намысты қолдан бермеу, Қазақтың батыры деген Елбасы сенімін ақтау. Ақынның азаматтық-отаншылдық сарындағы жазылған дастанда туған елінің, атамекенінің атын әлемге танытқан Дәулет елін сыртқы жаудан қорғаған Қобыланды, Жанқожа, Райымбек батырлармен қатар қойылады. Өйткені Дәулет те елдің айбыны мен айбары болған халық батыры.

Дәулет – намысты ер. Ел үшін, жер үшін намыс − бұл азаматтың туы болуы керек. Дастан сюжетінде өршіл рухты ұлт қаһарманының осындай бейнесі сомдалған. Намыстана, буырқанған сезіммен қазақтың абыройын асқақтатқан Дәулетті:

...Қатардан асқан ақылы,
Тектіден туған ата ұлы.

Еркіндік алған қазақтың
Әлемге даңқын асырған,
Бағына туған батыры,-

деп дәріптей келе, оны Қобыландыдай қайратты, Алпамыстай айбатты, Қамбар сынды қайырымды, Ер Тарғындай айбынды, Бауыржандай батыл, қазақтың бір туар азаматы деп ақын фольклорлық суреттеу тәсіліндегі құндылықтарымызды, көркемдік өрнектеу тәсілдерімізді өз ой-санасында қайта қорытып, жаңаша серпін беру арқылы кейіпкердің портретін береді.
Халқымыздың жыр-дастандарында намыс мәселесі әр уақытта жоғары дәріптелген. Жеке бастың немесе ру намысы сарынынан бірте-бірте ұлғайып, ел қорғау, махабат жолындағы күреспен, ел намысын қорғаумен жалғасады. Оны жастарға үлгі-өнеге тұтады.

Айналайын, жастарым,
Дәулет батыр секілді
Бәрің батыр болыңдар,
Жүрегінде халқыңның.
Бәріңе де орын бар.
Айналайын, жастарым,
Сендер ғибрат алар деп,
Аяқтаймын осымен,
Дәулет батыр дастанын,-

деп аяқтайды ақын.

Қорыта айтқанда, Р. Жанайдың «Дәулет батыр» дастаны – халық тарихындағы көрнекті тұлғаны уақыт шындығы аясында эпикалық, фольклорлық баяндаумен, көркемдік тәсілмен, поэтикалық бейнелілікпен, халықтық көркем тілмен жырлаған көркем туындысы.

Ақын Рүстем Жанай фольклорға тән дәстүрлі көркемдік- эстетикалық тынымды шебер қолданып қана қоймай, оны түрлендіріп отырған. Дастанда образды беру құралдарын алыстан емес, фольклордан іздеген, оны заманға сай көркемдік әдіспен дамытқан.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бердібаев Р.Қазақ эпосы.-Алматы:Ғылым,1982.-232 б.
2. Базарбаев М. Әдебиет және дәуір.-Алматы:Жазушы,1966.-273б
3. Рүстем Жанай шығармалары. – Астана: Фолиант, 2007.–448б.

ӘӨЖ 159.92

Шугаева Г.К.
педагогика ғылымдарының кандидаты

Куспанова Т.Р.
«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті
Атырау қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАР МАЗАСЫЗДЫҒЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛІНУІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада оқушылар мазасыздығы мәселесінің зерттеліну жағдайы қарастырылады. Мазасыздық – бұл жеке тұлғаның эоционалдық саласын сипаттайтын белгі. .Оның деңгейі күйзеліске жеке сезімталдықты, өмірлік жағдаяттардың көпшілігін қауіп ретінде сезінуге бейімділікті көрсетеді. Мектептік мазасыздық мазасызданудың өзіндік ерекше түрі болып табылады, ол баланың білім беру ортасының әр түрлі компоненттерімен өзара әрекеттестіктен байқалады және осы өзара әрекеттесуде бекітіледі. Оның қалыптасуында жағдаяттық (білім беру ортасының компонеттерімен өзіндік өзара әрекеті) және жеке даралық (темперамент, өзіндік бағалау, сенімсіздік, алаңдаушылық) алғышарттары бөліп көрсетіледі.

Түйін сөздер: мазасыздық, қорқыныш, үрей, оқушылар мазасыздығы.

Шугаева Г.К.
кандидат педагогических наук

Куспанова Т.Р.
магистрант 2 курса по специальности «Педагогика и психология»
Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова
Атырау, Казахстан

СОСТОЯНИЯ ИЗУЧЕННОСТИ ПРОБЛЕМЫ ТРЕВОЖНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В данной статье рассматриваются состояния изученности проблемы тревожности школьников. Тревожность - это черта личности, характеризующая ее эмоциональную сферу. Ее уровень показывает индивидуальную чувствительность к стрессу, склонность ощущать большинство жизненных ситуаций как угрожающие. Школьная тревожность является специфическим видом тревожности, которая проявляется во взаимодействии ребенка с различными компонентами образовательной среды и закрепляющейся в этом взаимодействии. В ее формировании выделяются ситуационные (собственно взаимодействие с компонентами образовательной среды) и индивидуальные (темперамент, самооценка, неуверенность, фрустрация) предпосылки.

Ключевые слова: тревожность, опасение, тревога, тревожности школьников.

Shugaeva G.K.
Candidate of Pedagogical Sciences

Kuspanova T.R.
2nd year undergraduate specialty "Pedagogy and Psychology"
Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov,
Atyrau, Kazakhstan

STUDIES OF STUDY OF THE PROBLEM OF ANXIETY OF SCHOOLCHILDREN

Abstract. This article discusses the state of knowledge of the problem of anxiety of students. Anxiety is a personality trait that characterizes her emotional sphere. Its level shows individual sensitivity to stress, a tendency to perceive most life situations as threatening. School anxiety is a specific type of anxiety, which manifests itself in the interaction of the child with various components of the educational environment and fixed in this interaction. In its formation, situational (proper interaction with the components of the educational environment) and individual (temperament, self-esteem, insecurity, frustration) premises are distinguished.

Keywords: anxiety, fear, anxiety, anxiety of schoolchildren.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады. Дені сау ұлт – жалпыұлттық міндет» – деп ерекше атайды [1].

